



Оқу-әдістемелік құрал Учебно-методическое пособие



Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по определению уровня владения казахским языком способом тестирования



Қазақ тілін меңгеру деңгейін тәстiлеу әдiсiмен бағалау емтиханына дайындық үшiн

ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком способом тестирования

УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Қаз я 7
Т 93

«Тіл – құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралын» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны әзірледі

Пікір жазғандар:

Р.Ә. Авакова, С.Ш. Ақымбек, А.М. Алдаш, Е.Қ. Әбдірәсілов, Ж.Р. Әмірова, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.А. Досжан, Т.Н. Ермакова, А.Ә. Жаңабекова, А.Ж. Жапбаров, Ш.К. Жаркинбекова, О.С. Жұбаева, Е.А. Журавлева, А.Ф. Зейнулина, З.С. Күзекова, С.Б. Қоянбекова, Г.А. Мұратова, Х.А. Ордабекова, Г.Т. Өтелбай

Т 93 Тіл–құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралы / Авторлар: М.Қ. Мамаева, М.С. Жолшаева, М.С. Жылқыбаева, С.М. Иманқұлова, Н.Ж. Егізбаева, Р.Т. Наралиева, Л.Қ. Тұрабаева, Г.М. Текесбаева, Б.Т. Күзембаева, С.К. Нарынбекова, А.М. Байғұтова, Ж.Т. Құлмағанбетова – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 244 бет.

Қазақ тілін меңгерудің ортадан жоғары деңгейін бағалау мақсатында тестілеу әдісімен емтихан тапсыру үшін дайындалуға арналған оқу-әдістемелік құралында тыңдалым, оқылым, жазылым түрлері бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және емтиханға дайындалудың тиімді жолдары мен әдістері ұсынылған.

Басылым – азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ-тің әдістемелік материалдарының бір бөлігі.

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілін екінші тіл ретінде, шетел тілі ретінде үйренушілерге, тест тапсырушыларға, сондай-ақ оқытушылар мен маман әдіскерлерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне және көпшілік тіл үйренушілерге арналған.

Учебно-методическое пособие предназначено для подготовки к сдаче экзамена по оценке владения казахским языком на уровне выше среднего способом тестирования. В учебном пособии представлен материал по таким видам речевой деятельности как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматической структуре языка, также предлагаются эффективные методы и приемы подготовки к экзамену.

Данное издание является одной из структурных частей методических материалов системы оценки уровня владения казахским языком – ҚАЗТЕСТ.

Учебно-методическое пособие предназначено для изучающих казахский язык как иностранный, как второй язык, для тех, кто готовится к тесту, для преподавателей и методистов, студентов, а также для широкого круга читателей, изучающих язык.

ISBN 978-601-7185-48-0

УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Қаз я 7

© Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, 2011
© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2011

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
Түсініктеме.....	6
I тарау. ТЫҢДАЛЫМ БӨЛІГІ.....	8
Тыңдалым бөлігіне шолу.....	9
1. Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест.....	11
2. Тыңдалым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау.....	16
3. Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест.....	28
II тарау. ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК.....	34
Лексика-грамматикалық бөлікке шолу.....	35
1. Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест.....	36
2. Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларын талдау.....	47
3. Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест.....	109
III тарау. ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ.....	120
Оқылым бөлігіне шолу.....	121
1. Оқылым бөлігі. Алдын ала тест.....	122
2. Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау.....	134
3. Оқылым бөлігі. Қорытынды тест.....	155
IV тарау. ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІГІ.....	166
Жазылым бөлігіне шолу.....	167
1. Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмалар.....	168
2. Жазылым бөлігі. Тапсырмаларды талдау.....	169
3. Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмалар.....	190
V тарау. ҚОСЫМШАЛАР.....	192
1. Тыңдалым бөлігінің қосымшасы.....	193
2. Лексика-грамматикалық бөліктің қосымшасы.....	198
3. Оқылым бөлігінің қосымшасы.....	208
4. Жазылым бөлігінің қосымшасы.....	218
5. Тыңдалым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері.....	221
6. Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері.....	231
7. Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері....	233
8. Жазылым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері.....	235
ӘДЕБИЕТТЕР.....	241

КІРІСПЕ

Тіл үйренушінің басты мақсаты және арманы – сол тілде өз ойын жеткізе алатындай дәрежеде игеру. Осыған байланысты қазіргі кезеңде тілді үйретудің әлемдік практикасында ең тиімді бағыт ретінде сөйлеу әрекетінің түрлерін өзара сабақтастықта, белгілі бір жүйеде пайдалана отырып, тілді деңгейлер бойынша оқытып үйретудің әдістемесі алдыңғы қатарға шықты. Бұл әдістеме, ең алдымен, оқыту материалдарын «қарапайымнан күрделіге қарай» ұстанымы бойынша орналастыру арқылы тілді үйренудің оңтайлы екендігін, тілдік дағдыларды қалыптастырудың тиімді жолдарын айқын дәлелдеп берді. Деңгейлік жүйеде оқытудың бағыттары одан әрі тереңдетіле түсті; осының нәтижесінде әлемде ағылшын тілін үйретудің оңтайлы әдістері жинақталған, тіл үйренушінің тілдік дағдыларының қалыптасуына көмек беретін саналуан оқу-әдістемелік құралдар, шет тілі ретінде ағылшын тілінен емтихан тапсыруға арналған тест жүйесінің кешендері жарық көрді. Әсіресе, тілді шет тілі дәрежесінде меңгерудің деңгейін анықтауға арналған тест жүйесінің, тест тапсыру үшін өз бетінше дайындалуға ықпал ететін оқу-әдістемелік құралдардың маңызы жоғары. Осындай материалдарды пайдаланудың нәтижесінде тіл үйренуші тіл меңгеру сабақтары мен әдістері арқылы нақты бір деңгейге (мысалы, базалық деңгейге) қажетті тілдік құрылымдарды меңгерген соң дәл сол деңгейде тілді меңгергендігін растайтын емтихан бар екенін және ол емтихан мақсатына қарай әртүрлі талаптармен ұсынылатынын біледі, сондықтан емтихан тапсырмаларын түсіну арқылы тіл меңгерудегі білімін одан әрі шыңдай түседі.

Мұндай оқу-әдістемелік құралдар тест бөліктері, яғни тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктер бойынша тест тапсырмаларын талдау арқылы сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты дағдылардың қалыптасуын нақтылайды.

Тіл үйренушіге ыңғайлы тәсілдер бойынша жылдар бойы жинақталған тәжірибені ескере отырып, ұсынылған оқу-әдістемелік құралдарда алдымен кіріспе тест тапсыру арқылы тіл меңгеру дәрежесі анықталады, содан соң әрбір бөлік бойынша мазмұны ұқсас тапсырмаларды бірнеше рет талдау арқылы тапсырма мазмұны түсіндіріледі, тапсырма мазмұнын түсіну арқылы оқулық тілдік құрылымды толық түсінуге септігін тигізеді. Осы кезеңдерден соң тапсырмаларға қатысты жаттығулар беріледі. Бұл жаттығулар да тіл үйренушіге сол тілдің ерекшеліктерін түсінуге, қалыптасқан дағдыларды нақтылай түсуге көмектеседі. Қорытынды тест бөлігі алдыңғы кезеңдерде қалыптасқан тілдік құзыреттіліктерді тексеру тапсырмалары ретінде беріледі. Әрбір тест тапсырмаларының жауаптары оқу-әдістемелік құрал соңындағы қосымшада беріліп отырады, яғни тіл үйренушінің әрбір кезең сайын өзінің жауаптарын тексеріп отыруға мүмкіндігі бар. Жаттығу бөлігіндегі тапсырмаларда тікелей жұмыс дәптері ретінде пайдалануға болатындай мүмкіндіктер қарастырылған. Тыңдалым, жазылым бөліктері үшін аудиожазбалар компакт-дискіде қосымша беріліп отырады. Бұл тәсіл де сол тілдегі орфоэпиялық нормалардың дұрыс қалыптасуына, тапсырмалардың маңыздылығы мен негізгі мән берілетін тұстарын есте сақтау қабілеттерінің қалыптасуына септігін тигізеді.

Қазіргі таңда қазақ тілін меңгеру бағытында тіл үйренушілерге әртүрлі әдістемелер бойынша оқу құралдары, сөздіктер мен грамматикалық анықтағыштар, тілді меңгеруді бағалаудың құралдары, ақпараттық сүйемелдеулер, сондай-ақ БАҚ материалдары ұсынылып келеді. Соңғы 15-20 жыл көлемінде өзге тілді аудиторияларға арналып жарияланған сан түрлі оқулықтар мен оқу құралдарының, басқа да лингводидактикалық материалдардың республика өкілдеріне тілді үйрету, меңгерту, сайып келгенде, Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының жүзеге асырылуына елеулі үлес қосқандығын айрықша атап өтуге тиіспіз.

Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі – ҚАЗТЕСТ-тің халықаралық жүйелермен ұқсастығы бар. ҚАЗТЕСТ жүйесі екі түрлі арнамен беріледі: бірі шетел тілі ретінде тіл үйренушінің тіл меңгеру деңгейін бағаласа, енді бірі қазақ тілін екінші тіл ретінде бағалауға бағытталған. Тест құрамы тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктерден тұрады. Әрбір бөліктер бойынша тапсырмалар «өте оңай тапсырмадан күрделіге» қағидатын негізге ала отырып құрастырылған. Тест тапсырмаларын қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттілік талаптарын анықтайтын мемлекеттік стандарттар* негізінде анықталады.

Тапсырмалардың өзі тіл меңгеру деңгейлеріне байланысты күнделікті өмір мен адамзатты қоршаған ортаға негізделіп тілдік ортада тіл қолдану мүмкіндіктеріне бағытталған. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер дәрежесінде тіл меңгеру деңгейлерін бағалауға болады. Бұл деңгейлер халықаралық тіл меңгеру деңгейлеріне сәйкестендірілген. Деңгейден деңгейге өтуде сабақтастық қағидаты сақталып отырады, төменгі деңгейде белгілі бір тақырып бойынша өте қарапайым тапсырма берілсе, одан жоғары деңгейде дәл сол тақырып қарастырылады, бірақ сөздік қоры да күрделірек, тапсырма түрі де қиынырақ болып келеді.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралдың ерекшелігі жоғарыда айтылғандай тест құрамындағы сөйлеу әрекетінің түрлері тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық құрылым бойынша тест тапсырмаларына тоқталып, талдап, қорытынды тест тапсыру арқылы тілдік дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ тілін жалпы меңгерудің ортадан жоғары деңгейінде тілді білу үшін (қазақ тілін орта деңгейде меңгерген жағдайда) 180-200 оқу сағаты қажет деп есептеледі.

Қазақ тілін меңгеруде бұл еңбек өз тиімділігін берер деген ниетпен тіл үйренушіге сәттілік тілейміз!

* 1. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».

2. ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».

3. ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».

4. ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».

5. ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».

Құрметті Тіл үйренуші!

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлерде меңгеру үшін тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық бөліктері бойынша қазақ тілін меңгерудің емтиханына дайындық құралы ретінде ұсынылып отыр. Оқу-әдістемелік құралды әрбір бөлік бойынша тест тапсырмаларының түрлері, оларға дұрыс жауап берудің әдістері, әрбір бөлімдердегі тест тапсырмаларының дұрыс жауаптарының кілттері Сіз үшін ыңғайлы болу тұрғысынан берілген.

Оқу-әдістемелік құралдың құрылымы төмендегідей:

1) Алдымен тест тапсырып көруге мүмкіндік беріледі, бұл үшін алдын ала тест ұсынылған;

2) әртүрлі тест тапсырмаларына талдау жасалады, талдау арқылы тілдік құрылымдарды еске түсіріп, оларды нақтырақ түсінуге болады;

3) қорытынды тест арқылы біліміңізді шыңдауға мүмкіндік бар;


4) қосымшада жаттығулар мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері келтірілген.

Алдымен сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша бөліктерге шолу жасалады. Тест тапсырмаларының түрлеріне сипаттама берілген соң алдын ала тест тапсыруға мүмкіндік қарастырылған. Тыңдалым, жазылым бөліктері бойынша репликалар, диалогтер, монологтер мен мәтіндер компакт-дискіде қосымша беріледі. Мүмкіндігінше аудиоматериалдарды бір рет қана тыңдау керек. Бұл өз ретінде есте сақтау мен сөздік қордың қалыптасуына септігін тигізеді.

Тест талдау бөлімінде бөліктер бойынша түрлері мен күрделілік дәрежесіне қарай тест тапсырмаларына түсіндірме жасалады. Тест тапсырмасының жауап нұсқаларына талдау жасалады немесе қазақ тілінің тілдік құрылымдары бойынша қысқаша түсіндірме беріледі. Алайда дұрыс жауап нұсқасы мақсатты түрде әдейі көрсетілмейді. Талдаудан дұрыс жауапты түсініп, саралап табу өзіңізге қалдырылады. Бұл тәсіл де тілді меңгеруге деген ұмтылысты күшейте түсетіні анық.

Тест талдау бөліміндегі шыңдаған біліміңіз арқылы алдын ала тест тапсырудағы кемшіліктеріңізді Қорытынды тест бөлімінде түзетерсіз деген үміттеміз. Бұл бөлімдегі тест тапсырмалары да алдыңғы бөліктерге мазмұны бойынша ұқсас болғанымен, материалды кеңірек қамту мақсатында өзге де тақырыптар мен жағдаяттар қарастырылады.

Қосымша бөліміндегі тілдік құрылымдар бойынша әзірленген анықтамалар, жаттығулар мен әртүрлі мысалдар қазақ тілі бойынша біліміңізді шыңдайды.

Тест талдау бөлімінде  белгісі («түсіндіру», «талдау» сөздерінің алғашқы әрпі таңдалып отыр және дәстүрлі «Т» әрпінен өзгешелеу түрі қолданылады) тест тапсырмасы бойынша талдау немесе түсіндірменің басталған жерін білдіреді.

È белгісі («ескерту», «ескертпе», «еске түсіру», «еске салу» сөздері мен сөз тіркестерінің алғашқы әрпі таңдалып отыр және дәстүрлі «Е» әрпінен өзгешелеу түрі қолданылады) тест тапсырмасына қатысты қазақ тілінің тілдік құрылымы бойынша ескерту немесе грамматикалық элементтерді еске салу бөлігінің басталғанын анықтайды.

Қосымшаларда берілген анықтамалар, мысалдар мен өз бетінше орындауға берілген жаттығулар сіздің қазақ тілінен біліміңізді тереңдете түсетініне сенеміз!

Қазақ тілін үйренуге деген ұмтылысыңызға сәттілік тілейміз!

A large, bold, grey letter 'I' is positioned on the left side of the page. The background behind it features a pattern of concentric, overlapping circles in shades of light blue and white, creating a sense of depth and movement.

тарау

Тыңдалым бөлігі

- Тыңдалым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

ТҮЙНДАЛЫМ БӨЛІГІНЕ ШОЛУ

Қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгеру дәрежесін бағалауға арналған тест 3 бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім көлемі орташа (10-12 сөйлем), мазмұны әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери салаларды қамтитын диалогтерден тұрады. 2 диалог беріледі. Әр диалогке 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі. Бұл бөлімнің тапсырмалары: 1) бар, жоқ ақпараттарды айыра білуге, 2) негізгі ақпаратты айқындай алуға, 3) кілт сөздерді есте сақтап, сәйкес ұғыммен бере алуға, 4) сөйлеушілердің ниетін түсіне білуге бағытталған.

Екінші бөлім көлемі үлкен (20-30 сөйлем), мазмұны сұхбаттасушылардың әртүрлі көңіл күйін, сезімін білдіретін, астарлы пікірлері бар, нақыл сөздер мен фразеологизмдер қатыстырылған (көркем шығарма кейіпкерлерінің диалогі, шешендік сөз жарыстары) 2 диалогтен тұрады. Әр диалогке 5 тапсырмадан, барлығы 10 тапсырма беріледі. Екінші бөлім тапсырмалары: 1) оқиға мен фактіні дәл есте сақтауға, 2) негізгі пікірлерді ажыратуға, 3) қосымша деректерді де ескеруге, 4) автор сөзі арқылы берілетін қосымша ақпараттарды есте сақтауға, 5) қолданылған фразеологизмдер мен нақыл сөздерді дұрыс түсініп, сәйкесімен бере алуға бағытталған.

Үшінші бөлім көлемі үлкен (20-25 сөйлемнен не 200-250 сөз). Адам және оның өмірі, адам және қоғам, ғылым, мәдениет, саясат, экономика, табиғат, табиғат ғажайыптары, адамзат жетістіктері туралы әр алуан тақырыптарды қамтитын 2 мәтіннен немесе монологтан тұрады. Әр мәтінге 6 тапсырмадан, барлығы 12 тапсырма беріледі. Үшінші бөлім тапсырмалары: 1) нақты ақпараттарды есте сақтауға, 2) мәтін мазмұнына қатысты қосымша ақпараттарды айқындауға, 3,4) мәтіннің мағыналық бөліктерін айқындауға, 5) мәтіндегі автор не кейіпкердің мақсатын түсінуге, 6) мәтіндегі негізгі идеяны түсінуге бағытталған.

Диалогтер мен мәтіндерде 7-8% таныс емес сөздер болады. Оларды мәтіннің жалпы мазмұны арқылы түсінуге болады. Түіндалымның ортадан жоғары деңгей бөлімінің тапсырмаларын орындау үшін: 1) мұқият тыңдау, 2) нақты, толық түсіну, 3) ақпараттарды ретімен есте сақтау, 4) тірек сөздер мен ұғымдарды ажырата алу, 5) таныс емес сөздерге тоқталып қалмай, мәтін мазмұны арқылы аңдай білу, 6) нақыл сөздер мен фразеологизмдердің баламасын білу, 7) сөйлемнің грамматикалық құрылымына (жай, күрделі құрмалас сөйлеммен берілуі) назар аудару керек.

Түіндалымның ортадан жоғары деңгей бөлімінің орындалу ережесі:

- Тапсырмалар саны – 30
- Тапсырмалар орташадан қиынға қарай беріледі (8 – орташа тапсырма, 10 – қиындау, 12 – қиын тапсырма).

- Тапсырмаларды орындауға берілетін уақыт – 25 минут.
- Тыңдалымның ортадан жоғары деңгей тапсырмаларының мақсаты – тыңдаған диалог пен монологты толық және нақты түсіну, ақпараттарды ретімен есте сақтап, нақты жауап беру, қосымша ақпараттарды да есте сақтай отырып, таныс емес сөздер мағынасын мәтіннің жалпы мазмұны арқылы түсіну, мәтіндегі фразеологизмдер мен ұғымдарды тани білуге жеткізу.

Қосымша диск бойынша нұсқаулық

Қосымша дискіде берілген бағдарламаны Windows операциялық жүйесіне орнатыңыз. Жұмыс үстеліндегі арнайы белгі арқылы, бағдарламаны іске қосыңыз. Пайда болған терезеден Тыңдалым бөлігін таңдайсыз. Мәтіндердің реттік нөмірлеріне сәйкес аудиожазбаны таңдап, арнайы батырманы басу арқылы тыңдайсыз. Аудиожазбаны тыңдау арқылы мәтінге сәйкес тест тапсырмаларын орындаңыз. Әр тапсырманы орындау үшін 15 секунд уақыт беріледі.

1

Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест

Бірінші бөлім

- Бірінші бөлімде екі орташа диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
- Диалогті 1 рет қана тыңдайсыз.



1-диалог тапсырмалары:

1

Сөйлемді толықтырыңыз.

Сұхбат берушінің балалық шағы өткен жер –

- A) Прага
- B) Қазақстан
- C) Өзбекстан
- D) Түркменстан

2

Диалогтегі негізгі ақпаратты анықтаңыз.

- A) Үш түрлі әсер
- B) Атамекен әсері
- C) Батыс өркениеті
- D) Туған жерге деген сағыныш

3

Асты сызылған сөзге сәйкес ұғымды көрсетіңіз.

Ұлттық құндылықтарды құнттау.

- A) көтеру
- B) құнын білу
- C) сақтай алу
- D) құнын асыру

4

Сұхбат берушінің ойын анықтаңыз.

- A) атамекенді суреттеу
- B) Еуропа мәдениетін насихаттау
- C) ұлттық құндылықтарды құнттау
- D) туған жер туралы толғанысын жеткізу



2-диалог тапсырмалары:

5

Диалогте айтылмаған ақпаратты табыңыз.

- A) банк құрылған мерзім
- B) банкте қарастырылған жеңілдіктер
- C) банк филиалдары мен бөлімшелерінің саны
- D) банк филиалдарының қалалар мен ауылдарда бар екендігі

6 Диалогтегі негізгі ақпаратты анықтаңыз.

- A) банк клиенттері
- B) банк құрылған жыл
- C) банк туралы жалпы ақпарат
- D) банктің үзіліссіз жұмыс істеуі

7 Асты сызылған сөзге мағынасы сәйкес ұғымды көрсетіңіз.

Банктің ауқымды филиалдық желісі бар.

- A) біраз
- B) үлкен
- C) азырақ
- D) шамалы

8 Сұхбат алушының ниетін анықтаңыз.

- A) банк тарихын білу
- B) банк қызметінің болашағын білу
- C) банк туралы жарнамалау
- D) банк туралы толық ақпарат алу

Екінші бөлім

- Екінші бөлімде екі ұзақ диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 5 тапсырмадан, барлығы 10 тапсырма беріледі.
- Диалогті бір рет қана тыңдайсыз.



3-диалог тапсырмалары:

9 Сөйлемді толықтырыңыз.

Ақжол Мейірбеков ең алғаш жұмыс істеген ұжым –

- A) «Арқас» ансамблі
- B) «Гүлдер» ансамблі
- C) «Сазген сазы» ансамблі
- D) «Дос-Мұқасан» ансамблі

10 Журналист білгісі келген негізгі ақпаратты анықтаңыз.

- A) Ақжол әншінің шығармашылығы
- B) «Дос-Мұқасан» ансамблінің өнері
- C) Ақжол әншінің «Дос-Мұқасанға» оралу себебі
- D) Ақжолдың «Дос-Мұқасан» қатарындағы өнері

11 Диалогте берілген қосымша ақпаратты табыңыз.

- A) Ақжолдың шешімі
- B) Ақжолдың «Дос-Мұқасанға» келуі
- C) «Дос-Мұқасан» ансамблінің репертуары
- D) «Дос-Мұқасан» құрамындағы гастрольдік сапары

12 Журналист білгісі келген қосымша ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Ақжолдың қайта оралу себебі
- B) Ақжолдың «Дос-Мұқасандағы» көңіл күйі
- C) Ақжолдың «Дос-Мұқасанға» қалай келгендігі
- D) Ақжолдың «Дос-Мұқасанда» өнер көрсетуі

13 Сөйлемді диалог мазмұнына сай ақпаратпен аяқтаңыз.

Ақжолдың ансамбльге келгендегі шешімі –

- A) ансамбль репертуарын жаңарту
- B) ансамбль шаңырағын шайқалту
- C) еркіндікпен, еркелікпен қоштасу
- D) ансамбль шаңырағына бір уық болу



4-диалог тапсырмалары:

14 Еуразиялық интеграция идеясын табыңыз.

- A) В. Путиннің идеясы
- B) Н. Назарбаевтың идеясы
- C) Ресей мемлекетінің идеясы
- D) Еуроодақтың идеясы

15 Журналистің саясаттанушыдан білгісі келген негізгі ақпаратын табыңыз.

- A) Кедендік одақтың жоспары
- B) Ресейдің Кедендік одақ туралы пікірі
- C) Кедендік одақ құрамына кіретін елдер
- D) Екі ел халқының Кедендік одаққа көзқарасы

16 Саясаттанушының берген қосымша ақпаратын көрсетіңіз.

- A) Ресей басшыларының идеясы
- B) Бірыңғай экономикалық кеңістік құру
- C) Кедендік одақ шекарасын кеңейту жолы
- D) Қазақстандықтардың Кедендік одаққа сенімі

17 Диалогтегі «Қазақстанда Кедендік одақтың болашағына күмәнмен қарайтындар басым» деген пікір кімдікі?

- A) журналистікі
- B) саясаттанушынікі
- C) Ресей Президентінікі
- D) Қазақстан Елбасынікі

18 Асты сызылған сөздердің мағынасын көрсетіңіз.

Кедендік одаққа күмәнданушылар «Кедендік одақ еліміздің тәуелсіздігін құрбан етеді» дей ойлайды.

- A) көтереді
- B) әлсіретеді
- C) жояды
- D) төмендетеді

Үшінші бөлім

- Үшінші бөлімде екі үлкен мәтін тыңдайсыз.
- Әр мәтінге 6 тапсырмадан, барлығы 12 тапсырма беріледі.
- Мәтінді бір рет қана тыңдайсыз.



1-мәтін тапсырмалары:

19

Мәтіндегі негізгі ойды табыңыз.

- A) қартаю процесі
- B) жәндіктер өмірі
- C) адам өмірін ұзарту
- D) биологиялық зерттеулер

20

Жауынқұрттар өмірінің ұзару себебін көрсетіңіз.

- A) Үнемі қимылда болады
- B) Стимуляторлар
- C) Күш қосатын реттегіштердің әсері
- D) Ашу-ызаны басатын дәрілер

21

Мәтіндегі қосымша ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Өмірді ұзартатын тәсіл
- B) Орыс ғалымдарының пікірлері
- C) Америка ғалымдарының зерттеулері
- D) Адам мен жауынқұрт жүйке жүйесінің ұқсастығы

22

Сөйлемді мәтін бөліктеріндегі ақпаратқа сай толықтырыңыз.

Орыс ғалымдары ойлап тапқан технология – ...

- A) жасушаларды көбейтеді
- B) жасушаларды қалпына келтіреді
- C) жасушалардың қызметін күшейтеді
- D) жасушалардың бөліну процесіне әсер етеді

23

Сөйлемді мәтін бөліктеріндегі ақпаратқа сай толықтырыңыз.

Қартаю процесінің құпиясын зерттеген ғалымдар ең алдымен ... зерттеді.

- A) жауынқұрттарды
- B) медузалар мен гидролиттерді
- C) тышқандар мен егеуқұйрықтарды
- D) адамның ағза мүшелері мен жасушаларын

24

Мәтін бойынша жасалатын қорытындыны анықтаңыз.

Адам өмірін ұзартатын – ...

- A) табиғат әсері
- B) қоғамдағы құбылыс
- C) өзінің мәдени деңгейі
- D) оның материалдық жағдайы

**2-мәтін тапсырмалары:****25**

Сөйлемді нақты ақпаратпен аяқтаңыз.

Мәтін бойынша қазіргі өтімді қазақ тіліндегі кітаптар –

- A) ғылыми кітаптар
- B) салалық әдебиеттер
- C) классикалық шығармалар
- D) детектив жанрындағы кітаптар

26

Автордың анықтаған қосымша ақпараты –

- A) қала кітап оқиды
- B) дүкендерде кітап көп
- C) кітаптардың өтімділігі
- D) дүкендердегі қазақ кітаптарының шын мәніндегі пайызы

27

Мәтіннің алдыңғы бөлігінде берілген ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Дүкен сөресіндегі кітаптардың бағасын біледі.
- B) Қандай кітаптар сұранысқа ие болатындығын біледі.
- C) Қазақ кітаптарының сөредегі пайыздық көрсеткішін анықтайды.
- D) Дүкен аралағаннан кейінгі мақала авторының көңіл күйі туралы айтылады.

28

Кітап дүкендеріндегі қазақ басылымдарының үлес салмағы қанша?

- A) көп
- B) тым аз
- C) жеткілікті
- D) әжептеуір

29

Мақала авторының мақсатын анықтаңыз.

- A) халықтың кітап оқитын-оқымайтынын білу
- B) қай кітап дүкенінде кітап өтімді екенін білу
- C) кітаптың қаншалықты сатылатынын анықтау
- D) халық арасында қандай кітап сұранысқа ие екендігін білу

30

Мақала авторының идеясын табыңыз.

- A) кітап өтімділігін көрсету
- B) қоғамға, оқырманға ой салу
- C) оқырман сұранысын таныту
- D) кітап дүкендеріндегі жайды баяндау

2

Тыңдалым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау

Бірінші бөлім

- Бірінші бөлімде екі орташа диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
- Диалогті бір рет қана тыңдайсыз.



1-диалог

- Бауке, сіз «Біздің семья» кітабыңызды қашан жаздыңыз?
– Мен бұл кітапты 1947 жылы Бас штапта оқып жүрген кезімде жаздым, 15 күнде бітірдім.
– Бұл кітабыңыздың жалғасы жоқ па?
– Бар, жазулы, дайын тұр. Орыс тілінде. Баспаға ұсынғам жоқ. Өзің өлгеннен кейін де бір нәрселерің жариялануы керек шығар.
– Сіз жайлы ел ішінде айтылатын аңыз орасан көп. Сол аңыздар жайында не айтар едіңіз?
– Мен өмірде екі түрлі аңызды басымнан көшірдім. Бір кезде мені жер-көкке сыйғызбай мақтады. Кейінгі кездері әркімдер аңызға айналдыра жамандады. Мақтады деп тасқамын жоқ, жамандады деп жасығаным жоқ.

«Ақиқат пен аңыздан»

1 Диалогте жоқ ақпаратты табыңыз.

- A) Кітаптың жалғасы бар немесе жоқ екендігі
- B) Кітаптың қанша уақытта жазылғаны
- C) Кітаптың жалғасының не туралы екендігі
- D) «Біздің семья» кітабының қашан жазылғаны



- 1) Кітаптың жалғасы бар дайын екендігі туралы ақпарат бар.
- 2) Кітаптың қанша уақыт жазылғандығы туралы диалогтің басында айтылған.
- 3) Кітаптың жалғасы не туралы екендігі диалогте айтылмайды.
- 4) Кітаптың жазылуы жайында ақпарат диалогтің басында айтылған.

2 Диалогтегі негізгі ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Бауыржан туралы аңыз
- B) Жазушының болашақ жоспары
- C) Жазушының бір шығармасы туралы
- D) Бауыржан Момышұлының жазушылық жолы



- 1) Бауыржанның жазушылығы ғана емес, ол туралы аңызға бергісіз әңгіме болатыны айтылған, бірақ белгілі бір аңыз туралы ақпарат жоқ.
- 2) Жазушыдан осы шығарманың жалғасы туралы ғана сұралып, жауап алынды. Жалпы болашақ жоспары туралы әңгіме болған жоқ.
- 3) Диалогте Б. Момышұлының «Біздің семья» шығармасы туралы ғана айтылады.
- 4) Диалогтен Б. Момышұлының жазушы екендігін түсінуге болады, бірақ жазушылық жолы туралы айтылмайды.

3

Диалогтің мазмұнын баяндауға қажетті тірек сөздер қатарын көрсетіңіз.

- A) жер-көк, бір нәрсе
- B) жариялау керек, ел іші
- C) кітап жазу, басып шығару, аяқтау
- D) қашан, қалай жаздыңыз, жалғасы бар ма



- 1) «Жер-көк», «бір нәрсе» сөздерін қолданбай-ақ диалог мазмұнын баяндауға болады.
- 2) «Жариялау керек», «ел іші» тіркестерін де қолданбай-ақ диалог мазмұнын баяндауға болады.
- 3) Диалогте кітап жазу туралы айтылған, оны аяқтау, басып шығару туралы сөз қозғалмайды.
- 4) Диалог мазмұнын баяндау үшін кітаптың қашан, қалай жазылғаны, жалғасы болатындығы туралы ақпараттар – ең керекті ақпарат.

4

Журналистің Бауыржаннан сұхбат алудағы ойын анықтаңыз.

- A) Аңызға қатысты оның пікірін білу
- B) Баукеңнің аңызға көзқарасын байқау
- C) Баукеңнің өзі туралы аңызға сенетіндігін немесе сенбейтіндігін білу
- D) Аңызға тоқталып, жазушыдан нақты мәлімет алу



- 1) Сұрақ осы жауап үшін қойылып тұр.
- 2) Көзқарасын білу үшін сұрақ «Сіз туралы айтылғандардың аңызы көп пе, шындығы көп пе?» деп қойылар еді.
- 3) Сұрақ «Сіз туралы аңыздар жайында не айтар едіңіз?» деп қойылғандықтан, Баукеңнің сенетіндігін немесе сенбейтіндігін сұрап тұрған жоқ.
- 4) Нақты мәлімет алу үшін «қаншасы аңыз, қаншасы шын?» деген сұрақ қойылуы керек еді.



2-диалог

– Әлихан Мелдебекұлы, өзіңіз басшылық жасап отырған мекеменің бүгінгі жағдайы туралы айтып беріңізші.

– Институтымыз жер бетіндегі және оның қойнауындағы құрт-құмырсқа, құрбақадан бастап бұғыға дейін, сондай-ақ елімізде кездесетін барлық жәндіктер мен жануарларды зерттейтін мамандандырылған бірден-бір мекеме.

– Шетелге әкететін, сондай-ақ зоопарктегі жан-жануарлар мен хайуанаттарға, құстарға сіздің мекеменің қаншалықты қатысы бар?

– Жан-жануарлардың қайсыбір түрін елімізден алып кетерде олар азайып, болмаса жоғалып кету қаупі бар ма немесе олардың қайсыбір түрін әкелген жағдайда бізге керек пе, керек болса, қоршаған ортаға зиян-зиянсыздығы бәрін осы институт тексеріп, рұқсат береді.

– Бүгінде «Қызыл кітапқа» енген, енетін жан-жануарларға қысқаша тоқтала кетсеңіз.

– «Қызыл кітапқа» кіргізу-кіргізбеу әрбір он жыл ішінде жаңаланып отырады. Біздің мекеме «Қызыл кітапты» шығарып қана қоймай, жан-жануарларды сақтап, көбейту тәсілдерін іздестіріп тауып, құзырлы мекемелерге оларды көбейту жолдарын ұсынады.

– Институт қандай проблемалармен бетпе-бет келіп отыр?

– Зерттеуімізден алынған мәліметтер негізінде жасалған ұсыныстар кеңінен қолдау таппай отыр.

Ә.Мелдебековпен сұхбат, «Егемен Қазақстан»

5 Өңгіме арқауы болып отырған мекемені көрсетіңіз

- A) Зоология институты
- B) Ботаника институты
- C) Экология институты
- D) Ауылшаруашылық институты

Т

- 1) Зоология институты құрт-құмырсқа, жануарлар, хайуанаттар, құстарды зерттейді.
- 2) Ботаника институты өсімдіктер, шөптер, ағаштарды зерттемейді.
- 3) Экология институты тек хайуанаттарды зерттемейді, қоршаған ортаны да қарастырады.
- 4) Диалогте жануарлар, құстар туралы айтылғанмен, ауылшаруашылық туралы мүлде айтылмайды.

6 Диалогте жоқ ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Институттың проблемалары
- B) Институттың зерттеу нысаны
- C) Институт зерттеулерінің нәтижесі
- D) Институттың «Қызыл кітапқа» қатысы

Т

- 1) Институт проблемалары туралы нақты сұрақ пен жауап диалогтің соңында берілген.
- 2) Институттың нені зерттейтіні туралы диалогтің алдыңғы бөлігінде айтылған.
- 3) Институт қандай зерттеулермен айналысатындығы айтылғанымен, нақты қандай нәтижелерге қол жеткізгені диалогте қамтылмаған.
- 4) Институт «Қызыл кітапқа» енгізуді және оған енген жануарларды қалай сақтау жолдарын да көрсетіп береді.

7 «Шетелге әкететін құстарға сіздің мекеменің қатысы қаншалықты?» деген сұрақты қоюдағы журналистің ойын көрсетіңіз.

- A) Осындай проблема бар екенін ескерту
- B) Шетелге әкетуге бола бере ме деген күдікті білдіру
- C) Әкетіп жатқан құстар туралы білу-білмейтіндігін анықтау
- D) Осы проблеманы реттеуге мекеменің құқы бар-жоқтығын анықтау

Т

- 1) Ол ғылыми-зерттеу институты болғандықтан әкетіліп жатқан құстар туралы проблеманы алдымен біледі.
- 2) Күдікті білдіретін сұрақ басқаша, «әкете беруге бола ма?» деп қою керек.
- 3) Институттың зерттеу нысаны айқын болғандықтан, әкетіліп жатқан құстар туралы мекеме білетіні айқын.
- 4) «Сіздің мекеменің қатысы қаншалықты?» сұрағы «Сіздер қандай шара қолданасыздар?», «Құқыңыз бар ма?» дегенмен бірдей.

8 Диалог мазмұнын беруге болатын тірек сөздер қатарын көрсетіңіз.

- A) Зоология институты, хайуанаттар, зоопарк
- B) Қоршаған орта, зиянды-зиянсыз, жаңалықтар
- C) ғылыми-зерттеу институты, ғылыми жаңалықтар, мәліметтер
- D) Зоология институты, жан-жануарлар, «Қызыл кітап», проблемалар

Т

- 1) Өңгіме болып отырған институт тек хайуанаттармен айналысып қоймайды, тек зоопарк туралы емес.
- 2) Диалогте қоршаған орта, әкелінетін хайуанаттардың зиянды-зиянсыздығы жайын зерттейтіндігі айтылған. Бірақ бұл негізгі ақпарат емес. Диалог мазмұнын бұл сөздерсіз де баяндауға болады.
- 3) Диалог ғылыми-зерттеу институты туралы болып отырғанмен, нақты мәліметтер, ғылыми жаңалықтар туралы емес, диалог мазмұнын беру үшін бұл сөздерді қолданбаса да болады.
- 4) Өңгіме болып отырған – Зоология институты, олардың зерттеу нысаны – барлық жан-жануарлар, олардың «Қызыл кітапқа» енуі, туындап отырған проблема жайы. Бұл сөздер диалог мазмұнын баяндауға ең қажет сөздер.

Екінші бөлім

- Екінші бөлімде екі үлкен диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 5 тапсырмадан, барлығы 10 тапсырма беріледі.
- Диалогті бір рет қана тыңдайсыз.



3-диалог

- «Үш тұғырлы тіл» дегенге қалай қарайсың?
- Менің қазақ тілінің жанашыры екенімде күмәнің жоқ шығар?
- Солай делік...
- Демек, күмәнің жоқ. Бірақ мен қанша жанашыр болсам да, үш тұғырлы тіл дегенді қолдаймын. Себебі біз бүкіл әлемнен алшақ кете алмаймыз. Және бізбен келісесің бе, жоқ па деп ешкім сұрамайды да. Мысалы, Антрактиданың суығы бізге де жетеді. Бірақ сен күн неге суытып кетті деп байбалам сала алмайсың ғой.
- Қазақ елінде қазақ тілі неге қалған екеуінен үстем тұрмайды?
- Біріншіден, үстемдік қайдан байқалу керек? Екіншіден, қазақ тілін білмейтіндер кімдер? Қазақ тілін білмейтіндер өзге тілде білім алған өз ұлтымыздың өкілдері. Технология болмаса, тіл де болмайды.
- Сонда, сіздіңше, ақылды қазақша сөйлету керек қой?
- Иә, солай. Жалпы елдердің екі түрі бар. Ақылды технология жасайтын елдер және оларды тұтынушы елдер. Сол тұтынушы елдердің бірі – біз. Ал бізге табыс тек мұнай мен газдан түсіп тұр. Ертең ол таусылсыншы, ешкімге керек болмай қаламыз. Сондықтан, біз қазақ екенімізді сөзбен емес, ақылмен, іспен мойындатуымыз керек.

«Қазақ әдебиеті» газетінен, А. Жұмаділдаевпен сұхбат

9 Сұхбат берушінің пікірінше, біздің ел –

- A) Технология өндіруші ел
- B) Дамыған ел
- C) Тұтынушы ел
- D) Технология жасаушы ел



- 1) Еліміздің не өндіретіні туралы диалогте мәлімет жоқ.
- 2) Сұхбатта дамыған ел туралы ақпарат жоқ.
- 3) Ғалымның пікірі елдерді екіге ғана бөледі: технология жасаушы, сол технологияны тұтынушы.
- 4) Технология жасаушы елдер қатары диалогте көрсетілмеген.

10 Диалогте көтерілген негізгі мәселе не туралы екендігін көрсетіңіз.

- A) үш тұғырлы тіл дауы
- B) қазақ тілінің кенжелеп қалу себебі
- C) мемлекеттік тілді білуді міндеттеу
- D) ана тілі үстемдігін күшейту шаралары



- 1) Сұрақ «үш тұғырлы тіл» туралы қойылғанымен, осы үш тілдің ішіндегі қазақ тілінің жайына ойысады.
- 2) Диалогтің екінші бөлігіндегі сұрақ «неге қазақ тілі қалған екеуінен үстем тұрмайды?» Жауап оның негізін түсіндіреді.
- 3) Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болғанмен, міндеттеу жайы диалогте қозғалған жоқ.
- 4) Журналист «Ана тілі неге үстемдік құрмайды?» сұрағын қойғанмен, үстемдікті күшейту шаралары емес, қазақ тілінде сөйлеу жайы айтылады.

11

Ғалымның «үш тұғырлы тіл» саясатын қолдау себебін анықтаңыз.

- A) әлемдік өркениеттің талабы солай
- B) көп тіл білу – білімділіктің айғағы
- C) мемлекет үш тілді білуді міндеттейді
- D) қазақ халқы үш тілде сөйлеуге ынталы



- 1) Диалогте «Біз әлемнен алшақ кете алмаймыз» деген сөйлем бар.
- 2) Көп тіл білген пайдалы, бірақ диалогте ондай ақпарат жоқ.
- 3) Диалогте үш тілді білуді міндеттеу туралы ақпарат берілмеген.
- 4) Халықтың үш тілде сөйлеуге ынталы екендігі туралы да ақпарат жоқ.

12

Диалогтегі қосымша деректі табыңыз.

- A) қазақша сөйлетудің жолы
- B) қазақ тілінің кенже қалу себебі
- C) қазақ тілін білмейтіндердің кім екендігі
- D) ғалымның «үш тұғырлы тілге» көзқарасы



- 1) Қазақша сөйлетудің жолы – журналистің өзекті сұрақтарына жауап ретінде берілген негізгі ақпарат.
- 2) Қазақ тілінің кенже қалу себебі де бірінші мәселемен байланысты айтылған, негізгі ақпарат.
- 3) «Қазақ тілін білмейтін кім?» деген сұрақ қойылған жоқ. Қазақ тілінің кенже қалу себебі туралы жауап беру үшін ғалымның қолданған қосымша ақпараты.
- 4) Үш тұғырлы тіл туралы көзқарас негізгі ақпарат, себебі журналистің білгісі келген ақпараты да осы.

13

Диалогтегі «ақылды қазақша сөйлету керек» тіркесі қандай мағынада қолданылғандығын көрсетіңіз.

- A) Қазақша ойлау керек
- B) Қазақша ақылды сөйлеу керек
- C) Ақылдылар қазақша сөйлеу керек
- D) Қазақ екенімізді сөзбен емес, ақылмен мойындату керек



- 1) Қазақша ойлаған адам, әлбетте, қазақша сөйлейді. Бірақ қазақша сөйлеу деген ақылды сөйлету емес.
- 2) Қазақша ақылды сөйлеу – мәдениетті, білімді сөйлеу.
- 3) Ақылдылар тек қазақша емес, бірнеше тілде сөйлей алады.
- 4) Ғалымның «ақылды қазақша сөйлету керек қой?» деген сұраққа жауабы: біз технология жасай алатын ақылды елдер қатарына кірсек қана тілді мойындата аламыз.



4-диалог

– Чжоу мырза, Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің, оның ішінде «Тарбағатай-мұнай» бірлескен кәсіпорнының тарихынан қаншалықты хабардарсыз?

– Бастапқыда Қазақстанда ауыр мұнай мен газдың негізгі қырлары Каспий өңірінен анықталды. Ал «Тарбағатай-мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге 1994 жылы лицензия алған болатын. 10 жылдан астам уақыт бойы Қазақстанның акционерлері елдің осы өңірінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге қомақты қаржы салып, газдың қорын тапты.

– Сонда қазақстандық акционерлер өз қаражаттарын құйып, газ-кен орнын тапса, ары қарай өз күштерімен жұмыс істей бермеді ме? Қытайлық компаниясыз жұмыс істеуге болмады ма?

– Бұл сөзіңіздің жаны бар. Мәселе – мынада. Зайсан ауданындағы газдың қоры үлкен емес, сондықтан қымбат газ құбырын салу өзін-өзі ақтамайтын болды. Ал қытайлық «Гуан-Хуй» компаниясының сұйытылған табиғи газ зауыттарын салу жөнінен тәжірибесі бар. Сондықтан қазақстандық акционерлер осы компанияны серіктес болуға шақырды. Екі жақты жасалған шартқа сәйкес «Тарбағатай-мұнай» компаниясы «Гуан-Хуй» компаниясына табиғи газды береді, ал олар табиғи газды қайта өңдеуден өткізеді және бұл ретте өз технологиясын қолданады. 2009 жылғы қараша айында жасалған шарт бойынша «Тарбағатай-мұнай» компаниясы акцияларының 49%-ы қытайлық әріптес «Гуан-Хуй» компаниясына берілді. Екі компания Қазақстан мен Қытай арасында газ құбырын салуға келісті. Ол газ құбыры 15000 тұрғыны бар Зайсан қаласы арқылы өтеді.

– Мұның Зайсан ауданының, облыстың халқына қандай пайдасы бар?

– Аудан халқына пайдасы зор. Біз сұйытылған газ шығаратын мини-зауыттан газды Зайсан ауданының халқына жеткізіп береміз. Келешекте Зайсан мен Өскеменде де осындай мини зауыттар салу ойда бар. Демек, сұйытылған табиғи газды келешекте Өскеменде де сататын боламыз. Әрине, газдың бағасы тасымалдауға кететін шығындарды ескере отырып белгіленетін болады.

«Айқын-апта» газетінен.

«Тарбағатай-мұнай» бірлескен кәсіпорын директорының орынбасары Чжоу Гуаншемен сұхбат

14 Зайсан өңіріндегі газ қорын тапқан кім екендігін көрсетіңіз.

- A) «Гуан-Хуй» компаниясы
- B) «Тарбағатай-мұнай» ЖШС акционерлері
- C) «Тарбағатай-мұнай» бірлескен кәсіпорны
- D) «Тарбағатай-мұнай» және «Гуан-хуй» компаниялары

Т

- 1) «Гуан-Хуй» компаниясымен келісім мини-зауыт салу үшін кейін жасалды.
- 2) «Тарбағатай-мұнай» ЖШС алдымен қазақстандық акционерлерден құралған, барлау жасағандар – осылар.
- 3) «Тарбағатай-мұнай» бірлескен кәсіпорны 2009 жылы газ қоры табылғаннан кейін құрылды.
- 4) «Тарбағатай-мұнайдан» акцияны «Гуан-Хуй» 2009 жылы сатып алды.

15 Диалогтегі негізгі ақпаратты табыңыз.

- A) Газ қорының қашан табылғаны
- B) Бірлескен кәсіпорынның қашан құрылғаны
- C) «Тарбағатай-мұнайға» қытайлықтардың бірлесу себебі
- D) «Тарбағатай-мұнай» компаниясының қашан құрылғаны

Т

- 1) Газ қорының қашан табылғаны маңызды ақпарат емес, ол компания тарихын әңгімелеуде қолданылған ақпарат.
- 2) Бірлескен кәсіпорынның қашан құрылғаны туралы ақпарат диалогте бар. Бірақ ол негізгі ақпарат емес, компанияға бірлесу керек болды.
- 3) Негізгі сұрақ: «Бұл компания жұмысты әрі қарай неге өзі жүргізе бермеді?».
- 4) «Тарбағатай-мұнайдың» қашан құрылғаны туралы диалогтің басында айтылады, бірақ бұл негізгі ақпаратқа кіріспе ғана.

16 Диалогте берілген қосымша деректі көрсетіңіз.

- A) Зайсандағы газ қоры
- B) «Гуан-Хуй» компаниясының жұмысы
- C) Мини-зауыттың Өскеменде де салынатыны
- D) Зайсан арқылы өтетін газ құбырының қала тұрғындарына пайдасы

Т

- 1) Зайсандағы газ қоры туралы айтылған, себебі ол ақпарат «Гуан-Хуй» компаниясының бірлескен кәсіпорынға неге тартылғанын түсіндіру үшін қажет дерек.
- 2) «Гуан-Хуй» компаниясының не жұмыспен айналысатыны да осы компанияны тартудың себебін түсіндіру үшін қажетті негізгі деректердің бірі.
- 3) Мини-зауыттың болашақта Өскеменде де салынатыны туралы сауал қойылмаса да, ол туралы Чжоу мырза өзі қосымша айта кетті.
- 4) Зайсан арқылы өтетін газ құбырының қала тұрғындарына пайдасы қандай екендігін білу журналистің басты сұрақтарының бірі болатын.

17 Чжоу мырза берген тағы бір қосымша ақпаратты табыңыз.

- A) Өңдеуде өз технологиясын қолданады
- B) Табиғи газды қайта өңдеуден өткізеді
- C) «Гуан-Хуй» компаниясы мини-зауыт салады
- D) «Тарбағатай-мұнай» табиғи газды Гуан-Хуйға береді

Т

- 1) Қытай компаниясының қандай істермен айналысатынын айта келіп, Чжоу мырза ол компания мұнай өңдеуде өз технологиясын қолданатындығын, яғни өндіру технологиясы солардікі екенін қоса айтады.
- 2) «Гуан-Хуйдың» мұнайды өңдеуші болуы – негізгі ақпарат.
- 3) «Гуан-Хуй» компаниясы мини-зауыт салатын тәжірибесі болғандықтан, қазақстандық акционерлерге керек болды.
- 4) Зауытты салатын компанияға мұнайды өңдеуге беру.

18 Диалогте жоқ ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Қазақстан-Қытай газ құбырын салу себебі
- B) Қазақстан-Қытай газ құбырын салу мерзімі
- C) Газ құбыры өтетін жерге құбырдың пайдасы
- D) Газ құбырын салу туралы жасалған келісімшарт

Т

- 1) Қазақстан-Қытай газ құбырын салу себебі диалогте айтылған.
- 2) Қазақстан-Қытай газ құбыры салынатыны туралы айтылғанымен, қашан салынатыны, іске қашан қосылатыны туралы ақпарат диалогте қамтылмаған.
- 3) Құбыр өтетін Зайсан халқына пайдасы туралы диалогтің соңғы бөлігінде айтылған.
- 4) Газ құбырын салу туралы нақты келісімшарттың қашан жасалғаны диалогте берілген.

Үшінші бөлім

- Үшінші бөлімде екі мәтін (монолог) тыңдайсыз.
- Әр мәтінге 6 тапсырмадан, барлығы 12 тапсырма беріледі.
- Мәтінді бір рет қана тыңдайсыз.



1-мәтін

Қасқырды киелі деп табыну қазақ халқына тән нәрсе қазақ руларының туында бәрінің алтын басы бейнеленген. Жоңғарларға қарсы жорықта даңқы шыққан Жәнібек батырдың бәрі басы салынған туы жау келер алдында дүрілдеп, немесе ерекше дыбыс шығарып, алда болар айқасты білдіріп отырған.

Қасқыр – өте ақылды жыртқыш. Ол ашық алаңқайларды ұнатады, себебі онда жемтігін ұстау жеңіл. Әдемі және тез жүгіреді, бейне бір жерге бауырымен төселіп жатқандай әсер береді. Қасқыр жемтігін екеулеп аулайды. Есту қабілеті ерекше жетілген.

Қасқырдың өзге хайуандардан дара, олардың ешқайсысына ұқсамайтын қасиеттері көп. Қасқырлардың ішіндегі көк аспан түстес келетіндері мен ақ қасқырлар аса киелі деп есептеледі. Олардың адамға көрінуі де сирек. Мұндай көк бөрімен кезіккен адам да «тегін адам емес, киелі қасиеттерге ие кісі» болып табылады.

Қасқыр – қайсар хайуан. Қайсарлығы оның кез-келген айқаста жеңіске жеткенше, не жеңіліп демі үзілгенше шайқасуынан көрінеді.

Қасқыр бір ғана отбасына ие және бөлтірік тәрбиесін толықтай өз мойнына алған хайуан. Ауыздандыру, бөлтірігін көкжалға айналдыру - бәрі-бәрі осы ата қасқырдың құзырындағы міндет. Өзге хайуандарда жоқ осы қасиеттер киелі жаратылыс иесін әр кез даралап тұрады.

«Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген жолдардан бауырмалдықты және мәрттікті ұғуға болады. Ал, мәрттік тек бәріге ғана тән.

«Дарабоз» журналынан

19 Мәтіндегі берілген ақпаратты көрсетіңіз.

Мәтін туралы.

- A) аталық қасқыр
- B) аналық қасқыр
- C) жыртқыш қасқыр
- D) қасқырдың бөлтірігі



- 1) Мәтінде көрсетілген қасиеттердің қай қасқырға тән екендігі мәтіннің соңғы бөлігінде айтылған.
- 2) Аналық қасқыр туралы болса, негізінен қалай, қашан күшіктейтіні, күшіктерін қалай баптайтындығы туралы айтылар еді.
- 3) Қасқырдың жыртқыштығы айтылады, бірақ ақпарат ақылды жыртқыш екендігі туралы.
- 4) Қасқырдың бөлтірігіне тәрбиесі айтылады, бірақ бөлтіріктер туралы кең айтылмайды.

20 Мәтін мазмұнындағы қосымша ақпаратты белгілеңіз.

- A) Қасқырдың мінезі
- B) Қасқырдың ерекшелігі
- C) Қасқырдың жемтігін ұстауы
- D) Қазақтардың қасқырды тануы



- 1) Қасқырдың мінезі туралы айту – қасқырды танытуға қажетті негізгі ақпарат.
- 2) Қасқырдың ерекшелігі туралы ақпарат – ең негізгі ақпарат.
- 3) Қасқырдың жемтігін қалай ұстайтындығын көрсету арқылы қасқырдың ақылдылығын сипаттайды. Бұл бөлік қасқыр мінезін танытатын негізгі ақпараттардың бірі.
- 4) Мәтіннің бастапқы бөлігінде қасқыр туралы айту үшін берілген кіріспе бөлім бар. Осы бөлімде қазақтардың қасқырды киелі деп танытындығы айтылады.

21 Қасқыр мінезі туралы ... бөлікте айтылады.

- A) негізгі
- B) кіріспе
- C) бастапқы
- D) қорытынды



- 1) Негізгі бөлікте қасқыр мінезі туралы ақпарат беріледі.
- 2) Кіріспе бөлікте халықтың қасқырды тануы айтылған.
- 3) Бастапқы бөлік пен кіріспе бөлік сәйкес ұғымдар.
- 4) Қорытынды бөлікте қасқыр туралы нақыл айтылады.

22 Қасқырдың даралық қасиеттерінің мәтіндегі көрінісі –

- A) жүйріктігі, қулығы
- B) күштілігі, төзімділігі
- C) қайсарлығы, мәрттігі
- D) жыртқыштығы, қатыгездігі



- 1) Жүйріктігі айтылғанмен, қулығы туралы ақпарат мәтінде кездеспейді.
- 2) Мәтіндегі қасқырға тән қасиет – оның күштілігі мен төзімділігі емес, ақылдылығы.
- 3) Қайсарлығы мен мәрттігі мәтінде дәлелді баяндалған.
- 4) Қасқырдың жыртқыш екендігі айтылған, бірақ оның өзі де ақылмен жасалатыны баса көрсетілген.

23 Мәтіннің мақсатын анықтаңыз .

- A) қасқыр мінезі туралы ақпарат беру
- B) қасқырдың киелі хайуан екенін тану
- C) қасқырдың киелі саналу себебін түсіндіру
- D) жыртқыштың жағымды мінезін ашып көрсету



- 1) Мәтінде қасқыр мінезі туралы жақсы айтылғанмен, мақсат – оның мінезін көрсету емес.
- 2) Қасқырды ата-бабамыз киелі санағанын айтқанмен, мақсат – ол түсінікті дамыту емес.
- 3) Қасқырдың киелі саналу себебін түсіндіру арқылы жақсы істерге тәрбиелеу – мәтін мақсаты.
- 4) Қасқыр жыртқыш, бірақ ақылды жыртқыш екені мәтінде айтылғанмен, мақсат – оның ақылды екенін дәлелдеу емес.

24 Мәтіндегі негізгі идеяны көрсетіңіз.

- A) Қасқыр – киелі хайуан.
- B) Қасқыр – ақылды жыртқыш.
- C) Бөрілі байрақты елдің танымын насихаттау.
- D) Бөрілі байрақты елді бөрі мәрттігін сақтауға үндеу.



- 1) Халық қасқырды киелі хайуан санаған, ол туралы мәтінде кіріспеде айтылады, бірақ мәтін идеясы емес.
- 2) Қасқыр ақылды жыртқыш, бірақ идеясы оның жыртқыштығы емес.
- 3) Қазақ туында бөрінің басы салынғаны мәтінде келтірілген. Бірақ елдің танымын насихаттау идеясы мәтінде кездеспейді.
- 4) Мәтін идеясы: халық бөрінің дара қасиеттері үшін киелі санаған екен, сен де оның қасиеттерін үйрен.

**2-мәтін**

Стьюарт Фидельдің «Америкалықтардың байырғы тарихы» атты еңбегінде ежелгі америкалықтардың арғы тегі Азиядан шыққандығын қуаттайтын антропологиялық бір дәлел бар: «Егер біз Американың байырғы тұрғындарын әлемдегі басқа халықтармен салыстыратын болсақ, олардың ең алдымен Азия халықтарына өте ұқсас екенін байқаймыз. Көзге ұрып тұрған ортақ ұқсастықты ең алдымен олардың қайратты, тұзу қара шаштарынан, сақал-мұрттары мен денеге бітетін түктерінің біршама сирек болатындығынан, қоңырқай түстерінен, қоңыр көздерінен, шығыңқы жақ сүйектерінен және күрек тістерінен анық байқауға болады. Сосын Азияда да, Америкада да жергілікті халықтардың жас нәрестелерінің жамбастарында ғылымда «моңғол дағы» деп аталатын көкшіл дақ болады.

Назар аударатын тағы бір мәселе – америкалық «үндістердің» сенім-нанымдарында шаманизмнің ерекше орын алатындығы. Ал шамандық нанымдардың кезінде Азия халықтарының көпшілігіне ортақ болғаны ешбір дәлелді керек етпейтін шындық.

Осы айтылғандарды айшықтай түсетін аса құнды ғылыми деректердің бірі төмендегідей: XIX ғасырдың соңына таман, атап айтқанда 1887 жылы Американың Табиғат тарихы мұражайы америкалық үндістердің шығу тегін анықтау мақсатымен арнайы экспедиция жасақтаған екен.

Экспедицияның үш тобы Сібірде зерттеу жүргізді: Бертольд Лауфер мен Терару Фоуке тобы оңтүстіктегі Амур өзені мен Сахалин аралын қамтыса, Вальдемар Йохельсон мен Вальдемар Богараз басшылық еткен екі топ Солтүстік Азияны зерттеді. Экспедицияның басты қорытындысы америкалық үндістердің ата-тегі материкке Азиядан ауып келген деген болжамды толығымен қуаттап шықты.

Енді осы тұста жоғарыдағы айтылғандарды негізге ала отырып, «Американың ежелгі халықтарының Азиядан шыққандығын лингвистикалық тұрғыдан дәлелдеуге болмас па екен?» деген сұрақ алдан шығады.

Солтүстік Америка құрлығының Азия материгі мен Беринг бұғазына жанасып жатқан аймағы Аляска екені шындық. Олай болса, лингвистикалық дәлелдер ең әуелі Аляска эскимостары мен соларға көршілес жатқан алеуттердің тілінен табылуға тиісті еді.

Америка үндістерінің ішінде жан-жақты дамыған бірегей жазу жүйесі тек «майяларда» болған. Ғылымда бұл оны алтыншы ғасырдан мәлім «майя» тілдері мен түркі тілдерінің байланысын арнайы зерттеген швед ғалымы Сигу Викандер майя тілі мен түркі тілдеріне ортақ жүздеген сөздерді салыстыра зерттеудің нәтижесінде бұл тілдердің арасында генетикалық жақындық бар деген тұжырым жасайды.

Ә.Ахметовтің «Азия-Берингия-Америка» кітабынан

25

Стьюарт Фидель америкалық үндістер мен азиялықтардың ... ұқсастығын көрсетеді.

- A) тіл
- B) бет келбеті
- C) дене мүсіні
- D) наным-сенім



- 1) Тіл жақындығы бар деген тұжырымды швед ғалымы Сигу Викандер айтқан.
- 2) Стьюарт Фидель байқаған ұқсастықтар мәтіннің бірінші бөлімінде айтылған.
- 3) Дене мүсіні туралы мәтінде мүлде айтылмаған.
- 4) Наным-сенім ұқсастығы туралы мәтінде айтылған, бірақ ол С.Фидельдің пікірі емес.

26 Мәтіндегі қосымша ақпаратты табыңыз.

- A) Экспедицияны кімдер басқарғандығы
- B) Үндістердің тарихы туралы зерттеу экспедициясының шығуы
- C) Үндістер мен азиялықтар жақындығының лингвистикалық дәлелі
- D) Америкалық үндістер мен азиялықтардың антропологиялық жақындықтары

Т

- 1) Мәтінді баяндау үшін экспедицияны кімнің басқарғаны туралы айту қажет емес.
- 2) Үндістердің тарихы туралы зерттеу экспедицияның шығуы да алғашқы болжамның рас/рас еместігін дәлелдеу үшін жасалған қадам, яғни негізгі ақпарат.
- 3) Үндістер мен азиялықтардың арасындағы жақындықтың тағы бір дәлелі – лингвистикалық жақындық – негізгі ақпарат.
- 4) Үндістер мен азиялықтардың антропологиялық жақындықтары туралы ақпарат басқа ақпараттардың бастауы, яғни алғашқы негізгі ақпарат.

27 Мәтіннің ортаңғы бөлігінде берілген ақпаратты белгілеңіз.

- A) америкалық үндістердің тілі
- B) үндістердің наным-сенімдері
- C) үндістердің бет-бейнесі, шашы, түсі
- D) үндістердің шығу тегін анықтау шаралары

Т

- 1) Үндістердің тілі туралы мәтін соңында айтылады.
- 2) Наным-сенімдері туралы ақпарат бірінші бөлімнің соңында кездеседі.
- 3) Үндістердің түрі, түсі, бет-бейнесі туралы ақпарат мәтін басында беріледі.
- 4) Үндістердің шығу тегін анықтау үшін не істелгені жайында ақпарат мәтін ортасында беріледі.

28 Америка үндістерінің ішіндегі жазу жүйесі бары –

- A) майя
- B) түркілер
- C) алеуттер
- D) эскимостар

Т

- 1) майя тілі – үндістердің дамыған тілі;
- 2) түркі тілі – түркі тектес халықтар тілі;
- 3) алеуттер – Аляскалықтардың көршілері;
- 4) эскимостар – Аляска тұрғындары.

29 Мәтін мақсатын табыңыз.

- A) Үндістердің қайдан келгенін анықтау
- B) Үндістер мен азиялықтардың ұқсастықтарын дәлелдеу
- C) Американың байырғы тұрғындарының кімдер екенін анықтау
- D) Америкалық үндістер мен азиялықтардың байланысы болғанынан хабардар ету

Т

- 1) Үндістердің қайдан келгені туралы экспедиция қорытындысында айтылған.
- 2) Үндістер мен азиялықтарда көптеген ұқсастықтар бар екені де – дәлелденген, мәтінде бар ақпарат.
- 3) Мәтінде Американың байырғы тұрғындары үндістер екені айтылған.
- 4) Негізгі мақсат – үндістер мен азиялықтардың арасында байланыс бар деген болжамды жеткізу.

30 Мәтіннің негізгі идеясын көрсетіңіз.

- A) Америка тарихына назар аударту
- B) Американың байырғы тұрғыны – үндістер
- C) Американың байырғы тұрғыны – азиялықтар
- D) Азиялықтардың Американы мекендеу себебін анықтау



- 1) Мәтін Америка тарихына емес, үндістер тарихына арналған.
- 2) Американың байырғы тұрғыны үндістер екені – дәлелденген құбылыс.
- 3) Мәтін идеясы – байырғы тұрғынның азиялықтар екенінің біршама дәлелденгендігін жеткізу.
- 4) Азиялықтардың Американы мекендеу себебі туралы мәтінде айтылмайды, бұл – болжам.

3

Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест

Бірінші бөлім

- Бірінші бөлімде екі диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
- Диалогті бір рет қана тыңдайсыз.



1-диалог тапсырмалары:

1

Мәтінде жоқ ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Құдайбергеннің қазіргі жұмыс орны
- B) Құдайбергеннің төрт әпкесі болғаны
- C) Құдайбергеннің «тамаша» театрынан кеткені
- D) Құдайбергеннің С.Майқанова образын салғаны

2

Журналистің білгісі келген негізгі ақпаратын табыңыз.

- A) актердің отбасылық жайы
- B) актердің шығармашылығы
- C) актердің әйел ролін көбірек ойнау себебі
- D) актердің «Тамаша» театрынан кету себебі

3

Актердің ниетін білу үшін қойылған сұрақты көрсетіңіз.

- A) «Тамашадан» неге кеттіңіз?
- B) «Тамашаның» нарқын түсірмеу керек пе?
- C) «Тамашада» жастарға орын беру керек емес пе?
- D) «Тамашада» әрі қарай жұмыс істегіңіз келмей ме?

4

Актер қызметі туралы айту үшін қолданылатын тірек сөздер қатарын көрсетіңіз.

- A) образ сомдау, орын беру, күлкі сыйлау
- B) қызмет ету, театрға бару, театрдан кету
- C) өнерлі жастар, төрт қыз, ауыл кемпірлері
- D) рөл сомдау, қойылымды көру, нарқын түсірмеу



2-диалог тапсырмалары:

5

Мәтінде жоқ ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Спартакиаданың қайда өткені
- B) Алматылықтардың негізгі қарсыласы
- C) Спартакиададағы алматылықтар жеңісі
- D) Спартакиаданың қанша уақытқа созылғаны

- 6 Диалогтегі негізгі ақпаратты табыңыз.
- A) Медальдер сараптамасы
B) Спартакиада қорытындысы
C) Спартакиадаға қатысушы командалар
D) Бесінші спартакиададағы алматылықтардың нәтижесі
- 7 Журналистің білгісі келген қосымша ақпараты –
- A) Негізгі жеңімпаз
B) Жеңімпаздың қарсыласы
C) Спартакиаданың қалай өткені
D) Спартакиада жеңімпазының табыстары
- 8 Асты сызылған сөздің мағынасына сәйкес келетін тіркесті көрсетіңіз.
- Алматылықтардың қоржынында 15 алтын медаль бар.
- A) ұтып алғаны
B) үміттенетіні
C) бөліске түскені
D) өзімен бірге алып жүргені

Екінші бөлім

- Екінші бөлімде екі ұзақ диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 5 тапсырмадан, барлығы 10 тапсырма беріледі.
- Диалогті бір рет қана тыңдайсыз.



3-диалог тапсырмалары:

- 9 2005 жылғы концернге қатысты оқиғаны көрсетіңіз.
- A) Акционерлік қоғам болып құрылды
B) Әр түрлі елдерден инвесторлар тарта бастады
C) Лондон қор биржасына қатысушы болып тіркелді
D) Англия университеттерінде мамандар даярлай бастады
- 10 Концерн басшысы берген негізгі ақпаратты табыңыз.
- A) концерн ұжымы
B) алдағы жоспарлар
C) концерн жетістіктері
D) жетістікке жету жолдары
- 11 Диалогтегі қосымша ақпаратты көрсетіңіз.
- A) концерндегі еңбекақы
B) концерн инвесторлары
C) концерннің қалай құрылғаны
D) оқуға тартылғандар арасында қазақ жастарының болуы

12 «Қазақ алтын» кәсіпорнына жұмысқа тұруға ниет білдірушілердің көп болу себебін анықтаңыз.

- A) «Қазақ алтында» жалақы жоғары.
- B) «Қазақ алтында» еңбекақы тұрақты.
- C) «Қазақ алтында» мамандарды шетелге тәжірибеге жібереді.
- D) Концернде еңбекақы жоғары әрі маманға қажет жағдай жасалған.

13 Мәтіндегі «жаңа жол ашу» деген ойға сәйкес келетін тіркесті көрсетіңіз.

- A) соны соқпақ тарту
- B) өмірді шырайландыру
- C) сүрінген тұстан сабақ алу
- D) білгір тұтқаларды қалыптастыру



4-диалог тапсырмалары:

14 Шевкеттің қай баласы орыс мектебінде оқитындығын көрсетіңіз.

- A) Қызы
- B) Кіші ұлы
- C) Үлкен ұлы
- D) Екі баласы

15 Мәтіндегі негізгі ақпаратты табыңыз.

- A) Балаларының түрікше сөйлеуі
- B) Отбасының қазақша сөйлесуі
- C) Шевкеттің отбасының Қазақстанда тұратыны
- D) Шевкеттің балаларының қазақ мектебіне баруы

16 Шевкет берген қосымша ақпаратты көрсетіңіз.

- A) олардың қай тілде сөйлейтіні
- B) балаларының қайда туылғаны
- C) балаларының тілді қалай меңгергендігі
- D) Үлкен ұлының Түркияда оқып жатқандығы

17 Журналистің Шевкеттің болашаққа қатысты ойын білу үшін қойған сұрағын табыңыз.

- A) Қазақтар қандай ел?
- B) Елге қайтқыңыз келе ме?
- C) Балаларыңыз түрікше сөйлей ме?
- D) Отбасында қай жерде сөйлесесіздер?

18 Асты сызылған сөзге мағыналас сөзді табыңыз.

Қазақтар ешкімді жатсынбайды.

- A) жақтырмайды
- B) жатырқамайды
- C) жамандамайды
- D) жалпақтамайды

Үшінші бөлім

- Үшінші бөлімде екі мәтін тыңдайсыз.
- Әр диалогке 6 тапсырмадан, барлығы 12 тапсырма беріледі.
- Диалогті бір рет қана тыңдайсыз.



1-мәтін тапсырмалары:

19

Жүректің қызметін қай саусақты уқалау арқылы жақсартуға болады?

- A) шынашақ
- B) сұқ саусақ
- C) бас бармақ
- D) аты жоқ саусақ

20

Қол қимылының адам миына оң әсері болатынын кімдердің дәлелдегенін көрсетіңіз.

- A) қазақтар
- B) орыстар
- C) қытайлар
- D) жапондар

21

Әрбір саусақтың ішкі органдармен байланысы жөнінде мәлімет беретін мәтін бөлігін көрсетіңіз.

- A) соңғы
- B) ортаңғы
- C) алғашқы
- D) бастапқы

22

«Баланың ақылы саусақ ұшында» тұжырымының авторын көрсетіңіз.

- A) В.М.Бехтерев
- B) жапон ғалымдары
- C) қытай ғалымдары
- D) В.А.Сухомлинский

23

Мәтін мақсатын көрсетіңіз.

- A) медицина саласынан хабар беру
- B) әр ел ғалымдары табыстарын салыстыру
- C) ел ғалымдарының жаңалықтарын жеткізу
- D) адам өз қол қимылы арқылы өзіне көмек бере алатынын түсіндіру

24

Мәтіннің идеясын көрсетіңіз.

- A) әже мен немере ойынының пайдасы
- B) қол мен саусақ қимылдарының әсері
- C) өз денсаулығың өз қолыңда екендігі
- D) қол қимылы мен ми қызметінің байланысы



2-мәтін тапсырмалары:

25

Кім кімдермен басын иіп амандасатынын көрсетіңіз

- A) әйелдер ерлермен
- B) ұл балалар бір-бірімен
- C) ер адамдар әйелдермен
- D) қыз балалар үлкендермен

26

Мәтіннің соңында берілген ақпаратты көрсетіңіз.

- A) сәлемдесу әдебі
- B) қазіргі сәлемдесу
- C) сәлемді қабылдау әдебі
- D) ерте замандағы сәлемдесу

27

Оң қолын көкірегіне қойып амандасудың қай кезден бері қалыптасқандығын көрсетіңіз.

- A) қазір
- B) ерте заманда
- C) кеңес дәуірінде
- D) ислам діні орныққаннан кейін

28

Баланы ынталандыратын не екендігін көрсетіңіз

- A) бас иіп амандасу
- B) сәлемді қабыл алу
- C) қол алысып амандасу
- D) сәлемге үлкеннің алғысы

29

Мәтіннің мақсатын көрсетіңіз.

- A) дұрыс амандасуды үйрету
- B) амандасудың мән-мағынасын түсіндіру
- C) амандасу әдебінің әсерін байқау
- D) сәлемдесу тарихымен таныстыру

30

Мәтіннің идеясын көрсетіңіз.

- A) Сәлемдесу – тәрбие мектебі
- B) Амандасу – әркімнің өз ісі
- C) Сәлемдесу – әдептіліктің бастауы
- D) Амандық сұрау – әр адамның міндеті

II тарау

Лексика- грамматикалық бөлік

- Лексика-
грамматикалық
бөлікке шолу
- Алдын ала тест
- Тест
тапсырмаларын
талдау
- Қорытынды
тест

Лексика-грамматикалық бөлікке шолу

Лингвистикалық біліктілікті бағалау тестілерін орындау үшін алдымен лексика-грамматикалық, фонетикалық түсінік қалыптастыру керек. Ол үшін грамматикалық ережелермен мұқият танысып, сол бойынша тілдік материалды коммуникативтік қарым-қатынаста қолдана алатындай деңгейге жеткен жөн. Оқу құралының бұл бөлігінде тестіленушінің тілдік білімін бағалау үшін ҚАЗТЕСТ жүйесінің спецификациясына сәйкес дайындалған коммуникативтік тест тапсырмалары берілген. Тест тапсырмаларында мүмкіндігінше тілдік терминдер қолданылмайды, тест тапсырушы контекстке (мәнмәтінге) қарай, лексикалық грамматикалық құрылымдардың тіркесуіне қарай, дұрыс жауапты таңдай алады. Тест тапсырмаларының формасы – бір дұрыс жауапты таңдау.

Бөліктің мақсаты мен міндеті:

- лексика-грамматикалық құрылымдарды орынды қолдану, білім мазмұнына сай тілдік құзыреттілікті қалыптастыру деңгейін анықтау;
- тестіленушінің білімін тілдік, танымдық, лингвомәдени-танымдық, ұлттық-әлеуметтік тұрғыдан тереңдету;
- берілген тест тапсырмалары арқылы коммуникативтік бағыттағы дағдыларды меңгеру деңгейін анықтау;
- ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша емтихан тапсыру үшін коммуникативті тест тапсырмаларын түсініп, дұрыс жауапты таба алуға, берілген уақытты ұтымды орындай алуға дағдыландыру.

Оқу құралындағы лексика-грамматикалық бөліктің құрылымы:

- тестіленуші өз мүмкіндіктерін алдын ала тексеру үшін әр деңгей бойынша 70 тест тапсырмасы беріледі;
- ҚАЗТЕСТ спецификациясы бойынша лексикалық немесе грамматикалық тақырыптың түсіндірмесі, ережесі, мысалдар беріледі; сол тақырыпқа қатысты үш тест тапсырмасы талданады, дұрыс жауап нақты көрсетілмейді, табу жолдары көрсетіледі;
 - сол тақырып бойынша түрлі тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін бес тест тапсырмасы жауапсыз беріледі;
 - тілдік дағдыларды пысықтау үшін әр тақырыпқа арналған 2 жаттығу жұмысы оқу-әдістемелік құралдың соңындағы қосымшада ұсынылады;
- тапсырма соңында 70 қорытынды тест тапсырмасы беріледі.

1

Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест

1 Асты сызылған сөзбен мәндес сөзді табыңыз.

Энергия қуатын ысырап етуді кеміту керек.

- A) азайту
- B) дамыту
- C) шектеу
- D) құлдырату

2 Асты сызылған сөзбен мәндес сөзді табыңыз.

Биылғы Азиада ойындарында Қазақстан спортшыларының жетістіктері мол болды.

- A) табыстары
- B) пайдалары
- C) нәтижелері
- D) міндеттері

3 Асты сызылған сөздің мағынасын анықтаңыз.

Арыстанды көргенде жүрегім ұшты.

- A) өкіну
- B) қорқу
- C) қуану
- D) таңдану

4 Мағынасын бір сөзбен түйіндеңіз.

Маңдайынан шертпеу –

- A) қимау
- B) аялау
- C) ұнатпау
- D) сыйламау

5 Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Жас ғалым жаратылыстану саласы... үлкен жаңалық ашты.

- A) -да
- B) -нде
- C) -інде
- D) -нда

6 Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Ізденуші ғылыми жұмысы... салыстырмалы әдісті қолданыпты.

- A) -та
- B) -те
- C) -нда
- D) -нде

7 Сөйлемді толықтырыңыз.

Осы мәжіліс өткендегіден гөрі ... болды.

- A) ұзын
- B) биіктеу
- C) ұзындау
- D) ұзағырақ

8 Сөйлемді толықтырыңыз.

Мына есеп кешегі тапсырмадан сәл ... екен.

- A) кең
- B) биік
- C) ерте
- D) қиындау

9 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Күзгі бақта аяқ басқан сайын ... жапырақтар саудырайды.

- A) қызғылт
- B) сап-сары
- C) қоңырқай
- D) қап-қара

10 Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.

Жаңа жауған қар ... болып көзді қарықтырады, сондықтан көзілдірік киіп алған жөн.

- A) ақшыл
- B) аппақ
- C) ағарған
- D) бозғыл

11 Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.

Бір ғана Мәскеуде 100 мыңнан ... Ивановтар әулеті бар.

- A) жуық
- B) астам
- C) шамамен
- D) шамасында

12 Адам саны нақты айтылмайтын сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Қазақстанда 130 ұлттың өкілдері тұрады.
- B) Әлемде күн сайын 250 сәби өмірге келеді.
- C) Чехия халқының 55 пайызы атеистер екен.
- D) Қытайдағы 90 миллионнан астам адамның тегі Ли екен.

13 Көп нүктенің орнына қажетті сан атауын қойыңыз.

Мыңның төрттен бір бөлігі ... болады.

- A) екі жүз
- B) екі жүз елу
- C) үш жүз елу
- D) төрт жүз отыз

14 Заттың бір бөлшегін білдіретін сөзді көрсетіңіз.

- A) Мұнай өндірісі денсаулыққа зиянды.
- B) Мұнай өндірісі - экономиканың даму көзі.
- C) Мұнайдың төрттен екісі шетелге шығарылады.
- D) Мұнайдың бір ғана тамшысы 25 литр суды жарамсыз етеді.

15 Бұйрық мәнді сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Жомарт ертең бақшаны суарып, арам шөбін отамақшы.
- B) Жомарт ертең базарға бармайды, бақшаны суарады.
- C) Жансая ертең көк базарға барып, көкөніс сатып алады.
- D) Жансая, ертең көк базарға барып көкөніс сатып ал.

16 Бұйрық мәнді сөйлемді белгілеңіз.

- A) Менің гүл егіп, ауламды безендіргім келеді.
- B) Баян, осы демалыста саяжайыңа бар, көшет ек.
- C) Баян осы демалысты саяжайында өткізбекші болды.
- D) Гүлсім қолы бос уақытында аулаға гүл еккісі келіп жүр.

17 Іс-әрекеттің шартын білдіретін нұсқаны көрсетіңіз.

- A) Шәкірт қабілетті болса, ұстазға үнемі іздену қажет.
- B) Үнемі ізденіп жүретін ұстаз шәкіртіне терең білім берді.
- C) Үнемі ізденген ұстаздан білім алған шәкірт білімді болады.
- D) Шәкірті қабілетті болғандықтан, ұстаз үнемі білімін молайтып отырады.

18 Іс-әрекеттің шартын білдіретін сөйлемі бар нұсқаны көрсетіңіз.

- A) Терең білім алу үшін көп іздену қажет.
- B) Терең білім алғың келсе, көп іздену керек.
- C) Көп ізденген шәкірттің білімі терең болады.
- D) Шәкірт терең білім алғысы келіп, ізденіп жүр.

19 Сөйлемді аяқтаңыз.

Жанар Астанаға қыдырып барып, «Бәйтеректі»

- A) жүргім келеді
- B) барып келеді
- C) көргісі келеді
- D) тұрғысы келеді

- 20 Сөйлемді аяқтаңыз.
Мектепті бітірген соң Нұрланның ҚазҰУ-ға оқуға
А) түсіп келеді
В) түскісі келеді
С) тұрғысы келеді
D) орналасқысы келеді
- 21 Сөйлемді аяқтаңыз.
Алмас досына жолыққалы
А) келе жатыр
В) келе жатса
С) келе жатпақ
D) келе жатқанда
- 22 Сөйлемді аяқтаңыз.
Сахнада жас бишілер өнер
А) билеп жүр
В) көрініп жүр
С) билеп жатыр
D) көрсетіп жатыр
- 23 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Ол маған сондай сыпайы боп
А) киінді
В) білінді
С) сезінді
D) көрінді
- 24 Мағынасы сәйкес келетін сөзді қойыңыз.
Ол шапшаң ... де, шаштаразға кетті.
А) кигіз
В) киініп
С) киінді
D) киіндіріп
- 25 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Сенаттың Әлеуметтік даму комитетінде «Еуропа мәдени конвенциясын ратификациялау туралы» заң жобасы
А) қараса
В) қарады
С) қаралды
D) қараған
- 26 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Санақ туралы мәлімет халыққа
А) қарады
В) талдады
С) хабарланды
D) талқыланды

27 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Шешесі мен қызы бір бірінің қас қабағына қарап

- A) көрісті
- B) әкелісті
- C) бітірісті
- D) түсіністі

28 Бірнеше адам бірлесіп орындаған іс-әрекетті белгілеңіз.

- A) Екеуі көп жылдан кейін сағынысып көрісті.
- B) Айдар дайындап қойған сыйлықтарын көрсетті.
- C) Аяғы сыздап ауыра берген соң дәрігерге көрінді.
- D) Қанша қиналса да, жабырқаған сәттерін көрсетпеді.

29 Оқиға туралы кім айтқанын анықтаңыз.

Бастық хатшыға оқыс оқиға туралы айтқызды.

- A) бастық
- B) хатшы
- C) халық
- D) теледидар

30 Сөйлемді аяқтаңыз.

Режиссер сценарийді қазақ тіліне

- A) аудардым
- B) аударттың
- C) аудартқызды
- D) аударылды

31 Сөйлемді толықтырыңыз.

Даладағы қарлы бұрқасын сәл де болса басылайын

- A) еді
- B) деп
- C) деді
- D) емес

32 Сөйлемді толықтырыңыз.

Кешеден бері үдеп жауған жаңбыр бүгін кішкене бәсеңдейін

- A) еді
- B) деді
- C) дейді
- D) демекші

33 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

Бұл кітап қызық ..., онда сатып алайын.

- A) бол
- B) боп
- C) болса
- D) болады

- 34 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
- Сенің бос уақытың бар ..., мына тарихи романды оқы, өте қызық екен.
- A) болу
B) болса
C) болады
D) болатын
- 35 Мақсатты білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Былтыр бас жүлдені біздің командамыз иеленді.
B) Олардың командасы бұл жарысқа қатыспайды екен.
C) Үміткер командалар Алматыға жарысқа келетін болды.
D) Біздің құрама команда осы жарысқа қатысайын деп келді.
- 36 Мақсатты білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Боксшылар алдағы жарысқа тыңғылықты дайындалайын деп жатыр.
B) Қазақстандық боксшылар осы жарыста жүлделі орынды иеленді.
C) Біздің боксшылар әлемдік аренада өздерін жаңа қырынан көрсетті.
D) Келесі олимпиадада біздің боксшылар осы жолғыдан гәрі жақсы өнер көрсететін болар.
- 37 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Болат романның бірінші бөлігін оқып ..., таза ауа жұтайын деп сыртқа шықты.
- A) бол
B) боп
C) болу
D) болса
- 38 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Осы айда семинар-тренинг ұйымдастыратын ... жатырмыз.
- A) де
B) деп
C) боп
D) болған
- 39 Адамның бірнеше рет барғанын білдіретін сөйлемді табыңыз.
- A) Марат режиссердің қабылдауына барып еді.
B) Бүгін Марат режиссердің қабылдауына барды.
C) Бұрын Марат режиссердің қабылдауына барған.
D) Марат режиссердің қабылдауына келгіштеп жүрді.
- 40 Іс-әрекеттің жалғаса қайталануын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Інісі ағасына «Аттан түс», – деді.
B) Ағасы інісін аттан жұлқып түсіріп алды.
C) Інісі ағасын «Аттан түс», – деп жұлқылады.
D) Ағасы інісінің жұлқығанына елең етпестен кете беріпті.

41) Директордың не туралы айтқанын көрсетіңіз.

«Сүт өнімдерін екі есе көбейтеміз» – деді директор.

- A) Сүт өнімдері екі есеге көбейіпті.
- B) Биыл сүт өнімдері екі есеге көбеймейді.
- C) Директор сүт өнімдерінің аз екенін айтты.
- D) Директор сүт өнімдерін екі есе көбейтетінін айтты.

42) Жас маман сөзінің өзгеріп берілген түрін көрсетіңіз.

- A) Жас маман өз отанына адал қызмет ету әрбір азаматтың қасиетті парызы екендігін айтты.
- B) «Өз отанына адал қызмет ету – әрбір азаматтың қасиетті парызы», – деді жас маман.
- C) Жас маман әрбір азаматтың өз отанына адал қызмет ету керектігін айтты.
- D) Жас маман әрбір азаматтың өз отанына адал қызмет етуі тиіс екенін айтты.

43) Жаттықтырушының не туралы айтқанын табыңыз.

Жаттықтырушы елімізде таэквондоның даму қарқыны жақсы екенін айтты.

- A) «Елімізде таэквондоның даму қарқыны нашар».
- B) «Елімізде таэквондоның даму қарқыны жақсы» .
- C) «Сарбаздар да таэквондомен шұғылдану керек».
- D) «Кенже қалған спорт түрі деп айта алмаймын».

44) Автордың өз сөзін көрсетіңіз.

Жазушы ұлттық сана, ұлттық тіл жойылса, өзі өмір сүрудің қажеті жоқ екендігін жазған.

- A) "Ұлттық сана, ұлттық тіл жойылса да, өмір жалғасады".
- B) "Ұлттық сана, ұлттық тіл жойылса, мен үшін өмір сүрудің қажеті жоқ".
- C) "Ұлттық сана, ұлттық тіл жойылса, мен үшін өмір сүру мүмкіндігі бар".
- D) "Ұлттық сана, ұлттық тіл жойылмаса, мен үшін өмір сүру аса қажет".

45) Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

Спортшылар ... тырысса да, жазғы жарыста бесінші орыннан аса алмады.

- A) аз
- B) мол
- C) қанша
- D) сонша

46) Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

Биылғы жазғы Азиадада біздің гимнаст қыздарымыз бұрынғыдан гөрі ... жақсы өнер көрсетті.

- A) зор
- B) мол
- C) біршама
- D) соншама

47 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ол жол үстінде келе жатып ... тынығып алды.

- A) аздап
- B) кенет
- C) дереу
- D) жылдам

48 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Оқытушы шешендік өнерді ... меңгерген екен, баяндамасының мазмұны терең әрі қызықты болды.

- A) қиын
- B) жетік
- C) жеңіл
- D) нашар

49 Қимылдың мақсаты көрсетілген сөйлемді белгілеңіз.

- A) Оның пікірі мүлде кереғар болып шықты.
- B) Әкем оның пікірін лажсыздан тыңдады.
- C) Әкем оның бұл іске қатысты пікірін тыңдады.
- D) Әкем оның ойын білмек болып, жорта сөйледі.

50 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Қызмет орнымен жақсылап танысуы үшін ... шақырып отырмын.

- A) әдейі
- B) босқа
- C) бекерге
- D) қасақана

51 Іс-әрекеттің себебін білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Мұрат қатты ауырып қалмаса, дәрігерге барып көрінбейді.
- B) Бану кішкентай баласын дәрігерге тексертуге апара жатыр.
- C) Марат емханаға барып, бір жылына бір рет тексеріліп тұрады.
- D) Гүлнар іші қатты ауырғандықтан, амалсыздан дәрігер шақыртты.

52 Іс-әрекеттің себебін білдіретін нұсқаны көрсетіңіз.

- A) Сырқат адамдар емханаға баруы керек.
- B) Айгүл де тұмауратып ауырып қалыпты.
- C) Балжан ауырған соң, сабаққа да бара алмады.
- D) Науқас ауруханадан ауруынан жазылып шықты.

53 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Тұтынушылар ... келіп, маталарды алып жатыр.

- A) лек-легімен
- B) келе-сала
- C) мұншама
- D) соншалықты

- 54 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.
- Шашылып жатқан қағаздарын ... жинап қойды.
- A) үйді-үйіне
 - B) топ тобымен
 - C) рет ретімен
 - D) қырық-елулеп
- 55 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
- Ескі саяжайды жөндедік, ... келесі жылы жаңа үй салу керек.
- A) және
 - B) бірақ
 - C) себебі
 - D) дегенмен
- 56 Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.
- ... сен есепті бүгін өткізсең, ... мен ертең тапсырамын.
- A) Егер, онда
 - B) Әйтпесе, сонда
 - C) Әйтсе де, десе де
 - D) Сол себепті, яғни
- 57 Біреуі ғана жүзеге асуы мүмкін іс-әрекетті анықтаңыз.
- A) Марат университетке оқуға түспекші.
 - B) Әлия институтқа оқуға түсемін деп дайындалып жүр.
 - C) Әсемгүл сіңлісімен бірге Алматыда медколледжде оқып жүр.
 - D) Жансая құжатын институтқа тапсырады немесе колледжге тапсырады.
- 58 Біреуі ғана жүзеге асуы мүмкін іс-әрекетті анықтаңыз.
- A) Меңсұлу экономист мамандығын таңдады.
 - B) Гүлназ аудармашы мамандығы бойынша диплом алды.
 - C) Нәзира филология факультетіне құжаттарын тапсырды
 - D) Халима болашақта не дәрігер болғысы келеді, не мұғалім болғысы келеді.
- 59 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, айтылған ойды толықтырыңыз.
- Алдағы маусым – өте жауапты кезең, ... бізге түсетін ауыртпалық аз емес.
- A) егер
 - B) яғни
 - C) мейлі
 - D) сондықтан
- 60 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, айтылған ойды толықтырыңыз.
- Бастық бұл тапсырманы бізге сеніп тапсырды, ... бұл – біздің осы жоспарды орындау барысында жауапкершілігіміз де артады деген сөз.
- A) егер
 - B) демек
 - C) мейлі
 - D) сонда да

- 61) Ыңғайлас мәнді айтылған құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Қаладағы тұрғынүй құрылысы серпінді түрде жүріп жатыр.
 - B) Тұрғынүй құрылысы аяқталады да, көп адам пәтерлі болады.
 - C) Астанада көрікті де зәулім үйлер кешені салынып бітейін деп қалды.
 - D) Біздің Алматыда биік те, соңғы үлгімен салынған әсем ғимараттар көп.
- 62) Ыңғайлас мәнді күрделі сөйлемді белгілеңіз.
- A) Алматыда қысқы ойындарға арналған жаңа спорт кешені ашылды, онда шаңғымен сырғанауға болады.
 - B) Таяуда Орталық стадионда футболшылардың кездесуі болады.
 - C) «Динамо» спорт сарайында баскетболдан өткен жарысты тамашаладым.
 - D) Осы жолы Азиадада ойындарында біздің спортшыларымыз жақсы ойын өрнегін көрсетті.
- 63) Сыңарлары қарсы мәндес күрделі сөйлемді анықтаңыз.
- A) Кешкі жаңалықты теледидардан отбасымызбен түгел көреміз.
 - B) «Хабар» телеарнасына ұдайы қызықты телебағдарламалар беріледі.
 - C) Маған «Қазақстан» телеарнасында біздің елдегі әртүрлі этностың салт-дәстүрін көрсететін бағдарлама өте ұнайды, оны сүйсініп көремін.
 - D) Теледидардан мемлекеттік тілде берілетін бағдарламаларды көргім келеді, бірақ күндіз жұмыстан қолым босамайды.
- 64) Сыңарлары қарсы мәндес күрделі сөйлемді анықтаңыз.
- A) Қазіргі кезде балдырғандарға арналған мультфильмдер өте көп.
 - B) Таяуда еліміздегі телеарналар цифрлік жүйеге көшеді, бұл жүйе жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.
 - C) «Балапан» телеарнасы өте қызықты, алайда біздің теледидардың жүйесінде көрсетілмейді екен.
 - D) Соңғы уақытта телеарналарымызда тәрбиелік мәні зор бағдарламалар көп көрсетіле бастады.
- 65) Айтылған ойдың себеп-салдарын білдіретін құрмалас сөйлемді табыңыз.
- A) Мен «Егемен Қазақстан» газетін үнемі жаздырып аламын.
 - B) Біз отбасымызбен түгел «Егемен Қазақстан» газетін қызыға оқимыз.
 - C) Мен «Егемен Қазақстан» газетін үнемі жаздырып аламын, себебі бұл газетте өзекті мәселелер жиі көтеріледі.
 - D) «Егемен Қазақстан» газетінде көкейтесті мәселелерге арналған мақалалар көп басылады.
- 66) Айтылған ойдың себеп-салдарын білдіретін сөйлемді табыңыз.
- A) Айжан журналистика факультетінде оқығысы келеді.
 - B) Маржанның журналист болғысы келеді, оған телерепортер болған ұнайды.
 - C) Бақыт – болашақ журналист, қазір журналистика факультетінің 3-курсында оқып жүр.
 - D) Нұрланның журналист болғысы келеді, өйткені жаңалықтың жаршысы журналистің жұмысы – өте қызықты да жауапкершілігі де мол жұмыс.

- 67) Іс-әрекеттің біреуі ғана орындалуы мүмкін сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Жазғы демалыста біз тауға барып, таза ауамен демаламыз.
 - B) Біз жазғы демалыста Бурабай шипажайына барып демаламыз.
 - C) Жазғы демалыста біз тауда демаламыз, не Бурабай шипажайына барамыз.
 - D) Біз жазғы демалыста алдымен тауа таза ауада демаламыз, содан соң Бурабай шипажайына барамыз.
- 68) Іс-әрекеттің біреуі ғана орындалуы мүмкін сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Қысқы каникулда балалар Шымбұлаққа барып шаңғы теппекші, не «Медеу» мұзайдынында конькимен сырғанамақшы.
 - B) Қысқы каникулда балалар Шымбұлаққа барып шаңғы теппекші болып жүр.
 - C) Балалар қысқы каникулда «Медеу» мұзайдынына барып конькимен сырғанамақшы.
 - D) Балалар қысқы каникулда Шымбұлаққа барып шаңғы теппекші және «Медеу» мұзайдында конькимен сырғанамақшы.
- 69) Іс-әрекеттің кезектесіп орындалуын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Демалыс күндері Айжан саябаққа барғанды ұнатады.
 - B) Демалыс күндері Айжан бос уақытын үйде өткізгенді ұнатады.
 - C) Демалыс күні Айжан саябаққа барады немесе бос уақытын үйде өткізеді.
 - D) Демалыс күндері Айжан кейде саябаққа барады, кейде бос уақытын үйде өткізеді.
- 70) Іс-әрекеттің кезектесіп орындалуын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Біз отбасымызбен Наурыз мерекесінде Республика алаңына бардық.
 - B) Наурызда біз кейде отбасымызбен ауылға барамыз, кейде қалада қарсы аламыз.
 - C) Наурыз мерекесін қара шаңырақтың астында әулетімізбен тойлаймыз.
 - D) Наурыз мерекесінің қарсаңында ауылдағы ата-әжеме барып құттықтап қайттым.

2

Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларын талдау

Синонимдер (күрделі түрі)

Ё

Синонимдер деп тіліміздегі айтылуы, жазылуы басқа болғанымен, мәндес сөздер қатарын айтамыз. Синонимдер кемінде екі сөзден тұрады. Кейде жеке сөздерге тұрақты сөз тіркестері синоним болады. Мысалы, айқын, анық – тайға таңба басқандай.

◆ Асты сызылған сөзбен мәндес нұсқаны табыңыз.

Біздің еліміз экономикалық өрлеу жолында.

- A) азаю
- B) даму
- C) шектеу
- D) құлдырау

Т

- 1) азаю сөзінің мағынасы өрлеу сөзіне қайшы келеді;
- 2) даму, өрлеу – мәндес сөздер;
- 3) шектеу – өрлеу сөзінің мағынасынан алшақ;
- 4) құлдырау – өрлеу сөзіне қарсы мәнді сөз.

◆ «Дүниежүзі» сөзімен мәндес сөз тіркесін табыңыз.

- A) жер шары
- B) жер бедері
- C) асыл дүние
- D) жер табиғаты

Т

- 1) жер шары – дүниежүзі сөзімен мағыналас сөз;
- 2) жер бедері – дүниежүзі сөзінің мағынасына жуық емес;
- 3) асыл дүние – дүниежүзі сөзімен мәндес емес;
- 4) жер табиғаты – дүниежүзі сөздерінің мағыналары бір-бірінен алшақ.

◆ Мәндес сөздер қатарын көрсетіңіз.

- A) адасу, қаталдану, қатаңдану
- B) қателесу, шатасу, жаңылысу
- C) шатастыру, қоршау, қусыру
- D) жаңылу, әкіреңдеу, қоқаңдау

Т

- 1) адасу, қаталдану, қатаңдану сөздерінің мағыналары жуық емес;
- 2) қателесу, шатасу, жаңылысу – мәндес сөздер;
- 3) шатастыру, қоршау, қусыру сөздерінің мағыналары бір-бірінен алшақ;
- 4) жаңылу, әкіреңдеу, қоқаңдау мағынасы жақын сөздер емес.

1 Асты сызылған сөзбен мән­дес нұсқаны табыңыз.

Қазақстанның әлемдік саясатта қол жеткізген табыстары мол.

- A) пайдалары
- B) мақсаттары
- C) ұсыныстары
- D) жетістіктері

2 Асты сызылған сөзбен мән­дес нұсқаны табыңыз.

Елімізде отандық өнімдерге деген сұраныс артып келеді.

- A) азайып
- B) көбейіп
- C) шектеліп
- D) құлдырап

3 «Салмақты» сөзімен мән­дес сөздер қатарын табыңыз.

- A) күшті, денелі, мықты
- B) шыдамды, қуатты, әлді
- C) ұстамды, сабырлы, байыпты
- D) тынымсыз, байсалды, қайратты

4 Асты сызылған сөзбен мән­дес нұсқаны көрсетіңіз.

Қазақ халқы – қонақжай халық.

- A) меймандос
- B) мейманхана
- C) жора-жолдас
- D) құтты қонақ

5 Асты сызылған сөзбен мән­дес нұсқаны табыңыз.

Қазақстан жылдан-жылға өркендеп келеді.

- A) келіп
- B) түсіп
- C) дамып
- D) төмендеп

Тұрақты сөз тіркесі

Е

Тұрақты сөз тіркесі – сөз тіркестерінің бір түрі. Тұрақты сөз тіркесінің негізгі белгілері: құрамындағы сөздердің орындары тұрақты, яғни орындарын өзгертуге келмейді, сөздердің мағыналары бір-біріне байлаулы болады да, бәрі тұтасып келіп, бір мағынаны білдіреді. Мысалы: ит өлген жер – алыс; тайға таңба басқандай – анық.

Тұрақты сөз тіркестері сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі болады. Тұрақты сөз тіркестері синоним бола алады. Мысалы: түнімен көз ілмеді – көрер таңды көзімен атырды. Тұрақты сөз тіркестері антоним де бола алады. Мысалы: жерден алып жерге салды – атағын аспанға шығарды.

◆ Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын түсіндіріңіз.

Бәйгені шаппай алу –

- A) атқа мініп шабу
- B) атын бәйгеге қосу
- C) алдына жан салмау
- D) атын бәйгеге қоспау



- 1) атқа мініп шабу тіркесі тұрақты тіркестің мәнін сипаттай алмайды;
- 2) атын бәйгеге қосу тұрақты тіркестің мағынасына сәйкес келмейді;
- 3) озып шығу тіркесі тұрақты сөз тіркесінің мәнін айқындап тұр;
- 4) атын бәйгеге қоспау тіркесі берілген тұрақты тіркеспен мәндес емес.

◆ Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын сипаттаңыз.

Ат жалын тартып міну –

- A) ержету
- B) қартаю
- C) өмір сүру
- D) өмірге келу



- 1) ержету сөзі – тұрақты тіркестің мағынасын айқындап тұр;
- 2) қартаю сөзі – тұрақты тіркестің мағынасына сәйкес емес;
- 3) өмір сүру тіркесі тұрақты тіркестің мәнін анықтап тұрған жоқ;
- 4) өмірге келу тіркесі – тұрақты тіркестің мәніне сай емес.

◆ «Қарға адым» деген тіркес қандай ұғымға тән?

- A) көлем
- B) мезгіл
- C) салмақ
- D) қашықтық



- 1) «қарға адым» тіркесі көлемдік ұғымды білдірмейді;
- 2) «қарға адым» тіркесі мезгіл мәнін білдірмейді;
- 3) «қарға адым» тіркесі салмақ мәніне қатысты қолданылмайды;
- 4) «қарға адым» тіркесі қашықтық ұғымына қатысты қолданылады.

6 «Еңбегін сауды» тіркесімен мәндес тіркесті белгілеңіз.

- A) бекер еңбек
- B) жұмыс тапты
- C) адал күн кешті
- D) көп еңбектенді

7 «Сау басына сақина тілеп алу» мағынасын білдіретін сөз тіркесін көрсетіңіз.

- A) ниеті дұрыс
- B) бүкіл денесі ауру
- C) өзінің созылмалы ауруы бар
- D) өзі барып бір қиындыққа тап болу

8 Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын көрсетіңіз.

Ақ түйенің қарны жарылды –

- A) түйені сою
- B) тосын хабар
- C) өкінішті жайт
- D) қуанышты жайт

9 «Тыңдау» мағынасында қолданылатын тіркесті белгілеңіз

- A) құлақ салу
- B) құлағын жабу
- C) құлағын тесу
- D) құлағын жуу

10 «Еті тірі жан» тіркесіндегі еті тірі сөзіне мағыналас қатарды көрсетіңіз

- A) ұқыпты, жинақы
- B) бос, болбыр
- C) пысық, ширақ
- D) тәрбиелі, мәдениетті

Зат есімнің тәуелді септелуі

Ё

Зат есімдердің тәуелденіп барып септелуін тәуелді септелу дейміз, тәуелдеулі септелудің барыс, табыс, жатыс септіктерінде ерекшеліктер болады.

Жай септелу		Тәуелді септелу
Септіктер	Сөздердің түбір күйінде септелуі	Сөздердің тәуелді тұлғада септелуі
Атау	Бала	Баласы
Ілік	Баланың	Баласының
Барыс	Балаға	Баласына
Табыс	Баланы	Баласын
Жатыс	Балада	Баласында
Шығыс	Баладан	Баласынан
Көмектес	Баламен	Баласымен

◆ Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Жас әнші облыстық театрдың сахнасы... өнер көрсетті.

- A) -да
- B) -де
- C) -нде
- D) -нда

Т

- 1) -да қосымшасы тәуелдеулі сөзге тікелей жалғанбайды;
- 2) -де қосымшасы жіңішке, ал сахна сөзі – жуан буынды;
- 3) -інде қосымшасы сахна сөзіне жалғанбайды;
- 4) -нда қосымшасы буын үндестігіне сәйкес сахна сөзіне жалғанады.

◆ Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

Бүгін Республика ... гала-концерт болды.

- A) сарайда
- B) сарайына
- C) сарайында
- D) сарайының



- 1) сарайда – Республика сөзінде ілік септік қосымшасы жасырын тұрғандықтан, өзінен кейін тәуелдеулі сөзді қажет етеді. Сондықтан Республика сөзі мен сарайда сөзі тіркесе алмайды.
- 2) Сөйлем мазмұнына сәйкес мекендік мәнді жатыс септігіндегі жалғау болуы керек. Сондықтан барыс септігіндегі сарайына қоюға келмейді.
- 3) Сөйлем құрылымы бойынша, көп нүктенің орнына тәуелдік жалғауы жалғанған, жатыс септігіндегі мекендік мәнді білдіретін жалғау болуы керек. Сондықтан сарайында сөзін қоюға болады.
- 4) Сөйлем мазмұны бойынша ілік септігіндегі сөз (сарайының) қоюға келмейді.

◆ Қажетті тіркесті қойыңыз.

Көркемсурет көрмесіне ... шақырдық.

- A) өнер қайраткерлерін
- B) белгілі қоғам қайраткері
- C) мұражай қызметкерлеріне
- D) әкімшілік қызметкерлерінде



- 1) Сөйлем құрылымына сәйкес, көп нүктенің орнына табыс септігіндегі сөзді қою керек, өнер қайраткерлерін тіркесі қойылады;
- 2) Табыс септігіндегі сөз болғандықтан, атау септігіндегі белгілі қоғам қайраткерлері тіркесі болмайды;
- 3) Шақырдық етістігі табыс септігіндегі сөзді керек ететіндіктен, мұражай қызметкерлеріне тіркесін қоюға болмайды;
- 4) Сөйлем құрылым бойынша шақырдық етістігі тура толықтауышты керек ететіндіктен, әкімшілік қызметкерлерінде тіркесін қоюға болмайды.

11

Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Біз бүгін балет және опера театр... бармақшымыз.

- A) -ға
- B) -ге
- C) -іне
- D) -ына

12

Көп нүктенің орнына қажетті тіркесті қойыңыз.

Олар кеше М. Әуезов атындағы ... “Еңлік-Кебек” пьесасын тамашалапты.

- A) драма театрына
- B) драма театрының
- C) драма театрында
- D) драма театрынан

13

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Мен өз ойымды қазақ ... еркін жеткізе аламын.

- A) тілімен
- B) тілінің
- C) тілінде
- D) тілінен

14 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Кадрлар ... жеке куәлігімнің көшірмесін өткіздім.

- A) бөлімін
- B) бөліміне
- C) бөлімінде
- D) бөлімінің

15 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Мен шетелдік ... хат жолдадым.

- A) достарын
- B) достарыма
- C) достарының
- D) достарымды

Сын есімнің шырайлары Салыстырмалы шырай

Ё

Сын есімнің салыстырмалы шырайы екі заттың сын-сипатының бір-бірінен артық немесе кем екенін салыстыру арқылы білдіреді.

жұрнақтары:	мысалдар:
1) -рақ, -рек, -ырақ, -ірек;	Ақылды рақ , кіші ірек , батылы рақ , үлкен ірек ;
2) -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу;	тар лау , кіші леу , қызыл дау , кең деу , жалпақ тау , биік теу ;
3) -қыл, -қылт, -қылтым, -ғыл, -ғылт, -ғылтым, -аң, -қай, -ғыш, -шыл, -шіл, -шілтім, -ілдір, -ша, -ше.	қат қыл , қыш қылт , қыш қылтым , боз ғыл , боз ғылт , қыз ғылтым , боз аң , қу аң , қоңыр қай , сар ғыш , ақ шыл , көк шіл , көк шілтім , көгіл дір , ұзын ша , қысқа ша , дембел ше .

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Алмас Мирастан гөрі ..., ширақ жігіт екен.

- A) кең
- B) ұзақ
- C) шағын
- D) денелірек

Т

- 1) кең сөзі сөйлемнің мазмұнына сай емес;
- 2) ұзақ сөзі салыстырмалы мәнде емес;
- 3) шағын сөзі сөйлемнің мазмұнына сәйкес келмейді;
- 4) денелірек – салыстырмалы мәнде айтылып тұр, Мирастан гөрі тіркесімен қатар қолдануға болады.

◆ Көп нүктенің орнына салыстырмалы мәндегі сөзді қойыңыз.

Оның денесі ... болғанымен, қимылы ширақ екен.

- A) жүдеу
- B) құқыл
- C) толықтау
- D) шырайлы



- 1) жүдеу сөзі салыстырмалы мәнді білдірмейді;
- 2) құқыл сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді;
- 3) толықтау сөзі салыстырмалы мәнде қолданылып тұр;
- 4) шырайлы сөзі бет-жүзге қатысты қолданылады, салыстыру мәнін білдірмейді.

◆ Екі нәрсені салыстыру үшін айтылған сөйлемді табыңыз.

- A) Оқушылар орта ғасырдағы сәулет өнерін тамашалады.
- B) Мұражайда қыш құмыралардың көп түрі сақталыпты.
- C) Мен археологиялық залдарды тамашалауды ұнатамын.
- D) Өнер мұражайынан орталық мұражайдағы жәдігерлер көнелеу екен.



- 1) Сөйлем хабарлау мәнінде берілген, салыстыру мәні жоқ;
- 2) Сөйлем салыстыру мәнінде берілмеген;
- 3) Сөйлемде салыстыру мән жоқ;
- 4) Көнелеу сөзі сөйлемге салыстырмалы сипат беріп тұр.

16 Сөйлемді аяқтаңыз.

Мараттың бойы Айдардан сәл ғана

- A) ұзақ
- B) өте ұзын
- C) ұп-ұзын
- D) ұзындау

17 Көп нүктенің орнына салыстыру мәнді сөзді қойыңыз.

Досым менен гөрі ... болатын, сондықтан жаңа іске белсене кірісті.

- A) осал
- B) болбыр
- C) батылдау
- D) ынжықтау

18 Екі нәрсені салыстыру үшін айтылған сөйлемді табыңыз.

- A) Таза ауада тұратын адамдар ұзақ жасайды.
- B) Адам өкпесін сақтау үшін таза ауада жиі болуы керек.
- C) Адамның сол жақ өкпесі оң жақтағыдан кішірек болады.
- D) Адамның тырнағы мен шашы таза ауада жақсы өседі екен.

19 Көп нүктенің орнына салыстыру мәнді сөзді қойыңыз.

Бүгінгі театрдағы қойылым өткен жолғыдан гөрі ... екен.

- A) мол
- B) күрделі
- C) қиындау
- D) қызығырақ

20

Көп нүктенің орнына салыстыру мәнді сөзді қойыңыз.

Бүгінгі көрген киномыз кешегі фильмге қарағанда ... екен.

- A) ұзын
- B) кеңдеу
- C) қиынырақ
- D) көңілдірек

Сын есімнің күшейтпелі шырайы

Е

Сын есімнің күшейтпелі шырайы екі заттың сын-сипатының бір-бірінен өте артық немесе өте кем екенін білдіреді.

Жасалу жолдары:	Мысалдар:
1) Сын есімнің алдыңғы буынының қайталануы арқылы жасалады.	Сап-сары, қып-қызыл, сұп-сұр, үп-үлкен, кіп-кішкентай, т.б. Ескерту. Ақ, көк сөздеріне күшейткіш буындар үстелгенде аппақ, көкпеңбек болып бірігіп жазылады.
2) Сын есімге күшейткіш үстеудің тіркесуі арқылы жасалады. Күшейткіш үстеулер: өте, тым, аса, ең, орасан, керемет, кілең, ыңғай.	Өте ұзын, тым үлкен, аса қадірлі, ең ақылды, орасан зор, керемет әдемі, кілең ұзын бойлы, ыңғай оқымысты. Ескерту. Күшейткіш үстеулердің тіркесуімен жасалған сын есімнің бұл шырайы кейбір оқулықтарда асырмалы шырай деп көрсетілген.

◆ Көп нүктенің орнына күшейткіш мәнді сөзді қойыңыз.

Бұлақтың ... мөлдір суын іштім.

- A) таза
- B) тұнық
- C) тынық
- D) тап-таза

Т

- 1) таза сөзі күшейтпелі мәнде қолданылмаған;
- 2) тұнық сөзі күшейтпелі мән беріп тұрған жоқ;
- 3) тынық сөзі күшейту мәнінде қолданылмаған;
- 4) тап-таза сөзі күшейтпелі мәнде айтылып тұр.

◆ Күшейту мәнді тіркесті белгілеңіз.

- A) жарқын күндер
- B) түп-түзу көшелер
- C) сұрғылтым үйлер
- D) көрікті ғимараттар

Т

- 1) жарқын сөзі күшейту мәнінде берілмеген;
- 2) түп-түзу сөзі – күшейтпелі мәнде қолданылған;
- 3) сұрғылтым сөзінің күшейту мәні жоқ;
- 4) көрікті сөзі күшейтпелі мәнде берілмеген.

◆ Күшейту мәнді сөз қолданылған сөйлемді белгілеңіз.

- A) Делегаттар ұзынырақ дәлізбен жүріп келеді.
- B) Олар өте күрделі мәселелерді шешуге келіпті.
- C) Делегацияны кең бөлмелерге орналастырды.
- D) Барлығы жақындау орналасқан мейрамханаға бет алды.



- 1) сөйлемде күшейту мәнді сөз жоқ;
- 2) өте күрделі – күшейткіш үстеудің қатысуымен жасалған;
- 3) сөйлемде күшейту мәнін үстейтін сөз қолданылмаған;
- 4) жақындау – күшейтпелі мағынада айтылмаған.

21 Көп нүктенің орнына күшейткіш мәнді сөзді қойыңыз.

Анам ... алақанымен маңдайымнан сипады.

- A) суық
- B) жылы
- C) ыстықтау
- D) жып-жылы

22 «Өте қысқа» сөзімен алмастыруға болатын сөзді табыңыз.

- A) Тым жұқа мата – жібек.
- B) Ең аласа модель Францияда тұрады.
- C) Қып-қысқа көйлек кию сәнге айналды.
- D) Биыл қып-қызыл матадан тігілген киімдер сәнді.

23 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Бала үшін ... қымбат жан – Ана!

- A) ең
- B) нақ
- C) асыл
- D) ардақты

24 Көп нүктенің орнына күшейту мәнін беретін сөзді қойыңыз.

Таңғы ... ауаны құшырлана жұтып келемін.

- A) таза
- B) тазалау
- C) тап-таза
- D) тазарақ

25 Көп нүктенің орнына күшейткіш мәнді сөзді қойыңыз.

Сырым ашылып қалды ма деп, Айдананың өңі ... боп кетті.

- A) аққұба
- B) құп-қу
- C) сұрғылт
- D) шырайлы

Сан есім Болжалдық сан есімдер

Е

Болжалдық сан есімдер заттың санын, мөлшерін, өлшемін, көлемін, ретін шамамен көрсетеді.

Жасалу жолдары:	Мысалдар:
1) Сан есімге –даған/ деген, -таған/ -теген, -дай/ -дей, -тай/ -тей қосымшалары жалғануы арқылы жасалады;	ондаған, жүздеген, қырықтай, отыздай, жүздей, алпыстай, бестей;
2) Сан есімге көптік жалғаулары мен барыс, жатыс, шығыс септіктері жалғану арқылы жасалады;	бірлерде, алтыларға, отыздарда, жүздерде, алпыстардан (асып барады), жетпістерге, тоқсандарда.
3) Сан есімге жуық, шамалы, тарта, шақты, таман, аса, астам, қаралы көмекші сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады;	жиырмаға жуық, жүз шамалы, елуге тарта, қырық шақты, алпысқа таман, мыңнан аса, отыздан астам, жүз қаралы.
4) Екі түрлі сан есімнің қосарланып айтылуы арқылы жасалады.	бес-алты, жеті-сегіз, отыз-қырық.

◆ Сөйлемдегі «қырықтай» сөзінің мағынасын көрсетіңіз.

Осы аптада «Бармысың, бауырым?» бағдарламасына қырықтай хат келіпті.

- A) заттың түсін білдіріп тұр
- B) заттың санын топтап көрсетіп тұр
- C) заттың санын нақты білдіріп тұр
- D) заттың санын болжап білдіріп тұр

Т

- 1) қырықтай сөзі заттың түсін білдірмейді;
- 2) қырықтай сөзі болжалдық мән береді;
- 3) қырықтай сөзі топтау мәнін білдірмейді;
- 4) қырықтай сөзі заттың нақты санын көрсетпейді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Үйге бүгін сағат беске ... келдім.

- A) астам
- B) таман
- C) шақты
- D) шамалы

Т

- 1) астам сөзі шығыс септігіндегі сөзбен қатар қолданылады;
- 2) таман – беске сөзі өзінен кейін барыс септігін меңгеретін шылауды керек ететіндіктен, таман сөзімен тіркеседі;
- 3) шақты сөзі беске сөзімен тіркесе алмайды, атау септігіндегі сөзбен тіркеседі;
- 4) шамалы сөзі беске сөзімен тіркеспейді, атау септігіндегі сөзбен қатар келеді.

◆ Болжалдық мәнді сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Келесі жұмада студенттер конференциясы болады.
- B) Өткен аптада дәстүрлі студенттер конференциясы болды
- C) Ертең сағат бірлерде студенттер конференциясы болатын шығар.
- D) Республикалық студенттер конференциясына қатысушылар көп болды.



- 1) Ақпарат нақты мәнде қолданылып тұр;
- 2) Ақпарат өткен шақта берілген;
- 3) Мәлімет болжалды мәнде берілген;
- 4) Сөйлемде қатысушылар туралы нақты мәлімет хабарланған.

26 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

"Қазақстан" телеарнасы ... астам қызықты бағдарламалар дайындаған.

- A) он үш
- B) он бестей
- C) он сегізге
- D) он алтыдан

27 Көп нүктенің орнына дұрыс нұсқаны қойыңыз.

Бүгінгі күнге дейін ... жеткіншек шетелде «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алды.

- A) 40 мыңның
- B) 40 мыңнан
- C) 40 мыңдай
- D) 40 мыңдап

28 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ғалымдардың есебінше дүниежүзінде жыл сайын ауаға ... қорғасын қосылыстары бөлініп шығарылады екен.

- A) 1 миллион сияқты
- B) 1 миллионға таман
- C) 1 миллион шамалы
- D) 1 миллион тоннадай

29 Болжал мәнді сөз қатысқан сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Бақыт биыл он сегіз жақсы толды.
- B) Менің інім он сегіз жасқа толатын болды.
- C) Оның сіңлісінің жасы да он сегіздерде шығар.
- D) Мен орта мектепті он сегіз жасымда бітірдім.

30 Болжал мәнді сөзі бар сөйлемді белгілеңіз.

- A) Алты жасар Алпамыс мектепке барады.
- B) Алпамыс алты жасында мектепке барды.
- C) Анасы Алпамысты алты жасында мектепке апарды.
- D) Мектепке барған Алпамыстың жасы алтыларда болар.

Бөлшектік сан есім

Е

Бөлшектік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін білдіреді. Бөлшектік сан есімдер таза математикалық ұғымға байланысты. Мысалы: $\frac{1}{2}$ (екіден бір), 2,5 (екі жарым), 1,25 (бір бүтін жүзден жиырма бес).

Бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдердің синтаксистік тәсілмен тіркесе айтылуы арқылы жасалады:

1) Бөлшектік сан есімдер құрамындағы сөздердің бірінші сыңары ілік септік формасында, екінші сыңары тәуелдік жалғаулы болып келеді. Мысалы: бестің үші, қырықтың жиырмасы т.б.

2) Бөлшектік сан есімдер құрамындағы сөздердің бірінші сыңары шығыс септік формасында, екінші сыңары тәуелдік жалғаулы болып келеді. Мысалы: жиырмадан бесі, жүзден алтысы т.б.

3) Бөлшектік сан есімдер құрамындағы сөздердің бірінші сыңары шығыс септік формасында, екінші сыңары атау түрінде қолданылып, бөлігі сөзі тіркесіп айтылады. Мысалы: оннан бір бөлігі, отыздан бес бөлгі т.б.

◆ 10,2 санының жазбаша нұсқасын көрсетіңіз.

- A) оннан екі
- B) он бүтін оннан екі
- C) бір бүтін оннан екі
- D) жүз бүтін жүзден екі

Т

- 1) оннан екі тіркесі сан атауын толық білдіре алмайды;
- 2) он бүтін оннан тіркесі сан атауын нақты білдіріп тұр;
- 3) бір бүтін оннан екі тіркесі берілген санды көрсете алмайды;
- 4) жүз бүтін жүзден екі – тіркесі берілген санды білдірмейді.

◆ Көп нүктенің орнына дұрыс нұсқасын қойыңыз.

Жиырма бес ... бөлігіне тең болады.

- A) жүздің бестен бір
- B) жүздің төрттен бір
- C) мыңның бестен бір
- D) мынның төрттен бір

Т

- 1) жиырма бес – жүздің бестен бір бөлігі емес;
- 2) жиырма бес – жүздің төрттен бір бөлігі;
- 3) мыңның бестен бір бөлігі – екі жүз;
- 4) мыңның төрттен бір бөлігі жиырма бес емес, екі жүз елу.

◆ Белгілі бір бөлшекті білдіретін сан атауы бар сөйлемді табыңыз.

- A) Мұражайда орта ғасырларға тән жүзге жуық жәдігер бар.
- B) Орталық мұражайда белгілі алпыс сегіз өнер туындысы бар.
- C) Мұражайдағы жәдігерлердің төрттен бірі орта ғасырларға тән.
- D) Археологиялық зал мұражайдың екінші қабатында орналасыпты.

Т

- 1) жүзге жуық сан есім болжал мәнін білдіреді;
- 2) алпыс сегіз – есептік сан есім;
- 3) төрттен бір – бөлшектік сан есім;
- 4) екінші – сан есімі заттың ретін білдіреді.

31) 5,12 санының жазбаша нұсқасын көрсетіңіз.

- A) Бес бүтін жүзден он екі
- B) Бес бүтін оннан он жеті
- C) Бес бүтін мыңнан он екі
- D) Бес бүтін мыңнан он бір

32) Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Тоғызды алтыға бөлсек, бөлінді ... болады.

- A) бір бүтін оннан үш
- B) бір бүтін оннан бес
- C) бір бүтін жүзден екі
- D) бір бүтін жүзден жиырма бес

33) 3, 25 санының жазбаша нұсқасын көрсетіңіз.

- A) үш жүз бүтін жиырма бес
- B) үш бүтін жүзден жиырма
- C) үш бүтін жүзден жиырма бес
- D) отыз бүтін жүзден жиырма бес

34) Асты сызылған санның дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.

Биыл Достық даңғылынан Балтабаев көшесіне дейінгі 5,6 шақырым жол пайдалануға берілді.

- A) алты бүтін оннан бес
- B) бес бүтін нөлден алты
- C) бес бүтін бірден алты
- D) бес бүтін оннан алты

35) «Бір жарым ай» тіркесі неше күнге сәйкес келетінін көрсетіңіз.

- A) 30-31 күн
- B) 45-46 күн
- C) 32-33 күн
- D) 40-42 күн

Етістіктің рай категориясы
Бұйрық рай

Е

Бұйрық рай іс-әрекеттің орындалуының не орындалмауының бұйыру, талап ету мағынасын білдіреді. Арнайы жұрнағы жоқ, етістіктің негізінің бұйрықты мәнде жіктелуі арқылы жасалады.

Бұйрық райдың жіктелуі		
жақ	жекеше түрде	көпше түрде
I	Мен барайын	Біз барайық
II	Сен бар Сіз барыңыз	Сендер барыңдар Сіздер барыңыздар
III	Ол барсын	Олар барсын

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Сен кешкі сағат сегізде үйде отыратын

- A) бол
- B) болсын
- C) болыңдар
- D) болыңыздар



- 1) бол – сен сөзі етістіктің II жақта жекеше түрде болуын қажет етеді, сондықтан бол сөзін қою керек;
- 2) болсын етістігі III жаққа қатысты қолданылатындықтан, сөйлемдегі сен есімдігімен байланысқа түсе алмайды;
- 3) болыңдар етістігі II жақ, көпше түрде болғандықтан, сөйлемдегі сен сөзімен байланыса алмайды;
- 4) сөйлем мазмұнына сәйкес етістік тұлғасы II жақта болуы тиіс, сондықтан II жақ, көпше, сыпайы түрдегі болыңыздар етістігін қоюға болмайды.

◆ Сөйлемді аяқтаңыз.

Ермек келесі аптада жас мамандарға арнап семинар ...

- A) өткізсін
- B) жүргізейін
- C) ұйымдастырсақ
- D) жасағым келеді



- 1) сөйлем мазмұнына сәйкес, Ермек сөзімен қыса байланысатын баяндауыш I жақ жекеше болуы керек. Сондықтан өткізсін сөзін қоюға болады;
- 2) жүргізейін сөзі I жақта болғандықтан, сөйлемдегі бастауышпен (Ермек) байланыса алмайды;
- 3) ұйымдастырсақ сөзі – I жақ, көпше түрдегі етістік формасы, сондықтан сөйлемдегі Ермек сөзімен байланыса алмайды;
- 4) сөйлем құрылымы бойынша, баяндауыш III жақ, жекеше түрде болуы керек, сондықтан I жақтағы жасағым келеді етістігі қолданылмайды.

◆ Бұйрық мәнді сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Ұлым, қысқа сессияға мұқият әзірлен.
- B) Ұлым қысқы сессияға әзірленіп жатыр.
- C) Ұлым қысқы сессияға әзірленіп жүрмісің?
- D) Ұлым қысқы сессияға әзірлікті бастап кетті.



- 1) Сөйлем талап ету, бұйыру мәнінде берілген;
- 2) Сөйлем хабарлау мәнде айтылған;
- 3) Сөйлем сұраулы мәнде берілген;
- 4) Сөйлем бұйрық мәнінде қолданылмаған.

36

Бұйрық мәнді сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Наурыз мейрамы құтты болсын!
- B) Мейрам кезінде маңызды іс-шаралар ұйымдастырылсын.
- C) Мейрамға дейін маңызды іс-шараларды аяқтауымыз керек.
- D) Мейрам кезінде маңызды іс-шаралар ұйымдастырылды.

- 37) Бұйрық мәнді сөйлемді белгілеңіз.
- A) Қыздар өзінен кішілерге қамқорлық көрсетеді.
 B) Қыздар өзінен кішілерге қамқор болып жүр ме?
 C) Қыздарым, өздеріңнен кішілерге қамқор болындар.
 D) Қыздар өздерінен кішілерге қамқорлық көрсетпекші.

- 38) Бұйрық мәніндегі сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Жомарт демалыс күні бақшаны суғарып, арам шөбін отамақшы.
 B) Жомарт ертең, демалыста, базарға бармайды, бақшаны суғарады.
 C) Жансая ертең, демалыста, көк базарға барып, көкөніс сатып алады.
 D) Жансая, сен, демалыс күні, ертең көк базарға барып көкөніс сатып ал.

- 39) Сөйлемді аяқтаңыз.

Сыйлап берсе, суын ... !

- A) же
 B) іш
 C) біл
 D) таны

- 40) Бұйыру мәнінде қолданылған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) "Ана тілі" газетіне тіл туралы мақала жіберсем деймін.
 B) "Ана тілі" газетінде тіл туралы мәселелер көп жарияланады.
 C) Тіл туралы талқыланған мәселені "Ана тілі" газетіне жазыңыз.
 D) Тіл туралы талқыланған мәселені "Ана тілі" газетіне жазу керек.

Етістіктің шартты райы

Ё

Шартты рай іс-әрекеттің орындалу не орындалмауының шартын білдіреді.

Жасалу жолы:	Мысалдар:
етістікке –са/ -се, (-ша/ше) жұрнақтары үстелуі арқылы жасалады.	барса, келсе, тыңдағанша, кеткенше.

Ё

Шартты райдың жіктелуі

Жақ	Жекеше түрде	Көпше түрде
I	Мен барсам	Біз барсақ
II анайы түрі	Сен барсаң	Сендер барсаңдар,
сыпайы түрі	Сіз барсаңыз	Сіздер барсаңыздар
III	Ол барса	Олар барса

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Адамды өмір үйретеді,

... – күйретеді.

- A) Үйренсе
- B) Үйренбесе
- C) Бейімделсе
- D) Айырылса



- 1) үйренсе сөзі сөйлемнің мәніне сай емес;
- 2) үйренбесе сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес;
- 3) бейімделсе сөзі сөйлемнің мазмұнына сай емес;
- 4) айырылса – сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

... , денсаулыққа зиян келеді.

- A) Көңіл күйің жақсы болса
- B) Егер дұрыс тамақтанып жүрсе
- C) Тәтті тағамдарды мөлшерден тыс көп жесе
- D) Адам спортпен күнделікті айналысып жүрсе



- 1) Сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 2) Сөйлем мәніне сай емес;
- 3) Берілген сөйлемнің шартын білдіреді, сөйлем мазмұнымен сәйкес;
- 4) Сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді.

◆ Іс-әрекеттің шартын білдіретін нұсқаны көрсетіңіз.

- A) Бойындағы ынта-жігер мен ақыл-қайрат діттеген мақсатыңа жеткізер.
- B) Бойындағы ынта-жігерің, ақыл мен қайратың арқылы мақсатыңа жетесің.
- C) Бойындағы ынта-жігерің ақыл-қайратыңа сай болса, мақсатыңа жетерсің.
- D) Бойындағы ынта-жігері мен ақыл қайраты сай келіп, арманына жеткізеді.



- 1) Сөйлем іс-әрекеттің шартын білдіріп тұрған жоқ;
- 2) Іс-әрекеттің шартын білдіретін сөйлем қолданылмаған;
- 3) Сөйлемде мақсатқа жетудің шарты нақты берілген;
- 4) Сөйлемде іс-әрекеттің орындалу шарты берілмеген.

41 Іс-әрекеттің шартын білдіретін нұсқаны көрсетіңіз.

- A) Шәкірт қабілетті болса, ұстазға үнемі іздену қажет.
- B) Үнемі ізденген ұстаздан білім алған шәкірт білімді болады.
- C) Шәкірті қабілетті болғандықтан ұстаз үнемі білімін жетілдіреді.
- D) Үнемі ізденіп жүретін білікті ұстаз шәкіртіне терең білім береді.

42 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Төрт стадион арнайы Әлем біріншілігіне арналып жаңадан ..., қалған алтауы қайта жөндеуден өткізілді.

- A) созылса
- B) салынса
- C) өткізілсе
- D) қабылдаса

- 43 Сөйлемнің жалғасын табыңыз.
- Кәсіби білімді үнемі жетілдіріп отырса,
- A) жас мамандар ауыссын
B) жас мамандар білікті болу керек
C) жас мамандар қызметке араласты
D) жас мамандардың біліктілігі арта түседі

- 44 Іс-әрекеттің шартын білдіретін нұсқаны көрсетіңіз.
- A) Терең білім алу үшін көп ізденіп оқу қажет.
B) Терең білім алғың келсе, көп ізденіп оқу керек.
C) Көп ізденіп оқыған шәкірттің білімі терең болады.
D) Шәкірт терең білім алғысы келіп, ізденіп оқып жүр.

- 45 Іс-әрекеттің шартын білдіретін нұсқаны көрсетіңіз.
- A) Көп оқып, ізденіп жақсы маман болғым келеді.
B) Көп оқысаң, ізденсең, білімді де білікті маман боласың.
C) Көп оқып, ізденген жан білімді де білікті маман болады.
D) Болашақта білімді білікті маман болу үшін көп оқып, ізденемін.

Етістіктің қалау райы

Ё

Қалау рай іс-әрекетті орындаушының қалауын, тілегін, ниетін білдіреді.

Жасалу жолдары:	Мысалдар:
1) етістікке -ғы/гі, -қы/кі жұрнақтары үстеліп, оған тәуелдік жалғауы жалғануы және кел көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады;	тыңдағым келеді; келгің келеді, айтқыңыз келеді, кеткісі келеді, көргіміз келеді;
2) етістікке -ғай/гей, -қай/көй жұрнақтарының үстеліп жіктелуі арқылы жасалады;	барғаймын, келгейсің, тыңдағайсыз, іздегей, барғаймыз, қайтқайсыңдар, іздегейсіздер, кеткей;
3) -са/се тұлғалы шартты рай тұлғалы етістік пен игі еді сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады.	барса игі еді, келсе игі еді, көрсеңіз игі еді, берсе игі еді, жолықтырсақ игі еді, тапсаңдар игі еді, тазаласаңыздар игі еді, жинаса игі еді.

Ерікті қалау райдың жіктелуі

Ё

Жақ	Жекеше түрде	Көпше түрде
I	Менің барғым келеді	Біздің барғымыз келеді,
II	Сенің барғың келеді	Сендердің барғыларың келеді,
сыпайы түрі	Сіздің барғыңыз келеді,	Сіздердің барғыларыңыз келеді,
III	Оның барғысы келеді,	Олардың барғылары келеді

Тілекті қалау райдың жіктелуі

Ё

Жақ	Жекеше түрде	Көпше түрде
I	Мен барғаймын	Біз барғаймыз
II	Сен барғайсың	Сендер барғайсыңдар
сыпайы түрі	Сіз барғайсыз	Сіздер барғайсыздар
III	Ол барғай	Олар барғай

Тілекті қалау райдың жіктелуі

Е

Жақ	Жекеше түрде	Көпше түрде
I	Мен айтсам игі еді	Біз айтсақ игі еді
II анайы түрі сыпайы түрі	Сен айтсаң игі еді Сіз айтсаңыз игі еді	Сендер айтсаңдар игі еді Сіздер айтсаңыздар игі еді
III	Ол айтса игі еді	Олар айтса игі еді

◆ Сөйлемді аяқтаңыз.

Менің халқыма пайдалы қызмет

- A) еткісі келеді
- B) еткің келеді
- C) еткім келеді
- D) еткіміз келеді

Т

- 1) менің есімдігі баяндауыштың I жақ, жекеше түрде келуін қажет етеді, сондықтан еткісі келеді тіркесін қоюға болмайды;
- 2) еткің келеді тіркесі менің есімдігімен тіркесе алмайды;
- 3) сөйлемдегі менің есімдігі баяндауыштың I жақ, жекеше түрде келуін қажет етеді, менің есімдігі мен еткім келеді тіркесімен байланысады;
- 4) еткіміз келеді тіркесі көпше түрде болғандықтан, менің есімдігімен тіркесе алмайды.

◆ Сөйлемді аяқтаңыз.

Оның тау-кен инженері

- A) болғым келеді
- B) болғысы келеді
- C) болғыңыз келеді
- D) болғымыз келеді

Т

- 1) сөйлемдегі оның есімдігі баяндауыштың III жақ жекеше түрде болуын қажет етеді, сондықтан ол сөз I жақ болғым келеді етістігімен байланыса алмайды;
- 2) болғысы келеді тіркесі III жақ, жекеше түрде қолданылатындықтан, сөйлемдегі оның есімдігімен байланыса алады.
- 3) сөйлемдегі оның сөзі III жақ жекеше түрде қолданылатындықтан, болғыңыз келеді II жақ, сыпайы түрдегі жақпен байланысқа түсе алмайды;
- 4) болғымыз келеді етістігі I жақ, көпше түрде болғандықтан, оның есімдігімен байланысқа түсе алмайды.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Оның барлық қатысушылармен ... келіп еді, бірақ мүмкіндігі болмады.

- A) айтқысы
- B) сөйлескісі
- C) ойланғысы
- D) түсіндіргісі

Т

- 1) айтқысы – сөйлемдегі ой желісіне сәйкес келмейді;
- 2) сөйлескісі – іс-әрекет те III, сөйлем де III жақта берілген;
- 3) ойланғысы – іс-әрекет сөйлемді мағыналық жақтан толықтыра алмайды;
- 4) түсіндіргісі – сөйлемдегі айтылған оймен мағыналық жақтан үйлеспейді.

- 46 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Сіздің қазақ халқының ұлттық ойындары туралы ... ме?
- A) білгіңіз келеді
B) көргіміз келеді
C) үйренгім келеді
D) танысқысы келеді

- 47 Сөйлемді аяқтаңыз.
- Оның жалақысы жоғары жұмысқа
- A) түсіп келеді
B) түскісі келеді
C) тұрғым келеді
D) орналасқысы келеді

- 48 Адамның қалауын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Жүргізілген реформалардың нәтижесін көргіміз келеді.
B) Нәтиже жақсы болу үшін реформа жүргізу керек.
C) Жүргізілген реформалар жақсы нәтиже беретін шығар.
D) Жүргізілген реформалардың нәтижесін көріңіздер.

- 49 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Әрбір адам бақытты өмір ... келеді.
- A) көре
B) сүргісі
C) барғысы
D) тұрғысы

- 50 Сөйлеушінің тілегін білдіріп тұрған сөйлемді белгілеңіз.
- A) Алдымен сапардың бағдарламасымен танысайық.
B) Туристік сапардың бағдарламасымен танысқым келеді.
C) Туристік фирманың мекенжайын, телефонын таба алмадық.
D) Туристік фирмаларда маусымдық жеңілдіктер болып жатыр.

Күрделі етістіктер

Е

Етістіктер құрамына қарай дара және күрделі болып екіге бөлінеді. Күрделі етістіктер кемінде екі сөзден құралып, бір-бірінен жекеленбей, біртұтас мағына құрайды.

1) Күрделі етістіктер есім сөз бен көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: ән салу, жәрдем ету, сапар шегу т.б.

2) Күрделі етістіктердің лексикалық мағыналары құрамындағы етістіктердің мағыналарынан құралып, бір бүтін тұлға ретінде қолданылады. Мысалы: келе жатыр, жүгіріп бара жатыр, барып кел, келіп кет т.б.

◆ Сөйлемді аяқтаңыз.

Елімізде қарапайым халықтың тұрмысы түзеліп, жағдайы

- A) оңалып келді
- B) оңалтқалы келсе
- C) оңалып келе жатса
- D) оңалып келе жатыр



- 1) сөйлем мазмұнына сәйкес көп нүктенің орнына осы шақтағы етістікті қою керек, өткен шақтағы етістік (оңалып келді) қолданыла алмайды;
- 2) оңалтқалы келсе – әрекет тиянақсыз берілген;
- 3) оңалып келе жатса – тиянақсыз болғандықтан, әрекет сөйлемді аяқтай алмайды;
- 4) сөйлем мазмұнына сәйкес баяндауыш осы шақтағы етістік болуы керек, сондықтан оңалып келе жатыр тіркесін қоюға болады.

◆ Дұрыс жауабын қойыңыз.

Еліміз ұлттық мерекеміз Наурызды жылда өз дәрежесінде

- A) атап өткізсе
- B) атап өткізгелі
- C) атап өткізгенмен
- D) атап өткізіп жатыр



- 1) атап өткізсе етістігі тиянақсыз болғандықтан, сөйлемді аяқтай алмайды;
- 2) атап өткізгелі – іс-әрекет келер шақта, ал сөйлем осы шақта айтылған;
- 3) атап өткізгенмен сөйлемді аяқтай алмайды;
- 4) сөйлем мазмұнына сәйкес, баяндауыш осы шақта болуы керек, сол себепті атап өткізгелі жатыр тіркесін қоюға болады.

◆ Сөйлемді аяқтаңыз.

Жорық бітіп, саяхатшылар үйлеріне

- A) қайтып бару
- B) қайтып жатса
- C) қайтып бара жатса
- D) қайтып бара жатыр



- 1) қайтып бару бұл сөйлем тұйық етістік формасында аяқталмайды;
- 2) қайтып жатса тіркесі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 3) қайтып бара жатса етістігі тиянақсыз болғандықтан, сөйлемді аяқтай алмайды;
- 4) қайтып бара жатыр күрделі етістігі сөйлем мазмұнымен сәйкес келеді.

51 Сөйлемді аяқтаңыз.

Туристер тарихи ескерткіштерді

- A) араласам
- B) аралап келе жатса
- C) аралап келе жатыр
- D) аралап көріп келсек

52 Сөйлемді аяқтаңыз.

Еркін жер салығын да

- A) төлеп кетті
- B) санап шыға бер
- C) шығарып келе берді
- D) есептеп сала бастадық

53 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Жанат сапарға шығар алдында төлқұжатын

- A) төлеп берді
- B) тастап кеттік
- C) ұмытып кете жаздады
- D) қалдырып кете жаздадың

54 Сөйлемді аяқтаңыз.

Азиадаға бөлінген қаражат жуық арада кеткен шығынның орнын

- A) есептеп сала бастады
- B) қайтарып ала алмады
- C) шығарып кете алмайды
- D) толтыра алмайтын көрінеді

55 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Оған бар құпиясын

- A) тастап кетті
- B) ойлай бастады
- C) жайып салды
- D) ашып келе бастады

Етіс категориясы Өздік етіс

Ё

Өздік етіс іс-әрекеттің орындаушының өзіне бағытталғанын білдіреді.
Етістікке **-ын/-ін, -н** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.
Мысалы: жу**ын**, ки**ін**, тазалан.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Үйіңе барып, қалың ... кел.

- A) киініп
- B) жуынып
- C) таранып
- D) сұранып

Т

- 1) киініп сөзі сөйлем мазмұнымен сәйкес келеді;
- 2) жуынып сөзі қалың сөзімен тіркеспейді;
- 3) таранып сөзі етістігі қалың сөзімен тіркеспейді;
- 4) сұранып сөзі іс-әрекеті қалың сөзімен тіркесе алмайды.

◆ Сөйлемді аяқтаңыз.

Ағам қазақы дәстүрмен

- A) үйлену
- B) үйленді
- C) некеледі
- D) ұзатылды

Т

- 1) үйлену сөзі сөйлемді аяқтай алмайды;
- 2) сөйлем мазмұны бойынша көп нүктенің орнына үйленді сөзін қоюға болады;
- 3) сөйлем мазмұнына сәйкес көп нүктенің орнына некеледі сөзін қоюға болмайды;
- 4) ұзатылды сөзі жігітке (ағам) қатысты қолданылмайды.

◆ Қимыл иесіне қатысты орындалған іс-әрекетті баяндаған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Жағылған бояулар да сүртіледі.
- B) Бетке жағып алған бояуларын сүрткізді.
- C) Марал іші пысып кеткен соң тақта сүртісті.
- D) Жуынып болған айнаның алдында тұрып сүртінді.



- 1) сөйлемде қимыл иесі нақты көрсетілмеген;
- 2) іс-әрекетті қимыл иесінің өзі орындамай, басқа адамға істеткізгендіктен;
- 3) іс-әрекетті бірнеше адам бірлесе орындаған;
- 4) сөйлемдегі іс-әрекетті қимыл-иесінің өзі орындаған.

56 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Кездесу алдында ол ұзақ

- A) сәнденді
- B) сәндедік
- C) сәндендір
- D) сәндегенсің

57 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Сәнді ... келген жастар театрға бет алды.

- A) киініп
- B) сөйлеп
- C) боянса
- D) жиналса

58 Қимыл иесіне бағытталған әрекеті бар сөйлемді белгілеңіз.

- A) Бүгін ол әдеттегіден ұзақ таранды.
- B) Барлық есеп қайтадан толықтай тексерілді.
- C) Туған күн кешінің соңында отшашу атылды.
- D) Ермек қызын балабақшаға бүгін өзі апарған жоқ.

59 Қимыл иесінің өзі орындаған іс-әрекетті көрсетіңіз.

- A) Олар алыс сапарға дайын емес.
- B) Қызметкер алыс сапарға дайындалды.
- C) Әпкесіне дастарқан жабдығын дайындасты.
- D) Қызметкер сапарға заттарын дайындатқызды.

60 Қимыл иесінің өзі орындаған іс-әрекетті табыңыз.

- A) Бүгін жұмыстан сұранып кетті.
- B) Ажар сіңлісі арқылы құжаттарды сұраттырды.
- C) Ауыл адамдарымен кездесіп, амандық сұрасты.
- D) Туған жерінің қазба байлығы туралы да сұралды.

Ырықсыз етіс

Е

Ырықсыз етіс іс-әрекеттің орындаушысын көрсетпей, қимылдың жүзеге асқандығын ғана білдіреді. Етістікке іс-әрекет өздігінен істелгендей мән үстейді. Етістікке -ыл/-іл (етістік негізінде «л» әрпі кездессе онда -ын, -ін, -н түрінде) жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Мысалы, жуыл, орындал, жасал, (сөмкеге салынды, тау көрінді, үй тазаланды).

◆ Сөйлемді аяқтаңыз.

Бүгінгі мәжіліс ерте

- A) аяқтаған
- B) аяқталса
- C) аяқталды
- D) аяқталып

Т

- 1) сөйлемде қимыл иесі берілмеген, сондықтан көп нүктенің орнына «аяқтаған етістігі қойылмайды;
- 2) аяқталса етістігі тиянақсыз болғандықтан, сөйлем соңында келе алмайды;
- 3) сөйлемде қимыл иесі көрсетілгендіктен, аяқталды етістігін көп нүктенің орнына қоюға болады;
- 4) аяқталып етістігі тиянақсыз болғандықтан, сөйлем соңында келе алмайды.

◆ Сөйлемді аяқтаңыз.

Мәжілісте өзекті мәселеге қатысты қаулы

- A) қабылда
- B) қабылдаса
- C) қабылдану
- D) қабылданды

Т

- 1) бұйрық мәніндегі етістік қабылда сөйлем мазмұнына сәйкес емес;
- 2) қабылдаса етістігі сөйлемнің соңында келе алмайды;
- 3) қабылдану етістігі мағыналық жақтан сөйлемге үйлеспейді;
- 4) сөйлемде қимыл иесі берілмегендіктен, әрі тиянақты болғандықтан, қабылданды етістігін қоюға болады.

◆ Қимыл иесі көрінбей, іс-әрекет баяндалған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Серік қол орақпен шөп орды.
- B) Біз шөп жинап, мая үйіп қойдық.
- C) Ұлдар шалғымен жоңышқа шауып жүр.
- D) Шөп шабылып, текше-текше етіп жиылды.

Т

- 1) сөйлемде іс-әрекетті орындаушы көрсетілген;
- 2) сөйлемде қимыл иесі көрсетілген;
- 3) сөйлемде қимыл иесі нақты берілген;
- 4) сөйлемде іс-әрекетті орындаушының өзі көрінбей, істің нәтижесі ғана берілген.

61 Сөйлемді аяқтаңыз.

Сенатта жаңа заң жобасы

- A) тексеру
- B) қаралса
- C) талданса
- D) талқыланды

62 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Парламент Сенатындағы дөңгелек үстел отырысы маңызды мәселеге

- A) арнау
- B) арнады
- C) арнайды
- D) арналды

63 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Астана саммитінде Қазақстанның болашағы туралы жылы сөздер

- A) берілді
- B) айтылды
- C) ұсынылды
- D) орындалды

64 Қимыл иесі көрінбей, істің нәтижесі ғана баяндалған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Қарындасым қонақ бөлмені тазалап жүр.
- B) Ерте тұрып бәріміз үйді тазалауға кірістік.
- C) Мен бөлмемді тап-тұйнақтай етіп тазаладым.
- D) Еден жуылып, бөлме тап-тұйнақтай болып тазаланды

65 Қимыл иесі көрінбей, істің нәтижесі ғана берілген сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Келіншек ауланы сыпырып жүр.
- B) Көрші қыз ауласын тез сыпырып тастады.
- C) Ауланы сіңліммен бірге екеулеп сыпыра бастадық.
- D) Сыртқа шықсам, ауламыз тап-таза боп сыпырылыпты.

Ортақ етіс

Е

Ортақ етіс іс-әрекетті екі немесе одан да көп субъектінің бірлесіп, ортақтасып орындағанын білдіреді. Етістікке **-ыс/-іс** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: жазыс, біліс, іздес.

◆ Сөйлемді аяқтаңыз.

Көршіңмен туғаныңдай

- A) сыйла
- B) сыйлас
- C) дәріпте
- D) құрметте

Т

- 1) сыйла сөзі «көршіңмен» сөзімен байланысқа түсе алмайды, сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді;
- 2) сыйлас сөзі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 3) дәріпте сөзі «көршіңмен» сөзімен байланыса алады өрі сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 4) құрметте сөзі сөйлемге мағыналық жағынан үйлеспейді.

◆ Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып сөйлемді аяқтаңыз.

Анама кешкі асты дайындауға

- A) көмектесу
- B) қарайласты
- C) көмектестім
- D) жәрдемдесу



- 1) көмектесу сөзі сөйлемге тұлғалық жақтан сәйкес емес;
- 2) қарайласты сөзі сөйлемге мағыналық жақтан үйлеспейді;
- 3) көмектестім сөзі сөйлемді аяқтай алады әрі сөйлем мазмұнымен сәйкес келеді;
- 4) жәрдемдесу сөзі сөйлемге мағыналық жақтан үйлеспейді.

◆ Бірлесіп жасалған іс-әрекет баяндалған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Айдар жиналысқа келмеді.
- B) Ол Астанаға пойызбен келіпті.
- C) Олар бір-бірімен қимай қоштасты.
- D) Туған жері туралы бейнелі тілмен баяндап берді.



- 1) сөйлемде бір адамның ғана іс-әрекеті туралы сөз болады;
- 2) сөйлемдегі іс-әрекетті бір ғана адам орындаған;
- 3) сөйлемде бірнеше адамның бірлесе орындаған іс-әрекеті баяндалған;
- 4) сөйлемде бірлесіп жасалған іс-әрекет емес, бір адамның іс-әрекеті сипатталған.

66 Бірлесіп жасалған іс-әрекетті табыңыз.

- A) Мен туған ауылымда еңбек еткім келеді.
- B) Жастар туған ауылын көркейтуге атсалысты.
- C) Ол туған ауылының дамуына үлес қосқысы келеді.
- D) Жас маман туған ауылын көркейту үшін аянбай еңбек етуде.

67 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Қызметкерлер Тіл мерекесі жайында ... отыр

- A) күлісіп
- B) қуанысып
- C) ақылдасып
- D) дуылдасып

68 Асты сызылған сөзді ауыстыруға болатын сөзді көрсетіңіз.

Мыс қорыту зауытының құрал-жабдықтарын жеткізуге көмектестік.

- A) жеткіздік
- B) жеткізістік
- C) жеткізудеміз
- D) жеткізіп жатырмыз

69 Бірлесіп орындалған іс-әрекетті білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Келе салысымен ол ақсақалға барып сәлем берді.
- B) Ауылдың тайлы-тұяғына шейін қонаққа сәлем беруге келіпті.
- C) Үлкендердің баршасына кезек-кезек кіріп, амандасып шықты.
- D) Алыстан келген сыйлы қонақпен бәріміз қол алысып амандастық.

Ортақтасып жасалған қимылды көрсетіңіз.

- A) Ауылдың әлеуметтік жағдайы күннен-күнге артып келеді.
- B) Газ енгізіліп, су құбыры тартылып, ауыл тұрмысы көркейді.
- C) Әкім мен белсенділер ауыл тұрмысын жақсартуға жәрдемдесті.
- D) Ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін арнайы бағдарламалар қабылданды.

Өзгелік етіс

Е

Өзгелік етіс іс-әрекеттің басқа біреу арқылы орындалғанын білдіреді. Етістікке -дыр/-дір, -тыр/-тір, -ғыз/-гіз, -қыз/-кіз жұрнақтары жалғану арқылы арқылы жасалады. Мысалы: жаздыр, айтқыз, барғыз, оқыт, көрсет.

Ескерту. Өзгелік етістің жұрнақтары бірінің соңынан бірі жалғана береді. Мысалы: жу-ын-дыр-ғыз, оқы-т-қыз, көмекте-с-кіз-дір, ки-ін-дір-т-кіз.

◆ Басқа бір адам арқылы істелген іс-әрекетті көрсетіңіз.

- A) Самат пен орынбасары осы жоба туралы баяндама жасады.
- B) Саматтың орынбасары осы жоба туралы баяндама жасады.
- C) Самат орынбасарына осы жоба туралы баяндама жасатқызды.
- D) Самат орынбасарына осы жоба туралы баяндама жасасты.



- 1) бұл сөйлемде әрекет нақты субъектілер арқылы орындалған;
- 2) бұл сөйлемде іс-әрекетті орынбасар өзі жүзеге асырған;
- 3) іс-әрекет басқа бір адам арқылы істелген;
- 4) мұнда іс-әрекет субъектілердің бірлесіп әрекет етуі арқылы жүзеге асқан.

◆ Дұрыс жауабын табыңыз.

Мал өсірсең мол өсір – кеңейтеді пейіліңді,
Еңбек етсең көл көсір, ... мейіріңді.

- A) өс
- B) жеткіз
- C) өсірер
- D) қандырады



- 1) өс сөзі мағыналық жағынан сөйлем құрылымына сай емес;
- 2) жеткіз сөзі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді әрі өлең құрылымына да үйлеспейді;
- 3) өсірер сөзінің мағынасы өлең құрылымымен байланыспайды;
- 4) қандырады сөзі мағыналық жағынан өлең құрылымына сәйкес.

◆ Басқа адамның қозғау салуы арқылы іске асқан қимыл-әрекет баяндаған сөйлемді көрсетіңіз

- A) Ол қонақтарға қымыз құйып берді.
- B) Апам қымызды сабадан құйып әкелді.
- C) Отағасы келген қонақтарға қымызды сабадан құйдырды.
- D) Келін, қонақтарға сабадағы қымыздан құйып әкелші.



- 1) іс-қимылды ешкім қозғау салмастан, субъект өзі орындаған;
- 2) қимыл иесі іс-әрекетті өзі орындаған;
- 3) іс-әрекет басқа біреудің қозғау салуы нәтижесінде іске асқан;
- 4) іс-әрекет сөйлеушінің талап-тілегін білдіреді.

- 71) Басқа адамның түрткісі болуы нәтижесінде іске асқан қимыл әрекет баяндалған сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Келін айраннан сусын әзірледі.
B) Енесі келініне айраннан сусын әзірлетті.
C) Келіншек сусынға күйеуіне айран берді.
D) Енесі келініне: «Айраннан шалап дайында», - деді.
- 72) Басқа адамның көмегімен іске асқан қимыл-әрекет баяндалған сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Марат басына түлкі тұмағын киіпті.
B) Әсем құрбысына қысқы тонын киіп көрсетті.
C) Халима ең әуелі інісін, содан соң сіңлісін киіндірді.
D) Әзиза әрқашан әдемі киініп жүреді, ал ол қарапайым киінеді.
- 73) Іс-әрекетті кім орындағанын анықтаңыз.
- Компания басшысы қызметкерлеріне есепті тезірек тапсыртқызды.
- A) басшы
B) компания
C) қызметкерлер
D) компания есепшісі
- 74) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.
- Алмас, ініңе мына мәтінді қайталап
- A) оқытқыз
B) жаздырады
C) қарастырса
D) талқылатып
- 75) Басқа адамның қозғау салуы нәтижесінде іске асқан қимыл-әрекет баяндалған сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Кәмшат сәнді көйлек тікті.
B) Айнұрдың көк жібек көйлегі әдемі екен.
C) Айшат оған әдемі көйлек тіктіріп алды.
D) Аружанның көйлегі соңғы үлгіде тігілген екен.

Көмекші етістіктердің қызметі
Бол, ет, қыл етістіктерінің көмекшілік қызметі

Е

Бол, ет, қыл етістіктері әрі негізгі, әрі көмекші қызмет атқарады. Бол етістігі мен ет, қыл етістіктерінің көмекшілік қызметі бөлек. Мысалы, оқып болды деп айтуға болады, оқып етті, оқып қылды деп айтуға болмайды. Осы үш көмекші етістіктер құранды етістік жасауға негіз болады. Олардың көмегімен аналитикалық (сараламалы) және перифразалық (суреттемелі) етістіктер жасалады. Мысалы: сөз болды, сөз етті, сөз қылды.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ұлың өссе, ұлы үлгілімен ауылдас ... ,
Қызың өссе, қызы үлгілімен ауылдас

- A) қыл
- B) бол
- C) боп
- D) деп



- 1) қыл сөзі мақалға мағыналық жақтан сәйкес келмейді;
- 2) бол сөзі мақалға мағыналық жақтан сәйкес келеді;
- 3) боп сөзі тиянақсыз қолданғандықтан, сөйлем құрылымына сәйкес келмейді;
- 4) деп сөзі сөйлемді аяқтай алмайды.

◆ Қажетті сөзді қойыңыз.

Археологтар осы төбешікті қазатын ... келісті.

- A) деп
- B) болып
- C) дейтін
- D) болады



- 1) деп сөзі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 2) болып сөзі сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес келеді;
- 3) сөйлем мазмұнымен сәйкес көп нүктенің орнына дейтін сөзін қоюға болмайды;
- 4) болады сөзі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді.

◆ Диалогті аяқтаңыз.

– Марат, осы аптада сайыс сабағын өткіземіз.
– Ә, онда өткен тақырыптарды қайталау керек

- A) етсе
- B) десе
- C) қылды
- D) десеңші



- 1) десе сөзі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 2) тиянақсыз етсе етістігі диалогті аяқтай алмайды;
- 3) қылды сөзі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 4) десеңші сөзі диалогті сөйлем мазмұнымен сәйкес келеді.

76 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Әріптестеріммен бірге саяхат жасаймын ... кезекті демалысын кейінге қалдырды.

- A) деп
- B) болып
- C) деймін
- D) дегенде

77 Диалогті толықтырыңыз.

– Салтанат, мен осы демалыста саяжайға барып, бақшаны тазалайын.
– Әуелі мына үйдің ұсақ-түйек шаруасын толық бітіріп

- A) жүр
- B) қыл
- C) таста
- D) болсаң

78 Асты сызылған сөздің мағынасын көрсетіңіз.

-Бұл мектепке тек үздік оқытындар қабылданады, - деп хабарлады.

- A) айтты
- B) тыңдады
- C) сөйлесті
- D) қабылданады

79 Диалогті толықтырыңыз.

– Айдар, біздің қоймадағы тауардың бәрі сатылып кетті.
– Иә, қайта тапсырыс беру керек

- A) де
- B) десе
- C) етсе
- D) қылды

80 Диалогті аяқтаңыз.

– Айгүл, маған тағы да қосымша жұмыс қажет еді.
– Алдымен мына істі бітіріп

- A) қыл
- B) бол
- C) дейді
- D) болсаң

Де, бол көмекші етістіктерінің нақтылаушы қызметі

Е

«Де, бол» көмекші етістіктері сөйлемдегі айтылған ойды нақтылай түседі, әрі қимылдың әртүрлі кезеңдері мен жүзеге асу сипаттарын білдіреді. Мысалы: барайын деп тұр тіркесінде «деп» етістігі қимылдың басталу қарсаңында екенін нақтылай түседі. «Болса» етістігі бірде іс-әрекеттің шартын білдірсе (мысалы: ол баратын болса, мен де барамын) енді бірде іс-әрекеттің басталғанын не аяқталғанын білдіреді (мысалы: ол шындықты айтатын болса, талай сырдың беті ашылар еді; мен істеп болсам, ол да бітірейін деп қалыпты).

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Жұмыс аяқталайын ... жатыр.

- A) дей
- B) деп
- C) дейді
- D) десіп

- 1) дей сөзі сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес емес;
- 2) деп сөзі жатыр сөзімен тіркеседі, әрі сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 3) дейді сөзі жатыр сөзімен тіркеспейді;
- 4) десіп сөзі мағыналық жағынан сөйлем құрылымына сәйкес келмейді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Балжан анасына көмектесіп ... керек.

- A) етсе
- B) десе
- C) болса
- D) қылса



- 1) етсе сөзі көмектесіп сөзімен тіркесе алмайды;
- 2) десе сөзі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 3) болса сөзі тиянақсыз тұлғада керек сөзімен тіркеседі әрі көмектесіп сөзімен де байланысқа түсе алады;
- 4) қылса сөзі көмектесіп сөзімен тіркесе алмайды.

◆ «Деп» қимылдың жасалуға дайын екенін білдіретін қызметін көрсетіңіз.

- A) Гүл ашылмайын деп тұр.
- B) «Ертең жиналыс болады», - деп кетті.
- C) «Досыңмен тату бол» - деп күнде айтады.
- D) Жұрттар оны: «басқа жаққа кетті», - десіп жүр.



- 1) деп етістігі қимылдың жүзеге асуға дайын екенін, яғни гүлдің ашылғалы тұрғанын білдіреді;
- 2) дейді етістігі төл сөз бен төлеу сөзді байланыстырып тұр;
- 3) сөйлемде де етістігі автор сөзінің қызметін атқарып тұр;
- 4) десіп сөзі қимылдың жасалуға дайын екенін білдіре алмайды.

81 Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыз.

Ертең ауа райы ашық ... жақсы ... еді.

- A) боп, етер
- B) десе, қылар
- C) болып, деген
- D) болса, болар

82 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Айдар мына шаруаны тез істеп ... екен.

- A) ету
- B) деді
- C) болса
- D) қылды

83 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Бакуде орнатылған тутұғыр әлемдегі ең биік нышан ... саналып келген болатын.

- A) дей
- B) деп
- C) десе
- D) демек

84 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

«Оқып білім мен ғылымды меңгер», – ... өсиет етті бабам.

- A) айт
- B) деп
- C) бол
- D) десе

85 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Спортты денсаулықтың кепілі ... білемін.

- A) деп
- B) деген
- C) айтты
- D) ескертті

«Де» көмекші етістігінің мақсат мәнін білдіруі

Е

«Де» көмекші етістігінің сөйлемде атқаратын қызметі сан түрлі, кейде орындалмақшы іс-әрекеттің мақсатын білдіреді. Мысалы: Сізге осы жайлы айтайын деп келдім.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Болашақта заңгер боламын ... отырмын.

- A) деп
- B) десе
- C) деген
- D) дейін

Т

- 1) деп сөзі мақсат мәнінде қолданылған, сөйлем құрылымына сай;
- 2) десе сөзі отырмын етістігімен тіркесе алмайды;
- 3) деген сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді әрі отырмын етістігімен тіркесе алмайды;
- 4) дейін сөзі сөйлеу үдерісін білдіреді.

◆ «Де» етістігі мақсат мәнін білдірген сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Ертеңге дейін үлгеруі керек.
- B) Дегенмен сөзі бекерге шықпады.
- C) «Ғылым таппай мақтанба», -деді Абай.
- D) Дана досының жағдайын сұрайын деп келді.

Т

- 1) дейін – септеулік шылау мақсатын білдірмейді;
- 2) дегенмен – қарсылықты мәнді жалғаулық, мақсат мәнін білдіре алмайды;
- 3) деді сөзі төл сөз бен автор сөзін байланыстырып тұр;
- 4) сөйлемдегі деп етістігі іс-әрекеттің мақсатын білдіріп тұр.

◆ Сөйлеушінің мақсатын білдіріп тұрған сөйлемді белгілеңіз.

- A) Бұл мейрамхананың тамақтары сапалы, дәмді екен.
- B) Кейбір тағамдар қымбат болса да, дәмді болмайды.
- C) Алматыда ұлттық мейрамханалар көбейіп келеді.
- D) Туған күнімді мейрамханада өткізейін деп мәзірді қарай бастадым.

Т

- 1) сөйлем мақсаттық мәнде айтылмаған;
- 2) сөйлем шарттық мәнге құрылған;
- 3) сөйлем мақсат мәнін білдірмейді;
- 4) деп етістігі қимыл иесінің мақсатын білдіреді.

86 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Апам кешкі астан соң саябақта қыдырамын ... отырған.

- A) деп
- B) десе
- C) деген
- D) дейін

87 Мақсат мәнін білдірмейтін сөйлемді белгілеңіз.

- A) Досы екеуі ауылға кетейін деп жатыр.
- B) Асылжан ауылдағы достарына барайын деп еді.
- C) Дегенмен күлімсіреген жүзінен шаршағаны байқалады.
- D) Гүлайымның құрбысына жәрдемдесейін деп үйіне барды.

88 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Кешкі астан соң саябақта қыдырайық ... келе жатсақ, онда жөндеу жұмыс жүріп жатқандықтан жауып тастапты.

- A) де
- B) деп
- C) десек
- D) депті

89 Қимыл иесінің мақсатын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Салтанат апасына ақ орамал сыйлады.
- B) Болат әжесіне қалың шәлі сатып алды.
- C) Айбек анасына түбіт шәлі сыйлайын деп жүр.
- D) Інімнің туған күніне қалың бөкебай сыйладым.

90 Мақсат мәнді сөйлемді белгілеңіз.

- A) Мұрат базардан құндыз бөрік сатып алыпты.
- B) Ерболдың жақсы құлақшын сатып алғысы келді.
- C) Арайлым көйлек сатып алайын деп базарға келді.
- D) Асылжан өзіне қымбат әдемі костюм сатып алды.

«Бол» етістігінің байланыстырушылық қызметі

Е

«Бол» етістігі – сөйлемде байланыстырушы дәнекерлік қызмет атқарады. Мысалы; алаң боп отыр; айтып боп, жан-жағына қарады.

◆ Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

Айжан әңгімесін айтып ..., енді не дейсіңдер дегендей құрбыларына қарады.

- A) деді
- B) екен
- C) бітсе
- D) боп

Т

- 1) деді – етістігі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді әрі айтып етістігімен тіркесе алмайды;
- 2) екен – етістігі айтып сөзімен тіркеспейді әрі мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 3) бітсе етістігі сөйлемде байланыстырушылық қызмет атқармайды;
- 4) боп – етістігі байланыстырушылық қызмет атқарады.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Марат сырттағы шаруаны жалғыз өзі бітіріп ..., араларына келіп отыра қалды.

- A) еді
- B) келсе
- C) болып
- D) жатыр



- 1) еді сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді;
- 2) келсе сөзі сөйлемге мағыналық тұрғыдан сәйкес келмейді;
- 3) болып сөзі үдерісті байланыстырушы дәнекерлік қызмет атқарады, сөйлем мазмұнына сәйкес;
- 4) жатыр сөзі сөйлемге мағыналық жағынан сай келмейді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Бізде үлкен жаңалықтар ... жатыр.

- A) деп
- B) қып
- C) етіп
- D) болып



- 1) деп сөйлем мазмұнына сай емес;
- 2) қып сөзі сөйлемге мағыналық тұрғыдан сәйкес келмейді;
- 3) сөйлем мазмұнына сәйкес, көп нүктенің орнына «етіп» сөзін қоюға болмайды;
- 4) болып сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келеді.

91 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Күн сайын жиналыс ... шаршатып жіберді.

- A) де
- B) жүргіз
- C) болып
- D) болса

92 Көп нүктенің орнына қажетті тіркесті қойыңыз.

Жыл сайынғы қорытынды бойынша олардың бөлімі үздік

- A) боп қапты
- B) боп келеді
- C) боп салды
- D) боп шықты

93 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Қазір жолда көлік кептелісі

- A) боп келді
- B) боп жатыр
- C) боп тұрды
- D) боп қайтты

94 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ол дәрігердің қабылдауына ертең келетін ..., үйіне қайтты.

- A) боп
- B) болса
- C) болар
- D) болған

95 Сөйлемді толықтырыңыз.

Шахматтан өтетін жарысқа бес жұп қатысатын ..., қуанып қалдық.

- A) десе
- B) деп
- C) болып
- D) шықты

Қимылдың өту сипаты

Ё

Қимылдың өту сипаттары синтетикалық, аналитикалық тәсіл арқылы жасалады.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалатын қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері мынадай жұрнақтар арқылы жасалады:

Жұрнақтар	Қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері	Мысалдар
-ла/-ле, -да/-де, -та/-те	қимылдың еселеніп, жиіленуін білдіреді	қуала, төпеле, сілкіле, сабала, созғышта, үргіште
-қыла/-кіле, -ғыла/-гіле	қимылдың қайталануын білдіреді	атқыла, тепкіле, созғыла, үргіле
-мала/-меле, -бала/-беле, -пала/-пеле	қимылдың қайталануы сипатын білдіргенмен, оның сирек не әлсіз өтетінін көрсетеді	бастырмала, үстемеле, қазбала, тізбеле, қаумала, итермеле, қақпала
-ғышта/-гіште, -қышта/-кіште, -ышта/-шта	қимылдың қайталану сипатының мардымсыз екенін байқатады	барғышта, келгіште, қаққышта
-ыңқыра/-іңкіре, -ңқыра/-ңкіре	қимылдың өту сипатының үдей түскенін аңғартады	созыңқыра, өсіңкіре, іздеңкіре
-ымсыра/-імсіре, -мсыра/-мсіре	қимылдың өту сипатының толымсыз екенін білдіреді	күлімсіре, жыламсыра

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалатын қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері:

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалатын қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері күрделі етістіктерден жасалады. Мысалы: айта жаздады, айтып қойды, айта жөнелді, құлап қала жаздады.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Әлі де ..., бәрі естісін.

- A) өсіңкіре
- B) біліңкіре
- C) жазыңқыра
- D) айтыңқыра



- 1) өсіңкіре сөзі сөйлемге мағыналық тұрғыдан сәйкес келмейді;
- 2) біліңкіре сөзі сөйлемге мағыналық жағынан сай емес;
- 3) жазыңқыра сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді;
- 4) айтыңқыра сөзі сөйлемге мағыналық тұрғыдан сәйкес келеді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Осыдан кейін тіл тазалығын сақтау туралы БАҚ ... бастады.

- A) жүргіштей
- B) жазғыштай
- C) көргіштей
- D) келгіштей



- 1) жүргіштей сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді;
- 2) жазғыштай сөзін қоюға болады;
- 3) көргіштей сөзі сөйлемдегі ой желісіне сай емес;
- 4) келгіштей сөзі сөйлем мазмұнына сай келмейді.

◆ Қимылдың үдей түсуін аңғартатын сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Екеуі төргі бөлмеге кілем ілді.
- B) Алуаш үлкен масаты кілем сатып алды.
- C) Жандос, кілемнің мына тұсын тағы түсіріңкіре.
- D) Төсегінің тұсында үлкен тоқыма кілем ілулі тұр.



- 1) сөйлемде үдей түскен қимыл туралы баяндалмайды;
- 2) сөйлемде іс-әрекеттің жүзеге асқандығы жайлы айтылған, үдей түскен қимыл сипатталмайды;
- 3) түсіріңкіре сөзі іс-әрекеттің үдей түскендігін байқатады;
- 4) сөйлемде кілемнің ілулі тұрғаны туралы ақпарат берілген, қимылдың үдей түсуі туралы баяндалады.

96 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Болған жағдайды ... отыра бердім.

- A) өкінгенсіп
- B) күлімсіреп
- C) білмегенсіп
- D) ұялғансып

97 Кенеттен (байқаусызда) орындалған іс-әрекетті көрсетіңіз.

- A) Айман – жеңіл атлетикадан спорт шебері.
- B) Айман осы тоқсанда бірнеше жарысқа қатысатын болды.
- C) Қатты сасқалақтаған Айман жарыста құлап қалғанын айтып қойды.
- D) Қатты қуанғаннан Айман жарыста көрген қызықтарын түгел айтты.

98

Қимылдың қайталануын білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Тігінші былғарыдан күртеше тікті.
- B) Ол былғарыдан тігілген бешпетін киіпті.
- C) Иленген теріден сырт киім тіктірмекші едім.
- D) Шебер теріні ары-бері тартып созғылап жатыр екен.

99

Қимылдың үдей түсуін аңғартатын қатарды көрсетіңіз.

- A) Сасқанынан қасындағы інісін жұлқылады.
- B) «Орныңнан тұр, кетеміз», -деп оны бір жұлқып қалды.
- C) Ол «Бәрін өзім-ақ тындырамын», - деп жұлқынып отыр.
- D) Ал Айжан оның жұлқылағанына былқ етпестен отыра берді.

100

Қимылдың қайталану сипатын білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Нұржан досының үйіне ертең келмекші.
- B) Айдос келгелі бері достары да үйіне келгіштеп кетті.
- C) Олжас Айдарға жолығайын деп қаладан іздеп келіпті.
- D) Ғазиз ауылдағы ата-әжесіне көмектесуге келген екен.

Төл сөз бен төлеу сөз

Е

Төл сөз деп автор (жеткізуші) өз сөзінің ішінде біреудің сөзін ешбір өзгертпей, сол күйінде беруін атайды.

Автор сөзі деп төл сөзбен байланысты айтылған жеткізушінің өз сөзін атайды.

Төлеу сөз деп біреудің сөзінің негізгі мазмұнын сақтап, бірақ автор өз тарапынан өзгеріске ұшыратып беруін атайды.

Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары

Төл сөздің төлеу сөзге айналу жолдары	Төл сөз	Төлеу сөз
1. Төл сөздің баяндауышы ашық райлы етістіктен болса, онда ол төлеу сөзде сәйкес шақтағы есімшеге айналып, (кейде -дық/дік жұрнағы үстеліп), содан соң табыс септік жалғауы жалғанады.	«Ертең сайыс сабақ болады», - деді мұғалім.	Мұғалім ертең сайыс сабақ болатынын айтты. Мұғалім ертең сайыс сабақ болатындығын айтты.
2. Төл сөздің баяндауышы бұйрық рай етістіктен болса, төлеу сөзде ол тұйық етістікке айналып, оған табыс не барыс септіктерінің жалғаулары немесе туралы, жайында, жөнінде шылауларының бірі тіркесіп айтылады.	«Сендер осы аптада мұражайға барыңдар», - деді ағай.	Ағай осы аптада мұражайға баруды бұйырды. Ағай бізге осы аптада мұражайға баруға тапсырма берді. Ағай осы аптада мұражайға бару туралы тапсырма берді.
3. Төл сөздің баяндауышы есім сөздерден не тұйық етістіктен болса, төлеу сөз де сол сөздерге жалғаса екенін көмекші етістігі қосыла айтылады.	«Менің мақсатым – оқуға түсу», - деп жауап берді Айжан.	Айжан жауап бергенде, өзінің мақсаты оқу түсу екенін айтты.

4. Төл сөздің бастауышы төлеу сөзде ілік септігінің жалғауын қабылдап, анықтауышқа айналады.	«Олар бүрсігүні Астанаға кетеді», - деді Ғалия.	Ғалия олардың бүрсігүні Астанаға кететіндігін айтты.
5. Төл сөзде белгілі бір (I не II) жақта тұрған сөз төлеу сөзде автор тарапынан өзгеріске ұшырап, басқа жақта айтылады.	«Менің сенімен әңгімелескім келеді, Мәрзия», - деді Балжан.	Балжан Мәрзияға онымен әңгімелескісі келетінін айтты.
6. Төл сөз сұраулы сөйлем болып, егер оның құрамында сұрау есімдіктері болса, онда төлеу сөзде сұрау есімдігі сол күйінде сақталады. Ал сұраулы сөйлемді төл сөз ба/бе, па/пе, ма/ме сұраулық шылауларының көмегімен жасалса, онда төлеу сөзде сұраулық шылау түсіріліп, онымен айтылған сөз болымды-болымсыз түрде немесе антонимдік жұп ретінде қосарланып айтылады.	«Айнұр, қайда барасың?» - деп сұрады ол. «Әсия, Шоқанды танисың ба?» - деп сұрады одан Гүлсім.	Ол Айнұрдан қайда баратынын сұрады. Гүлсім Әсиядан Шоқанды танитынын не танымайтындығын сұрады.
7. Төл сөз төлеу сөзге айналғанда, автор сөзіндегі де көмекші етістігінің орнына айту, сұрау, ойлау, бұйыру, талап ету, өтіну, ескерту деген секілді етістіктердің бірі айтылады.	«Қаладағы үлкен ұлымның үйінен келе жатырмын», - деді қария.	Қария қаладағы үлкен ұлының үйінен келе жатқанын айтты.

◆ Төл сөздің төлеу сөзге айналған толық нұсқасын белгілеңіз.

Әкеме:

«Бүгін жұмыстан ертерек сұранып кел, ағамның қызының бүгін тойы екенін ұмытпа», - деді анам.

- A) Анам әкеме жұмыстан соң тойға баруды өтінді, себебі қызының үйлену тойы.
- B) Әкем анама ертерек жұмыстан келуді тапсырды, себебі бүгін – туған күн кеші.
- C) Анам әкеме жұмыстан ертерек сұранып келуді, ағасының қызының тойы екенін ескертті.
- D) Анам әкемнен қызының туған күнінде ертерек келуді өтініп жатты.



- 1) сөйлемге толық сай емес;
- 2) ақпарат толық емес;
- 3) мәлімет толық берілген;
- 4) хабарлама да толық берілмеген.

◆ Толымды және дұрыс жауапты белгілеңіз.

Көңілін сұрап барған әріптестеріне емдеуші дәрігер: «Берген дәріні ішпейді, жастығының астына тастай береді. Ауруға ем керек, дәріні ішпесе, қалай жазылады?» , - деп айтыпты.

- A) Берген дәріні ішпей, жастығының астына тығып қояды деп дәрігер шағымданыпты.
- B) Көңілін сұрап барғандарға дәріні ішпей-ақ жазылып кететінін айтып жатыр.
- C) Әріптестеріне емдеуші дәрігердің дұрыс ем қолданбайтынын айтып шағымданыпты.
- D) Көңілін сұрап барған әріптестеріне емдеуші дәрігер берген дәріні ішпейтінін, жастығының астына тастайтынын, ауруды дәрімен емдемесе, жазылмайтынын айтыпты.



- 1) сөйлем толымды түрде айтылмаған;
- 2) сөйлемгі ақпарат сай емес;
- 3) сөйлемде мәлімет толық берілмеген;
- 4) сөйлемдегі ақпарат толық берілген.

◆ Жас маманның не туралы айтқанын көрсетіңіз.

«Біз жаңа технологияны өндіріске қарқынды түрде енгізуіміз керек», - деді жас маман.

- A) Жас маман жаңа технологияны өндірісте қолданып жүргенін айтты.
- B) Жас маман жаңа технологияны, құрал-жабдықтарды ұнататынын айтты.
- C) Жас маман қазіргі кезде жаңа технологияны нашар меңгергендігін айтты.
- D) Жас маман жаңа технологияны өндіріске қарқынды түрде енгізу керектігін айтты.



- 1) Жас маманның ойы толық берілмеген;
- 2) Жас маманның айтқан сөзі толымды түрде жеткізілмеген;
- 3) Жас маманның айтқан пікіріне сай емес;
- 4) Ақпарат жас маманның сөзінің мазмұнын толықтай жеткізген.

101 Сәуленің сөзін басқа адамға жеткізіп тұрған нұсқаны табыңыз.

«Қаражат жетпейтін сияқты», - деді Сәуле.

- A) Сәуле қаражаттың жетпейтінін айтты.
- B) Сәуле қаражаттың жетпейтінін дәлелдепті.
- C) Сәуле қаражаттың жетпейтінін көрсетіп берді.
- D) Сәуле қаражаттың жетпейтінін есептеп шығарды.

102 Төл сөздің төлеу сөзге айналған толық нұсқасын белгілеңіз.

Бауыржан Момышұлы:

– Басындағы бақыттың қадірін қонғанда білмейсің, ұшқанда білесің, - дейді екен.

- A) Бауыржан Момышұлы бастағы бақыттың қадірі қонғанда емес, ұшқанда білінетінін айтады екен.
- B) Бақытты қонғанда емес, ұшқанда сезетінін айтыпты батыр.
- C) Бастағы бақыттың ұшқан құс сияқты екенін, оның қадірін ұшқанда білетінін ескертіпті.
- D) Бақ ұшқан құс сияқты, оны ұстап тұру өте қиын деп айтыпты Бауыржан Момышұлы.

- 103 Толымды және дұрыс жауапты белгілеңіз.
- Театр өзін-өзі қаржыландыра алмайды, - деді актер.
 А) Театрдың қаржыландыра алмайтынын айтты актер.
 В) Актер театрдың өзін-өзі қаржыландыра алмайтындығын айтты.
 С) Өзін-өзі қаржыландыратын бірде-бір мекеме – театр деді.
 D) Театрдың өзін-өзі қаржыландыруға мүмкіндігі жоқ екенін айтты.
- 104 Төл сөзді төлеу сөзге айналдырыңыз.
- «Тіл жоқ жерде ұлт жоқ», - деген Ш. Айтматов.
 А) Ш. Айтматов, – тіл жоқ жерде ұлт жоқ , - деген.
 В) Тіл жоқ жерде ұлт жоқ, - деп Ш. Айтматов айтқан.
 С) Ш. Айтматов: «Тіл жоқ жерде ұлт жоқ» - деді.
 D) Ш. Айтматов тіл жоқ жерде ұлт болмайтынын айтқан.
- 105 Төл сөзді төлеу сөзге айналдырыңыз.
- Ы. Алтынсарин: «Байлық – қанағат пен еңбекте», - деген.
 А) Байлық – қанағат пен еңбекте, - деген Ы. Алтынсарин.
 В) Ы. Алтынсарин, – байлық – қанағат пен еңбекте, депті.
 С) Байлық – қанағат пен еңбекте, - деп Ы. Алтынсарин айтқан.
 D) Ы. Алтынсарин байлықтың қанағат пен еңбекте екенін айтқан.

Төл сөз бен төлеу сөз

Ё

Сөйлеуші тек өзі ғана сөйлей бермей, өз сөзінің ішінде өзге адамның сөйлегенін, айтқанын да келтіреді. Біреудің сөзі екі түрлі жолмен беріледі:

1) ешбір өзгеріссіз, дәл сол айтылған қалпында жеткізу; біреудің лебізінің мұндай жолмен берілуі **төл сөз** деп аталады. Мысалы, «Гүлсім, осы сенбіде саябаққа барайық», - деді құрбысы.

2) Жеткізуші тарапынан өзгеріске ұшырап, біреудің лебізінің негізгі мазмұнын сақтап жеткізу. Біреудің сөзінің мұндай жолмен берілуін **төлеу сөз** деп атайды. Мысалы, Гүлсімге құрбысы осы сенбіде саябаққа баруға ұсыныс жасады.

◆ Төлеу сөзді төл сөзге айналған түрін табыңыз.

- С. Сейфуллин тіршіліктің негізі – еңбек екендігін айтқан.
 А) С. Сейфуллин: «Тіршіліктің негізі – еңбек», - деді.
 В) Тіршіліктің негізі – еңбек туралы айтқан С. Сейфуллин.
 С) С. Сейфуллин Тіршіліктің негізі – еңбек екенін ескерткен.
 D) С. Сейфуллин тіршіліктің негізі – еңбек екені жайында айтыпты.



- 1) С. Сейфуллиннің пікірі еш өзгеріссіз берілген;
 2) С. Сейфуллиннің сөзі өзгертіліп берілген;
 3) С. Сейфуллиннің сөзі автор тарапына өзгеріске ұшыраған;
 4) С. Сейфуллиннің пікірі жеткізуші тарапынан өзгертіліп берілген.

◆ Сөйлемдегі ой желісіне толық сай келетін нұсқаны көрсетіңіз.

Б. Момышұлы отбасының өнегесі – Отан өнегесі екендігін айтқан.

А) Б. Момышұлы депті, отбасының өнегесі – Отан үлгісі.

В) «Отбасының өнегесі – Отан өнегесі», - деді Б. Момышұлы.

С) Отбасының үлгісі – Отан өнегесі екенін айтқан Б. Момышұлы.

Д) Б. Момышұлы отбасының өнегесі Отанның да өнегесі екені туралы айтқан.



- 1) Б. Момышұлының нақыл сөзінің тек мазмұны ғана сақталған;
- 2) Б. Момышұлының нақыл сөзі автор тарапынан өзгеріссіз берілген;
- 3) Б. Момышұлының нақыл сөзі автор тарапынан өзгеріске ұшыраған;
- 4) Б. Момышұлының нақыл сөзі сөйлеуші тарапынан өзгеріске ұшыраған.

◆ Төл сөзді табыңыз.

А) Мақал-мәтел – маржан сөз, арасына қоса көрме арзан сөз.

В) «Жақсы сөз – жарым ырыс», - деген ғой дана халқымыз.

С) Ата-бабаларымыз аталы сөздерді көп айтып қалдырған.

Д) Аталарымыз айтқан асыл сөздерді ұмытпағанымыз абзал.



- 1) мақал-мәтел туралы айтылған;
- 2) мәтел – халықтың дана сөзі еш өзгеріссіз берілген;
- 3) аталы сөз туралы жалпы ақпарат айтылған;
- 4) асыл сөздерді ұмытпау керектігі жайлы ескертеді.

106 Төл сөзді көрсетіңіз.

А) Әлима енді не істеймін деп ойлады.

В) Бану оған не істеу керегі туралы айтты.

С) Айнұр одан: «Енді не істемекшісің, Кәмшат?» – деп сұрады.

Д) Нұржамал Сәуледен бәрін сұрап білгісі келді, бірақ батылы жетпеді.

107 Төл сөзді табыңыз.

А) Көзі тірісінде-ақ батыр жайлы аңыздар көп айтылатын.

В)– Бауыржан өте батыл адам болған, -дейді көзі көргендер.

С) Бауыржанның қайсар әрі әділ адам екенін жазушы Бек айтқан еді.

Д) Аңыз адам атанған Бауыржан атамыз туралы әлі талай аңыздар айтылар.

108 Төл сөзді көрсетіңіз.

А) Әлия мен Мәншүк Ұлы Отан соғысында батыр атағын алған.

В) «Әлия мен Мәншүк – шығыстың қос жұлдызы», - деді тарихшы ағай.

С) Баяндамашы Хиуаз Доспанованың қазақтың қайсар ұшқыш қызы, халықтың қаһарманы екені жайлы ақпаратты айтып берді.

Д) Бұл жолғы баяндама қазақтың батыр қыздары және олардың ерліктері туралы екен.

109 А. Байтұрсыновтың өз сөзін көрсетіңіз.

А. Байтұрсынов тіл жойылса ұлт жойылатынын жазған.

А) "Тіл жойылса да, өмір жалғасады".

В) "Тіл жойылса, ұлт та жойылады".

С) "Тіл жойылса да, өмір сүру мүмкіндігіміз бар".

Д) "Тілімізді сақтау, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу аса қажет".

110 Мекеме басшысының өз сөзін табыңыз.

Мекеме басшысы көп балалы отбасыларға қаржылай көмек көрсетілетіні туралы хабарлады.

- A) "Көп балалы отбасыларға қаржылай көмек көрсетіледі".
 B) "Көп балалы отбасылардың қаржы жағдайы жақсы емес".
 C) "Көп балалы отбасыларға бірнеше рет жәрдемақы берілді".
 D) "Көп балалы отбасыларға қаржылай көмек көрсетілмеді".

Мөлшер үстеу

Ё

Мөлшер үстеу іс-әрекеттің мөлшерін, көлемін білдіреді. Сұраулары: қанша?, неше?, қаншама?, нешеме?, қаншалық?, қаншалап?, нешелеп? Мысалы: неғұрлым, соншама, әжептәуір, біршама, біраз, бірталай, соншалық, соғұрлым.

◆ «Осыншама» сөзімен ауыстыруға болатын сөзді табыңыз.

- A) Астың бағасы анағұрлым қымбат екен.
 B) Мұнда астың бағасы біршама көтеріліпті.
 C) Мұншама асты босқа ысырап жасамаңдар.
 D) Бірен-саран меймандар ғана ас ішуге келді.

Т

- 1) анағұрлым – осыншама сөзіне мәнделес емес;
 2) біршама – осыншама сөзін ауыстырмайды;
 3) мұншама – осыншама сөзін ауыстыра алады.
 4) бірен-саран – осыншама сөзіне мағыналас сөз емес;

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Баласы бір ай ішінде ... хат танып қалды.

- A) мұнша
 B) қыруар
 C) бірталай
 D) әжептәуір

Т

- 1) мұнша – сөйлемді толықтыра алмайды;
 2) қыруар – хат сөзімен тіркеспейді;
 3) бірталай – мағыналық жақтан сөйлемге үйлеспейді;
 4) әжептәуір – хат сөзімен тіркеседі.

◆ Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Біздің спортшылар ... тырысса да, жазғы Азиадада 5-орыннан аса алмады.

- A) аз
 B) мол
 C) қанша
 D) сонша

Т

- 1) аз – сөйлемдегі ой желісіне сай келмейді;
 2) мол – тырысса етістігімен тіркеспейді;
 3) қанша – сөйлемді толықтыра алады;
 4) сонша – сөйлемді толықтыра алмайды.

111 «Бірталай» сөзіне мағыналас сөзді табыңыз.

- A) әрқашан
 B) көптеген
 C) бір нәрсе
 D) бірен-саран

112 Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Биылғы жазғы Азиадада біздің гимнаст қыздарымыз бұрынғыдан гөрі ... жақсы өнер көрсетті.

- A) көп
- B) бірнеше
- C) біршама
- D) соншама

113 Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Оның мына кереметке таңқалғаны ... – аң-таң болып орнында тұрып қалды

- A) аз
- B) мол
- C) сонша
- D) қанша

114 Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Ол өмірінде ... алғыр адамдарды кездестірсе де, дәл осындай қайсар жанды бұрынды-соңды көрген емес еді.

- A) әркім
- B) қайбір
- C) қаншама
- D) жоғары

115 Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді белгілеңіз.

Адам ... көп оқыған сайын, ... білімін жетілдіре береді екен.

- A) әбден, орасан
- B) онша, мұншалық
- C) бірден, өйтіп-бүйтіп
- D) неғұрлым, соғұрлым

Сын-қимыл үстеу

Ё

Іс-әрекеттің жүзеге асу амалын, сипатын білдіреді. Сұрақтары: қалай?, қалайша?, қайтіп? Мысалы: өзер, жылдам, баяу, қазақша, бұлбұлша, аюдай.

◆ Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Наташа орыс қызы болса да, қазақ тілін ... меңгерген екен.

- A) осал
- B) жетік
- C) нашар
- D) жаман

Т

- 1) осал – сөйлемдегі іс-әрекеттің амалын білдіре алмайды;
- 2) жетік – сөйлемнің мағынасына сәйкес келеді;
- 3) нашар – сөйлемге мағыналық жақтан сай емес;
- 4) жаман – сөйлемге мағыналық тұрғыдан сай келмейді.

◆ Бекер сөзіне мағыналас сөзді көрсетіңіз.

- A) емін-еркін
- B) бірте-бірте
- C) кезек-кезек
- D) бостан-босқа



- 1) емін-еркін – бекер сөзіне мәндес емес;
- 2) бірте-бірте – мағынасы бекер сөзінен алыс;
- 3) кезек-кезек – бекер сөзінің мағынасына жақын емес;
- 4) бостан-босқа – бекер сөзімен мағыналас.

◆ Іс-әрекеттің қалай істелгенін сипаттайтын қатарды көрсетіңіз.

- A) Осыншама көлікті қашан жөндейсің?
- B) Ержан көлігін әдейі жөндеуге бермеді.
- C) Ержан бүгін бірталай жеңіл көлікті жөндеп бітірді.
- D) Біраз уақыттан соң Ержан көлігін әрең-әрең жөндетті.



- 1) осыншама – іс-әрекеттің сипаты емес, мөлшері көрсетілген;
- 2) әдейі – қимылдың орындалу мақсаты берілген;
- 3) бірталай – іс-әрекеттің орындалу мерзімі көрсетілген;
- 4) әрең-әрең – іс-әрекеттің жүзеге асу амалы көрсетілген.

116 Іс-әрекеттің қалай істелгенін сипаттайтын сөзді көрсетіңіз.

- A) Қатысушылардың ішінде бастық болмаған соң, ол сөйледі.
- B) Қатысушылардың ішінде бастық болмаған соң ол үндемеді.
- C) Қатысушылардың ішінде бастық болмаған соң ол емін-еркін сөйледі.
- D) Қатысушылардың ішінде бастық болмаған соң ол сөйлемеді.

117 Әрекеттің жүзеге асу амалы көрсетілген сөйлемді белгілеңіз.

- A) Төтенше жағдай енгізу туралы ұсыныс қабылданды.
- B) Бүгін аймақтағы оқиғаға байланысты төтенше жағдай жарияланды.
- C) Төтенше жағдайға байланысты іс-шараларды кезекпен баяндады.
- D) Оқиға орнына Төтенше жағдай министрлігінің өкілдері келді.

118 Көп нүктенің орнына сәйкес сөзді қойыңыз.

Мақпал қазақ халық әндерін өте ... айтады.

- A) жақсы
- B) үлгеріп
- C) белсене
- D) сыпайы

119 Сөйлемді толықтырыңыз.

Соңғы автобусқа жүгіріп ... үлгердім.

- A) тез
- B) әрең
- C) шапшаң
- D) бірталай

Іс-әрекеттің қалай істелгенін сипаттайтын қатарды көрсетіңіз.

- A) Алматы кеше тіл курсына барды.
- B) Сәуле бірнеше тілде емін-еркін сөйлей алады.
- C) Айдананың қытай тілін үйренгеніне екі ай болды.
- D) Гүлсімнің болашақта аудармашы болғысы келеді.

Мақсат үстеу

Е

Мақсат үстеу іс-әрекеттің болу мақсатын, жүзеге асырушының мүддесін білдіреді. Сұраулары: не үшін?, неге?, не мақсатпен? Мысалы: әдейі, қасақана, жорта.

◆ Дұрыс жауабын табыңыз.

Ол көршісін ... көрмегенсіп, қасынан амандаспай өте шықты.

- A) әзер
- B) әрең
- C) әдейі
- D) үнемі

Т

- 1) әзер – іс-әрекеттің орындалу амалы көрсетілген;
- 2) әрең – іс-әрекеттің мақсаты емес, сипаты көрсетілген;
- 3) әдейі – қимылдың орындалу мақсаты берілген;
- 4) үнемі – іс-әрекеттің ұдайы жүзеге асу амалы көрсетілген.

◆ Қимылдың мақсатын білдіретін сөздерді табыңыз.

- A) әдейі, жорта, қасақана
- B) сонша, мұнша, соғұрлым
- C) босқа, бекерге, лажсыздан
- D) әрең, ақырын, қаннен-қаперсіз

Т

- 1) Іс-әрекеттің мақсатын көрсететін сөздердің қатары берілген;
- 2) Қимылдың жүзеге асу амалын қатысты сөздер қатары берілген;
- 3) Іс-әрекеттің орындалу себеп-салдарын білдіретін сөздер көрсетілген;
- 4) Қимылдың іске асуының сындық белгілері бар сөздер көрсетілген.

◆ Асты сызылған сөзге мәндес сөзді табыңыз.

Қызының сөзін жорта естімегендей отыра берді.

- A) бүгін
- B) қасақана
- C) мұншама
- D) құр босқа

Т

- 1) бүгін – қимылдың орындалу мезгілі берілген;
- 2) қасақана – іс-әрекеттің орындалу мақсаты көрсетілген;
- 3) мұншама – іс-әрекеттің сипаты емес, мөлшері көрсетілген;
- 4) құр босқа – іс-әрекеттің жүзеге асу амалы көрсетілген.

121 Сөйлемді толықтырыңыз.

Ағасы оқуға түспей, жұмыс істеймін деген ойына ... келісімін бермеді.

- A) көп
- B) зорға
- C) әдейі
- D) жаңаша

122 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

... жасалған қылмыстың жазасы ауыр.

- A) Әбден
- B) Бекерге
- C) Қасақана
- D) Шарасыздан

123 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Оны осы жиынға ... шақырған сияқты.

- A) әбден
- B) әдейі
- C) ілгері
- D) жақсы

124 Тиісті сөзбен сөйлемді толықтырыңыз.

Ержан мән-жайды ... анасына сыр білдірмеді.

- A) жорта
- B) қасақана
- C) біле тұра
- D) бекерден

125 Сөйлемді толықтырыңыз.

Ақтаудағы іссапарына ... ұшақпен ұшып барды.

- A) біле
- B) әдейі
- C) арнайы
- D) көре тұра

Себеп-салдар үстеулері

Ё

Себеп-салдар үстеулері іс-әрекеттің жүзеге асу себебін, салдарын білдіреді. Сауалдары: неліктен?, не себепті? Мысалы: құр босқа, бостан-босқа, амалсыздан, шарасыздықтан, лажсыздан, бекерге.

◆ Сөйлемді толықтырыңыз.

Қаражатыңды ... жұмсай берме!

- A) тең-теңімен
- B) рет-ретімен
- C) тектен-текке
- D) топ-тобымен

Т

- 1) тең-теңімен – сөйлемдегі ой желісіне сай емес;
- 2) рет-ретімен – сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес келмейді;
- 3) тектен-текке – сөйлемдегі ой желісіне сай келеді;
- 4) топ-тобымен – сөйлемді толықтыра алмайды.

◆ «Шарасыздан» сөзін ауыстыруға болатын сөзді табыңыз.

Денсаулығым нашарлап, шарасыздан жазғы демалысымызды саяжайда өткізетін болдық.

- A) лезде
- B) жоққа
- C) тікелей
- D) амалсыздан



- 1) жоққа – шарасыздан сөзін алмастыра алмайды;
- 2) лезде – себепті емес, жылдамдықты білдіреді;
- 3) тікелей – шарасыздан сөзімен мағыналас емес;
- 4) амалсыздан – шарасыздан сөзіне мәнделес сөз.

◆ Себеп мәнді қатарды көрсетіңіз.

- A) Жұмысқа тұрмақ болып ол қалаға әдейі келді.
- B) Болатхан амалсыздан ауыр жұмысқа орналасты.
- C) Жаңа зауытта қаншама бос жұмыс орны бар екен.
- D) Мамандығына сай жұмыс таппай қиналып зорға жүр.



- 1) әдейі – іс-әрекеттің мақсаты көрсетілген;
- 2) амалсыздан – іс-әрекеттің орындалу себебі көрсетеді;
- 3) қаншама – бос жұмыс орнының саны туралы мәлімет көрсетілген;
- 4) зорға – сөйлемде жалпы ақпарат берілген.

126 Дұрыс жауабын табыңыз.

Бақытжан кері алып кеткісі келмей, мына малын ... арзан берді.

- A) әдейі
- B) босқа
- C) құр босқа
- D) лажсыздан

127 Дұрыс жауабын табыңыз.

Шынтас шаруасы бітпегендіктен, ... аудан орталығына тағы келді.

- A) босқа
- B) шарасыз
- C) амалсыздан
- D) кезек-кезек

128 Қажетті сөзді қойыңыз.

Қап! Іздеп келген адамымыз жоқ екен, келіппіз.

- A) баяу
- B) бекер
- C) жылдам
- D) ақырын

129 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Ауырып отырсам да, ... апамның туған күніне бардым.

- A) керемет
- B) құр босқа
- C) бірқыдыру
- D) амалсыздан

Айсұлу, сіз ... келдіңіз, бұл мекеме сенбіде жұмыс істемейді.

- A) бекерге
- B) біршама
- C) бір жолата
- D) шарасыздан

Топтау үстеулері

Ё

Топтау үстеулер іс-әрекеттің бірнеше адам бірігіп топтаса жүріп жүзеге асуын білдіреді. Сұрақтары: қаншалап?, нешелеп?, қаншадан?, нешеден? Мысалы: екі-екіден, төртеулеп, топ-тобымен, екеулеп.

◆ Тиісті сөзді қойыңыз.

Жас келін артынан келген жасауын ... жинап, отауын жайнатып қойыпты.

- A) аз-аздап
- B) рет-ретімен
- C) топ-тобымен
- D) шет-шетінен

Т

- 1) аз-аздап – сөйлемдегі ой желісіне сай емес;
- 2) рет-ретімен – сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес келеді;
- 3) топ-тобымен – сөйлемдегі ой желісіне сай келмейді;
- 4) шет-шетінен – сөйлемді толықтыра алмайды.

◆ Дұрыс жауабын табыңыз.

Келген қонақтарды қайын сіңлісімен ... жүріп күтті.

- A) шеттеп
- B) екеулеп
- C) бір-бірлеп
- D) көп-көптен

Т

- 1) шеттеп – жүріп күтті күрделі сөзімен тіркеспейді;
- 2) екеулеп – сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес келеді;
- 3) бір-бірлеп – сөйлемді толықтыра алмайды;
- 4) көп-көптен – сөйлемдегі ой желісіне сай келмейді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Бұл отырған жұрт ... бекерге жиналған жоқ.

- A) бас-басына
- B) тең-теңімен
- C) топ-тобымен
- D) қос-қосымен

Т

- 1) бас-басына – сөйлемдегі ой желісіне сай келмейді;
- 2) тең-теңімен – сөйлемді толықтыра алмайды;
- 3) топ-тобымен – сөйлемдегі ой желісіне сай келеді;
- 4) қос-қосымен – сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес келмейді.

131 Сөйлемді толықтырыңыз.

Әншілер сахнаға ... шыға бастады.

- A) бір-бірден
- B) азды-көпті
- C) тең-теңімен
- D) бірен-саран

132 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Бастықтың қабылдауына ... кіріп шықты.

- A) аз-аз
- B) екі-екіден
- C) үйді-үйлеп
- D) тең-теңімен

133 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Көлдегі аққулар ... жүзіп барады.

- A) дәлме-дәл
- B) азды-көпті
- C) тұс-тұсында
- D) жұп-жұбымен

134 Дұрыс жауабын табыңыз.

Той иесі келген қонақтарды ... орналастырды.

- A) соншама
- B) бас-басына
- C) рет-ретімен
- D) тең-теңімен

135 Дұрыс жауабын табыңыз.

Жарысқа келгендер ... бөлініп күш сынасты.

- A) реттеп
- B) екеулеп
- C) үш-үштен
- D) көп-көптен

Шарттық жалғаулық шылаулары

Ё

Шылау сөздер толық лексикалық мағынасы жоқ сөздер болғандықтан белгілі бір ұғымды білдірмейді. Алайда шылаулар зат есім, сын есім, сан есім, есімдік сияқты сөз таптарымен тіркесіп, олардың мағынасын толықтыру, нақтылай түсу үшін көмекшілік қызмет атқарады. Шылаулардың мағынасы мен атқаратын қызметі бірдей емес. Олар осы ерекшеліктеріне қарай 3 топқа бөлінеді: 1. Септеулік шылаулар;

2. Жалғаулық шылаулар; 3. Демеулік шылаулар.

Шарттық жалғаулық шылаулар сабақтас құрмалас сөйлемдердің ара-қатынасын көрсету үшін, сабақтас құрмалас сөйлемнің басыңқы және бағыныңқы компоненттерінің бір-бірімен байланыстырушы дәнекер ретінде қолданылады да, шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалуына көмекші қызмет атқарады. Шарттық жалғаулық шылауларға мына көмекші сөздер жатады: егер, егер де, онда, алда-жалда. Мысалы: Алда-жалда сен оны кездестіретін болсаң, онда оған ұмытпай менің сәлемімді айт.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті жалғаулықтарды қойыңыз.

... сіз сөйлейтін болсаңыз, ... мен слайдтарды көрсетіп тұрамын.

- A) Егер де, онда
- B) Әйтпесе, сонда
- C) Әйтсе де, демек
- D) Сол себепті, яғни

Т

- 1) Егер де, онда – шарттық мәнді көмекші сөздер сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес келеді;
- 2) Әйтпесе, сонда – сөйлемдегі ой желісіне сай келмейді;
- 3) Әйтсе де, демек – көмекші сөздер бұл сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстыра алмайды;
- 4) Сол себепті, яғни – сөйлемді толықтыра алмайды.

◆ Сөйлемді жалғастырыңыз.

Егер бұл туралы «Хабар» арнасынан айтпаса,

- A) мен көп нәрсе түсіндім
- B) онда халық дұрыс түсінбей қалады
- C) сараптамалық бағдарламалар жоқ екен
- D) олар осы арнаның қызметіне риза болды

Т

- 1) сөйлемді аяқтай алмайды;
- 2) жай сөйлем айтылған ойдың шартына сәйкес келеді;
- 3) жай сөйлем бұл сөйлемді мағыналық жақтан толықтыра алмайды;
- 4) қатар сөйлемдегі ой желісін жалғастыра алмайды.

◆ Шарттық мәнін білдіретін сөйлемді белгілеңіз.

- A) Биыл біздің жақта жаз өте ыстық болды.
- B) Биыл қыс суық болады, дейді, білетін кісілер.
- C) Былтыр қыс жайлы болды, жаз да өте ыстық болмады.
- D) Егер жаз өте ыстық болса, онда қыс та қатты болады.

Т

- 1) сөйлем – хабарлы сөйлем;
- 2) сөйлем – шарттық мәнді білдірмейді;
- 3) құрмалас сөйлем – ыңғайластық мәнде айтылған;
- 4) құрмалас сөйлем – шарттық мәнді білдіреді.

136 Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді белгілеңіз.

Бас қақпашы сен бол, ... ұтылып қалуымыз мүмкін.

- A) егер
- B) бірде
- C) демек
- D) әйтпесе

137 Шарттық мәнін білдіретін сөйлемді белгілеңіз.

- A) Қыстыгүні қалың қардан балалар аққала жасап ойнады.
- B) Егер қыста қар қалың болса, жазда жер ылғалды болады.
- C) Ауыл адамдары қыстың қамын жазда ойлап, шаруаға ерте қамданады.
- D) Өткен жылы қыста қар қалың болып, кей жерлерде жол жабылып қалды.

138 Көп нүктенің орнына қажетті жалғаулықты қойыңыз.

... тіпті қиын болса, сырттай бөлімге тапсыр.

- A) Кейде
- B) Демек
- C) Өйткені
- D) Алда-жалда

139 Шарттық мәнді сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Менің бақытты өмір сүргім келеді.
- B) Оның өзі сүйген жанға бақыт сыйлағысы келеді.
- C) Бақытты болғың келсе, өзгелерді бақытты ете біл.
- D) Жас жұбайлар тату-тәтті, бақытты өмір сүріп жатыр.

140 Сөйлемді толықтырыңыз.

... телеарналардан ұлттық тәрбие туралы бағдарламалар жиі берілсе, ... оның жас ұрпаққа пайдасы көп болар еді.

- A) Егер, онда
- B) Сол себепті
- C) Яғни, алайда
- D) Немесе, әлде

Талғаулықты жалғаулық шылаулары

Ё

Талғаулықты жалғаулық шылаулары сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады. Талғаулықты жалғаулық шылаулары кейбір (талғаулықты салалас) сөйлемдерде айтылған ойдың, іс-әрекеттің біреуінің ғана жүзеге асу мүмкіндігін білдіру үшін немесе құрмалас сөйлемдерде салаласа байланысқан сыңарларының бірінен соң бірін талғап, не талдап яки (кезектес салалас) құрмалас сөйлемдерде іс-әрекеттің кезектесіп орындалатындығын білдіру үшін қолданылады. Талғаулықты жалғаулық шылаулардың тобына: **кейде, біресе, бірде, әлде, яки, я, не, не болмаса, немесе, құй, мейлі** көмекші сөздері жатады.

Кейде, біресе, бірде талғаулықты жалғаулық шылаулар бір-бірімен мағыналас, сөйлемдерде айтылған ойдың, іс-әрекеттің алма кезектесіп жүзеге асатындығын білдіреді. Мысалы: Бүгін біресе жаңбыр жауды, біресе қар жауды.

Яки, я, не, не болмаса, болмаса, немесе талғаулықты шылаулары сөйлемдерде айтылған ойдың, іс-әрекеттің біреуінің ғана орындалуының мүмкін екендігін білдіреді. Мысалы: **Не** ғылым жоқ, **немесе** еңбек те жоқ. Ең **болмаса** кеттің ғой мал баға алмай (Абай).

Құй, мейлі талғаулықты шылаулары сөйлемдегі айтылған ойға, оқиға, іс-әрекетке қатысты немқұрайдылық мәнін білдіреді. Мысалы: Ол биыл **мейлі** оқуға түсін, **мейлі** түспесін, маған бәрібір.

Әлде талғаулықты шылау сөйлемдегі айтылған ойға оқиға, іс-әрекетке қатысты күмәндану, күдіктену мәнін білдіреді. Мысалы: **Әлде** шынымен ұялшақ па, **әлде** оның бұл қылығы жасандылық па, ол жағын анық біле алмадым.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

Бүгін ... теледидар қараймын, ... интернетке кіремін.

- A) не
- B) онда
- C) бірде
- D) ендеше

Т

- 1) не – сөйлемдегі ой желісіне сәйкес;
- 2) онда – көмекші сөз сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес келмейді;
- 3) бірде – көмекші сөз қимылдың кезектесуін білдіреді;
- 4) ендеше – сөйлемді мағыналық жақтан толықтыра алмайды.

◆ Сөйлемді толықтырыңыз.

Ұл-қыздарымыздың ана тілін білмеуі ... шала білуі мені қатты қынжылтады.

(Б. Момышұлы)

- A) егер
- B) онда
- C) біресе
- D) немесе

Т

- 1) егер – сөйлемдегі ой желісіне сәйкес емес;
- 2) онда – көмекші сөз сөйлемді мағыналық жақтан толықтыра алмайды;
- 3) біресе – сөйлемдегі ой желісіне сай келмейді;
- 4) немесе – сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес келеді.

◆ Айтылған ойдың біреуі ғана жүзеге асуы мүмкін қатарды табыңыз.

- A) Бүгін мен сабақтан соң би үйірмесіне барамын.
- B) Сабақтан кейін, түс қайта, кітапханаға барып дайындаламын.
- C) Сабақтан соң кітапханаға барамын немесе ғаламтор-клубқа барамын.
- D) Түстен кейін сабақтан шыға салып ғаламтор-клубқа кіріп, рефератқа қажетті мәлімет алуым керек.



- 1) Қимыл иесінің ниетін хабарлап тұр;
- 2) Сөйлем – хабарлы жай сөйлем,
- 3) Құрмалас сөйлемнің сыңарының бірінде ғана қимылдың орындалуы мүмкін;
- 4) Құрмалас сөйлемнің сыңарлары мезгілдес мәнде айтылған.

141 Сөйлемді толықтырыңыз.

Республика сарайы концерт, ... кеш өткізу үшін қолайлы.

- A) өйткенмен
- B) не болмаса
- C) сондықтан
- D) олай болса

142 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Апамды ауруханаға сен апарарсың, ... мен жұмыстан сұранармын.

- A) кейде
- B) өйткені
- C) болмаса
- D) олай болса

143 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Түнгі ауысымға ... сен, ... мен кезектесіп шығайық.

- A) не
- B) онда
- C) мейлі
- D) демек

144 Айтылған ойдың тек біреуі жүзеге асуы мүмкін қатарды табыңыз.

- A) Нұрсұлудың журналист болғысы келеді.
- B) Асылжан дәрігер не биолог болғысы келеді.
- C) Маған геодезист-картограф мамандығы ұнайды.
- D) Аружан инженер-технолог мамандығын таңдады.

145 Іс-әрекеттің біреуі ғана орындалуы мүмкін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) ҚазҰУ-дың химия факультетіне түскім келеді.
- B) Нұрсұлу мектепті бітірген соң ҚазҰУ-ға оқуға түседі.
- C) Айбектің «Назарбаев университетіне» оқуға түскісі келеді.
- D) Аттестатты алған соң оқуға түсу үшін не Алматыға, не Астанаға барамын.

Демеулік

Ё

Айқындағыш жалғаулық шылаулары сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді байланыстырады да, сөйлемде алдыңғы айтылған ойды кейінгі айтылған оймен айқындап, саралап түсіндіре түсу үшін қолданылады. Айқындағыш жалғаулық шылауларға **яғни, демек** көмекші сөздері жатады.

Мысалы: Көмек сұрап келіп қалған екенсің, **демек**, бізге сенім артқаның ғой.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ғылым – күш-қуат, ... ол заттардың қарым-қатынасын, заңдарын ашып береді.

- A) не
- B) яғни
- C) бірақ
- D) дегенмен

Т

- 1) не сөзі сөйлемдегі ойға сай келмейді;
- 2) яғни сөзі сөйлемдегі ойды нақтылай түседі;
- 3) бірақ сөзі сөйлемдегі ойды айқындай алмайды;
- 4) дегенмен сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

... ол бұл мәселені алдын ала білген ғой.

- A) Егер
- B) Демек
- C) Қазір
- D) Кейде

Т

- 1) Егер – сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді;
- 2) Демек сөзі сөйлемдегі айтылған ойды айқындай түседі;
- 3) Қазір сөзі сөйлемге мағыналық жақтан үйлеспейді;
- 4) Кейде сөзі сөйлемдегі айтылған ойға мағыналық жақтан сәйкес келмейді.

◆ Айтылған ойды айқындап тұрған қатарды көрсетіңіз.

- A) Жас маман зауытты түгел аралап, жұмысшылармен әңгімелесті.
- B) Зауытқа келген жас маман цехтарды аралап, жұмыспен танысты.
- C) Зауытқа жаңадан келген ол зауыттың тыныс-тіршілігін білу үшін цехтарды аралады.
- D) Жұмыс орнымен танысқан екенсің, демек, енді іске кіріскенің жөн.

Т

- 1) сөйлемде жас маманның іс-әрекеті туралы хабарланған;
- 2) сөйлемде берілген ой айқындалмаған;
- 3) сөйлемдегі ой нақтыланбаған;
- 4) демек сөзі сөйлеушінің ойын айқындай түседі.

146 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз..

Ғылымның рөлі – қызмет ету, ... ол игілікке жету құралы болып табылады.

- A) егер
- B) бірақ
- C) демек
- D) немесе

147 Көп нүктенің орнына қажетті жалғаулықты белгілеңіз.

Арамыздағы ең үлкені Айдын, ... оған сөз берейік.

- A) егер
- B) және
- C) ендеше
- D) әйтсе де

- 148 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.
Мен өткен жазда, ... 2009 жылы Түркістанға барып қайттым.
А) яғни
В) егер
С) бірақ
D) мүмкін

- 149 Айтылған ойды айқындап тұрған қатарды көрсетіңіз.
А) Айжан тігін ательесіне жұмысқа орналасты.
В) Мен тоқыма фабрикасына жұмысқа тұрдым.
С) Ол – өте шебер тігінші, әйелдердің киімін өте жақсы тігеді.
D) Тігін ательесімен еңбек келісімін жасады, яғни келісімде жалақысының жоғары болатындығы жайлы көрсетілген болар.

- 150 Айтылған ойды айқындап тұрған қатарды көрсетіңіз.
А) Айнұр былтырдан бері Астанада жұмыс істеп жүр.
В) Біз Астанаға биыл келдік, қазір осында оқып жүрміз.
С) Осы жылы Астанаға ата-анамыз да қыдырып келмекші.
D) Айнұр Астанаға былтыр келген, яғни бізден бір жыл бұрын келген ғой.

Салалас құрмалас сөйлемдер Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем

Е

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем деп құрамындағы жай сөйлемдерде айтылған ой, оқиға, іс-әрекеттің бір-біріне мезгілдес, бағыттал, ыңғайлас болып келетін сөйлем түрін айтамыз. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем жасалу жолына қарай жалғаулықты және жалғаулықсыз болып бөлінеді.

Ыңғайлас салаластың жалғаулықтары: да, де, әрі, және. Жалғаулықсыз ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем: Күз келді, күн суытты.

Жалғаулықты ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем: Күз келді де, күн суытты.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Мен ағама тілек айттым

- А) өлеңімді оқып бердім
В) әкем ақ батасын берсе да
С) бірақ азық-түлік дүкеніне бардым
D) сондықтан үйден керекті затын алып шықты

Т

- 1) алдыңғы сөйлеммен мағыналық жақтан үйлесіп ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем түзілген;
2) баяндауышы тиянақсыз, сөйлемді аяқтай алмады;
3) берілген ой мазмұны мағыналық жақтан сәйкеспейді;
4) алдыңғы сөйлеммен мағыналық жақтан сәйкес келмейді.

- ◆ Сөйлемнің екінші сыңарын көрсетіңіз.

Отбасының кенжесі ерке болады

- А) және бәріне үлгеру керек
В) әрі айтқанын орындатады
С) жалқаулығы ұстап қалды
D) жарасымды отбасын құрады

Т

- 1) алдыңғы сөйлеммен мағыналық жақтан үйлеспейді;
2) алдыңғы сөйлеммен мағыналық жақтан сәйкес келеді;
3) алдыңғы сөйлем ауыспалы келер шақта қолданылған, сондықтан тұлғалық жағынан сәйкес келмейді;
4) алдыңғы ойға мағыналық жақтан үйлеспейді.

◆ Ыңғайлас мәнді құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Үй иесі қонағын шығарып салды да үйіне тез оралды.
 B) Олар әкесінің шақыртуымен ауылға арнайы ат басын бұрды.
 C) Жолаушылар қала шетіндегі елеусіз шағын қонақ үйге түсті.
 D) Ерболдың шаруасы тығыз екен, жолда бөгелместен бірден қалаға тартты.



- 1) сөйлемдер өзара ыңғайластық қатынасқа құрылған;
 2) жай, хабарлы сөйлем;
 3) ыңғайлас мәнді құрмалас сөйлем бола алмайды, жай сөйлем;
 4) сөйлемде іс-әрекеттің себебін көрсетілген.

151 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Адамның жас кезінде энергиясы күшті болады

- A) және бәріне де үлгереді
 B) әрі қуанышына ортақ боламыз
 C) да әдеби басылымдарды үзбей оқиды
 D) әрі шығынды есептеп отырғаны дұрыс

152 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Ерсұлтан көлігінің дөңгелегін ауыстырды,

- A) тексеруге уақыты болды
 B) әрі көлігінің ішін тазартып қойды
 C) себебі уақтылы тазалап тұруы керек
 D) оған жүктерін салып жібергісі келді

153 Ыңғайлас мәнде сөйлемді табыңыз.

- A) Аяулым ісін тез бітірді де, ауылға қайтуға жиналды.
 B) Қален бір шаруасы болғандықтан, қалаға ерте аттанды.
 C) Мараттың ісі ұзаққа созылып кетті, сондықтан қазір кете алмайды.
 D) Алмастардың шаруасы құрылысқа қажет осы бір құрал-жабдықтарды табу еді.

154 Ыңғайлас мәнді сөйлемді табыңыз.

- A) Үй иесі келген қонақтарды төргі бөлмеге кіргізді.
 B) Дастарқанға бауырсақ пен тәтті тоқаштарды салды.
 C) Оларға құрақ көрпешелер төселді, дастарқан жасалды.
 D) Дастарқан жасалып болғанмен, Айбек самаурынды әкелмеді.

155 Ыңғайлас мәнді сөйлемді табыңыз.

- A) Балзия қонақтарға дәмді тамақ пісірді.
 B) Ет желініп болғаннан кейін қонақтар алма-кезек өнер көрсетті.
 C) Дастархан басындағылар тамақ ішіп болды да, ақсақал бата берді.
 D) Қонақтардың бірі ән салса, екіншісі күй тартты, бәрі шетінен өнерлі екен.

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем

Е Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем деп құрамындағы жай сөйлемдердің бірінде айтылған ойға, іс-әрекетке екіншісі қарама-қарсы мәнде болатын салалас құрмалас сөйлемді айтамыз. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер жасалу жолына қарай жалғаулықты және жалғаулықсыз болып бөлінеді. Қарсылықты салаластың жалғаулықтары: алайда, бірақ, дегенмен, сонда да, әйтсе де, әйткенмен, сөйтсе де, сөйткенмен.

Жалғаулықсыз қарсылықты салалас сөйлем жалғаулықсыз жазылған кезде бірінші сыңарынан кейін үтір қойылып, жалғаулықтың орнына сызықша қойылады. Мысалы: Күн жарқырап тұр, – соқыр жаңбыр себелей бастады.

Жалғаулықты қарсылықты салалас сөйлем: Күн жарқырап тұр, бірақ соқыр жаңбыр себелей бастады.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Хатшы қыздың жауап бергісі жоқ,

- A) сонда да керек мәліметті сұрап алдық
- B) сондықтан есікті жауып қойғаны ұнамады
- C) әрі екінші қабаттағы ғимаратта орналасқан
- D) бірақ өзімен-өзі телефонмен сөйлесіп отырды



- 1) алдыңғы сөйлемдегі ойға мағыналық жақтан сәйкес келеді;
- 2) алдыңғы сөйлеммен мағыналық байланысы жоқ;
- 3) сөйлемдегі айтылған ойға мағыналық жақтан сәйкес келмейді;
- 4) жоғарыда айтылған ойға сәйкеспейді.

◆ Сөйлемді жалғастырыңыз.

Жасаған талдауларыңызды түсіну қиындау екен,

- A) немесе ол жауап береді
- B) себебі жауап бере алмайды
- C) алайда ұғуға тырысып көрейік
- D) онда жауабын ойластырарсындар



- 1) алдыңғы сөйлеммен мағыналық байланыс жоқ;
- 2) алдыңғы сөйлемдегі ойға мағыналық жақтан сәйкеспейді;
- 3) алдыңғы сөйлемдегі ойға мағыналық жақтан сәйкеседі;
- 4) алдыңғы сөйлемдегі ойға мағыналық жақтан сәйкеспейді.

◆ Қарсылықты мәндегі сөйлем қатарын көрсетіңіз.

- A) Балалар ақ қардан аққала соғып ойнап жүр.
- B) Қыс келіп, дала қайта ақ көрпесіне оранды.
- C) Қыс түсті, күн суытты, адамдар жылы киінді.
- D) Далада қар жауып тұр, бірақ күн өте суық емес.



- 1) арнайы ақпарат қана хабарланған, қарсылықты мәнді білдірмейді;
- 2) сөйлемдегі ой мезгілдес мәнде айтылған;
- 3) ақпарат мезгілдес, бағыттас мәнде айтылған;
- 4) сөйлемдегі ой бір-біріне қарсы мәнде қолданылған.

156 Сөйлемнің жалғасын табыңыз.

Биылғы жылы елімізде табиғат апаттары көп болды,

- A) ол көптеген жетістіктерге жетті
- B) және басқа халықтар жалғастырды
- C) себебі қуанышты жағдайлар көп болды
- D) бірақ біз бірліктің арқасында қиындықты жеңеміз

157 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Күлкі адам өмірін ұзартады,

- A) дегенмен өзін күтіп жүргенге не жетсін
- B) неге десеңіз, адамның миы тынығуы қажет
- C) әйтсе де кез келген жерде күлу – әбес қылық
- D) я болмаса, адам өміріне пайда келтіреді деп айта алмаймыз

158 Қарсы мәндес құрмалас сөйлемді анықтаңыз.

- A) Қазақстан дүниежүзі қазақтарының тарихи отаны және мәдени-рухани орталығы болып саналады, дегенмен де сырттан келген ағайын ана тілінде қарым-қатынас жасауда, құжаттар ресімдеуде қағажу көріп жатады.
- B) Қазақстан – дүниежүзі қазақтарының тарихи отаны және мәдени-рухани орталығы, сондықтан шеттегі ағайынға, әсіресе, жастарға ана тілімізде білім алуына көмектесуіміз керек.
- C) Қазақстан – дүниежүзі қазақтарының тарихи отаны және мәдени-рухани орталығы.
- D) Қазақстан – дүниежүзі қазақтарының атамекені, сонымен қатар мәдени-рухани орталығы болып табылады.

159 Сөйлемді аяқтаңыз.

Дүниеде өз еліңнен басқа ел көп, дегенмен

- A) азамат өмірі – Отандікі
- B) туған ел – ең ибалы сезім
- C) бәріміздің туған жеріміз бір
- D) адамның анасы да жалғыз, Отаны да жалғыз

160 Қарсы мәндес құрмалас сөйлемді анықтаңыз.

- A) Дүниежүзі қазақтарының ІҮ Құрылтайында көші-қонға қатысты көптеген мәселелер талқыланды.
- B) Дүниежүзі қазақтарының ІҮ Құрылтайында көші-қонға қатысты көптеген мәселелер талқыланып, жаңа заң жобасына ұсыныстар мен түзетулер енгізілді.
- C) Дүниежүзі қазақтарының ІҮ Құрылтайында көші-қонға қатысты жайттар талқыланды, алайда кейбір мәселелер толық шешімін таппады.
- D) Дүниежүзі қазақтарының ІҮ Құрылтайында көші-қонға және азаматтық алуға қатысты кедергілерді жою мәселесі қаралды.

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем

Е **Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем** деп құрамындағы жай сөйлемдердің бірінде айтылған ойдың себебі берілсе, екіншісі оның салдарын білдіретін салалас құрмалас сөйлемді айтамыз. Жалғаулықтары: **себебі, өйткені, сол себепті, сол үшін, неге десең, сондықтан.**

Мысалы: Айжан кеше ауырып қалды, сондықтан бүгін сабаққа келмейді.

◆ Сөйлемді аяқтаңыз.

Кітап – өмір ұстазы, сондықтан

- A) кітап – құдіретті қару
- B) үйренудің ең жақсы түрі
- C) кітап оқуды күнделікті әдет қылмау керек
- D) кітап оқымай өмір сүру, білім алу мүмкін

Т

- 1) сөйлеушінің ойын жалғастыра алады;
- 2) айтылған ойды мағыналық жақтан толықтыра алмайды;
- 3) сөйлем болымсыздық мағынада қолданылған;
- 4) айтылған ойға мүлдем үйлеспейді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Ғылымда кең даңғыл жоқ, сол себепті

- A) ғылым өмірге қызмет етеді
- B) ғылыми еңбек адамды надандықтан құтқарады
- C) оның сәулетті шыңына шаршап – шалдығудан қорықпайды
- D) оның шыңына тырмысып өрлей беретін адам ғана шыға алады

Т

- 1) айтылған ақпаратқа сәйкес емес;
- 2) айтылған ойды толықтыра алмайды;
- 3) сөйлемге мағыналық жақтан үйлеспейді;
- 4) айтылған ақпаратты толықтыра алады.

◆ Себеп мәнді сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Ауылға көшейін деп олар заттарын жиыстырып жатыр.
- B) Олар анасының тілегі бойынша ауылға қайта көшіп кетпекші.
- C) Анасының тілегі сол болып отыр, сондықтан да ауылға қайта көшті.
- D) Бәрінің де ауылға барғысы келмеді, бірақ ана тілегін жерге тастай алмады.

Т

- 1) Жалпы ақпарат қана айтылған;
- 2) Сөйлемнің біреудің қалауын білдіріп тұр;
- 3) Сөйлемнің бірінде айтылған ойдың себебін екіншісі білдіріп тұр;
- 4) Сөйлемнің сыңарлары қарсы мәнде айтылған.

161 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Ол театрда басты рөлде ойнайды, сол себепті

- A) я қабылдамай кетеді
- B) кітаптармен танысып жатты
- C) түстен кейін жиналысқа кетеді
- D) сөйлейтін сөздерін жаттап отыр

162 Себеп мәнді сөйлемді табыңыз.

- A) Ауылдың тұрмысын жақсарту керек, сондықтан білікті мамандарды ауылға тарту керек.
- B) Ауылға келген жас мамандарға көптеген жеңілдіктер беріледі.
- C) Отаншыл жастар «Дипломмен – ауылға» ұранына қолдау көрсетті.
- D) Ауылға жұмыс істеуге келген жастарды жергілікті басшылық құшақ жая қарсы алды.

163 Сөйлемнің екінші сыңарын көрсетіңіз.

Маған бұл тапсырманы бүгін аяқтау керек, себебі

- A) басты мәселе - оқу
- B) қызық кітап оқыдым
- C) жұмыс істеген өзің үшін тиімді
- D) ертең іссапарға кеткелі жатырмын

164 Айтылған ойдың себеп-салдарын білдіретін құрмалас сөйлемді белгілеңіз.

- A) «Хабар» телеарнасы - біздің қызыға көретін сүйікті телеарнамыз.
- B) «Хабар» телеарнасы қызықты телебағдарламаларды жиі көрсетеді.
- C) Мен «Хабар» телеарнасындағы қызықты бағдарламаларды үзбей көремін.
- D) Біз отбасымызбен «Хабар» телеарнасын тамашалағанды ұнатамыз, себебі бұл арнада қызықты телебағдарлама көп.

165 Іс-әрекеттің себебін білдіретін құрмалас сөйлемді белгілеңіз.

- A) Мен қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз материалдарын оқығанды жақсы көремін.
- B) Гүлдана бос уақытында қазақ баспа сөзінің газеттерін оқығанды ұнатады.
- C) Гүлбану жыл сайын «Ана тілі» газетіне жазылады, ал мен «Қазақ әдебиеті» газетіне жазыламын.
- D) Біз қазақ тіліндегі басылымдарды көп жаздырып аламыз, себебі қазақ тілді басылымдарда елтанымдық материалдар көп жариланады.

Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем

Е Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем деп құрамындағы жай сөйлемдерінде айтылған ойдың, оқиғаның, іс-әрекеттің біреуі ғана орындалуы мүмкін екендігін білдіретін салалас құрмаласты айтамыз. Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем әрқашан да жалғаулықты болады. Жалғаулықтары: **я, яки, не, немесе, болмаса, не болмаса, әлде, мейлі**. Мысалы: Ертең киноға **не** Дарқан барар, **не** сен барарсың.

◆ Сөйлемнің дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.

Кітап оқудан жалықпа, әйтпесе

- A) өміріңді анағұрлым жеңілдетеді
- B) оқығаныңды көңіліңе тоқи білесің
- C) оларды мүлде оқудан тыйылмайсың
- D) жадында ұстау қабілетің нашарлайды



- 1) айтылған ойды жалғастыра алмайды;
- 2) айтылған ойды толықтыра алмайды;
- 3) жоғарыда айтылған ойға мүлдем үйлеспейді;
- 4) мағыналық жақтан сөйлемді аяқтай алады.

◆ Іс-әрекеттің біреуі ғана орындалуы мүмкін құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Жаңбыр жауған соң, сулығымды киіп алдым.
- B) Ертең жаңбыр жауады, сондықтан жасыл күртешемді киемін.
- C) Жолға шыққанда жаңбыр жауып қалар деп, күртешемді ала шықтым.
- D) Ертең жаңбыр жауса, не қызыл күртешемді киемін, не көк сулығымды киемін.



- 1) іс-әрекеттің себебі айтылған;
- 2) алда орындалатын әрекеттен хабар береді;
- 3) айтылған ой себеп мәніне құрылған;
- 4) айтылған іс-әрекеттің біреуі ғана орындалуы мүмкін;

◆ Айтылған ойдың біреуі ғана жүзеге асуы мүмкін қатарды көрсетіңіз.

- A) Ауылға жұмыс істеуге жас мамандар көп келіп жатыр.
- B) Жас маман отбасымен бірге ауылға біржола көшіп келді.
- C) Ауылда табысты жұмыс істеп жүрген жас мамандар аз емес.
- D) Жас досым, ауылға біржола келдің бе, әлде қайта көшіп кетесің бе?



- 1) іс-әрекеттің орындалуы не орындалмауы туралы ақпарат жоқ;
- 2) тиянақты ойға құрылған сөйлем;
- 3) белгілі бір ақпарат жайлы хабар береді;
- 4) айтылған іс-әрекеттің біреуі ғана орындалуы мүмкін.

166 Көп нүктенің орнына дұрыс нұсқасын қойыңыз.

Ұзақ жылдар бойы көрмеген ағасын көріп не жыларын,

- A) айқайлап жіберді
- B) қатты қуанып кетті
- C) күліп құшақтаса кетті
- D) не қуанарын білмей тұрып қалды

167 Көп нүктенің орнына дұрыс нұсқасын қойыңыз.

Кішкентай інім мен қарындасым біресе тату ойнайды, біресе

- A) далаға шығады
- B) анама көмектеседі
- C) ойыншыққа таласады
- D) қуыршақпен ойнайды

168 Көп нүктенің орнына дұрыс нұсқасын қойыңыз.

Кейде қолым жұмыстан босамайды, кейде

- A) уақыт босамайды
- B) жұмыс босамайды
- C) жұмысымды бастадым
- D) бос уақытым көп болады

169 Іс-әрекеттің біреуі ғана орындалуы мүмкін құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Күн бұлттанып тұр, не жаңбыр жауады, не қар жауады.
- B) Бүгін күн бұлтты, жаңбыр жауып кетуі мүмкін, қолшатырыңды ал.
- C) Ауа райы күрт өзгеріп сала берді, ашық аспанды лезде қарақошқыл бұлт торлап алды.
- D) Күн шелектеп құйып тұрған соң, далаға шыққым келмей үйде отырмын.

170 Айтылған ойдың біреуі ғана жүзеге асуы мүмкін сөйлемді табыңыз.

- A) Мәрзия оқуды бітірген соң, осында қалып жұмыс істегісі келеді.
- B) Айгүл бакалаврды бітірген соң, оқуын ары қарай жалғастырады.
- C) Гүлжиһан өзінің туған ауылына кетпекші болып жүр, Жомарт та ауылына бармақшы.
- D) Ғазиза қалада магистратурада оқуға қалады, немесе ауылға барып жұмыс істейді.

Кезектес салалас құрмалас сөйлем

Е Кезектес салалас құрмалас сөйлем деп құрамындағы жай сөйлемдердегі айтылған ойдың, оқиғаның немесе іс-әрекеттің кезектесіп жүзеге асатындығын білдіретін салалас құрмалас сөйлемді айтамыз. Кезектес салалас құрмалас сөйлемдер жалғаулықты ғана болады. Жалғаулықтары: **кейде, бірде, біресе**. Мысалы: Жұмысқа **кейде** жеке көлігімен барамын, **кейде** қоғамдық көлікпен барамын.

◆ Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Біресе есікті ашқызады,

- A) өйткені күн суық
- B) біресе терезені жаптырады
- C) алайда өзі жылы киініп барады
- D) және бәрімізді түгендеп шықты

Т

- 1) мағыналық жағынан үйлеспейді;
- 2) іс-әрекеттің кезектесіп орындалатындығын білдіреді;
- 3) қарсы мәнде айтылған;
- 4) ыңғайлас мәнде берілген.

◆ Дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Біз кейде түскі үзілісте кездесеміз, кейде

- A) әрі тамақтанып алдық
- B) бос уақыт болғанда жолығамыз
- C) яғни сағат екіге белгіленіп отыр
- D) өйткені адамдар ешқайда асықпайды

Т

- 1) сыңар әрекеттің ыңғайлас орындалатынын білдіреді;
- 2) сыңар іс-әрекетті кезектесіп орындалатындығын білдіреді;
- 3) сыңар айтылған ойды аяқтай алмайды;
- 4) сыңар себеп мәнде берілген.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Айнұр ... айнаға қарап шашын ретке келтіріп қояды, ... бетіне опа жағып қояды.

- A) бірақ
- B) біресе
- C) себебі
- D) алайда

Т

- 1) бірақ – қарсылықты мәнін білдіріп, сөйлемді толықтырмайды;
- 2) біресе – іс-әрекеттің кезектесіп орындалатындығын білдіреді;
- 3) себебі – себеп мәнді білдіреді;
- 4) алайда – сөйлемге қарсылықты мән үстейді.

171 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Қызым мектептен біресе шаршап келеді,

- A) дегенмен ойынға да үлгереді
- B) кейде қуанып шаттанып келеді
- C) бірақ кешке дейін сонда болады
- D) өйткені оқулары қиындап барады

172 Іс-әрекеттің кезектесіп орындалуын білдіретін құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Мен балаларыммен бірге биылғы демалысымды жайлауда өткіздім.
- B) Жазғы демалысымда кейде жайлауға барып демаламын, кейде шипажайға барамын.
- C) Біз алдағы демалыста Көлсайға саяхатқа барайын деп отырмыз.
- D) Болат жазда демалыста студенттер жасағында жұмыс жасамақшы, сондықтан ауылға қайтпайды.

173 Асты сызылған сөзге мағыналас сөзді табыңыз.

Ол жұмысқа кейде жаяу келетін, кейде қала көлігіне отыратын.

- A) бірде
- B) бірақ
- C) дегенмен
- D) сондықтан

174 Кезекпен жүзеге асқан әрекетті көрсететін сөйлемді белгілеңіз.

- A) Жаман жегенін айтады, жақсы көргенін айтады.
- B) Егер тексеруге бастық келсе, онда тексеруге кезекші келмейді.
- C) Екі рет тексеріп келді: бірінде – кезекші, екіншісінде – бастықтың өзі.
- D) Біресе кезекшіні жібереді, біресе өзі келеді.

175 Сөйлемдегі берілген мағына түрін анықтаңыз.

Тамақты кейде мен пісіремін, кейде жолдасым жасайды.

- A) себеп
- B) кезектес
- C) салыстыру
- D) қарсылық

3

Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест

1 Мәндес сөздер қатарын көрсетіңіз.

- A) күлу, ренжу
- B) қуану, өкіну
- C) аялау, мадақтау
- D) еркелеу, наздану

2 Асты сызылған сөзге мәндес сөздерді беріңіз.

Жұмыстың қорытындысымен таныстым.

- A) мәселесімен
- B) нәтижесімен
- C) мазмұнымен
- D) бастамасымен

3 «Қолынан бөзі түскен» тіркесінің мағынасын білдіретін сөзді көрсетіңіз.

- A) пысық
- B) ширақ
- C) болбыр
- D) елгезек

4 Асты сызылған тұрақты тіркестің мағынасын білдіретін күрделі сөзді көрсетіңіз.

Айжан 30-дан асқанда ғана оң мен солын ажырата бастады.

- A) амалы бітті
- B) көп ойланды
- C) не істерін білмеді
- D) ақыл тоқтатты

5 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Мен өз ойымды қазақ ... еркін жеткізе аламын.

- A) тілінде
- B) тілінің
- C) тілімен
- D) тілінен

6 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Жанар мамандар ... жұмысқа тұрды

- A) бөлімін
- B) бөліміне
- C) бөлімінде
- D) бөлімінің

7 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.

Осы аптада тапсырған анализдерімнің нәтижесі

- A) күштірек
- B) мықтылау
- C) дұрысырақ
- D) салмақтырақ

8 Салыстырмалы мағынадағы сөйлемді табыңыз.

- A) Біздің жұмысымыз ауыр болып кетті.
- B) Медбикенің жұмысы да оңай жұмыс емес.
- C) Беделді басшы әрі білімді, әрі ақылды болу керек.
- D) Әйел адамдарға ерлерге қарағанда полицияда жұмыс істеу ауырлау соғады.

9 Күшейту мағынасындағы сөйлемді қойыңыз.

- A) Ұлым жап-жаңа ұялы телефонын жоғалтып алыпты.
- B) Жаңа технологиялар талай биіктерге жеткізері сөзсіз.
- C) Ақшылтым түсті көйлегі өзіне керемет үйлеседі екен.
- D) Жеңгем маған асты басқаларға қарағанда молырақ құйып алып келді.

10 Күшейту мағынасындағы тіркесті қойыңыз.

- A) ала шұбар бұлт
- B) ып-ыстық таба нан
- C) қысқарақ толқынды шаш
- D) қазақтың намысқой ұлы

11 Халықтың жылдық табысын болжап айтып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Швейцарияда халықтың жылдық табысы әр адамға шаққанда жиырма мың доллар.
- B) Швейцарияда халықтың жылдық табысы әр адамға шаққанда жиырма мың доллардан екен.
- C) Швейцарияда халықтың жылдық табысы әр адамға шаққанда жиырма мың долларға жуық екен.
- D) Швейцарияда халықтың жылдық табысы әр адамға шаққанда жиырма мың доллар болады.

12 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.

Мұражайда Есік қорғанынан табылған ... қыш құмыралар тұр.

- A) жүздеп
- B) жүздей
- C) жүзден
- D) жүзге

13 Асты сызылған санды сөзбен көрсетіңіз.

2010 жылы азық қоры портфелінің көлемін 12,6 пайызға төмендетуіміз керек.

- A) он бір бүтін оннан алты
- B) он екі бүтін оннан алты
- C) он екі бүтін жүзден алты
- D) он алты бүтін мыңнан алты

- 14) Жарты жыл тіркесінің дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.
- A) 363-365 күн
 - B) 182-183 күн
 - C) 180-190 күн
 - D) 200-300 күн
- 15) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Жарнамадан ұл келбеті көрініп
- A) тұрсын
 - B) тұрайын
 - C) тұрайық
 - D) тұрыңдар
- 16) Сөйлемді аяқтаңыз.
- Мен таза ауада серуендеп
- A) кел
 - B) келсін
 - C) келіңіз
 - D) келейін
- 17) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Артық салмағыңыз ..., арылуға тырысыңыз.
- A) болса
 - B) бітсе
 - C) кетсе
 - D) кірсе
- 18) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Әуе билетіне телефон арқылы тапсырыс ..., уақытыңызды үнемдейсіз.
- A) төлесеніз
 - B) берсеніз
 - C) қабылдасаң
 - D) көрсетсеніз
- 19) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Менің солтүстіктің таңын ... келеді.
- A) аралағым
 - B) қызықтағың
 - C) саяхаттағым
 - D) тамашалағым
- 20) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.
- Тамараның тарихи жәдігердің түпнұсқасын ... келіп жүр.
- A) көргісі
 - B) алғым
 - C) ашқысы
 - D) айтқысы

21 Сөйлемді аяқтаңыз.

Оқушы қиын есептерді де тез

- A) төлеп кете салды
- B) санап шыға берді
- C) шығарып келе берді
- D) есептеп сала бастады

22 Байқаусызда орындалған іс-әрекетті сипаттайтын сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Қатты қуанып отырған әкесі дәрігерді көргенін айтты.
- B) Қатты толқып отырған әкесі дәрігерді көргенін айтпады.
- C) Қатты толқып отырған әкесі дәрігерді көргенін айтып қойды.
- D) Қатты толқып отырған әкесі дәрігерді көргенін айтқан еді.

23 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.

Жұмысқа тұрмас бұрын ұзақ

- A) киінді
- B) ойланды
- C) жуынды
- D) сайланды

24 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Айсұлу айнаның алдында ұзақ

- A) тұрса
- B) тазалану
- C) сәнденді
- D) тарандым

25 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Жазда Алматыда аумағы 73 гектарды алып жатқан дендропарк

- A) жетілді
- B) қаралды
- C) ашылды
- D) көтерілді

26 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ұлтық банктегі ақша аудару операциясы жылдам

- A) алынды
- B) соғылды
- C) жиналды
- D) орындалды

27 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Келгендердің барлығы мұражайдағы қазақ хандығы көшірмесіне

- A) білісті
- B) қарасты
- C) тілдесті
- D) тарасты

28 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Қазіргі жастар бір-бірімен электрондық почта арқылы хат

- A) көріседі
- B) жазысады
- C) салысады
- D) қалысады

29 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ата-анасы жалғыз ұлын университеттің қазақ бөліміне

- A) кетірді
- B) өткізді
- C) түсірді
- D) тыңдатты

30 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.

Майра мейрамханадан тапсырыспен тамақ

- A) төлетті
- B) келтірді
- C) аударды
- D) алдыртты

31 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Құрметті жолаушылар, жүрдек пойыз жүрейін ... жатыр, абай болыңыздар!

- A) деп
- B) дей
- C) десіп
- D) дегелі

32 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Басшылар жастарды қоғамдық жұмыстарға көбірек тартатын ... келісті.

- A) болса
- B) болып
- C) болсын
- D) болмақ

33 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Фирма басшысы шетелге конференцияға кетейін ... жатыр.

- A) дей
- B) деп
- C) дейді
- D) десіп

34 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ас мәзірінде қуырдақ ..., соған тапсырыс беремін.

- A) қалса
- B) қойса
- C) берсе
- D) болса

35 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Достарым саябақта қыдырамыз ... отырған.

- A) деп
- B) десе
- C) деген
- D) дейін

36 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Демалыс күні әдетте бос боласың ғой ... айтып жатырмын.

- A) дей
- B) деп
- C) десе
- D) деген

37 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ә. Қастеев мұражайында сурет көрмесі

- A) болып қапты
- B) болып жатты
- C) болып шықты
- D) болып ашылды

38 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Бүгін түске дейін шахмат жарысында

- A) боп жүрдім
- B) боп тұрдым
- C) боп жаттым
- D) боп қайттым

39 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Балам, мысалдарды көбірек ... дұрыс болар еді.

- A) естіңкірегің
- B) айтыңқырағаның
- C) келтіріңкірегенің
- D) қайтарыңқырағаның

40 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Фирмамыздың жұмысы алға жүріп, жұрт бізге ... бастады.

- A) келгіштей
- B) көргіштей
- C) жүргіштей
- D) жазғыштай

41 Біреудің сөзінің мазмұнын білдіретін қатарды табыңыз.

Біреу Қожанасырдан:

– Қожеке, ақша жомарт адамдардың қолында тұрмай, сараңдарда болатыны неліктен? - деп сұрайды.

- A) Қожанасыр неліктен ақшаның жомарт адамдардың қолында емес, сараңдарда болатынына қайран қалады.
- B) Қожанасырдан біреу неге ақшаның жомарт адамдардың қолында болатынын сұрайды.
- C) Қожанасырдан біреу неліктен ақшаның жомарт адамдардың қолында емес, сараңдарда болатынын сұрайды.
- D) Біреу Қожанасырға ақшаның сараңдарда болатынын таңдана айтыпты.

42 Субъекті сөзінің толық мазмұнын білдіретін қатарды табыңыз.

– «Гүлнұр» туристік компаниясы Достық даңғылында, - деді хатшы қыз.

- A) Хатшы қыз «Гүлнұрдың» Достық даңғылында екенін айтты.
- B) Туристік компанияның хатшы қыз Достық даңғылында екенін айтты.
- C) Достық даңғылында «Гүлнұр» туристік компаниясының бар екенін айтты.
- D) Хатшы қыз «Гүлнұр» туристік компаниясының Достық даңғылында екенін айтты.

43 Біреудің сөзі өзгермей алынған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Біздің участкелік дәрігеріміз ауысып кетіпті.
- B) Апам «жүрегім сыздап отыр» деген сөзді жиі айтатын болды.
- C) Дәрігер: «Жүрегіңіз қатты шаншып ауыра ма?» - деп сұрады.
- D) «Басыңыз ауырып, балтырыңыз сыздаса ...» деген кітапты оқыдыңыз ба?

44 Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді көрсетіңіз.

- A) Электрондық почта арқылы достарыңнан хабарлама алып тұрасың ба? - деп сыныптасым сұрап жатыр.
- B) – Электрондық почта арқылы достарыңнан хабарлама алып тұрасың ба?, - деп сыныптасым сұрап жатыр.
- C) Электрондық почта арқылы достарыңнан хабарлама алып тұрасың ба!? - деп сыныптасым сұрап жатыр.
- D) «Электрондық почта арқылы достарыңнан хабарлама алып тұрасың ба?» - деп сыныптасым сұрап жатыр.

45 Мөлшерді білдіріп тұрған сөйлемді табыңыз.

- A) Жатын бөлмеде емін-еркін газет оқып жатыр.
- B) Берік бастығымен түскі асты мейрамханадан ішті.
- C) Осыншалық хатқа жауап беру үшін бірталай уақыт керек.
- D) Медбикенің жұмысы әрі қиын, әрі қызық екенін енді түсінді.

46 Сөйлемді толықтырыңыз.

Гүлдердің ... түрлері бар екенін қалаға келіп біліп отыр.

- A) осылай
- B) дәлме-дәл
- C) көптеген
- D) қолма-қол

47 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Анар апай жалғыз ұлының үйлену тойын ... жасап берді.

- A) бетпе-бет
- B) емін-еркін
- C) бірте-бірте
- D) шама-шарқынша

48 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.

Немересінің оқуына қажетті ақшаны ... санап бере салды.

- A) біле тұра
- B) қолма-қол
- C) бірен-саран
- D) ауызба-ауыз

49 Асты сызылған сөзге мәнделес сөзді табыңыз.

Досын күткісі келмей, қасақана ерте кетіп қалды.

- A) әбден
- B) әдейі
- C) ілгері
- D) сонша

50 Сөйлемді толықтырыңыз.

Мен бұл істі ... өзім бақылаймын.

- A) тікелей
- B) ауызша
- C) өзгеше
- D) сонша

51 Сөйлемді толықтырыңыз.

Түске дейін дәрігерді ... күтіп отырыпты.

- A) тіпті
- B) жорта
- C) жоққа
- D) бекерге

52 Тиісті нұсқаны таңдаңыз.

Бүгінгі жиналыста мемлекеттік тіл мәселесі ... қозғалған жоқ.

- A) айта-айта
- B) осыншама
- C) көрінеу көзге
- D) бостан-босқа

53 Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.

Асты аз-аздан ішкен дұрыс.

- A) неге
- B) қалай
- C) қашан
- D) қашаннан

54 Тиісті нұсқаны таңдаңыз.

Сапардың бағдарламасын аспай-саспай ... айтып шықты.

- A) азды-көпті
- B) рет-ретімен
- C) жұп-жұбымен
- D) сөйлей-сөйлей

55 Көп нүктенің орнына қажетті жалғаулық шылауды қойыңыз.

... ұшақпен барсаңыз, бизнес-форумға үлгересіз.

- A) Егер де
- B) Әйтпесе
- C) Өйткені
- D) Сол себепті

56 Көп нүктенің орнына қажетті шылауларды қойыңыз

... сен кәсіби біліміңді жетілдіргің келсе, ... практикадан өт.

- A) Онда, егер
- B) Егер, онда
- C) Ал, егер де
- D) Алайда, бірде

57 Көп нүктенің орнына қажетті шылауды қойыңыз.

Әсем Бурабайдың табиғатына ... тамсанып, ... шаттана көз тастайсың.

- A) өйткені
- B) сол үшін
- C) олай болса
- D) яки, я болмаса

58 Сөйлемді толықтырыңыз.

Көліктің бөлшегін үйдің қасындағы машина жөндеу орталығына, ... орталыққа апарып ауыстыр.

- A) біресе
- B) не болмаса
- C) сондықтан
- D) өйткенмен

59 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

... бұл суреттің авторы өзің болды ғой.

- A) Егер
- B) Бірақ
- C) Демек
- D) Мүмкін

60 Көп нүктенің орнына қажетті жалғаулық шылауды қойыңыз.

Кезекті мәжіліс сәрсенбі күні, ... 16-тамызда сағат 10-да басталады.

- A) ал
- B) егер
- C) яғни
- D) онда

61 Сөйлемді аяқтаңыз.

Байқаудың мақсаты – қазақ тілінің маңызын түсіндіру, ал міндеті –

- A) және мәртебесін асқақтату
- B) және тіл саясатын қозғамау
- C) ұлттық мәдениетті насихаттау
- D) себебі, қазақстандық рухани бірлікті нығайту

62 Сөйлемді аяқтаңыз.

Дәрігер емделушімен әңгімелесті де,

- A) бірде жағдайын сұрап жатыр
- B) бірақ, тексеруге уақыты болмады
- C) себебі, уақытылы тамақтану керек
- D) оған ішетін дәрі-дәрмектерді жазып берді

63 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Гүлнұр шашын соңғы сән үлгісімен бояпты,

- A) әйтсе де, өзіне жарасып тұрған жоқ
- B) бірақ шашының ұзындығы қиындық келтірді
- C) сондықтан қос бұрым етіп арқасына бос жібере салды
- D) әрі қысқа, әрі толқынды шаштары көзіне түсе беретін болды

64 Қарама-қарсы мағына көрінетін қатарды белгілеңіз.

- A) Ұзақ сөйлегендіктен бе, айтылғанның көбі есімде қалмапты.
- B) Біресе бізді тыңдайды, біресе өзі сөйлейді.
- C) Ұзақ сөйлеген жоқ, бірақ көп тың мәселе айтты.
- D) Ұзақ сөйлемеді әрі көп нәрсе де айтпады.

65 Сөйлемді аяқтаңыз.

Бас дәрігер келушілерді түске дейін ғана қабылдайды,

- A) я қабылдамай кетеді
- B) себебі түстен кейін жиналысқа кетеді
- C) және аурулардың анализдерін қарап шығады
- D) бірақ түстен бастап операция жасауға барады

66 Сөйлемді аяқтаңыз.

Мен қазақ тілін тереңдетіп үйреніп жүрмін, себебі

- A) үйрене беремін
- B) меңгеру өте қиын
- C) жұмыс істеген тиімді
- D) онсыз жұмысқа тұра алмайсың

67 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Банк бөлімшесіне телефон шалуға болады,

- A) өйткені ұялы телефон арқылы тексересің
- B) болмаса банкомат арқылы тексеруге болады
- C) алайда банкінің ақша аударым операциясын пайдалан
- D) және карт-шоттағы қаражатты тәулік бойы тексересің

68 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Салықты уақытында төлеңіз,

- A) әйтпесе айыппұл салынады
- B) әрі өзіңізге жеңілдік жасауға болар еді
- C) бірақ салықтың міндеті басқаша болу керек
- D) өйткені адамдар салықты төлеуге асықпайды

69 Көп нүктенің орнына қажетті шылауды қойыңыз.

Оның ... Қазақстанның әсем жерлерін аралағысы келеді, ... шетелге саяхат жасағысы келеді.

- A) бірақ
- B) кейде
- C) себебі
- D) алайда

70 Сөйлемді жалғастырыңыз.

Балалар біресе суға түсіп шомылады,

- A) бірақ балық ұстап алды
- B) дегенмен допты суға лақтырды
- C) өйткені жеміс-жидек өте мол болып шықты
- D) біресе жағалауға жата қалып, күнге қыздырынады

III тарау

Оқылым бөлігі

- Оқылым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

Оқылым бөлігіне шолу

Оқылым – бұл нақты бір тілдегі және басқа тілдегі жүйе бойынша графикалық таңбалар арқылы мағлұматты қабылдау және белсенді өңдеу үдерісі. Оқылым – сөйлеу әрекетінің репродуктивті түрі және тілдік тұлғаны қалыптастырудағы тілдік дағдыларының маңызды бөлігі.

Оқылым бөлігіндегі тестілеу объектісі – мәтіннің жалпы мазмұны мен нақты ақпаратын оқып түсіну барысында тілдік білік-дағдыларының қалыптасу деңгейі.

Ортадан жоғары деңгейдегі мәтін түрлері: сипаттау, баяндау, пайымдау, ортадан жоғары деңгейге сәйкес лексико-грамматикалық материалдар негізінде арнайы құрастырылған мәтіндер. Мәтін тақырыптары әлеуметтік-мәдени және ресми-іскерлік қарым-қатынас салаларында өзекті болып табылады.

Жалпы Оқылым бөлігі тапсырмаларын орындау уақыты – 65 минут, бөлік бойынша тапсырма саны – 50. Тест тапсырмалары тілді меңгеру деңгейіне байланысты түрлене отырып, қиындай түседі.

Оқылым бөлігінің **ортадан жоғары деңгейінде:**

- мәтін көлемі: 300-400 сөз;
- 1 мәтінге сәйкес тапсырмаларының саны: 12-13.

Тестілеу арқылы **ортадан жоғары деңгейде** тіл қолданушының:

- мәтіннің тақырыбын және идеясын анықтау,
- мәліметтің маңыздылығын/ жаңашылдығын/ дұрыстығын бағалау;
- мәтіндегі ойды және ондағы қарастырылған мәселені түсіну;
- мәтінде берілген мәліметті, автордың қорытындысы мен бағасын түсіну біліктілігі бағаланады.

Ортадан жоғары деңгейдегі тест тапсырмаларының түрлері:

Қарапайым деңгейдегі 2 тапсырма түрі:

- 1) Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз;
- 2) Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

Базалық деңгейде қосылған 2 тапсырма түрі:

- 3) Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз;
- 4) Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз (сұрақ – жауап).

Орта деңгейдегі 5 тапсырма түрі:

- 5) Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз;
- 6) Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз;
- 7) Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз;
- 8) Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз;
- 9) Мәтіннің бірінші (екінші, үшінші) азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

Ортадан жоғары деңгейде 2 тапсырма түрі қосылады:

- 10) Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз;
- 11) Мәтіндегі ақпаратты жағымды/жағымсыз бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.

1-мәтін

Елімізде өзіндік бағытын ұстанған, ұшқыр мақсаты бар «Мәкен жұлдыздары», «Бастау», «Диқар» сынды кинофестивальдер жұмыс жасайды. Кез келген отандық кинофестивальдің мақсаты кино өнерінің белгілі бір кезеңіндегі табысы мен қаму бағытын айқындау, киномаатографистердің байланысын нығайту, өзара тәжірибе алмасу, қазақ киносының өркендеуіне, дамуына үлес қосу.

Осындай мүмкіндік тұғызып отырған фестивальдердің бірі Халықаралық «Еуразия» кинофестивалі. Фестивальдің негізі 1998 жылы қаланған. 2005 жылға дейін үзіліс жасаған бұл байқау соңғы алты жылда тұрақты өткізіліп келеді. 1998 жылдың өзінде байқауға екі жүзден астам журналист келіп, әлемнің отыз бес елінен жүз жетпістен астам тұынды қатысқан болатын. Биылғы шараға жүз отызға тарта қонақ келіп, жиырмаға жуық мемлекеттің өкілдері атсалысты. «Еуразия» кинофестивалінің деңгейі оған қатысқан танымал кәсіби режиссер, продюсерлермен ғана емес, дистрибьютер мен басқа елдерге шығарушылардың Қазақстан жерін жақсы фильмдердің ортасы деп санауымен де бағаланады.

Сарапшылар аталмыш кинофестивальді Орталық Азиядағы ең ірі кино байқауы деп бағалап отыр. «Еуразия» кинофестивалі әлемдік кинофестивальдер каталогына кірген қазақстандық жалғыз кинофестиваль. Биылғы байқауға Еуропа, Азия, ТМД, Орталық Азия, Қазақстан мемлекеттерінен қатысқан бір-біріне ұқсамайтын кинокартиналар бас жүлде үшін бәсекеге түсті. Бас жүлдені отандасымыз Ерлан Нұрмұхамедов пен жапондық Сано Синдзюдің «Көктемнің алғашқы жаңбыры» атты тұындысы иеленді. Фестивальдің жүлдегерлері қатарына тағы бір қазақ режиссері Нариман Төребаев «Шұқарты күндер» атты тұындысымен «Ең үздік режиссерлік жұмысы үшін» жүлдесімен марапатталды. Бұл фильм таза бейнелеу арқылы автордың ойын, кейіпкердің сезімін және өмір сүрген уақытын нағыз кино тілі арқылы жеткізген.

Қазақстан Еуропа мен Азияның арасын жалғастырып жатқан үлкен мемлекет. «Еуразия» кинофестивалі бүгінгі күні Орталық Азияда түсірілген фильмдердің Еуропаға шығатын есігі деп ерекшеленген болатын. Өйткені Орталық Азия елдерінде түсірілген фильмдер Қазақстандағы фестивальге қатысып, шетелге жолдама алуға.

Биылғы Халықаралық «Еуразия» кинофестивалінен отандық кино өндірісінің қалыптасып келе жатқандығын байқадық. Рүстем Әбдірәшевтің «Балалық шағымның аспаны» фильмі заманауи әлемдік эпикобиографиялық фильмдер қатарына енді. Елбасымыздың балалық шағының жарқын көрінісі осы фильмен ғана көрініс тапқан.

Бейнелеу дәстүрі бойынша Сламбек Тәукедің «Жерұйық» тарихи фильмі ұсынылды. Қазақ балалар киножелісінің өзгеруін Ерлан Нұрмұхамбетовтың «Аңшы

бала» картинасы ұсынды. Бұл расында да өте ұтымды шыққан тұындылардың бірі. Басты кейіпкер Қамбар А.Қарсақбаев «Қржасының» заманауи көрінісі. Міне, бұл тұындылардың барлығы да «Еуразия» кинофестивалінен көрініс тауып, қазақ көрермендерін тағы да бір рет марқайтып тастады.

- 1 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
 - A) Алғашқы жылы байқауға жүзден астам журналист келді.
 - B) Елімізде «Шәкен жұлдыздары», «Бастау» кинофестивальдары бар.
 - C) Өткен жылы байқауға әлемнің 35 елінен 170-тен астам кино қатысты.
 - D) «Еуразия» кинофестивалі 1998 жылдан бері үзбей жұмыс жасап келеді.
- 2 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
 - A) байқау, туынды, фильм, жапон
 - B) байқау, жүлдегер, бәсеке, қатар
 - C) байқау, балалық, жолдама, баға
 - D) кинофестиваль, байқау, жүлде, кино
- 3 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
 - A) «Еуразия» кинофестивалі – әлемдік кино мерекесі.
 - B) «Еуразия» кинофестиваліне биыл 130-ға тарта қонақ келді.
 - C) «Еуразия» кинофестивалі – әлемге танымал қазақстандық байқау.
 - D) 1998 жылғы байқауға 200-ден астам журналист келіп, 35 елден 170-тен астам туынды қатысты.
- 4 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Қай қазақ киносы әлемдік эпикобиографиялық фильмдер қатарына енді?

 - A) Сламбек Тәукелдің «Жерұйық» тарихи фильмі
 - B) Ерлан Нұрмұхамбетовтың «Аңшы бала» фильмі
 - C) Әмір Қарақұлов «Іске аспайтын махаббат» фильмі
 - D) Рүстем Әбдірашевтің «Балалық шағымның аспаны» фильмі
- 5 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
 - A) «Еуразия» кинофестивалінің мақсаты баяндалады.
 - B) «Еуразия» кинофестивалінің жүлдегерлері туралы айтылады.
 - C) «Еуразия» кинофестивалінің тарихы туралы ақпарат беріледі.
 - D) «Еуразия» кинофестиваліне қатысқан фильмдер туралы мәлімет беріледі.
- 6 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
 - A) Ең танымал кинорежиссер
 - B) «Еуразия» кинофестивалінің беделі
 - C) Отандық кино өнерінің жетістіктері
 - D) «Еуразия» кинофестивалінің мақсаты

7 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) Қазақстанда кино өндірісі дамыған.
- B) Қазақстан кинофильмдерінің жетістіктері.
- C) «Еуразия» кинофестивалі – Еуропаға шығатын есік.
- D) Қазақстан – Еуропа мен Азияны жалғастырып тұрған мемлекет.

8 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

- A) «Шуақты күндер» автордың ойын нағыз кино тілі арқылы жеткізген.
- B) Бір-біріне ұқсамайтын кинокартиналар бас жүлде үшін бәсекеге түсті.
- C) «Еуразия» – әлемдік кинофестивальдер каталогына енген кинофестиваль.
- D) «Шуақты күндер» фильмі «Ең үздік режиссерлік жұмысы үшін» жүлдесімен марапатталды.

9 Ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.

- A) «Аңшы бала» картинасы – ұтымды шыққан туындылардың бірі.
- B) Байқауға Сламбек Тәукелдің «Жерұйық» тарихи фильмі қатысты.
- C) «Еуразия» кинофестивалі қазақ көрермендерін қуанышқа бөледі.
- D) Фильмде Елбасымыздың балалық шағының жарқын көрінісі бейнеленеді.

10 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Кейіпкерлер әлемі
- B) Еуропаға ашылған есік
- C) Отандық кинофестивальдердің мақсаты
- D) «Көктемнің алғашқы жаңбыры» кинофильмі

11 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Отандық кино өндірісі
- B) «Еуразия» кинофестивалі
- C) Қазақ киносының болашағы
- D) «Жерұйық» тарихи фильмі туралы

12 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Қазақ киносының ертеңі
- B) Елбасының балалық шағы
- C) Сан түрлі тағдырлардың тоғысуы
- D) Орталық Азиядағы танымал кино байқауы.

2-МӘТІН

Мен онымен кездейсоқ таныстым. Аурухана ауласында серуендеп жүр едім. Аса ауыр аурулар жататын жан сақтау бөлімінен бір жас әйел дауыстап жылап шықты. Ауыр науқастардың бірі құниі салған шығар деп ойладым. Есік алдындағы жеңіл көлігіне енді отырайын деп жатқан жас қазақ жігіті көлік есігін қайта жапты да тез жүріп маған келді:

- Не бол қалды, ақсақал?

- Білмедім. Шамасы анау жылап тұрған әйелдің жақын адамы үзілген-ау, дедім.

Екеуіміз әлгі әйелдің қасына барып, не болғанын сұрастырдық. Сөйтсек оның сегіз жасар қызы әл үстінде жатыр екен. «Бір-екі сағат ішінде оған ота жасамаса, баланың өміріне қатер төніп тұр», - депті дәрігерлер. Ал мұндай аса күрделі ота өте қымбат тұрады екен. Қыздың анасы ақшасы жоғын айтып еңіреп тұр.

Маңағы жігіт екеуіміз аяқ астынан не істерімізді білмедік. Жас жігіт менен гөрі есін тезірек жинады. Қалтасынан ұялы телефонын шығарды да, біреуге қоңырау соқты.

- Амансыз ба? Мен Бақтыбай Қасымбековтің зой. Бүгін қоймадан жүз мың теңгеге тауар алуым керек еді. Соны кейінге қалдырсаңыз. Құжаттар кеңседе жатыр. Кейін өзім тағы хабарласам, - деді.

Соны айтып да әлгі жігіт бығары эмианынан бір ұыс ақша шығарды:

Мінекейіңіз, алыңыз. Бес жүз мың теңге. Дәрігерлер отаны қазір бастасын, өтінемін, - деді. Бірақ жылап тұрған әйел ат-тонын ала қашты. Ақша беріп тұрған жігітке ризалықпен емес, үрейлене, құдіктене қарады. Ақыры жігіт науқас қыздың анасын ақша алға көндіре алмайтынына көзі жетті. Бір сәт ол маған көзін қысты да, дереу ауруханаға кіріп кетті.

Арада жарты сағат өтпей-ақ, Бақтыбай күлімсіреп қасымызға келді. Қолында тілдей қағаз. Онда «нейрохирургиялық ота үшін бес жүз мың теңге төленді» деп жазылыпты. Үнсіз тыныштықты Бақтыбай бұзды:

- Ақшасын төледім. Міне, түбіртегі. Ота басталып та кетті. Дәрігерлер бәрі жақсы болады деп жатыр.

Бағанадан бері бұлызып, даусын қатты шығармауға әрекет жасап, өзінен-өзі тұншыға өксіген әйел Бақтыбайды қапсыра құшақтап, барынша еңіреп жылап жіберді:

- Ойбай-ау, сонша ақшаны өмір-бақи тауып бере алмаймын зой. Күйеуім жоқ. Әке-шешем - қарт зейнеткерлер. Енді қайда барам, қайдан табам, не істеймін, жарандар?

- Қойыңыз. Жыламаңыз. Мына жүрттан ұят болады. Одан гөрі құдайдан операцияның сәтті аяқталуын тілеңіз. Ал ақшаны қайтаруға асықпаңыз. Қызыңыз аман қалып, бәрі жақсы болса, он жылдан кейін күйеуге ұзатпайсыз ба? Сонда қыздың қалың малын мен аламын, - деді.

Бағанадан бері еңіреп, егіліп, бұгіліп тұрған әйел оқыстан күліп жібергенін өзі де байқамай қалса керек:

- Иә, қарағым, өркенің өссін! Құдай ондай күнге жеткізсе, қалың малы сенікі. Қызыма өкіл әке боламын десең де ықтиярың, - деді.

Не керек, сол күннен бастап Бақтыбай екеуіміз ағалы-інілі тұқстардай болып кеттік.

Мақсы адамда жаттық жоқ қой. «Мақсының жаны жаннат» деп тегін айтпаса керек. Сол бір елзек жігітпен әңгімелескім келеді де тұрады.

Біздер бір-бірімізді көптен бері білетін адамдардай жақындасып кеттік. Ол Мәскеуде оқыған және техника ғылымдарының докторы. Бұл салада ашқан жаңалықтары да аз емес. Қазірдің өзінде ол үлкен бизнесті ғылыми-зерттеу істерімен қоса-қабат алып жүр. Әйтсе де мені ерекше таңдандырған жәйт Бақтыбайдың бизнесі де емес, ғылымы да емес, табан астында көрсеткен қайырымдылығы.

Бақтыбайдың адами тұлғасын мен бір той үстінде тұңғыш рет көргендей болдым. Үстіндегі ақ жейденің жеңдерін білегіне дейін түріп тастап, орындықта сәл шалқая отырған күйінде қолындағы домбырасын безек қақтырып, Құрманғазы күйлерін бірінен соң, біріні құйқылжыта жөнелгенде, мен өзімді Сарыарқада, біресе Алашқада тұрғандай сезіндім. Көп жылдар бойы Мәскеуде тұрып, қызмет істеген жігіттің, өнерімізді ұмытпай өзімен бірге ала жүргеніне ішімнен дән риза болдым. Енді өмірде сегіз қырлы бір сырлы жігіттердің болатынына шүбәм қалған жоқ.

Бақтыбайды тағы бір қырынан кейінірек танығандай болдым. Ол қазақтың, сан ғасырлық мәдениет, әдебиет және өнер тарихын да жетік біледі екен. Қазақ шежіресін жазуға деректер жинап жүргенін көрдім.

Иә, сырт көзге қарапайым ғана болып көрінетін осы бір жігіттің рухани әлемі мейлінше бай екенін мен кейінірек білдім. Бақтыбайда материалдық байлық пен рухани байлық өзара әдемі үйлесіп жатқанын аңғардым.

Әдетте біз ақшаға жомарттық жасаған жандарды ғана қайырымды деп түсінеміз ғой. Тегінде шынайы қайырымдылық адамның рухани құниесі арқылы көрініп жатады. Мұндай адамдардың қолы ғана емес, ішкі-жан құниесі де барынша ашық-жарқын болады.

Е ота – хирургическая операция

13 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Бақтыбай – бай кәсіпкер, өнерлі де мейірімді жан.
- B) Ол қаржысының он пайызын қайырымдылық қорына аударады.
- C) Бақтыбай Құрманғазының күйлерін, Ақанның әндерін орындайды.
- D) Бақтыбай – тарих ғылымдарының докторы әрі бизнесте табысты жан.

14 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) бай, өнер, жомарт, қазақ
- B) Бақтыбай, жомарт, мейірім, өнер
- C) байлық, жігіт, өнер, домбыра, ана
- D) шежіре, жомарт, өнер, ғылым, қыз

- 15 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
- A) Ол – табысты кәсіпкер, ғалым және өнерлі де мейірімді жан.
 - B) Бақтыбай – ірі кәсіпорны бар, ғылымда да жетістікке жеткен адам.
 - C) Бақтыбай – техника ғылымдарының докторы және өнерге жақын адам.
 - D) Бақтыбай – қайырымдылықпен айналысатын табысты кәсіпкер және өнер жанашыры.
- 16 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
- Бақтыбай деректерді қандай мақсатпен жинады?
- A) Мәскеу ғалымдары үшін
 - B) тарихи еңбек жазу үшін
 - C) қазақ шежіресін жазу үшін
 - D) ғалымдардың еңбегін насихаттау үшін
- 17 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
- A) Қазақ шежіресінің тарихы туралы баяндалады.
 - B) Бақтыбайдың ғылыми еңбектері туралы мәлімет беріледі.
 - C) Кәсіпкер жігіттің бойындағы жақсы қасиеттері айтылады.
 - D) Нейрохирургия бөлімінің қызметі туралы ақпарат беріледі.
- 18 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- A) Рухани байлық
 - B) Дәрігер қызметі
 - C) Қайырымды ана
 - D) Қайырымды азамат
- 19 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
- A) Бақтыбай – Мәскеу ауруханасының дәрігері.
 - B) Бақтыбай – қайырымды және жан-жақты азамат.
 - C) Ол ауруханада нейрохирургия бөлімінде істейді.
 - D) Әкесі қызына Құрманғазының күйлерін үйретті.
- 20 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
- A) Мен онымен кездейсоқ таныстым.
 - B) Бақтыбай қазақ тарихын жақсы біледі.
 - C) Ол қыздың анасына көмек қолын созды.
 - D) Қайырымдының жан дүниесі де жарқын болады.
- 21 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Қыздың ата-анасы – қарт зейнеткерлер.
 - B) Анасы қызын емдету үшін ауруханаға алып келді.
 - C) Үстіндегі ақ жейденің жеңдерін білегіне дейін түрді.
 - D) Бақтыбайда материалдық байлық пен рухани байлық өзара әдемі үйлесіп жатқанын аңғардым.

22 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Серуен
- B) Қазақ жігіті
- C) Күтпеген таныстық
- D) Алғашқы таныстық сыры

23 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Өмір
- B) Ана зары
- C) Күрделі ота
- D) Ана қуанышы

24 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Науқас қыз
- B) Кеңсе құжаттары
- C) Бақтыбайдың шешімі
- D) Ананың қорқынышы

3-мәтін

Еліміздегі тұңғыш кәсіби цирк ұжымы 1970 жылы Тұлжихан Ғалиеваның жетекшілігімен ұйымдастырылды. 1972 жылы Қазақ мемлекеттік циркінің ғимараты пайдалануға берілді. Цирк өнері сахналық-эстрадалық өнер саласы.

Дүниежүзі өнерін зерттеушілердің мәліметі бойынша экономикалық жағынан дамыған Жапон елінде қал біздікіндей цирк мектебі жоқ. Бүгінгі күні Қазақстанда небәрі үш цирк жұмыс істейді. Олардың бірі Алматыда, екіншісі Қарағандыда болса, үшіншісі Астанадағы цирк. Жүйелі жаттығудың, талмай ізденудің арқасында Қазақ циркінің әртістері атақты арена Монте-Карлодан бастап, Брюссель, Верона, Пекин сияқты қала көрермендеріне өнер көрсетті. Үнемі сапарда болып, гастрольдерге шығып тұрғанда ғана сайқымазақтардың, акробаттардың пайым түйсінігі молайып, шеберліктері шыңдалары анық.

Қазақ циркінің ардагерлері туралы айтсақ, өз өнерін акробат болудан бастаған Қарымсақ Акишев алғашқы акробат. Қадырхан Бөлебеков ат құлағында ойнайтын жігіттер тобын басқарды. Әуеде алғаш гимнастика жасаушы әртіс Ержан Қоңырбаев, оның қызы Ыоко Қоңырбаева бүгінде көптеген халықаралық фестивальдердің лауреаты. Әуеде гимнастика жасаушылардың алғашқыларының бірі Құрманғали Досбатыров, Қоржынбаевтар, Шалабаевтар әулеттерінің дәстүр сабақтастығы қазір де жалғасын табуда. Мәселен, кезінде керемет акробат болған Уәлихан Шалабаевтың ұлы Қанат қазір Америкадағы ат аттракционында еңбек етеді. Ат құлағында өнер көрсету цирк өнерінің алғашқы көрінісі. Цирк сахнасында өнер көрсететіндердің дені әкеден балаға өнері қаритын әулеттер болып келеді.

Сайқымазақтардың ішінде бір ғана Мұрат Мұмағалиевтің өнеріне әлем сүйсінеді. Әйелі Елизавета екеуі небір көркем де қайталанбайтын бірегей өнер тұяндыларын өмірге әкелді. Ағайынды Халел мен Өткір Қамашевтардың өнері айтарлықтай мазмұнды. Олар сценарийлік есімдер Балғабай мен Балтабайға арналған небір әсерлі рөлдерді сахнада шебер сомдаумен көпшіліктің құрметіне бөленуде.

Дархан Қамбышев 1997 жылы Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінің әуе гимнасты мамандығына оқуға түседі. Оқып жүріп те, оқуын тамамдағаннан кейін де Қазақ циркінде өнер көрсетеді. Алғаш рет Қарағанды қаласынан басталған гастрольдік сапары жыл өткен сайын жиілей береді. Алғашқы кездері цирк труппасымен бірге өнер көрсеткен болса, соңғы жылдары Дархан гастрольге жеке бағдарламасымен шығып жүр. Дархан Париж циркінің әуесінде тұнымызды қалықтатқан тұңғыш қазақ. Бұған дейін цирк өнерінен Парижге біздің елден ешкім бармаған екен.

Бүгінде ол келісімшарт бойынша Германияда қызмет етіп жүр.

- 25) Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
- A) Сахналық-эстрадалық өнер саласының бірі – цирк өнері.
 - B) Қазақстанға гастрольге Монте-Карло мен Верона әртістері келді.
 - C) Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжі 1972 жылы ашылды.
 - D) 1970 жылы Париж қаласында алғашқы халықаралық фестиваль өтті.
- 26) Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
- A) цирк, өнер, қазақ, әртіс
 - B) эстрада, цирк, сапар, ұжым
 - C) акробат, әртіс, өнер, пайым
 - D) дәстүр, цирк, гастроль, әртіс
- 27) Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
- A) Қарағанды мен Алматы қалаларында цирк жұмыс істейді.
 - B) Жапонияның өзінде біздікіндей цирк мектебі қалыптаспаған.
 - C) Шалабаевтар әулетінде цирк өнері ата дәстүр болып табылады.
 - D) Еліміздің үш қаласында тәжірибелі цирк ұжымы жұмыс істейді.
- 28) Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
- Сайқымазақтар мен акробаттар шеберліктерін қалай шыңдайды?
- A) оқып жүріп те
 - B) жеке өнер көрсету арқылы
 - C) гастрольдерге жиі шыққанда ғана
 - D) халықаралық фестивальге қатысу арқылы
- 29) Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
- A) Ж. Елебековтің өмірі туралы ақпарат беріледі.
 - B) Цирк өнерпаздарының жеңісі туралы айтылады.
 - C) Эстрада және цирк колледжі – іргелі өнер ордасы.
 - D) Қазақ циркі әлемдегі тәжірибелі өнер ұжымдарының бірі.

- 30 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- A) Цирк өнерінің қыр-сыры
 - B) Қазақ циркінің даму тарихы
 - C) Алғашқы эстрада және өнер колледжі
 - D) Акробаттардың жеке бағдарламалары
- 31 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
- A) Қазақ циркі – қазақ өнерінің алғашқы бастамасы.
 - B) Ж.Елебеков – қазақ циркінің негізін салушылардың бірі.
 - C) Қазақ циркі – бүгінде кеңінен дамып отырған өнер саласы.
 - D) Қазақ циркі қайталанбас өнер туындыларын жасап шығарды.
- 32 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
- A) Алғашқы кезде цирк труппасымен бірге өнер көрсетті.
 - B) Алғашқы кәсіби цирк ұжымын Г. Ғалиева ұйымдастырған.
 - C) Дархан Қамбышев эстрада және цирк колледжінде білім алған.
 - D) Әуеде алғаш гимнастика жасаған әртіс Ержан Қоңырбаев болды.
- 33 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Қарымсақ Акишев өз өнерін акробат болудан бастады.
 - B) Ат құлағында ойнайтын жігіттерді Қадырхан Бөлебеков басқарды.
 - C) Д. Қамбышев оқуын бітіргеннен соң Қазақ циркінде өнер көрсетеді.
 - D) Дамыған Жапон елінің өзінде де біздің еліміздегідей цирк мектебі жоқ.
- 34 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Алғашқы цирк ұжымы
 - B) Дүниежүзі зерттеушілері
 - C) Алғашқы әуе гимнастары
 - D) Қарағанды қаласының циркі
- 35 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Жапон елінің циркі
 - B) Өнерлі қазақ әулеті
 - C) Еліміздегі цирк өнері
 - D) Әлем өнерінің тарихы
- 36 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Өнер мектебі
 - B) Цирк ғимараты
 - C) Гастрольдік сапар
 - D) Қазақ циркінің ардагерлері
- 37 Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.
- A) Қазақ цирк өнері жылдан-жылға дамып келе жатыр.
 - B) Танымал акробат У. Шалабаевтың ұлы Америкада еңбек етеді.
 - C) Дархан Қамбышевтың гастрольдік сапары Қарағандыдан басталды.
 - D) Цирк өнерінің әртістері халықаралық фестивальдерге үнемі қатысады.

2-МӘТІН

Масыбай көлі

Баяғы заманнан қазақтың қонысы болған құтты мекеннің айшықты орындарының бірі Масыбай көлі. Ажары көңіліңді аударатын Масыбайдың табиғи тартымды сұлулығын көріп кез келген адам мұндай көрікті жерде де адам өледі екен-ау деп таңғалуы тегін емес. Мәселен, көлге кеудеңе дейінгі тереңдікке түсіп төменге қарасаң, мөлдір сұдың түбіндегі тастар айқын көрініп жатады. Жалпы, географ мамандардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, сұдың беткі аумағы 3,7 шаршы шақырымды құрайды екен. Ал ең терең жері он төрт метр.

Әрине, географиялық сипаттамасы өз алдына жеке әңгіме. Масыбай көлінің тарихи тарту болар тамашалары да баршылық. Егер аңыз-әңгімелерге сенсек, бұл көлдің бұрынғы атауы Шойынкөл екен. Бірақ, кейін келе Масыбай атанған. Негізінен, Ер Масыбай Бәсенің руының Бесен тармағынан тұған батыр. Қан жұтқан қалмақтармен қиян-кескі соғыста ерлігімен көзге түсіп, елдің мақтанышына айналған қаһарман батыр. Ал оның есімі қалайша көлге берілгені туралы тарихи аңыз бар. Егер де тарихи деректерге сүйенсек, 1752 жылы жоңғар әскері Ертіс жағынан Баянауыл жерін басып алуға көздеп, шабуыл жасаған. Сол кезде қазақтың ханы Абылай Сабындыкөлдің шығыс жағынан жауға тойтарыс беру үшін жедел түрде орта жүздің батыры Олжабай Толыбайұлын басшы етіп әскер ұйымдастырған екен. Сол әскер жасақтарының бірін көзсіз батыр Масыбай басқарып, шабуылдаушылармен соғыста алдыңғы шепте болған. Мұның өзінде де үлкен мән жатыр. Егер де әскердің алдыңғы шеді мықты болса, онда жауды жеңу оңайырақ болады. Яғни тиген жерінен ұрандатқан жауды тесіп өтер өткір де қайсар қаһарманның керегі анық. Міне, осындай жауапты тапсырманы Масыбайға жүктеген. Шойынкөлдің оңтүстік-батыс бөлігінде Масыбай бастаған жасақ жоңғарларға қарсы тұрып, жеңістің жалауын желбіреткен. Табаңды ер бастаған ұлдардың тоқпағына төзе алмаған қалмақтар жеңіліс тауып, қазақтың қылышынан аман қалғандар тентіреп, тым-тырақай қашқан. Жауды айттан түсірген жасақбасы Масыбай Сабындыкөлдің ортасында жолдастарымен демалып жатқанда, қалмақтың аман қалған қаскүнемдерінің бірі садақпен оқ атып, батырды жаралап өлтірген.

Бұл әрине, сол уақытта қазақ әскері үшін орны толмас қаза еді. Қайғылы хабарды естіген Олжабай батыр ашуға мініп, өз әскерін қайта көтеріп, қырғыннан аман қалған қалмақтардың соңына түсіп, құяңға алған. Баянауылдың таулы аймақтарының шығыс жағына қарай тоқсан бес шақырым жерде Олжабай батыр ата жауын қоршауға алып, бірін аман қалдырмай қырып тастаған көрінеді. Мәне сол жер бүгінгі күнге дейін «Қалмаққырылған» деп аталады. Жалпы мұндай шабуыл екі ғасырға созылған қазақ-қалмақ соғысында күшті тойтарыстардың бірі болды. Ал жергілікті халық болса Шойынкөлді батырдың атымен атап кеткен. Яғни бүгінгі күнге дейін көл мен сол аймақ Масыбай деп аталады.

38 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Көлге Қалмаққырылған есімі берілді.
- B) Жасыбай көлі – көне тарихи мекен.
- C) Сабындыкөл Баянауылда орналасқан.
- D) Шойынкөл – Сабындыкөлдің ескі аты.

39 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) аңыз, қаһарман, батыр, табиғат
- B) Бесен тармағы, соғыс, батыр, көл
- C) Жасыбай, батыр, көл, тарихи аңыз
- D) Баянауыл, шабуыл, батыр, Шойынкөл

40 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Жасыбай көлі бұрын Шойынкөл деп аталынған.
- B) Жасыбай батыр Шойынкөлдің жағасында демалып жатты.
- C) Шойынкөл – қазақтың табиғаты сұлу, құтты мекендерінің бірі.
- D) 1752 жылы жоңғар әскерлері қазақтың Сабындыкөл аймағын басып алды.

41 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Жасыбай қай рудың батыры болған?

- A) адай руының
- B) Бәсентиін руының
- C) Ұлы жүз Бесен руының
- D) Орта жүздің арғын руының

42 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Абылай ханның өмірі туралы баяндалады.
- B) Баянауылдың сұлу табиғатын сипаттайды.
- C) Жасыбай көлі туралы тарихи аңыз баяндалады.
- D) Сабындыкөлдің географиялық жағдайы сипатталады.

43 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Қазақ ері
- B) Қазақ жүздері
- C) Баянауыл жері
- D) Шойынкөл шежіресі

44 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) Шойынкөл Баянауылда орналасқан.
- B) Көлдің түбіндегі тастар көрініп жатады.
- C) Батырдың құрметіне халық көлді Жасыбай көлі деп атаған.
- D) Жасыбай көлі – Қазақстанның табиғаты көркем мекендерінің бірі.

45 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Соғыста алдыңғы шепті бастаған.
- B) Бұл шабуыл қазақ-қалмақ соғысында тойтарыс болды.
- C) Әскердің алдыңғы шебі мықты болса, онда жауды жеңу оңай.
- D) 1752 жылы жоңғар әскері Баянауыл жерін басып алуды көздеді.

- 46 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Жасыбай қалмақтардың қолынан мерт болды.
 - B) Абылай ханның туған жері бүгінде Жасыбай деп аталады.
 - C) Ұрандатқан жауды жеңер қайсар қаһарманның керегі анық.
 - D) Ер Жасыбай – қалмақтармен соғыста ерлігімен көзге түскен батыр.
- 47 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Көрікті аймақ
 - B) Орта жүз батырлары
 - C) Олжабай Тойлыбайұлы
 - D) Жоңғар шапқыншылығы
- 48 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Баянауыл
 - B) Көл тарихы
 - C) Шойынкөл
 - D) Қазақ ханы
- 49 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Қазақ әскері
 - B) Қазақ батыры
 - C) Батыр ерлігі
 - D) Тарихи мекен
- 50 Мәтіндегі ақпаратты жағымды/жағымсыз бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.
- A) Мұндай көрікті жерде де адам өледі екен-ау.
 - B) Ер Жасыбайдың есімі көлге берілгені туралы аңыз бар.
 - C) Судың беткі аумағы 3,7 шаршы шақырымды құрайды екен.
 - D) Сол жер бүгінгі күнге дейін «Қалмаққырылған» деп аталады.

2

Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау

1-мәтін

Ағам Бақыт - әскери қызметкер. Ол - Көкшетау қаласының тұрғыны. Жыл сайын кезекті демалысында еліміздің көрікті жерлерін аралайды. Биылғы демалысы жаз мезгіліне сәйкес келді. Демалысқа шығысымен отбасы мүшелерін жинап, алдағы жексенді күні Жетісу өңірін аралауға баратындарын айтты. Жетісу - шетелдік туристер мен саяхатшылар көп баратын орын. Ағам теміржол вокзалына барып, отбасы мүшелеріне билет сатып алғанын да ескертті. Ұлдары Сағи мен Абылай бұл жаңалыққа қатты қуанды. Жұбайы саяхатқа шығуға дайындық жұмысын бастап та кетті. Олар жексенді күні саяхатқа шықты.

Жетісудағы ірі өзендердің бірі - Іле өзені. Ол бастауын Қытайдағы Тлекес және Күргес өзендерінің қосылар жерінен алып, Балқаш көліне құяды. Өзенде сазан, көкбас, алабұға, арал шабағы, жайын, көксерке, тұқыбалық сияқты балықтың түрлері бар. Оң жақ жағалауында қарақұйрықтарды, Барсакеместен алынған аңдар мен құстарды қорғау үшін Алтынемел ұлттық саябағы ашылды. Іленің жағасында әйгілі Әнші құм орын тепкен.

Әнші құм - Талдықорған жерінде Үлкен Қалқан, Кіші Қалқан деп аталатын таулардың етегіне орналасқан құмды төбе. Әнші құмның бұлай аталуының өз сыры бар. Мұнда Қалқан тауларынан соғатын желдің бағыты үнемі өзгеріп отырады. Жел соққанда електен өткендей іріктелген майда құм түйіршіктері сусылдап төмен қарай жылжиды. Осы кезде сырнайдың үніне ұқсас таза, әдемі әуен естіледі. Жел күшейе соққан кезде, әлгі әдемі әуен реактивті ұшақтың гүріліне ұқсап кетеді. Жаздағы ыстықта құмның төбесіне шығып төмен қарай жүгірсең, кемеңіз жүзіп келе жатқандағы даусы естіледі. Осындай ғажайып әнді есту үшін адамдар әдейі ат басын бұратын болған. Табиғаттың мұндай ғажайып әншісі Қазақстаннан басқа ешбір елде жоқ.

Сонымен қатар бұл аймақта табиғаты ерекше Шарын шатқалындағы «Назир» туристік базасы, «Көлсай» демалыс аймақтары, «Достық» спорт кешені, Қаршағай су қоймасы, емдік минералдық бұлақ суы бар шипажайлар бар. Ойын-сауық, мәдени орталықтар, қонақүйлер, қалханалар мен мейрамханалар, демалыс аймақтары туристер мен демалушыларға қызмет көрсетеді. Бұл өлкеде туризм жақсы дамуда. Жетісу халқы қонақжайлылығымен танылған. Ағам отбасымен Жетісу өлкесінің қонақжайлылығына тәнті болды.

Е көкбас (балық) – осман
алабұға – окунь
шабақ – чебак
жайын – сом
тұқы – карп
қарақұйрық – джейран

1

Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Өнші құмның ғажап өнін есту үшін адамдар әдейі ат басын Жетісу аймағына бұрады.
- B) Жетісудағы табиғат сыйы – Өнші құм сияқты жер Қазақстаннан басқа ешбір елде жоқ.
- C) Жел соққанда електен өткендей іріктелген майда құм түйіршіктері сусылдап төмен қарай жылжуынан әсем ән пайда болады.
- D) Жетісу аймағында Үлкен Қалқан, Кіші Қалқан деп аталатын таулардың етегінде орналасқан Өнші құм барлық туристерді және демалушыларды таң қалдырады.

Е

Мәтін бойынша толық әрі нақты ақпаратты тұжырымдау мәтін мазмұны арқылы анықталады. Берілген жауаптардың үшеуінде жауап мәтін мазмұнына сәйкес, бірақ толық немесе нақты болмайды, дұрыс жауабында толық және нақты ақпарат тұжырымдалуы тиіс.

Т

- 1) Ғажап өнін есту үшін адамдар әдейі ат басын бұратыны жайлы ақпарат нақты ақпарат.
- 2) Табиғат сыйы – Өнші құмның еш жерде қайталанбайтыны туралы мәтін мазмұнын толық ашады.
- 3) Жел соғуымен құм жылжып, содан шығатын ән себеп-салдарлық қатынасты білдіреді.
- 4) Мәтінде Жетісу аймағында Үлкен Қалқан, Кіші Қалқан деп аталатын таулардың етегіндегі Өнші құм орналасқаны туралы және туристер мен демалушыларды таңқалдыратыны жайлы жалпы ақпарат берілгенімен мәтін мазмұнын нақтылап толықтырмайды.

2

Мәтіндегі басты тірек сөздерді таңдаңыз.

- A) Жетісу, демалыс, жел, бұлақ, саяхат
- B) отбасы, табиғат, демалыс, сырнай, өзен
- C) Бақыт, демалыс, отбасы, саяхат, табиғат
- D) Бақыт, табиғат, билет, вокзал, турист

Е

Тіл қолданушыға ұсынылып отырған тапсырма мәтіндегі маңызды ақпаратты білдіретін, мәтін құрауға тірек болып тұрған сөздерді анықтау үшін беріледі. Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін, тірек бола алатын сөздер арқылы тапсырма түрін орындауы керек.

Т

- 1) «Жетісу», «демалыс», «саяхат» сөздері тірек сөздер тізбегінде қолданылғанымен, «жел», «бұлақ» сөздері – мәтін құрауға негіз бола алмайтын сөздер.
- 2) «Отбасы», «табиғат», «демалыс» сөздері тірек сөздер қатарына жатқанмен, «сырнай», «өзен» сөздері маңызды ақпаратты білдіре алмайды.
- 3) «Бақыт», «демалыс», «отбасы», «саяхат», «табиғат» сөздері – мәтін құрауға негіз болатын, мәтіндегі негізгі ақпаратты білдіретін сөздер.
- 4) «Бақыт», «табиғат» сөздері – тірек сөздер қатарындағы сөздер, ал «жұбайы», «билет», «вокзал», «турист» сөздері тек қосымша ақпарат беруде қолданылады.

3

Мәтіндегі автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Қапшағай – Жетісудағы ең ірі су қоймасы.
- B) Жетісуда туризм қарқынды дамып келеді.
- C) Жел күшейе соққан кезде, әлгі әдемі әуен реактивті ұшақтың гүріліне ұқсап кетеді.
- D) Ойын-сауық, мәдени орталықтар, қонақүйлер, демалыс аймақтары туристер мен демалушыларға қызмет көрсетеді.

Е

Ұсынылып отырған тест тапсырмасы мәтіндегі автордың пікірін білдіретін ақпаратты таба алған жағдайда, жауап дұрыс тұжырым бола алады. Тестіленуші мәтіндегі негізгі ойға жіті көңіл бөлсе, автордың көзқарасын анықтауына мүмкіндік туады.

Бұл тапсырма тіл қолданушының төменде көрсетілген білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтіндегі негізгі ойды толық түсіну;
- мәтіндегі негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу;
- автордың көзқарасын анықтайтын ақпаратты таба білу.

Т

- 1) Бұл жауапта баршамызға белгілі фактіні көрсеткен.
- 2) Автордың пікірінше Жетісу туризм индустриясы соңғы кезде өркендеп келеді.
- 3) Жел күшейе соққан кезде, әлгі әдемі әуен реактивті ұшақтың гүріліне ауысуы фактілік аргумент болып табылады.
- 4) Жетісу өлкесінде туристерге қызмет көрсететін орталықтардың бар болуы жөнінде мағлұмат береді.

4

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Әншіқұм – табиғаттың қазаққа берген сыйы.
- B) Бақыттың отбасы жер жаннаты Жетісуға демалуға барады.
- C) Жетісудағы демалыс аймағындағы туризмнің дамуына қолайлы өлке.
- D) Емдік минералдық бұлақ суы бар шипажай туралы ақпарат беріледі.

Е

Тест тапсырмасы мәтіннің негізгі ойын анықтауды мәтін мазмұны мен жауаптарды салыстыру арқылы орындалуы керек. Жауаптардың үшеуінде мәтін мазмұнын аша алмайтын бейтарап ақпараттар мен маңызды емес ақпараттар кездескенімен, дұрыс жауаптағы негізгі ой-пікір шынайы болуы тиіс.

Т

- 1) Мәтінде Жетісудағы Әншіқұм жайлы қосымша ақпарат берілген.
- 2) Бақыттың отбасымен Жетісуға демалысқа баруы мәтіннің негізгі ойын тұжырымдайды.
- 3) Мәтін мазмұнында Жетісудың демалуға өте қолайлы аймақ екендігі жайлы қосымша айтылады.
- 4) Мәтінде емдік минералдық бұлақ суы бар шипажайлардың Жетісуда бар екендігі жайлы жалпы ескертеді, ал мәтін Бақыттың отбасымен Жетісуға демалысқа шығуы жайлы.

5

Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны көрсетіңіз.

- A) Биылғы демалыс жаз мезгіліне сәйкес келді.
- B) Олар Жетісуға саяхат жасауды жоспарлады.
- C) Жұбайы демалысқа дайындықты бастап та кетті.
- D) Жазғы демалыстарын Жетісуда өткізетінін естіген балалары шаттанып қалды.

Е

Тест тапсырмасы мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдауы үшін мәтіндегі эмоциялық-бағалаушылық ақпаратты табуы керек. Мәтінде берілген ақпараттарды салыстыру арқылы мәтіндегі нақты пікірді білдіретін бағалау тұстарын анықтау қажет.

Аталған тапсырма тіл қолданушының төменде көрсетілген білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтіндегі сөздердің мағынасын толық және нақты түсіну;
- берілген сөздерді мәтін мазмұнымен салыстыру, ақпаратты жүйелеу;
- мәтіндегі негізгі және екінші дәрежедегі ақпаратты толық және нақты түсіну;
- мәтіндегі эмоциялық-бағалаушылық ақпаратты табу.

Т

- 1) Мәтінде берілген ақпарат бейтарап мәліметті білдіреді.
- 2) Берілген ақпарат мәтіннен жалпы мәлімет бергенімен, бағалаушылық тұрғыдан алғанда сезімді білдірмей тұр.
- 3) Бұл жауаптағы ақпарат хабарлау мақсатында айтылған адамның бейтарап іс-әрекеті.
- 4) Мәтінде Барсакелмес қорығынан әкелінген жануарларды қорғау мақсатында Балқаш мемлекеттік қорықшасының ашылуы туралы ақпарат емес, Балқаш көліне қандай өзен құятыны жайлы айтылған.

6

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Туристік база
- B) Жетісуға саяхат
- C) Саяхатқа дайындық
- D) Жер жанаты Жетісудан алған әсер

Е

Ұсынылған тест тапсырмасы мәтін мазмұнын толық қамтитын, мәтіндегі негізгі ойды анықтайтын нақты тақырыпты табу қажеттілігінен туындайды. Жауаптардың үшеуіндегі ақпарат мәтінді нақтыламааса, мәтін мазмұны тұжырымдалмайды.

Бұл тапсырма түрі тіл қолданушының төмендегідей білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтіндегі маңызды және маңызды емес ақпараттарды салыстырып, ажырата білу;
- мәтін мазмұнын толық аша алатындай нақтырақ тақырып таңдай білу.

Т

- 1) Мәтінде туристік базалар туралы нақты ақпарат берілгенімен, олар мәтін мазмұнында қосымша аталып өтеді.
- 2) Жетісу өлкесіне отбасының саяхат жасауы туралы ақпарат мәтін мазмұнын толық қамтып, негізгі ойды тұжырымдайды.
- 3) Мәтінде отбасының саяхатқа дайындығы туралы ақпарат мәтін мазмұнын толық қамтымайды.
- 4) «Жер жаннаты Жетісудан алған әсер» тақырыбы сипаттала келіп, қосымша ақпарат ретінде түйінделген.

7

Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) Жетісу халқы қонақжайлылығымен танылған.
- B) Жетісу өңірін тамашалауға шетелдік демалушылар келді.
- C) Жетісуда демалыс аймақтары туристер мен демалушыларға қызмет көрсетеді.
- D) Жетісудың Шарын шатқалында «Назгум» туристік базасы орналасқан.

Е

Тапсырма түрі мәтіндегі ақпаратты нақтылайтын қорытындыны қосымша ақпараттан ажырата білуге арналған. Мәтін мазмұны бойынша берілген тұжырым ақпараттың шынайылығын білдіретін қорытынды ой болуы тиіс.

Т

- 1) Мәтін мазмұнындағы ойды Жетісу халқы қонақжайлылығымен танылған деген мәлімет түйіндей түседі.
- 2) Мәтін мазмұнында Жетісу өңірін тамашалауға шетелдік демалушылар келетіндігі қосымша айтылып өткендіктен, ақпарат мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдай алмайды.
- 3) Мәтін мазмұнында демалыс аймақтары туристер мен демалушыларға қызмет көрсететіндері жайлы қосымша ақпарат берген.
- 4) Жауап нақты бір демалыс орны барын ғана хабарлайды.

8

Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Іле өзенінде балықтың бірнеше түрі бар.
- B) Жетісу – саяхатшылар мен туристер мекені.
- C) Бақыт демалысында Қазақстанның көрікті жерлерін аралайды.
- D) Талдықорғандағы Үлкен және Кіші Қалқан бауырында құмды төбе бар.

Е

Тест тапсырмасы мәтіндегі негізгі ақпаратты ескере отырып, қосымша ақпаратты ажырата алуы тиіс. Мәтіндегі негізгі ақпаратқа қайшы келетін, маңыздылық танытпайтын ақпарат табу үшін мәтінде берілген шынайы ақпаратқа көңіл бөлген жөн.

Т

- 1) Мәтіндегі Іле өзенінде балықтың бірнеше түрі бар екендігі туралы ақпарат мәтін мазмұнын ашатындай маңызды ақпарат емес, өйткені қосымша ретінде ғана берілген.
- 2) Жетісудың саяхатшылар мен туристер мекені екендігі туралы ақпарат мәтіндегі негізгі ақпаратты тұжырымдайды.
- 3) Мәтін мазмұнында Бақыттың өз демалысында Қазақстанның көрікті жерлерін аралайтыны туралы ақпарат маңызды ақпараттардың бірі.
- 4) Мәтінде Қалқан Үлкен және Кіші тауының етегінде орналасқан құмды төбе – Өнші құм туралы ақпарат беріліп, оның табиғи ерекшелігі туралы да айтылады.

9

Автордың пікірін білдіретін ақпаратты табыңыз.

- A) Іле Жетісудың ірі өзендерінің бірі болып табылады.
- B) Ағам демалыс күні отбасымен Жетісуға саяхатқа шықты.
- C) «Көлсай» демалыс аймағы Шарын шатқалында орналасқан.
- D) Өнші құмдай көрікті өлке қазақ жерінен басқа жерде кездеспейді.

Е

Ұсынылып отырған тест тапсырмасы мәтіндегі автордың пікірін білдіретін ақпаратты таба алған жағдайда, жауап дұрыс тұжырым бола алады. Тестіленуші мәтіндегі негізгі ойға жіті көңіл бөлсе, автордың көзқарасын анықтауына мүмкіндік туады.

Бұл тапсырма тіл қолданушының төменде көрсетілген білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтіндегі негізгі ойды толық түсіну;
- мәтіндегі негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу;
- автордың көзқарасын анықтайтын ақпаратты таба білу.

Т

- 1) Іле Жетісудың ірі өзендерінің бірі екендігі туралы ақпарат мәтін мазмұнында келтірілгенмен, автордың пікірін көрсетпейді.
- 2) Бақыттың демалыс күні отбасымен Жетісуға саяхатқа шығуы туралы ақпарат оқиғаны хабарлау, баяндау мақсатында айтылған.
- 3) «Көлсай» демалыс аймағының орналасқан жері туралы ақпарат қана берілген.
- 4) Автордың пікіріне қарағанда Өнші құмдай көрікті өлке қазақ жерінен басқа жерде кездеспейді.

10

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Биылғы демалыс.
- B) Демалыс орталықтары.
- C) Жазғы демалысқа дайындық.
- D) Ағам Бақыттың отбасымен уақыт өткізуі.

Е

Тапсырма мәтін бөліктеріндегі ақпараттарды негізге ала отырып, көрсетілген азатжолға дәлірек тақырыпша табуға ой салады. Тестіленуші мәтінді мұқият оқып, басты мәліметтерді сұрыптау арқылы тақырыпша таңдауы тиіс. Бөліктер бойынша берілген ақпараттар негізінде мәтінге баса назар аудару қажет.

Т

- 1) Жауап бүкіл мәтіннің мазмұнын қамтып тұр.
- 2) Аталған ақпарат мәтіннің соңғы азатжолында қамтылған.
- 3) Мұндағы негізгі ақпарат жазғы демалысқа дайындық жасауы.
- 4) Бақыттың отбасымен жай уақыт өткізуі туралы ақпарат мәтінде кездеспейді.

11

Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Іле өзені
- B) Жетісудағы ірі өзендер
- C) Алтынемел ұлттық саябағы
- D) Барсакелмес қорығы туралы

Т

- 1) Мәтіннің екінші азатжолында Іле өзені туралы ақпарат маңызды ақпарат болып саналады.
- 2) Мәтіннің аталған бөлігінде Жетісу өзендері аталғанымен, қосымша ақпарат ретінде тұжырымдалады.
- 3) Мәтіндегі екінші азатжолындағы Алтынемел ұлттық саябағы туралы ақпарат маңызды болғанымен, азатжолдың негізгі ойын қамти алмайды.
- 4) Мәтіндегі екінші азатжолындағы Барсакелмес жайындағы ақпарат қосымша ақпарат болып табылады.

- A) Әдемі әуен
- B) Ұшақ гүрілі
- C) Қалқан тауы
- D) Ғажайып әнші



- 1) Мәтіннің үшінші азат жолында самал желден пайда болған құмның әдемі сырнай әуені секілді өні туралы ақпарат маңызды болғанымен, азатжолдың негізгі ойын толық қамти алмайды. Себебі, онда жаздағы ыстықта құмның төбесіне шығып төмен қарай жүгірсен, кеменің жүзіп келе жатқандағы даусы естіледі деп көрсетілген.
- 2) Мәтіннің аталған бөлігінде құмды төбе туралы жел күшейе соққан кезде, әлгі әдемі әуен реактивті ұшақтың гүріліне ұқсап кетеді деген ақпарат қосымша болып саналады.
- 3) Мәтіннің аталған бөлігінде Қалқан тауы туралы ақпарат маңызды болғанымен, негізгі ойды тұжырымдамайды.
- 4) Мәтіндегі үшінші азатжолда ғажайып әнші жайында: «өнді есту үшін адамдар әдейі ат басын бұратын болған. Табиғаттың мұндай ғажайып әншісі Қазақстаннан басқа ешбір елде жоқ», - деп нақты және толық ақпарат айтылады.

2-мәтін

Жапон аңыз

Тюяма префектурасының Касүдзүка деген өлкесінде өте бай кісі өмір сүріпті. Алтын мен күмістен жиналған қүние-мүлкінде есеп жоқ, даңқы алыстағы елдерге дейін тараған дәулетті екен. Ондаған зәулім сарайын аппақ, қарбазалармен қоршап, ал үй артындағы тау ішіне жер қоймасын қаздырып, асыл қүниелерді сонда жасырады екен. Касүдзүкалық бай сонымен қатар ұшы-қиырына көз жетпес егістік алқаптарын ұстапты. Құрғақшылықта да байдың егіні жайқалып шығып, қамбасы астыққа толыпты.

Байдың жалғыз қызы бар екен. Ғажайып сұлу екен. «Бұл қызды алған адамда арман бар ма екен?» десіпті жұрт. Қысқасы, касүдзүкалық сұлуды жұрт аңыз ғып жүргенде, бай қызын Күнгиямадағы Бандоу деген байдың баласына ұзатқу тойын бұрын-соңғы тойдан бөлек, айрықша салтанатты етіп жасамақ болады. Трой өтетін жерге жеті сарай салдырып, сексен саба сакэ әкелдірді.

Бай ақыл аймақтан жұртты жинап, жеті күн, жеті түн тойлапты. Бай «Үркердің қызындай үмілдетіп өсірген жалғызымды ұзатқанда, жер бастырып жүргізгенім болмас» деп, жұртты одан сайын таңдандыру үшін қызының жүретін жолына ерекше бірдеңе төсеуді ойлайды. Сөйтіп, бай қызын мочидің (күріштен жасалатын күше) үстімен ұзатпақ болады. Ол қызметшілеріне айнадай жылтыраған мочи әзірлеуді бұйырады. Аспазшылар жеті күн, жеті түн күше илеумен болады. Жеті тәулік өткенде, бай мен оның Бандоу құдасының үйіне дейін созылған сегіз шақырымдық күшеден жасалған жол дайын болады. Былтыр құрғақшылық болғандықтан, ел асқа жарымай отыр еді. Тек байдың егістігі ғана мол өнім берген еді. Бір түнде төселген аппақ жолды көрген ақыл ақсақалдары «анырай, не болар екен?» деп жағаларын ұстапты.

Айнадай жол көктемнің күн сәулесімен шағылысқанда, күше мен бұлдеге оранған бай қызы сарайдан шықты. Аппақ боп жылтырап жатқан алғашқы күшені аяғымен баса бергені сол екен, о таба, домалақ, нан аққуға айналып, әуеге көтерілді. Екінші қадам, үшінші қадам қалыңдықтық аяғының астынан аққулар бірінен кейін бірі

ұшып жатыр, ұшып жатыр. Жұрт таң-тамаша. Аспанға көтерілген бір топ аққу байдың үй-жайының үстінен бір айналды да алысқа ұзап, көзден ғайып болды. Байдың бар бақыт берекесі аққу-киемен бірге осылайша ұшып кете барды.

Күз келді. Ел егін жинауға кіріседі. Ал қызын ұзатқан байдың егістігіне бір түйір қән шықпайды. Келесі жылы да егістік өнім бермейді. Одан кейінгі жылы да. Сөйтіп, бұрынғы алтын қәнді алқан тақыр шөлге айналыпты. Берекесі кеткен байдың қүние мүлкі бірте-бірте азайып, ақырында сіңірі шыққан кедей болады. Оның қызын алған Бандоу байдың әулеті де көп ұзамай тақыр кедейге айналыпты дейді.

13 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

Байдың дүниесі:

- A) егістік алқаптары, асыл дүниелері
- B) астық, алтын, күміс, зәулім сарайлары
- C) мүлік, егістік алқаптары, асыл дүниелер, зәулім сарайлары
- D) дүние-мүлік, алтын, күміс, асыл дүниелер, егістік алқаптары

Т

- 1) Байдың дүниесі: егістік алқаптары, асыл дүниелер жөніндегі ақпарат мәтінде кездескенімен, толық және нақты ақпарат емес.
- 2) Зәулім сарайлар мәтін мазмұнына жалпы сәйкес келгенімен, нақты және толық болып табылады.
- 3) Байдың дүниесі деп көрсетілген сөздер толық және нақты ақпарат бола алады.
- 4) Көрсетілген ақпараттардың кейбірі мәтіндегі бай дүниесі жайлы толық ақпарат бермейді.

14 Мәтіндегі басты тірек сөздерді таңдаңыз.

- A) сұлу, бай, аққу, қадам, үркер, аспазшы
- B) бай, дүние, қызы, күлше, аққу, береке
- C) дүние, бай, береке, құда, егістік, Бандоу
- D) күн, бай, береке, күлше, құрғақшылық, аққу

Т

- 1) Мәтін бойынша «бай», «аққу» тірек сөздер болғанымен, «сұлу», «қадам», «үркер», «аспазшы» сөздері тірек сөз болып табылмайды.
- 2) Мәтіндегі ақпараттар бойынша көрсетілген сөздер мәтіннің негізгі ойын білдіретін тірек сөздер қатарына жатады.
- 3) Берілген қатардағы «бай», «береке» сөздері тірек болғанымен, «дүние», «құда», «егістік» және «Бандоу» негізгі ойды беретін сөздер емес.
- 4) Мәтіннен «бай», «береке», «күлше», «аққу» сөздері тірек сөздер қатарын құрағанымен, «күн», «құрғақшылық» сөздерінің тірек сөздер еместігін көруге болады.

15 Мәтіндегі жағымсыз бағаланатын ақпаратты таңдаңыз.

- A) Былтыр байдың егістігі ғана мол өнім берген еді.
- B) Аспазшылар жеті күн, жеті түн күлше илеумен болады.
- C) Наннан жасалған жолды көргенде қариялар жағасын ұстады.
- D) Бір түнде күлшеден жасалған сегіз шақырымдық жол дайын болды.

Т

- 1) Берілген жауап мәтіндегі фактілік аргументті білдіреді.
- 2) Бұл мәтіндегі болып жатқан оқиғадан хабардар етеді.
- 3) Берілген жауап автордың эмоциясын анық білдіріп тұр.
- 4) Бұл сөйлем мәтіндегі іс-әрекеттің орындалғаны жайлы нақты фактіні көрсетеді.

16 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Қыздың барған жері қандай жағдайға тап болды?

- A) Күлшелер нан құсқа айналып, әуеге көтерілді.
- B) Бандоу байдың отбасы да көп кешікпей кедей болды.
- C) Ауыл адамдары болған оқиғаға таңданып, ақырын күтіп отырды.
- D) Бір топ аққу байдың үйінің үстінен бір айналып өткен соң, жоқ боп кетті.

Т

- 1) Нанның құсқа айналғаны туралы ақпарат іс-әрекетті баяндайды.
- 2) Мәтін мазмұны бойынша іске асқан фактіні көрсетеді.
- 3) Мәтінде ауыл адамдарының болған оқиғаға таңданғандығы эмоцияны білдіріп тұр.
- 4) Бір топ аққу байдың үйінің үстінен өтіп кеткені болған жайды баяндайды.

17 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Астың қадірін түсіну.
- B) Барға қанағат ете білу.
- C) Қызды құрметтеу керек.
- D) Алтынның қасиетін білу.

Т

- 1) Мәтіндегі ақпарат бойынша наның қадір-қасиетін ұғыну негізгі ойды білдіреді.
- 2) Мәтіннің негізгі ойында қызды құрметтеу жайлы емес, нанды құрметтеу болып табылады.
- 3) Мәтін мазмұнында алтынның қасиеті жайлы емес, астың қасиетін білу насихатталады. Осыған сәйкес мына дана сөздерді айтып өту орынды деп санаймыз: «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен».
- 4) Мәтінде барға қанағат жасау негізгі ойдың мәні болып табылғанмен, оны толық ашпайды.

18 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Аққу – киелі құс
- B) Байлық – бақыт емес
- C) Бай қызының ұзатылу тойы
- D) Нанды таптау – мастықтың белгісі

Т

- 1) Мәтіндегі аққудың киелі құс екені шынайы ақпарат. Берекенің аққу кейіпінде ұшып кетуі де тегін емес. Бірақ аққу мәтін мазмұнын ашпайды, себебі мәтін мазмұны ас жайлы.
- 2) Мәтіннің негізгі ойы байлықтың бақыт еместігін дәлелдеу емес, нанның киесін ұғыну, оның қадіріне жету болып табылады.
- 3) Бай қызының ұзатылу тойы мәтінге арқау болғанымен, ол негізгі ойды білдірмейді және нақты тақырып бола алмайды.
- 4) Мәтін мазмұнындағы нанның қасиетін бағаламағандықтан берекенің ұшып кетуі мәтін мазмұнын толық қамтиды және оны нақты тақырыпқа жатқызуға болады.

19

Мәтіндегі ақпаратты нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) Масаттанған бай қызының аяқ астына нан төседі.
- B) Бай зәулім сарайын аппақ дарбазамен қоршады.
- C) Байдың бақыты мен байлығы аққумен бірге ұшып кетті.
- D) Бай қызының жеті күн, жеті түнге созылған ұлан асыр тойы болды.

Т

- 1) Мәтінде тәкаппар байдың қызының аяқ астына нан төсеуі нақты ақпарат болғанымен, оған қорытынды берілмеген.
- 2) Мәтінде байдың зәулім сарайын аппақ дарбазамен қоршауы мәтін мазмұнын құрауда маңызды емес, қосымша ақпарат болып табылады.
- 3) Мәтіндегі байдың бақыты мен байлығы нанды аяқасты етіп мастанғандықтан аққу болып ұшып кетуі жайлы ақпарат ойды қорытындылап, нақты айтып отыр.
- 4) Бай қызының ұлан асыр тойы мәтінге арқау бола алғанымен, оның негізгі ойын қорытындылай алмайды.

20

Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Нанды байдың қызы аяқ асты етті.
- B) Бұрынғы мол өнім беретін алқап айдалаға айналды.
- C) Бар жақсысын үстіне жапсырған бай қызы сарайдан шықты.
- D) Байдың дүние мүлкі бірте-бірте азайып ақырында кедей болды.

Т

- 1) Мәтін мазмұнында байдың қызының нанды аяқ асты еткені маңызды ақпараттың бірі.
- 2) Мәтіндегі мол өнім беретін алқаптың маңызды екендігі анық көрініп тұр.
- 3) Бар байлықты ысырап еткен байдың қызының сарайдан шығуы туралы ақпарат мәтінде маңыздылық танытпайды.
- 4) Мәтінде байдың кедейге айналуы маңызды ақпарат болып есептеледі.

21

Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Наннан төселген жолды көргенде ақсақалдар жағасын ұстапты.
- B) Бай әулеті нанды қадірлемегендіктен жоқшылыққа ұшырады.
- C) Бай жалғыз қызын ұзатамын деп, бар байлығын далаға шашты.
- D) Басқалардың еңбегін түсінбеген бай әулеті барлық дүниесінен айрылып кедейленді.

Т

- 1) Мәтінде наннан төселген жолды көргенде ақсақалдар жағасын ұстапты деген ақпарат шынайы болып келеді де, эмоцияны білдіреді.
- 2) Автордың пікірі бойынша әулеттің тақыр кедейшілікке тап болуы – нан қадірін білмегендігінен деп көрсетеді.
- 3) Мәтінде бар байлығын аш отырған елге бермей, қызына ысырап еткен бай туралы ақпарат автордың пікіріне жатпайды. Ол хабарлау ретінде берілген ақпарат.
- 4) Мәтін бойынша халықтың еңбек етуі жайлы ақпарат жоқ. Онда «Былтыр құрғақшылық болғандықтан, ел асқа жарымай отыр еді. Тек байдың егістігі ғана мол өнім берген еді» – деп көрсетеді. Демек, кедейлікке ұшырауына байдың бұл әрекеті себеп емес және ол автордың пікіріне жатпайды.

22 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Есебі жоқ дүние
- B) Зәулім сарайлар
- C) Касудзукалық бай
- D) Тояма префектурасы

Т

- 1) Мәтінде есебі жоқ дүние жайлы ақпарат бар, алайда оның иесі жайлы да айтылғандықтан тақырып азатжол мазмұнын толықтыра алмайды.
- 2) Мәтіннің бірінші азатжолында зәулім сарайлар жайлы қосымша ақпарат айтылған, ол аталған азатжолға тақырып бола алмайды.
- 3) Мәтіндегі бай және оның дүниесі жайлы мәлімет түгел бірінші азатжолда берілген.
- 4) Мәтінде Тояма префектурасының табиғаты жайлы емес, ол тек байдың тұратын жері екенін хабарлау мақсатында берілген қосымша ақпарат, ол азатжолдың мағынасын толық қамти алмайды.

23 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Жалғыз қыз
- B) Тойға шақыру
- C) Тойға дайындық
- D) Байдың сұлу қызы

Т

- 1) Байдың қызы жалғыз екені мәтін бойынша шынайы ақпарат бірақ азатжолдың дәлірек тақырыпшасына деуге келмейді.
- 2) Мәтінде тойға кімдерді шақырғаны жайлы ақпарат берілмеген, сондықтан ол бізге белгісіз.
- 3) Мәтінде тойға дайындық туралы ақпарат сұлу қыздың ұзатылуынан туындап отырған ақпарат болғандықтан, тақырыпша азатжолдың мағынасын ашып тұр.
- 4) Мәтінде берілген ақпараттарға сай тақырыпша азатжолды түгел қамти алмай отыр.

24 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Қыздың жүретін жолы
- B) Күлшеден жасалған жол
- C) Жеті күн, жеті түн той жасау
- D) Ауыл ақсақалдарының таңданысы

Т

- 1) Тақырыпша берілген ақпаратқа сай қыздың жүретін жолы хабарлау мақсатында айтылған.
- 2) Тақырыпшада мәтіннің үшінші азатжолының мағынасы түгел қамтылып отыр.
- 3) Мәтінде жеті күн, жеті түн бойы тойға жасалған той туралы ақпарат азатжол мазмұнына қосымша беріледі.
- 4) Мәтіндегі ауыл ақсақалдарының таңданысы жайлы ақпарат тек эмоциялық ақпарат болып табылады.

3-МӘТІН

Өмірдің мәні туралы айтқанда, біз оралмай кете алмайтын бір ұғым бар. Ол - бақыт туралы ұғым. «Өмірдің мәні оны бақытты етіп өткізуде» деген тұжырымның кез келген адамға түсінікті әрі жылы естілетіні содан болса керек. Бақыт дегеніміз - өзі болмысының, шарттары мен адамның кең ауқымды ішкі қанағаттанушылығына сәйкес келетін, өмірінің толыққандылығы мен маңыздылығын, өзінің адамдық мұратына жету күйін көрсететін моральдық сана ұғымы. Бақыт мұраттың сезімдік-эмоциялық формасы болып табылады. Бақыт ұғымы белгілі бір нақты объективті жағдайды немесе адамның субъективті күйін сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге адам өмірінің қалай болуы керек екендігі, ол үшін ненің игілікті бола алатыны туралы түсініктерді де саралайды. Осыған байланысты бақыт ұғымы нормативті-бағалық сипат алады. Бақыттың мазмұны әр адамның өз өмірінің мұраты мен мағынасын қалай түсінуге байланысты. Бақыт, сондай-ақ, тарихи және ұлттық шарттылық сипатта көрініс береді.

Қазір бүкіл прогресшіл адамзат қауымы қабылдаған демократиялық қағидалар біздің өмірімізге де мықтап ене бастады. Тұлғаның мұддесі қоғам мұддесінің астында тапталып қалмайтын болды. Бірақ, бұл жағдай жекенің мұддесі үшін қоғам зардап шеге берсін дегенді білдірмейді. Ол екеуінің арасындағы байланыстар табиғи, бірін-бірі толықтырып отыратын болуы керек. Қоғам бақытты болса ғана, адам бақытты. Ал қоғамның бақыты оның әр мүшесінің бақытынан құралады.

Қатардағы адамның түсінігіне салсақ, бақыттың белгісі жанына жайлылық, тәніне ләззат беру болып шығар еді. Бұл да өмірлік тәжірибеден алынған, сонысымен көпшіліктің санасына орныққан жағдай болар. Солай болғанның өзінде оған жетер жол біреу-ақ. Ол - табиғи жол, еңбек жолы. Бұл жолмен көңілдің хошын табу әр адамның өмірлік нысанасы болуға тиіс. Көптеген адамдар бақытты махаббатпен байланыстырады. Махаббат жолында бүкіл өмірін, байлығын, мансабын сарп еткендер де аз емес. Бақыт деген - адамға оның өзінен жоғары тұрған, белгісіз бір күштердің сыйы емес. Бақытты болу немесе бола алмау - адамның маңдайына бұйырған үлес немесе тағдырына алдын ала жазылып қойылған бағдарлама да емес. Бақытты болу - әр адамның өз еркі, демек, бақытты бола білу әр адамның өз қолында.

25 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Көп адам үшін бақыт махаббатпен байланысты.
- B) Бақытты қоғамда адамдар жақсы жұмыс істейді.
- C) Кейбір адамдар махаббатты дұрыс сезіне алмайды.
- D) Бақытты болу үшін адамдар әртүрлі әрекет жасайды.



- 1) Мәтінде көп адам үшін бақыт махаббатпен байланысты екендігі жөнінде ақпарат берілген.
- 2) Мәтін мазмұнында бақытты қоғамда адамдар жақсы жұмыс істейтіндері жайлы ақпарат көрсетілмеген.
- 3) Мәтінде кейбір адамдардың махаббатты дұрыс сезіне алмайтыны туралы айтылмайды.
- 4) Мәтін мазмұнында бақытты болу үшін адамдардың әртүрлі әрекет жасайтындары туралы ақпарат қамтылмаған.

26 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) бақыт, мұрат, ұғым, мағына, сана
- B) бақыт, адам, еңбек, мораль, махаббат
- C) бақыт, мүдде, ұғым, мағына, демократия
- D) бақыт, мұрат, ұғым, мағына, маңдай

Т

- 1) Мәтін бойынша берілген «бақыт», «мұрат», «ұғым», «мағына», «сана» сөздерінің барлығы кездесіп тірек сөздер болып табылады және қолданылады.
- 2) Мәтінде «бақыт», «адам», «еңбек» деген сөздер тірек сөздер қатарына жатқанымен, «мораль», «махаббат» сөздері қосымша мағына үстейді.
- 3) Мәтін мазмұны бойынша «бақыт», «ұғым», «мағына» сөздері тірек болғанымен «мүдде», «демократия» сөздері кездескенімен тірек сөз емес.
- 4) Мәтін мазмұны бойынша «бақыт», «ұғым», «мағына», «мұрат» сөздері тірек болғанымен «маңдай» сөзі қосымша сөз.

27 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Бақыт қоғам мен адам тығыз байланысты.
- B) Қоғамның бақыты мүшесінің жауапкершілігінен құралады.
- C) Қоғамның бақыты оның әр мүшесінің бақытынан құралады.
- D) Қоғамның бақыты ондағы адамдардың бостандығымен байланысты.

Т

- 1) Мәтін мазмұны бойынша бақыт әр мүшесінің махаббатынан құралатыны туралы ақпарат қысқа және нақты.
- 2) Мәтінде қоғамның бақыты мүшесінің жауапкершілігінен құралатыны туралы мәлімет қосымша беріледі.
- 3) Қоғамның бақыты оның әр мүшесінің бақытынан құралады деген ақпарат толық және нақты болып табылады.
- 4) Мәтін мазмұнында қоғамның бақыты ондағы адамдардың бостандығымен байланысты деген ұғым нақты ақпарат емес.

28 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Бақыт мұраттың қандай формасы болып табылады?

- A) Бақыт мұраттың қиялдық формасы болып табылады.
- B) Бақыт мұраттың шынайы формасы болып табылады.
- C) Бақыт мұраттың сезімдік-эмоциялық формасы болып табылады.
- D) Бақыт мұраттың сезімдік философиялық формасы болып табылады.

Т

- 1) Мәтінде бақыт мұраттың қиялдық формасы болып табылатыны жөнінде ақпарат жоқ.
- 2) Мәтінде бақыт мұраттың шынайы формасы болып табылады деген ақпарат берілмеген.
- 3) Мәтінде бақыт мұраттың сезімдік-эмоциялық формасы болып табылатындығы жөнінде ақпарат берілген.
- 4) Мәтінде бақыт мұраттың сезімдік-философиялық формасы болып табылатындығы жайлы ақпарат кездеспейді.

29 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Бақыт – нормативті-бағалық құндылық.
- B) Өмірдегі маңызды ұғымның бірі – бақыт.
- C) Әр адам баласының бақытты болғанын тілейді.
- D) Бақыт – адамға бейтаныс бір күштердің берген сыйы.



- 1) Мәтіндегі бақыт нормативті-бағалық сипат алады деген мәлімет баяндау мақсатында айтылған ақпарат болып табылады.
- 2) Бақыттың адам өмірінде маңызды орын алатын моральдік ұғым екені мәтінде тұжырымдалады.
- 3) Әр адам баласының бақытты болғанын тілейді деген ақпарат мәтіндегі негізгі ой бола алмайды.
- 4) Мәтінде бақыт – адамға бейтаныс бір күштердің берген сыйы емес деген кері ақпарат беріледі.

30 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Бақытты бола білу әр адамның өзіне байланысты.
- B) Қоғам бақытты болғанда ғана, адам бақытты болады.
- C) Өмір мәні жөнінде айтсақ, бақыт туралы түсінікке ораламыз.
- D) Еңбек жолмен көңіл хошын табу адамның өмірлік нысанасы болуы тиіс.



- 1) Бақытты бола білу әр адамның өзіне байланысты екені жайлы ақпарат автордың пікірін білдіреді.
- 2) Мәтінде қоғам бақытты болса ғана адам бақытты болады деген ақпарат маңызды болып есептеледі.
- 3) Өмір мәні жөнінде айтсақ, бақыт туралы түсінікке ораламыз деген мәлімет мәтіндегі маңызы аз ақпарат.
- 4) Мәтіндегі еңбек жолмен көңілдің хошын табу әр адамның өмірлік нысанасы болуға тиіс деп көрсетуі автордың жеке пікірін білдіреді.

31 Мәтіндегі ақпаратты нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) Бақыт нормативті-бағалық сипат алады.
- B) Бақыт дегеніміз адамның ішкі қанағаттанушылығы.
- C) Бақыт – адамға бейтаныс бір күштердің берген сыйы.
- D) Көптеген адамдар бақытты махаббатпен байланыстырады.



- 1) Мәтінде бақыттың қалайша нормативті-бағалық сипат алатындығы жөнінде толық ақпарат берілген.
- 2) Мәтін бойынша адамның ішкі қанағаттануы нақты ақпарат десек те, бақыт ұғымы мәтінде толық көрсетілген.
- 3) Мәтінде бейтаныс күштердің берген сыйы емес деген кері қорытынды берілген.
- 4) Мәтін мазмұны бойынша көптеген адамдар бақытты махаббатпен байланыстыратыны жөнінде мәлімет қосымша мәлімет берілген.

32 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Қоғам мен адам
- B) Бақыт туралы ұғым
- C) Өмір жайлы тұжырым
- D) Махаббат туралы пікір



- 1) Мәтіндегі қоғам мен адам байланысы туралы қосымша ақпарат.
- 2) «Бақыт туралы ұғым» деген тақырып мәтін мазмұнын толық аша алады.
- 3) Мәтін негізгі ой бақыт туралы тұғымды тұжырымдайды.
- 4) Мәтін мазмұны бойынша махаббат қосымша мәлімет беруде айтылған.

33

Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Бақыт одан да басқа тарихи-ұлттық сипатта көрініс береді.
- B) Бақытты болу деген түсінік жөніндегі ақпаратты біз күнделікті өмірде қолданамыз.
- C) Бақыттың мәнін әр кісі өз өмірінің мұраты мен мағынасын түсінуіне байланысты қабылдайды.
- D) Бақыт ұғымы белгілі бір нақты объективті жағдайды немесе адамның субъективті күйін сипаттап қана қоймайды.

Т

- 1) Мәтін мазмұны бойынша бақыт ұғымы тарихи-ұлттық сипат алатындығы туралы ақпарат баяндау мақсатында айтылған.
- 2) Бақытты болу деген түсінік жөніндегі ақпаратты біз күнделікті өмірде қолданамыз деген ақпарат хабарлау ретінде беріліп отыр.
- 3) Мәтін мазмұнында автор бақыттың мәнін әр кісі өз өмірінің мұраты мен мағынасын түсінуіне байланысты қабылдайтыны туралы баяндайды.
- 4) Мәтіннің мазмұнында бақыттың кең мағыналы екендігі түсіндіріліп, толық баяндалады.

34

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Өмірдің мәні
- B) Бақыт түсінігі
- C) Бақыт – сезімнің эмоциялық көрінісі
- D) Бақыт пен достық туралы әр қиылы пікірлер

Т

- 1) Мәтін мазмұнының бірінші азатжолында өмір туралы айтылғанымен, азатжолдың негізгі ойы бақыт жөнінде.
- 2) Мәтін мазмұнының бірінші азатжолының негізгі ойы бақыт жөнінде әртүрлі түсініктерді көрсету болып табылады.
- 3) Мәтін мазмұнының бірінші азатжолында бақыт сезімнің эмоциялық көрінісі деген ақпарат баяндау мақсатында айтылып, азатжол мазмұнын толық аша алмайды.
- 4) Мәтіннің бірінші азатжолында бақыт пен достық туралы әр қиылы пікірлер туындайды деген автордың жеке пікірі болғандықтан тақырыпша бола алмайды.

35

Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Демократиялық қағидалар
- B) Адам бақыты мен махаббаты
- C) Қоғамдағы адам мүддесінің маңызы
- D) Қоғам мен жеке адам бақытының байланысы

Т

- 1) Мәтін мазмұнының екінші азатжолында демократиялық қағидалар біздің өмірімізге еніп келетіні туралы айтылған.
- 2) Адамның бақытты болуын махаббатпен байланыстырып берілген пікірлер мәтіннің үшінші азатжолында айтылған.
- 3) Мәтіннің мазмұнының екінші азатжолында қоғамдағы адам мүддесінің маңызды екендігі туралы ақпарат берілген, десек те қоғам мүддесі мен жеке адам мүддесінің байланысына көбірек тоқталып өтеді.
- 4) Мәтін мазмұнының екінші азатжолында қоғам мен жеке адам бақытының байланысы туралы айтылады және ол азатжолға тақырыпша бола алады.

Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Бақытты болу өз еркің
- B) Еңбек бақытқа жеткізеді
- C) Бақыт – махаббатта жолы болу
- D) Бақыт туралы қатардағы адамдардың пікірі



- 1) Мәтін мазмұнының үшінші азатжолының негізгі ойы бақыттың немен байланысты екенін іздеу болып табылады және әркімнің бақытты болу өз қолында деп тұжырымдалады.
- 2) Мәтін мазмұнының үшінші азатжолына еңбектің бақытқа жетелеуі нақты тақырып бола алмайды, себебі еңбек қосымша ақпарат ретінде ғана берілген.
- 3) Бұл мәтінде автордың айтуынша бұл жеке адамдардың пікірін білдіреді.
- 4) Мәтіннің үшінші азатжолында бақыт туралы қатардағы адамдардың түрлі пікірлері қосымша айтылған.

Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.

- A) Бақыт – моральдық сана ұғымы.
- B) Өмірдің мәні оны бақытты етіп өткізуде.
- C) Бақыт тарихи, ұлттық сипатта көрініс береді.
- D) Бақытты болу – жазылып қойылған бағдарлама емес.



- 1) Бақыт – моральдық сана ұғымы деген сөйлемде ақпарат баяндау мақсатында айтылып тұр.
- 2) Мәтінде өмірдің мәні оны бақытты етіп өткізуде деген ақпарат мәтінде эмоциялық бағалайтын нұсқа болып табылады.
- 3) Мәтін мазмұнында бақыттың тарихи, ұлттық сипатта көрініс беруінде эмоциялық-бағалаушы нұсқаны байқай алмайсыз.
- 4) Мәтіннің мазмұны бойынша бақытты болу – жазылып қойылған бағдарлама емес деген ақпаратта эмоция байқалмайды.

4-МӘТІН

Қазақ әдебиеті

Мерзімдік басылымдар - бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі. Мерзімдік басылымдарға газет-журналдар жатады. Газет-журналдардың адам өмірінде алатын орны зор. Біз газеттен еліміздегі, шетелдердегі оқиғалардан хабарлар боламыз, қызықты жайларды білеміз. Газет-журналдардың түрі көп. Олардың бағыттары да сан алуан. Бұқаралық ақпарат құралдары - өмір айнасы.

«Қазақ әдебиеті» - апталық әдеби, мәдени газет. Газет 1934 жылдың қаңтар айынан бастап жарық көріп келеді. Газеттің алғашқы редакторы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, әңгіме жанрының қас шебері Бейімбет Майлин болған. Газеттің шығуы 1940-1954 жылдары аралығында тоқтатылып, 1955 жылдың қаңтар айынан қайта шыға бастады.

«Қазақ әдебиеті» өнерсүйер оқырман қауымның рухани жан құниесін байытып, эстетикалық талғамын арттыруда елеулі рөл атқарып келе жатқан басылым. Газет беттерінде қазақ ақын-жазушыларының өлең, жыр, дастандары, әңгіме, очерктері, роман, хикаяйтарынан үзінділер жариялап тұрады. Басылым беттерінде байырғы мәдени қазыналарымыздың ел аузында жүрген асыл үлгілері, көне тарихымызға қатысты деректер мен археологиялық-этнографиялық мұралар да жарық көрді. Қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні және келешегі жайлы байыпты әдеби-сын мақалаларды газет беттерінен оқи аласыз. Еліміздегі елеулі мәселелер - қоғамдық-

саяси, әлеуметтік-мәдени оқиғалар жөнінде публицистикалық, өткір ой-толғаулар да үнемі жарияланып тұрады. Дүниежүзі классиктерінің, үздік тұындыларынан аудармаларды «Қазақ әдебиеті» газетінен оқи аласыз. Сонымен бірге оқу-ағарту, білім, ғылым саласындағы түрлі көкейкесті мәселелерді де жариялап тұрады. Кино, театр, сәулет, сымбат, қолөнерінің келелі тақырыптарынан кеңінен толғап, белгілі әдебиет, өнер қайраткерлерімен сұхбат жүргізіп, олардың жаңа тұындыларын оқырмандарға таныстырып отырады. Қоғам қайраткерлері туралы мақалалар да жарияланып тұрады.

«Қазақ әдебиеті» - жұртшылық арасында кеңінен таралған газет. Бұл басылымды қазақ әдебиетінің айнасы деп қарауымызға болады. Басылым беттерінде жарияланып тұратын мақалалар өнердің барлық салаларын қамтиды. «Қазақ әдебиеті» газеті жыл өткен сайын қанатын кеңге жайып, таралымы көбейіп, оқырмандар саны артып келе жатқан басылым. Ол - қазақ әдебиеті мен өнерінің, ғылым мен қоғам өмірінің келелі тақырыптарын қозғап, оқырман қауымының көзқарасын дамытып, жан дүниесін байытып, талғамын арттырып келе жатқан газет.

Басылымның мақсаты халқына қызмет ету. Басылым қызметкерлері осы мақсатты жақсы түсінеді, бар шығармашылық қабілеттерін осы мақсатты жүзеге асыруға арнап келеді. «Қазақ әдебиеті» халықтың рухани мәдениетін арттырып келе жатқан басылым. Рухани мәдениет - әрі әлеуметтік, әрі идеологиялық категория. Ол адамның талғамын, көзқарасын, арманы мен идеясын жаңартып, жетілдіріп отырады. Рухани мәдениет - тарихи ортаның жемісі. Сонымен бірге, белгілі бір дәрежеде ол - пікірлер мен көзқарастар жиынтығы. Әдебиет пен өнер тұындылары жұрттың ой-санасына әсер ететіні тарихтан белгілі. Халық көркем әдебиеттің қаһармандарын үлгі тұтып, оның идеясынан нәр алады. Осы тұрғыдан келгенде, «Қазақ әдебиеті» газетінің халықтың рухани мәдениетін дамытуға орны ерекше. Аталған басылым әдебиет пен өнердің осындай құш-қуатын еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, елімізде бірлікті арттыру сияқты азаматтық міндеттерді насихаттауда орынды пайдаланып келеді.

38 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газеті 1955 жылы шықты.
- B) «Қазақ әдебиеті» газеті айына бір рет шығатын мерзімдік басылым.
- C) «Қазақ әдебиеті» тек ақын-жазушылардың шығармаларын жариялайды.
- D) «Қазақ әдебиеті» – оқырманның жан дүниесін байытып келе жатқан газет.

- 1) Мәтін бойынша «Қазақ әдебиеті» соғыс уақытында тоқтап қалып, кейін қайта шыға бастаған.
- 2) Мәтінде «Қазақ әдебиеті» газетін апталық мерзімдік басылым деген ақпаратты кездестірмейміз.
- 3) Мәтінде «Қазақ әдебиеті» ақын-жазушылардың шығармаларын жариялаумен қатар, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени және т.б. туралы мақалалар жарияланады деген ақпарат бар.
- 4) Мәтінде «Қазақ әдебиеті» – оқырманның жан дүниесін байытып келе жатқан газет екендігі туралы ақпарат берілген.

39

Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) газет, басылым, оқырман, қаңтар, очерк
- B) оқырман, басылым, сәулет, әлеуметтік-мәдени, мұра
- C) «Қазақ әдебиеті», мәдениет, қоғамдық-саяси, оқырман, газет
- D) «Қазақ әдебиеті», басылым, сұхбат, археографиялық-этнографиялық

Т

- 1) Мәтінде «газет», «басылым», «оқырман» сөздері мәтін құрауға негіз болып тұрған тірек сөздер болғанымен, «қаңтар», «очерк» сөздері мәтінде жиі кездеспейді және тірек емес.
- 2) Мәтінде «газет», «басылым», «әлеуметтік-саяси», «оқырман» сөздері мәтін құрауға негіз болып тұрған тірек сөздер болғанымен, «сәулет», «мұра» сөздері тірек сөз бола алмайды.
- 3) Мәтін бойынша «Қазақ әдебиеті», «мәдениет», «қоғамдық-саяси», «оқырман», «газет» сөздері мәтін құрауға негіз болып тұрған тірек сөздерге жатады.
- 4) Мәтінде «Қазақ әдебиеті», «басылым» сөздері тірек сөз болағанымен, «сұхбат», «археографиялық-этнографиялық» сөздері тірек сөз бола алмайды.

40

Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) «Қазақ әдебиеті» – әдеби, мәдени басылым.
- B) «Қазақ әдебиеті» газеті 1940-1954 жылдары жарық көрген жоқ.
- C) Мерзімдік басылымдар – бұқаралық ақпарат құралдарының бірі.
- D) Газет XX ғасырдың үшінші онжылдығынан бастап жарияланып келеді.

Т

- 1) «Қазақ әдебиетінің» – әдеби, мәдени басылым екендігі мәтін мазмұнын толықтыратын, нақты ақпарат болып табылады.
- 2) Мәтін бойынша «Қазақ әдебиеті» газеті 1940-1954 жылдары жарық көрмегені туралы ақпарат нақты емес.
- 3) Мәтінде берілген бұл ақпарат нақты болғанымен, мәтін мазмұнын толық қамти алмайды.
- 4) Газет XX ғасырдың үшінші онжылдығынан бастап жарияланып келетіні туралы ақпарат нақты, бірақ ол мәтін мазмұнын толықтырмайды.

41

Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.

- A) «Қазақ әдебиеті» – жұртшылық арасында кеңінен таралған газет.
- B) Біз газеттен еліміздегі, шетелдердегі оқиғалардан хабардар боламыз.
- C) Ол қоғам өмірінің келелі тақырыптарын қозғап, оқырман қауымның көзқарасын дамытып, жан дүниесін байытып, талғамын арттырып келе жатқан газет.
- D) Дүниежүзі классиктерінің үздік туындыларынан аудармаларды «Қазақ әдебиеті» газетінен оқи аласыз.

Т

- 1) «Қазақ әдебиеті» газетінің кең танылған басылым екені баршамызға белгілі.
- 2) «Қазақ әдебиеті» газеті беттерінен шетел жаңалықтарымен танысатынымыз фактілік аргумент болып саналады.
- 3) Мәтінде автордың «Қазақ әдебиетінің» халықтың көзін ашып, талғамын арттырып келе жатқан газет екені жайлы пікірі айтылады.
- 4) Газетте дүниежүзі классиктерінің аудармалары жарияланатыны шынайы ақпарат болып саналады.

42 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Газетте әлеуметтік-мәдени оқиғалар жарияланып тұрады.
- B) «Қазақ әдебиеті» – кең таралған басылым, әдебиетіміздің айнасы.
- C) «Қазақ әдебиетінде» публицистикалық ой-толғаулар жарияланады.
- D) Қазақ әдебиетінің өткені, бүгіні, келешегі жайлы мақалалар басылады.

Т

- 1) Мәтінде газетте әлеуметтік-мәдени оқиғалар жарияланып тұрады деген ақпарат хабарлау мақсатында берілгендіктен, негізгі ой бола алмайды.
- 2) «Қазақ әдебиеті» – ел арасында кеңінен таралған басылым, әдебиетіміздің айнасы деген ақпарат мәтін мазмұнын толық қамтып, негізгі ойды білдіре алады.
- 3) Мәтінде «Қазақ әдебиетінде» публицистикалық ой-толғаулар жариялануы қосымша ақпарат ретінде берілген, сондықтан мәтіндегі негізгі ойға жатпайды.
- 4) Мәтін мазмұнына сүйенсек, басылымның негізгі мақсаты қазақ әдебиетінің өткені, бүгіні, келешегі жайлы мақалалар жариялау шынайы ақпарат емес және ол мәтіндегі негізгі ой бола алмайды.

43 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Мерзімдік басылымдар
- B) «Қазақ әдебиеті» газеті
- C) Қазақ әдебиетінің тарихы
- D) Газеттің алғашқы редакторы

Т

- 1) Мәтінде мерзімдік басылымдар туралы жалпы айтылғанымен, мәтін белгілі бір газет жайында.
- 2) «Қазақ әдебиеті» деген атау мәтін мазмұнын толық қамтып, мәтінге нақты тақырып бола алады.
- 3) Қазақ әдебиетінің тарихы жайлы ақпарат мәтінде берілмеген, мәтін «Қазақ әдебиеті» газеті жайлы.
- 4) Мәтінде газеттің алғашқы редакторы туралы ақпарат берілгенімен ол мәтін мазмұнын толық қамтымайды.

44 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) «Қазақ әдебиеті» – халық арасында кеңінен таралған басылым.
- B) «Қазақ әдебиеті» оқырман қауымның көзқарасын дамытып келеді.
- C) Басылым беттеріндегі мақалалар өнердің барлық салаларын қамтиды.
- D) Басылым беттеріндегі мақалалар оқырманның талғамын арттырып келеді.

Т

- 1) «Қазақ әдебиеті» – халық арасында кеңінен таралған басылым деген ақпарат мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды болып табылады.
- 2) «Қазақ әдебиеті» оқырман қауымның көзқарасын дамытып келеді деген мәлімет автордың пікірін білдіреді.
- 3) Мәтінде басылым беттеріндегі мақалалар өнердің барлық салаларын қамтиды деген ақпарат қосымша факт болады.
- 4) Басылым беттеріндегі мақалалар оқырманның талғамын арттырып келетіні туралы ақпарат автордың ойын айтады.

45 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Рухани мәдениет – қоғамдық орта жемісі.
- B) Мерзімдік басылымдарға газет-журналдар жатады.
- C) Бұқаралық ақпарат құралдары – өмір айнасы болып табылады.
- D) Рухани мәдениет – әлеуметтік, идеологиялық категория болып табылады.

Т

- 1) Мәтін мазмұнындағы мәдениеттің қоғамдық ортаның жемісі болуы маңызды ақпараттардың бірі.
- 2) Мерзімдік басылымдарға газет-журналдардың жататыны туралы ақпарат мәтінде қосымша баяндалған.
- 3) Бұқаралық ақпарат құралдарының өмірдегі маңызы туралы ақпарат мәтінде маңызды болып танылады.
- 4) Мәтінде рухани мәдениеттің әлеуметтік, идеологиялық категория болып саналатыны хабарлау мақсатына айтылып, мәтіннің негізгі ойын білдіреді.

46 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.

- A) «Қазақ әдебиетінің» мақсаты – халыққа қызмет ету.
- B) Көркем әдебиеттің қаһармандарын халық мақтан тұтады.
- C) Әдебиет, өнер жайлы шығармалар қалың көпшілікке ой салады.
- D) «Қазақ әдебиеті» газеті халықтың рухани мәдениетін дамытуда орны ерекше.

Т

- 1) Газеттің мақсаты – халыққа қызмет ету екендігі жайлы ақпарат нақты болғандықтан, автордың пікірін анықтай алмайды.
- 2) Мәтіндегі әдебиет қаһармандарын халықтың мақтан тұтуы туралы ой автордың пікірін таныта алмайды.
- 3) Әдеби шығармалардың көпшілікке ой салуы туралы ақпарат автордың пікіріне қосылмайтын шынайы ақпарат болып табылады.
- 4) Мәтін бойынша газеттің халықтың рухани мәдениетін дамытуда алатын орнын көрсету автордың пікірін білдіреді.

47 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Мерзімдік басылымдар
- B) Бұл газет – өмір айнасы
- C) «Қазақ әдебиеті» – ежелгі басылым
- D) «Қазақ әдебиеті» – әдебиет жанашыры

Т

- 1) Тақырыпша бірінші азатжолдың мазмұнын толық қамтымайды, себебі онда, мерзімдік басылымдар туралы қосымша ақпарат беріледі.
- 2) Берілген тақырыпша мәтіннің бірінші азатжолының мазмұнын толық қамтиды.
- 3) Мәтіндегі бірінші азатжолда ежелгі басылым жайлы ақпарат айтылмағандықтан тақырыпша нақты болмайды.
- 4) Мәтінде «Қазақ әдебиетін» – жан-жақты басылым ретінде көрсетілген.

48

Мәтіндегі екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) «Қазақ әдебиеті» газетінің тарихы
- B) «Қазақ әдебиеті» мерзімдік басылым
- C) «Қазақ әдебиеті» – келешегі бар газет
- D) «Қазақ әдебиеті» – пәлсапалық басылым

Т

- 1) Мәтінде берілген ақпараттар таңдап алынған тақырыпшада қамтылған.
- 2) Мәтіндегі «Қазақ әдебиетінің» мерзімдік басылым екендігі бірінші азатжолда қамтылған.
- 3) Тақырыпша екінші азатжолының мазмұнын ашпайды, себебі газет болашағы жайлы айтылмаған.
- 4) Берілген тақырыпша мәтіннің аталған бөлігіне сай мағынаны қамтымайды.

49

Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) «Қазақ әдебиеті» – ғылыми басылым
- B) «Қазақ әдебиеті» – әдеби-сын жазуға арналған басылым
- C) Оқырманның эстетикалық талғамын арттыратын басылым
- D) «Қазақ әдебиеті» – фольклорлық шығармаларды жариялайтын газет

Т

- 1) «Қазақ әдебиеті» – әдеби, мәдени басылым.
- 2) Берілген тақырыпша мәтіннің екінші азатжолында қамтылған.
- 3) Мәтіндегі ақпарат бойынша таңдап алынған тақырыпша азатжол мазмұнын ашады.
- 4) Тақырыпша мәтіннің үшінші азатжолында берілген ақпараттарды толық қамти алмайды.

50

Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны табыңыз.

- A) Бейімбет Майлин – әңгіме жанрының қас шебері.
- B) Мерзімді баспасөз халықтың эстетикалық талғамын арттырады.
- C) «Қазақ әдебиеті» газетінде көне тарихымызға қатысты деректер мен археологиялық-этнографиялық мұралар да жарық көрді.
- D) Еліміздегі елеулі мәселелер – қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени оқиғалар жөнінде публицистикалық өткір ой-толғаулар да үнемі жарияланып тұрады.

Т

- 1) Берілген жауап мәтіндегі ақпаратты эмоциялық жағымды бағалап отыр.
- 2) Мерзімді басылымның халықтың эстетикалық талғамын арттыруы жайлы ақпарат автордың пікірін білдіреді.
- 3) Мәтіндегі ақпарат бойынша бұл фактілік аргумент болып табылады.
- 4) Мәтінде берілген ақпаратты хабарлайтын факті болып табылады.

1-МӘТІН

Би - музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Адамдардың күнделікті еңбек процесіндегі іс-әрекеттері, қоршаған дүниеден алған сезім-эсерлері би қимыл-қозғалыстары мен ишараларына негіз болған. Табиғат құбылыстарын, аңшылық көріністерін белгілі жүйеге түскен ырғақты қимыл-бимен бейнелеу көне дәуірде тұрды. Келе-келе би қимылдарының мәнерлеу мүмкіндігі мен тәжірибесінің молаюына орай жеке би өнері қалыптасты. Көне мәдениеттер ордасы болған Шығыс елдерінде, Грекия, Рим, Мысыр, Үндістан елдерінде билеу мәдениеті шеберліктің биігіне жетті. Би музыкамен тығыз байланысты. Көптеген халықтың билері ұрмалы музыкалық аспаптардың ырғақты үнімен орындалады. Би хореографиялық, жинақы образдар арқылы болмысты бейнелеп, адамның ішкі жан дүниесін көрсетеді. Экономикалық, әлеуметтік, тарихи-географиялық факторлардың әсерімен де әр халықтың өзіне ғана тән би дәстүрлері, өзіндік хореографиялық тілі, пластикалық бейнелілігі, қимыл-әрекетті музыкамен байланыстыру тәсілдері пайда болды. Солардың негізінде бал билері мен кәсіби сахна билері қалыптаса бастады. Кәсіби өнерде би жоғары деңгейге көтеріліп, ғылыми жүйеленді. Мысалы, Еуропа классикалық билері, Азия мен Африка халықтарының билері сияқты түрлері қалыптасты. Шығыс елдерінің билері бет-пішіннің, нәзік құбылуы және қол қимылы секілді дәстүрлі ишаралармен ерекшеленеді.

Би - қазақтың халық фольклорының көне түрлерінің бірі. Ол туралы Қазақстан жерінде сақталған тастағы суреттер, тарихи деректер, орыс саяхатшылары, тарихшылары, ғалымдарының этнографиялық жазбалары сыр шертеді. 1934 жылы Қазақ музыкалық театры (қазіргі Опера және балет театры) құрылғаннан кейін сахналық билерді шығару қызу қолға алынды. Музыкалық, опералық спектакльдердегі алғашқы сахналық билерде ұлттық ойындар, салт-дәстүр элементтері, Орта Азия және Қазақстан халықтары билері мен классикалық билердің стильдік қимыл-әдістері қолданылды. 1930-1940 жылдары Алматыда болған халық шығармашылығының Бүкілқазақстандық слеттерінде көрсетіліп, үлкен табысқа ие болды.

XX ғасырдың елшіні жылдарынан бастап балетмейстерлер қазақтың фольклорлық билерін, оның нағыз ұлттық қимыл ерекшеліктерін зерттей бастады. Өңделген фольклорлық билер алғашқы сахналық билермен бірге, қазіргі заманғы қазақ билерінің негізін құрды. Оларды классикалық би ансамблі, этно-би ансамблі, «Тұлдар» эстрадалық жастар ансамблі, «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблі орындады. Сондай-ақ, би өнері көркемөнерпаздар ұжымдарының репертуарынан да кеңінен орын алды. XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан жазып алына бастаған халықтық-фольклорлық билер мен оның шығу тегі ғылыми тұрғыда зерттелді. Солардың негізінде ұлттық хореографтар жаңа шығармалар тұрғырып, би өнерінің жан-жақты дамуына үлес қосты. Кәсіби бишілерді Алматы жоғары би өнері мектебі қазырайды.

1 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) «Сазген» фольклорлық ансамблі 1940 жылы құрылды.
- B) Қазақ музыкалық театрында опералық спектакль болып өтті.
- C) Би – музыкалық ырғақпен дене қимылымен көрсетілетін өнер.
- D) 1934 жылы Алматыда бүкілқазақстандық слет ұйымдастырылды.

2 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) қимыл, тарих, фольклор, би
- B) би өнері, музыка, қимыл, хореография
- C) би өнері, қазақ, театр, опера, балетмейстр
- D) қимыл, балетмейстр, этнография, Мысыр

3 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Қандай би түрі бет пішінінің құбылуымен ерекшеленеді?

- A) бал билері
- B) кәсіби сахна билері
- C) Шығыс елдерінің биі
- D) Еуропа классикалық билері

4 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Қазақ музыкалық театры туралы айтылады.
- B) Би өнерінің даму тарихы туралы баяндалады.
- C) «Алтынай» фольклорлық ансамблі туралы баяндалады.
- D) Еуропа классикалық билерінің тарихы туралы айтылады.

5 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Кәсіби сахна билері
- B) Фольклорлық билер
- C) Би – өнердің көне түрі
- D) Еуропа классикалық билері

6 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) Классикалық би – халық биінің дамыған түрі.
- B) Би түрі – фольклорлық ансамбльдің сүйемелдеуімен орындалады.
- C) Классикалық би деп кәсіби бишілердің сахнадағы шығармашылығын айтамыз.
- D) Классикалық би – бет-пішіннің нәзік құбылуы және қол қимылы секілді дәстүрлі ишаралармен ерекшеленеді.

7 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Би жинақы образдармен болмысты бейнелейді.
- B) Кәсіби өнерде би жоғары деңгейге дейін көтерілді.
- C) Үндістанда билеу мәдениеті шеберлік биігіне жетті.
- D) Қазақ би өнері туралы тарихи деректер сыр шертеді.

- 8 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Шығыс елдерінде этнографиялық ансамбльдер ашылды.
 B) Хореографтар ұлттық би өнерінің дамуына жан-жақты үлес қосты.
 C) Танымал «Гүлдер» эстрадалық жастар ансамблі болып табылады.
 D) Би көркемөнерпаздар ұжымдарының репертуарынан да кең орын алады.
- 9 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Би өнерінің даму тарихы
 B) Экономикалық факторлар
 C) Хореографиялық образдар
 D) Музыкалық ырғақты билер
- 10 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Қазақ фольклоры
 B) Алғашқы сахналық билер
 C) Бүкілқазақстандық слет табысы
 D) Шығыс елдерінің классикалық биі
- 11 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Хореография тілі
 B) Азия халық билері
 C) Классикалық билер
 D) Қазақ ансамбльдері
- 12 Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.
- A) Бүгінде Қазақстанда би өнері жан-жақты дамуда.
 B) Бүкілқазақстандық бірінші слетте сахналық билер көрсетілді.
 C) Классикалық би түрі алғаш Еуропа жерінде пайда болып, дамыды.
 D) Сахналық биге ұлттық ойындар, салт дәстүр элементтері қолданылды.

2-мәтін

Саржала - XVII ғасырдың аяғында өмір сүрген, атағы елге кең тараған, әйгілі халық батырларының бірі. Оның мейірім-шапағаты жарлы-жақыбайларға көп тиген.

Саржала батыр - мал жинап, дәулет асырып, байлықты мақсат етпеген адам. Ол «Байлық - мұрат емес, жоқтық ұят емес» деген қағидаһы ұстанып, өмірі мен қайрат-қабілетін қара халықтың қушпандарымен күрес жолына жұмсаған жан болған. Саржала батырдың үш баласы болған. Олардың ішінде асқан қайрат иесі, ақыл-парасаты кең, халық ұлы атанардай, әкесінің жолын қуатын ешқайсысы болмаған. Саржала батыр сексеннен асып, тоқсанға жақындағанда: «Апырмай, тәңірім өзіме теңдес бір ұл бермеді-ау! Өмір бойы ұстаған мақсат-мұқдемді кім жалғастыраар екен! Мына сауыт-сайманым шіріп қалада қалар ма екен?» - деп қалың ойға батып жүреді.

Бір күні жолқастарымен ат үстінде келе жатып, қаперсіз ойнап жүрген көп баланы көреді. Қару-жарақтарын асынып, сұыт жүрген, сатырлап қыр астынан

шыға келген батырлар балалардың зәресін ұшырып, қатты қорқытады. Қорыққан балалар тым-тырақдай қаша жөнеледі. Тек бір бала ғана бұқа болып өкіріп, топ алдында келе жатқан Саржала батырдың атының басына топырақ, шаша бастайды. Мұндайды бұрын-соңды көрмеген батырдың аржымағы да, басқа аттылар да бұрылып кетеді.

Анадай жерге барып, атының басын тежеп Саржала батыр: «Мына баладан ерен бір қасиет байқағандай болдым. Осы баланың үйін сұраңдаршы. Солай қарай ат басын бұрайық», - дейді.

Баладан үйін сұрап, батырлар сонда барып тұседі. Бұл үй Тайман ақсақалдың шаңырағы болып шығады. Шаңырағы батырлардың атын үркіткен Тайманның төрт баласының бірі - Исатай екен. Исатай қайсар, тез шешім қабылдай алатын бала екен. Тайман ақсақал келген батырларды жібермей, ас-сұын беріп, барынша қонақ етеді. Сонда Саржала батыр: «Сіздің үйге қонақ болайық деп келген жоқпыз. Мына балаңыз үшін келдік», - деп манадан бері қонақтардан көзін алмай қарап отырған Исатайды көрсетеді. Сосын үстіндегі сауыт-сайманын шешіп, керегенің басына іліп: «Тұра биде тұған жоқ» деген бар. Өз балаларым ренжи қоймас, менің сауыт-сайманым өскенде осы бала - Исатайжан ие болар», - деп, қолын жайып батасын беріп, Саржала батыр жүріп кеткен екен.

- 13 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
- A) Саржала – әйгілі Исатай батырдың ұстазы болған батыр.
 - B) Саржала – XVII ғасырдың соңында өмір сүрген қазақ батыры.
 - C) Саржала – батыр балалары үшін байлық дәулет жинаған адам.
 - D) Саржала – XVIII ғасырдың аяғында өмір сүрген атақты батырлардың бірі.
- 14 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
- A) Саржала, Исатай, сауыт, дос, батыр
 - B) Тайман, Исатай, ғұмыр, атақ, халық
 - C) Саржала, Исатай, батыр, халық, бала
 - D) Саржала, Тайман, жарлы, ерлік, дәулет
- 15 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
- A) Ол XVII ғасырдың аяғында өмір сүрген.
 - B) Саржала – ел қамын ойлаған қазақ батыры.
 - C) Саржала – бар күшін халқына арнаған дәулетті батыр.
 - D) Саржала – XVII ғасырдың соңындағы атақты қазақ батыры.
- 16 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
- Саржала батыр тоқсан жасқа жақындаған кезінде нені уайымдады?
- A) өмірін жалғастыратын ұл баласының болмағанына қайғырды
 - B) ұлы болмағандықтан, сауыты далада қалатын болды деп уайымдады
 - C) өз мақсат-мүддесін жалғастырыратын ұлының болмағанын уайымдады
 - D) ұлы болмағандықтан, сауытына ие болатын батыр болмады деп ойлады

- 17 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
- A) Саржала батырдың ерлігі туралы айтылады.
 - B) Саржала батырдың кедейлігі туралы әңгімеленеді.
 - C) Саржала батырдың ел ішін аралап жүретіндігі айтылады.
 - D) Саржала батырдың кішкентай Исатайға сенім артуы баяндалады.
- 18 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- A) Саржала батырдың өмірі
 - B) Саржала батырдың ерлігі
 - C) Батырдың Тайманның үйіне баруы
 - D) Исатайдың батырдың балалық шағы
- 19 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
- A) Саржала – кезінде елінің қамын ойлаған көзсіз батыр.
 - B) Саржала – ел дәстүрін сақтаушы, ата-баба жолын жалғастырушы жан.
 - C) «Балаларым ренжімес, сауытыма Тайман ие болар», – деп, батасын берді.
 - D) «Сауыт-сайманым осы балам ие болар», – деп, бір ұлына батасын берді.
- 20 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
- A) Саржала батыр өте мейірімді болған.
 - B) Саржала батыр кезінде бай кісі болған.
 - C) Батыр атақты Исатай батырға батасын берген.
 - D) Қорыққан балалар тым-тырақай қаша жөнеледі.
- 21 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Исатай – қайсар, тез шешім қабылдай алатын бала.
 - B) «Өскенде сауытыма Исатай ие болады», - деп, батыр бата береді.
 - C) «Мына баладан ерен бір қасиет байқағандай болдым», - деп, ойлайды.
 - D) Ол «Байлық – мұрат емес, жоқтық – ұят емес» деген қағиданы ұстанған.
- 22 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Қазақ батыры жайында
 - B) Саржала батырдың ерлігі
 - C) Батырдың қайсар ұлдары
 - D) Тайман ақсақалдың шешімі
- 23 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Саржала би
 - B) Батыр уайымы
 - C) Батырдың сауыты
 - D) Батырдың жолдастары
- 24 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Батырдың арманы
 - B) Ақсақалдың батасы
 - C) Балалардың үрейі
 - D) Батырдың қару-жарағы

Ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.

А) Саржала – XVII ғасырдың аяғында өмір сүрген, даңқы елге кең тараған, белгілі қазақ батырларының бірі.

В) Тайман ақсақал келген батырларды жібермей, ас-суын беріп, барынша қонақ етеді.

С) Саржала батыр тоқсанға жақындағанда: «Апырмай, тәңірім өзіме теңдес бір ұл бермеді-ау! Өмір бойы ұстаған мақсат-мүддемді кім жалғастырар екен!», - деп уайым жеді.

Д) Саржала батыр: «Сіздің үйге қонақ болайық деп келген жоқпыз. Мына балаңыз үшін келдік», – деп манадан бері қонақтардан көзін алмай қарап отырған Исатайға қарады.

3-мәтін

Қазақ бейнелеу өнері - көркем кескіндеме, мүсіндеме, графика, сән және қолданбалы өнер салаларын қамтитын, ұлттық, дүниетанымыға негізделген көркем өнер. Қазақ бейнелеу өнерінің, бұқаралық ең ежелгі түрі - халықтың қолөнері. Қазақтың кәсіби бейнелеу өнерінің, қалыптасу және даму жолы өте күрделі болды.

Қазақ бейнелеу өнері этнограф-ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов тұңғышыларынан басталады. Кейінгі зерттеулер Шоқан Уәлихановтың «Потанин», «Тезек төре», тағы да басқа портреттік жұмыстарынан кәсіби суретшілерге тән шеберлігі байқалатынын анықтады. Шоқанның салған графикалық суреттері қайта өрлеу дәуірі өкілдері - Леонардо да Винчи, Рафаэль Санти шығармаларымен сабақтасып жатыр. Шоқан қазақ бейнелеу өнерінің, графика саласында ғана емес, кескіндеме саласында да жоғары шеберлікке жеткен. Оған Шоқанның «Алатау көрінісі», «Жатақ» атты шығармалары дәлел бола алады.

1920 жылы елімізде бейнелеу өнерінің кәсіпқой шеберлерін қаярлайтын стүдия ұйымдастырылды. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ бейнелеу өнерінің шеберлері алғашқы қадамдарын жасады. Жас суретшілер кескіндеме мен графиканың кәсіптік шеберлігін меңгерді. Ә.Қастеев, Ә.Бісмайылов, Б.Сәрсенбаев, Қ.Қожықов сынды жас суретшілер өздерінің қарапайым мазмұнға құрылған алғашқы еңбектерінде елімізде болып жатқан өзекті өзгерістерді бейнелеуге ұмтылды. 1928 жылы Семей қаласында бейнелеу өнерінің алғашқы көрмесі ұйымдастырылса, 1933 жылы республикалық Суретшілер одағының комитеті құрылды. 1935 жылы Алматы қаласында қазақ көркем сурет галереясы ашылды. Бұл кезеңде еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірдің жаңа жағдайлары, түбегейлі уақыт талаптары шығармаларға тың тақырып болды.

Әбілхан Қастеев шығармаларының өзіндік ұлттық бояуы осы кезде жарқырап көрінді. Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасып, өркендеуі осы суретшінің шығармашылығымен тығыз байланысты. Шығармалары бүкіл Отан келбетін бейнелейтін Ә. Бісмайылов та қазақ кескіндемешілерінің аға буынына жатады. 1940 жылы маусымда ашылған Қазақстан суретшілерінің бірінші съезі шығармашылық ұжымның біраз жылғы жұмыстарын қорытындылап, ұлттық өнерді одан әрі дамытудың жолдарын айқындап берді. XX ғасырдың 40-жылдары қазақ кескіндемесі мен графикасы едәуір табыстарға жетті. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында еліміздің қылқалам шеберлері өз өнерлерін фашист басқыншыларына қарсы үгіт-насихат құралына

айналдырып, бүкілхалықтық, ерлікті, қаһармандық пен қайсарлықты көрсетуге күш салды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда қазақ бейнелеу өнерінің барлық түрі: кескіндеме, графика, мүсін ілгері қалды. Қазақ және өзбек халықтарына ортақ суреткер - қазақ табиғатын тамсана суреттеген алғашқы академик-суретші О. Таңсықбаев қазақ бейнелеу өнерінде ерекше орын алды.

Қазақ бейнелеу өнерінің шығармалары XX ғасырдың 60-жылдары шетелге таныла бастады. Қазақстан суретшілерінің үздік еңбектері - ұлт өнерінің қазынасына қосылған асыл мұра. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де қазақ бейнелеу өнері өркендеп, қанатын кеңге жайды.

- 26 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
- A) 1928 жылы Суретшілер одағының комитеті құрылды.
 - B) 1933 жылы Семейде сурет өнерінің алғашқы көрмесі өтті.
 - C) 1940 жылы Алматыда бірінші қазақ көркем сурет галереясы ашылды.
 - D) Қ. Қожықов – қазақ бейнелеу өнерінің алғашқы кәсіби шеберлерінің бірі.
- 27 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
- A) бейнелеу, кескіндеме, өнер, шебер
 - B) суретші, графика, кескіндеме, өнер
 - C) шебер, мүсіндеме, кескіндеме, сәулет
 - D) кескіндеме, шеберлік, бейнелеу, мүсіндеме
- 28 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
- A) Ә. Ысмайылов шығармалары Отан келбетін бейнелейді.
 - B) Ә. Ысмайылов қазақ кескіндемешілерінің аға буынына жатады.
 - C) Әбілхан Қастеев шығармаларының өзіндік ерекшелігі – ұлттық бояуында.
 - D) Қазақ бейнелеу өнерінің өркендеуі Ә.Қастеев есімімен тығыз байланысты.
- 29 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
- Қазақ және өзбек халықтарына ортақ суретші кім?
- A) Ә. Қастеев
 - B) Б. Сәрсенбаев
 - C) Ә. Ысмайылов
 - D) О. Таңсықбаев
- 30 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
- A) Қазақ бейнелеу өнерінің даму тарихы баяндалады.
 - B) Елімізде графика саласының даму тарихы туралы баяндалады.
 - C) Қазақстан суретшілерінің үздік еңбектері туралы айтылады.
 - D) Шоқанның «Алатау көрінісі» шығармасы туралы сипатталады.
- 31 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- A) Б. Сәрсенбаев туындылары
 - B) Ә. Қастеевтің шығармалары
 - C) Бейнелеу өнерінің даму тарихы
 - D) Семей қаласының даму тарихы

- 32 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
- A) Еліміздің қылқалам шеберлері ерлікті бейнеледі.
 - B) Қазақ бейнелеу өнері – ұлттық мәдениетіміздің бір көрінісі.
 - C) Кескіндеме, графика, мүсін – қазақ бейнелеу өнерінің ежелгі түрлері.
 - D) Қазақстан суретшілерінің бірінші съезі жазғы маусым айында ашылды.
- 33 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
- A) Леонардо да Винчи, Рафаэль Санти – қайта өрлеу дәуірінің өкілдері.
 - B) Ұлы Отан соғысынан кейін қазақ бейнелеу өнерінің барлық түрі дамыды.
 - C) Ә. Қастеев – қазақ бейнелеу өнеріндегі алғашқы кәсіби суретшілердің бірі.
 - D) О.Таңсықбаев – қазақ бейнелеу өнері тарихында өзіндік орны бар суретші.
- 34 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Қазақ бейнелеу өнері кеңінен насихатталып келеді.
 - B) Бүгінгі таңда қазақ бейнелеу өнерінің тарихын зерттеушілер көп.
 - C) Қазақ бейнелеу өнері – ұлттық дүниетанымға негізделген көркемөнер.
 - D) Қазақ бейнелеу өнерінің шығармалары XX ғасырда шетелге танылды.
- 35 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) XX ғасыр – кәсіби қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасу дәуірі
 - B) Қазақ бейнелеу өнері – күрделі қалыптасу жолынан өткен өнер
 - C) «Тезек төре» туындысы – Шоқан Уәлихановтың үздік шығармасы
 - D) Қ.Қожықов – XX ғасыр басындағы қазақ бейнелеу өнерін дамытушы
- 36 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Шоқан Уәлиханов – қазақ бейнелеу өнерінің алғашқы өкілі
 - B) «Потанин» – Шоқанды суретші ретінде танытқан туындысы
 - C) «Алатау көрінісі» – Шоқан салған графикалық суреттерінің бірі
 - D) Қазақ бейнелеу өнерінің үздік шығармаларының бірі – «Жатақ» суреті
- 37 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Қазақ көркем сурет галереясы – халық мақтанышы
 - B) Бейнелеу өнерінің алғашқы көрмесі – XX ғасырдағы тарихи оқиға
 - C) Әбілхан Қастеев туындылары – соғыс жылдарының шынайы көрінісі
 - D) XX ғасыр басындағы қазақ бейнелеу өнерінің өкілдері – кәсіби шеберлер
- 38 Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.
- A) Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бейнелеу өнері дамыды.
 - B) XX ғасырдың II жартысында графика өнері қанатын кеңге жайды.
 - C) Қазақстан суретшілерінің еңбектері – өнер қазынасына қосылған мұра.
 - D) XX ғасырдың аяғында қазақ бейнелеу өнерінің кескіндеме өнері дамыды.

4-мәтін

Семей қаласында Абайдың өмірі мен ақындық жолына арналған әдеби-мемориалдық мұражай бар. Бұл мұражай Абайдың 95 жылдық мерейтойына орай 1940 жылы 16 қазанда ашылған. Алғашында ол қазіргі Абай көшесіндегі 83 үйде орналасқан. Мұражайдың экспонаттар қоры көбеюіне байланысты мемлекеттік архитектуралық ескерткіш болып саналатын Ленин көшесіндегі 12-үйге көшіріледі. Мұражайдың 13 мың экспонат қоры жеті дербес тақырыптық залдарға орналасқан. Мұражайдың «Абай және оның дәуірі», «Майлау», «Үш қайнар бұлақ», «Абай шығармашылығы», «Абайдың ақындық өнер айналасы», «Абайтану», «Қазақ халқы атын ардақты» атты бөлімдерінде Абай өміріне байланысты мұрағаттық материалдар, түрлі құжаттар, қазақ халқының тұрмыстық-этнографиялық өмірін бейнелейтін заттар, фотосуреттер сирек кездесетін кітаптар орналасырылған. Мұражайдан 1885 жылы Н.И. Долгополов арқылы Абайдың өзі өлкетану мұражайына тапсырған тарихи экспонаттарды, Абай шығармаларының алғашқы жинақтарын және элем тілдеріндегі аудармаларын, Абайдың ақын шәкірттерінің шығармаларын көруге болады. Семейдегі Абай мұражайының бөлімшесі ақынның туған жері Жидебайда 1945 жылы ашылған.

Жидебай - Абайдың ата қонысы. Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Қарауыл өзенінің жайылмасында жатқан қалың қорық, шурайлы жер. Жидебайды ХІХ ғасырдың екінші жартысында Құнанбай иемденіп, қыстау салдырған. Құнанбай қажы Жидебайдан он бес шақырым жердегі Ескітам қонысына медресе салдырып, өзінің және тұрғындарының балаларын оқытқан. Абай сегіз жасынан бастап осы медреседе сауат ашқан. 1880 жылы Абай Жидебайда өз қаражатына жаңа медресе салдырған. Құнанбай қажы қүние салған соң, Жидебай қонысы Құнанбайдың Ұлжаннан туған баласы Оспанның еншісіне көшеді. 1891 жылы інісі Оспан қайтыс болғаннан кейін қыстау Абайдың иелігіне өткен. Абай қыстауға асты-үсті тақтайлы, үлкен терезелі, кең де жақсы қонақжай бөлмелер салдырған. Абай осы қыстауда оңаша кітап оқып, достарымен әңгімелесіп отырғанды ұнататын. Жидебай қонысының табиғаты, Жидебайды мекен еткен халықтың тұрмыс-тіршілігі М. Әуезов шығармасында көркем суреттелген. Бұл қыстау кейін ақынның мұражай-үйіне айналған.

Жидебайдағы қыстау күрделі жөндеуден өткенімен, мұражайдың сәулеттік ішкі-сыртқы пішіні Абай заманындағы көрініс-келбетін сақтаған. Жидебайдағы мұражай-үйдің бес бөлмесі мен үш залына қойылған мүлік-жиһаздардың көбісін ақынның ұрпақтары мен достары, замандас-жанашырлары әкеліп тапсырған. Мұражай экспозициясында Абайдың араб, парсы, түркі тілдеріндегі және орыс тілінде оқыған кітаптары, мерзімді баспасөз басылымдары, ақынның сол кезде тұтынған тұрмыстық заттары, үш ішекті қолбырасы, жиһаздары басты орын алған.

Семей өңіріне жер аударылып келген Абайдың орыс достары Е.П. Михаэлис, С.С. Гросс, Н.И. Долгополов, П.Д. Лобановскийлердің фотосуреттері бар.

Абайдың туып, өмір сүрген жері Жидебай бүгінде тарихи-мәдени және әдеби - мемориалдық, экологиялық аймаққа айналған. Мемлекет қамқорлығына алынған бұл қорықтың жалпы көлемі алтыс төрт шаршы шақырымды алып жатыр. Абайдың мұражай-үйі, Абай, Зере, Ұлжан, Оспан, Шәкәрім, Ахат, Құдайберді, Еркежан

және басқа да ақын туыстарының зираттары Жидебай қорығының құрамына енген.

Мұражайдың ғылыми қызметкерлері көшпелі көрме ұйымдастырып, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы қәрістер оқып тұрады. Семей қаласына жолы түсіп барған қонақтар және шетелдік азаматтар Абайдың мұражай-үйіне міндетті түрде барады. Қасиетті Семей жеріне жолым түссе, Абай мұражайына бармай, қайтып кете алмаймын. Ұлы ақынға ұрпақтарының тағзымы осылай басталса керек. Абайдың мұражай-үйлері ұлтымыздың қастер тұтар қасиетті орнына айналған.

39 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Мұражайға оқушыларды жиі апарады.
- B) Мұражайдың қызметкерлері көрмелер өткізіп тұрады.
- C) Мен жазда Жидебайдағы Абайдың мұражай үйіне бардым.
- D) Абайдың мерейтойы қарсаңында мұражайда жөндеу жүргізілді.

40 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) үй, қорық, Абай, көрме, Семей
- B) ақын, әдебиет, тарих, домбыра, мұражай
- C) қыстау, қорық, ғұлама, мұражай, қоныс
- D) мұражай, Абай, Жидебай, қорық, қыстау

41 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Мұражайға мүлік-жиһазды ұрпақтары, оқырмандары әкеліп тапсырған.
- B) Мұражайдағы мүлік-жиһаздарды ақынның замандас-жанашырлары әкеліп тапсырған.
- C) Жидебайдағы мұражайдың бай экспонаттар экспозициясы қалыптасқан.
- D) Мұражайдағы мүлік-жиһаздардың көбісін ақынның ұрпақтары мен достары әкеліп тапсырған.

42 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

- Жидебай бүгінде ... айналған.
- A) қыстауға
 - B) экологиялық аймаққа
 - C) өлкетану мұражайына
 - D) тарихи, әдеби, мәдени қорыққа

43 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Ұлы ақынның мұражайы туралы ақпарат беріледі.
- B) Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы баяндалады.
- C) Абайдың туған жері, ұрпақтары, достары туралы айтылады.
- D) Абайдың материалдық және әдеби мұрасы жайында мәлімет беру.

- 44 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- A) Абай тұрған үй
 - B) Ақын туралы естелік
 - C) Абайдың мұражай үйі
 - D) Ұлы ақынның мұрасы
- 45 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
- A) Ұлы ақынның өмірі мен әдеби мұрасы – ұрпаққа ұлы өнеге.
 - B) Абайдың мұражайы – халқымыздың ұрпаққа өнеге етер қасиетті үйі.
 - C) Абай осы қыстауда оңаша кітап оқып, достарымен әңгімелесіп отырған.
 - D) Жидебайдағы үй Абай өмірі мен оның туыстары жайлы мол мәлімет береді.
- 46 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
- A) Жидебай – Абайдың ата қонысы.
 - B) Жидебай тарихи-мәдени аймаққа айналған.
 - C) Мұражайда Абайдың орыс достарының фотосуреттері бар.
 - D) Абайдың және оның балаларының туған үйі – Жидебайда.
- 47 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Мұражай-үйдің бес бөлмесі мен үш залы бар.
 - B) Абайдың өмір сүрген ортасының шығармашылығына әсері.
 - C) Қонақтар және шетелдік азаматтар Абайдың мұражайына барады.
 - D) Ұлы Абайға тағзым ету оның бар мұрасын танудан басталса керек.
- 48 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Абай мұрасы
 - B) Абай және оның дәуірі
 - C) Семейдегі мұражай экспонаттары
 - D) Абайдың Семейдегі өткізген күндері
- 49 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Абай ауылы
 - B) Ақынның ата қонысы
 - C) Жидебайдың табиғаты
 - D) Құнанбайдың мұражай үйі
- 50 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Күрделі жөндеу
 - B) Бүгінгі Жидебай қонысы
 - C) Ақынның жақын туыстары
 - D) Мұражайдың экспозициясы

IV тарау

Жазылым бөлігі

- Жазылым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест



Жазылым бөлігіне шолу

Жазылым бөлігінің ортадан жоғары деңгейінде сізге аудиоқұрылғыға жазылған әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптағы мазмұндама мәтіні ұсынылады. Тыңдаған аудиоматериалға байланысты сіз жоспар құрып, мәтінді жүйелі түрде баяндауыңыз қажет. Жоспар күрделі болғаны жөн. Мазмұндама жазуға 25 минут уақытыңызды арнаңыз.

Ұсынылған мазмұндама мәтініне байланысты 6 сұрақ беріледі. Сізден сұрақ мазмұнын ашатын жауап жазу талап етіледі. Жауап беруде қолданылған сөйлемдер күрделі болуы керек. Сұрақтарға жауап беруге 10 минут уақытыңызды бөліңіз.

Ресми-іскери саладағы коммуникативтік құзыреттілігіңізді анықтау үшін сізге жағдаят келтіріледі. Іс қағаздар шаблонуна қатысты құжатты сауатты ресімдеуіңіз керек. Жұмсалатын уақыт – 10 минут.

Қосымша диск бойынша нұсқаулық

Қосымша дискіде берілген бағдарламаны Windows операциялық жүйесіне орнатыңыз. Жұмыс үстеліндегі арнайы белгі арқылы бағдарламаны іске қосыңыз. Пайда болған терезеден «Жазылым бөлігін» таңдайсыз. Тақырыпқа сәйкес аудиожазбаны арнайы батырманы басу арқылы тыңдайсыз. Тыңдау арқылы мазмұндама мәтіні бойынша жазба жұмысын орындаңыз.

1

Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмалар



Теңізге аққан мұнай

1

Компакт-дискіден мәтінді тыңдаңыз.

Аудиоқұрылғыдан мазмұндаманы екі рет тыңдаңыз. Тыңдаған уақытта қиын сөздерге мән беріп, негізгі мазмұнын есте сақтауға тырысыңыз.

2

Мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз. Мазмұндама жоспарын цитата, сұраулы сөйлемдерден құруға болады, жоспар жай немесе күрделі болуы мүмкін.

3

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу қажет.

- 1) Кеме қайда жүзіп келе жатты?
- 2) Мұнай қалай су бетінде пайда болды?
- 3) Мұнайдың теңіз бетіне төгілуі құстарға қандай қиындық туғызды?
- 4) Демалыс орындары неге жабылды?
- 5) Табиғатты қорғау шаралары не үшін керек?
- 6) Қазақстанның мұнай қорлары жайында не білесіз?

4

Ұсынылған жағдаят негізінде ресми-іскери (іскерихат, өтініш, қызметтік хат, түсініктеме, сенімхат, ұсынысхат және т.б.) құжатты ресімдеңіз, жазыңыз.

Сіз – Баспагерсіз. Өз кітабын шығару үшін келісімшарт жасаған, алайда тиісті қаражатын уақтылы төлемеген авторға ескертухат жазыңыз.

2

Жазылым бөлігі бойынша тапсырмаларды талдау

1-нұсқа



Киіз үй



Компакт-дискіден мәтінді тыңдаңыз.

Аудиоқұрылғыдан мазмұндаманы екі рет тыңдаңыз. Тыңдаған уақытта қиын сөздерге мән беріп, негізгі мазмұнын есте сақтауға тырысыңыз.

Киіз үй – мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын өте қолайлы және тезімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, ал жазда салқын болады. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әртүрлі болып келеді.

Киіз үйдің негізгі қаңқасы – киіз үйдің сүйегі деп аталады. Олар: кереге, уық, шаңырақ, есік немесе сықырлауық. Бұл сүйектері көлеңкеде кептірілген талдан, жіңішке қайыңнан немесе теректен жасалады. Киіз үй жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оны тек шебер-үйші ғана жасайды.

Киіз үйді тігу оңай емес. Алдымен керегені жаяды. Керегенің биіктігі екі метрдей болады. Керегенің әр бөлігін – қанат деп атайды. Қанат саны үй көлеміне қарай көбейе береді. Киіз үй төрт, алты, сегіз, он екі қанатты болады. Хан ордасының қанат саны отызға дейін жеткен.

Осыдан кейін шаңырақты көтереді. Қазақтың өмірінде шаңырақтың маңызы зор. Шаңырақ – үй, әулет мағынасында да пайдаланылады. Оны «қара шаңырақ» деп атайды. Ұл бала әке шаңырағының иесі, мұрагері болып саналады. Киіз үйдің басқа сүйектері ескірсе, жаңартады, ал шаңырақты жаңартпайды. Әдетте шаңырақты үй иесі, ер адам көтереді. Үлкен киіз үйлердің шаңырағын ат үстінде тұрып бақанмен көтерген. Бақан – ұшын екі аша етіп жасаған екі сырық. Сонан соң уықтарды шаншыған. Уықтардың кереге басына байланатын жағы жалпақтау болып келеді. Және сол жерді тесіп бау өткізеді, оны «уық бау» деп атайды. Осы бау арқылы уық пен кереге басын біріктіріп байлайды. Шаншылып біткен уықтың сыртынан айналдыра байлайды.

Шаңырақтан кейінгі ерекше қастерленетін бөлшегі – босаға. Ол табалдырық пен маңдайшадан тұрады. Ал есіктің екі жақтау ағашын «таяныш» дейді. Оған сықырлауық орнатылады.

«Ол кім? Бұл не?» энциклопедиясынан.



Стиль бірлігін сақтай отырып жоспар құрыңыз.

Ол үшін:

- 1) Мазмұндаманы ойша бөліктерге бөліңіз.
- 2) Тірек сөздердерді анықтаңыз.
- 3) Негізгі ойды құраңыз.

Ойша бөлінетін бөліктер	Тірек сөздер	Негізгі ой
<p>Киіз үй – мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, ал жазда салқын болады. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әртүрлі болып келеді.</p> <p>Киіз үйдің негізгі қаңқасы – киіз үйдің сүйегі деп аталады. Олар: кереге, уық, шаңырақ есік немесе сықырлауық. Бұл сүйектер көлеңкеде кептірілген талдан, жіңішке қайыңнан немесе теректен жасалады. Киіз үй жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оны тек шебер-үйші ғана жасайды.</p>	<p>Киіз үй, мал баққан, көшпелі халық, қысы-жазы, қолайлы, төзімді, қыста, жылы, жазда, суық, көлемі әртүрлі, негізгі қаңқа, кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, қайың, терек, тал, жасаудың ерекшелігі, шебер-үйші</p>	<p>Киіз үй – қолайлы баспана</p>
<p>Киіз үйді тігу оңай емес. Алдымен керегені жаяды. Керегенің биіктігі екі метрдей болады. Керегенің әр бөлігін қанат деп атайды. Қанат саны үй көлеміне қарай көбейе береді. Киіз үй төрт, алты, сегіз, он екі қанатты болады. Хан ордасының қанат саны отызға дейін жеткен.</p> <p>Осыдан кейін шаңырақты көтереді. Қазақтың өмірінде шаңырақтың маңызы зор. Шаңырақ – үй, әулет мағынасында да пайдаланылады. Оны «қара шаңырақ» деп атайды. Ұл бала әке шаңырағының иесі, мұрагері болып саналады. Киіз үйдің басқа сүйектері ескірсе, жаңартады, ал шаңырақты жаңартпайды. Әдетте шаңырақты үй иесі, ер адам көтереді. Үлкен киіз үйлердің шаңырағын ат үстінде тұрып бақанмен көтерген. Бақан – ұшын екі аша етіп жасаған екі сырық. Сонан соң уықтарды шаншыған. Уықтардың кереге басына байланатын жағы жалпақтау болып келеді. Және сол жерді тесіп бау өткізеді, оны «уық бау» деп атайды. Осы бау арқылы уық пен кереге басын біріктіріп байлайды. Шаншылып біткен уықтың сыртынан айналдыра байлайды.</p>	<p>Үй тігу, керегені жаю, кереге биіктігі, киіз үй қанаты, қанат саны, үй көлемі, төрт, алты, сегіз, он екі қанатты, хан ордасы, саны отыз, көбейе береді, шаңырақ маңызы, үй, әулет, ие, мұрагер, сүйектері ескірсе, жаңартады, шаңырақты жаңартпайды, бақан, аша етіп, сырық, уықтарды шаншыған, жалпақтау жағы, уық бау</p>	<p>Киіз үй тігу оңай емес: а. Қанат саны ә. Шаңырақтың маңызы</p>
<p>Шаңырақтан кейінгі ерекше қастерленетін бөлшегі – босаға. Ол табалдырық пен маңдайшадан тұрады. Ал, есіктің екі жақтау ағашын «таяныш» дейді. Оған сықырлауық орнатылады.</p>	<p>Киіз үй босағасы, табалдырық, маңдайша, таяныш, сықырлауық</p>	<p>Үй босағасы</p>

2 Мазмұндама жоспары:

- I Киіз үй – қолайлы баспана
- II Киіз үй құру оңай емес
- 1) Қанат саны
- 2) Шаңырақ маңызы
- III Үй босағасы.

Мазмұндама жобасы:

«Киіз үй мал баққан көшпелі халық үшін таптырмас баспана, өйткені ол өте қолайлы, төзімді. Қыста жылы, жазда салқын болады. Киіз үйдің көлемдері әртүрлі болады. Оның негізгі қаңқасы сүйек деп аталады. Сүйектерге кереге, уық, сықырлауық жатады. Киіз үйді кез келген адам жасай алмайды. Тек шебер-үйші ғана жасайды.

Киіз үйді тігу оңай емес, әуелі керегелерді жаяды. Керегелердің әр бөлігін қанат дейді. Қанат санына киіз үйдің көлемі байланысты болады. Киіз үйдің қанаттары неғұрлым көп болса, ол соғұрлым үлкен болады. Хан тұқымдарында 30 қанаты бар киіз үйлер болған. Керегені жайғаннан кейін шаңырақты көтереді. Егер жеңіл болса, бірнеше адам, ал ауыр болған жағдайда, аттың көмегімен көтереді.

Киіз үйдің сүйектерінің ең маңыздысы – шаңырақ. Шаңырақ ескірсе, жаңартпайды, басқа сүйектерді тозған уақытта ауыстыруға болады.

Киіз үйдің тағы бір қастерленетін бөлшегі – босаға».

Е

Тірек сөздер төңірегінде мазмұндама жүйесін сақтай отыра, Сіз өз көзқарасыңызды қосуыңызға болады.

3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу қажет.

Сұрақтарға дұрыс жауап беру үшін:

- жауабыңызда мазмұндамадағы сөйлемдерді сөзбе-сөз қайталауға болмайды.
- сіз оларға балама сөздер (синонимдер) табуыңыз керек.
- тапсырманы орындау уақыты – 10 минут.

Сізге дұрыс жауап беруге жаттығудың жолдарын ұсынамыз:

Өзіңіз жазған мазмұндама мәтінін қайта оқып шығыңыз.

Әрбір сөйлемнің мағынасын түсініп оқыңыз.

1) Киіз үй туралы айтыңыз.

Т

Бұл сұрақ жалпылама бұйыру мақсатында қойылғандықтан, сіз қандай мазмұнда айтатыныңызды өзіңіз таңдайсыз. Мәтінде айтылған деректерді есіңізге түсіріңіз. Мына нұсқалардың бірін алып, ары қарай өзіңіз жалғастыруыңызға да болады.

- 1) Киіз үй – өте ... ,
- а) тұрақты
- ә) ыңғайлы
- б) жайлы
- в) жиналмалы
- сондықтан қазақ халқы оны
- а) дәріптеген
- ә) қадір тұтқан
- б) көшкенде алып жүрген
- в) осы күнге дейін сақтаған

Жоғарыда келтірілген мәліметтер үлгісін пайдаланып, төмендегі сөйлемдерді толықтырыңыз.

1-нұсқа

Киіз үй – жылы, ыңғайлы, қолайлы, жинақы баспана, сондықтан

2-нұсқа

Киіз үй көшпелі өмір сүрген уақытта таптырмас баспана болғандықтан,

3-нұсқа

Киіз үй – қазақ халқының ерте заманнан қолданып келе жатқан баспанасының бірі, сөйтсе де

Сіздің жауабыңыз құрмалас сөйлеммен берілуі керек.

2) Киіз үй қалай тігіледі?



Бұл сұраққа жауап беру үшін киіз үй құрудағы іс-әрекеттер жүйесін еске түсіру керек.

- 1) кереге керіледі
 - 2) табалдырық қойылады
 - 3) шаңырақ көтеріледі
 - 4) уықтар шаншылады және кереге байланады.
- Осы мәліметтерді пайдалана отырып, сөйлемдер құрастырыңыз.

3) Қанат деп нені атаймыз?



Бұл сұраққа жауап беруде «қанат» сөзінің мағынасын ашуымыз керек. Мәтінде бұл сөз қалай жұмсалып тұрғанын есіңізге түсіріңіз. Мәтін сөзімен дәлме-дәл жауап бермеуге тырысыңыз, ол үшін:

- «бөліктері» сөзінің баламасын анықтаңыз;
- «деп атайды» тіркесінің мағыналас сөзін табыңыз.

Анықталған сөз тіркестерін жауап беруде қолдануыңызға болады.

4) Киіз үйді бір адам тіге ала ма?



Бұл сұрақ мақұлдау немесе жоққа шығаруды талап етіп тұр, сондықтан сіздің жауабыңыз «иә» немесе «жоқ» модаль сөздері арқылы басталып, ары қарай ойыңыздың желісіне қарай өрбуі керек.

- Иә, киіз үйді бір адам өзі жалғыз құрып тастайды.
- Жоқ, киіз үйді құруға бірнеше адам керек. Үй тігу әрекетінің өзі халықты ұйымшылдыққа, бірлікке, жанашырлыққа, қол ұшын беруге үйретеді.

5) Киіз үй ішіне қанша адам сыяды?



«Алты қанатты киіз үйдің өзін кіреберіс, ауыз үй, төр бөлме, отау деп бірнеше бөлікке бөлген. Онда 30-40 адамға дейін сыяды». Осы ақпаратты жауабыңызда пайдалануыңызға болады.

6) Киіз үй керек пе, қалай ойлайсыз?



Бұл сұраққа жауап берерде толық өз ойыңызды жазып көріңіз. Жауабыңызда менің ойымша/меніңше, киіз үй қажет/керек емес, өйткені ... деген сөздер мен сөз тіркестері болғаны жөн.

Ә

- 1) Өзіңіз жазған мазмұндама мәтінін қайта оқып шығыңыз.
 - 2) Әрбір сөйлемнің мағынасын түсініп оқыңыз.
 - 3) Сізден не сұралып отырғанын түсінуге тырысыңыз.
 - 4) Жауабыңыз мәтіндегі мәселемен байланысты болу керек.
 - 5) Жауапта сіздің пікіріңіз жүйелі, нақты, толық берілуі қажет.
 - 6) Сөйлемдеріңіздегі сөздердің орын тәртібіне мән беріңіз.
- Қимыл иесі сөйлемнің басында, іс-әрекет сөйлемнің соңында келуі тиіс.
Мысалы: Мен киіз үй тігуге көмектестім.

4

Ұсынылған жағдаят негізінде ресми-іскери құжатты ресімдеңіз.

Жағдаят: Сіз ауырып қалдыңыз. Кесте бойынша Сіз бүгіннен кешікпей, Қазақстан Республикасы ұлттық куәландыру орталығынан құжатыңызды алуыңыз керек. Сіздің атыңыздан құжатты алу үшін баратын адамның атына сенімхат жазыңыз.

Ә

Сенімхат – сенім білдірушінің атынан белгілі бір іс-әрекеттерді орындау үшін сенім білдірілген тұлғаға құқық беру туралы құжат.
Сенімхаттың екі түрі болады:
– мекеме атынан берілген ресми сенімхат;
– жеке тұлға атына берілген сенімхат;

Сенімхат

_____ « ____ » _____ 20__

Қаланың аты
(тұрғылықты жер)

Мен, _____, жеке
(аты-жөні)

басын куәландыратын куәлік нөмірі _____,
(берілген күні)

Тұрғылықты мекен жайы: _____, осы сенімхат арқылы _____

_____ ,
жеке басын куәлігі _____ (аты-жөні) _____ (берілген күні)

Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландыру орталығында менің атымнан электронды сандық қол қоюға қажетті электронды куәлік (ашық электронды кілт) алу үшін құжаттарды тапсыруға рұқсат беремін.

Өкіл осы сенімхатта көрсетілген міндеттемелерді орындаған уақытта куәландыру орталығының қажетті құжаттарына қол қою құқығына ие.

Сенімхат басқа біреуге қайта сену құқығысыз бір айға берілген.

Сенім артушы _____

Нотариустың қолы _____

2-нұсқа



Шоқан Уәлиханов

1

Компакт-дискіден мәтінді тыңдаңыз.

Аудиоқұрылғыдан мазмұндаманы екі рет тыңдайсыз. Тыңдаған уақытта қиын сөздерге мән беріп, негізгі мазмұнын есте сақтауға тырысыңыз.

Шоқан (Мұхаммед Қанафия) Уәлиханов Шыңғысұлы (1835 – 1865) – қазақтың ұлы ғалымы: ориенталист, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы, демократ. Әжесі бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтқан, сондықтан ол «Шоқан» аталып кеткен.

Шоқан 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекетінде туған. Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы сол жерде аға сұлтан қызметін атқарған. Өз атасы Уәли хан болған. Арғы атасы қазақтың ұлы ханы Абылай, Шоқан – оның шөбересі. Шоқанның балалық шағы Сырымбет тауының баурайында өткен.

«Жеті жұрттың тілін білуге тиісті» хан тұқымы болғандықтан, ауыл мектебінде оқып, арабша хат таныған Шоқан араб, шағатай тілдерін меңгереді. Бұдан кейін 1847-1853 жылдары оны әкесі сол кезде Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны деп есептелетін Омбы кадет корпусына береді. Онда әскери сабақтарға қоса жалпы және Ресей жағрафиясы мен тарихы, батыс, орыс әдебиеттері, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері жүрген.

Шоқаннан қалған мұраның енді бір алуаны – бейнелеу өнері саласындағы еңбектері, бұл еңбектер оның қазақтың тұңғыш профессионал суретшісі екенін танытады. Шоқан негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс-салтын бейнелеу жанрымен айналысқан. Оның суреттерінің біразы 1860 жылдардың басында "Всемирная иллюстрация", "Искра", "Русский художественный лист" журналдарында және Орыс География қоғамының «Хабаршысында» жарияланған.



Мәтін бөліктері	Тірек сөздер
<p>Шоқан (Мұхаммед Қанафия) Уәлиханов Шыңғысұлы (1835 – 1865) – қазақтың ұлы ғалымы: ориенталист, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы, демократ. Әжесі бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтқан, сондықтан ол «Шоқан» аталып кеткен.</p> <p>Шоқан 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекетінде туған. Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы сол жерде аға сұлтан қызметін атқарған. Өз атасы Уәли хан болған. Арғы атасы – қазақтың ұлы ханы Абылай, Шоқан оның шөбересі. Шоқанның балалық шағы Сырымбет тауының баурайында өткен.</p>	<p>Ғалым, ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, демократ, әжесі, «Шоқаным», Құсмұрын бекеті, аға сұлтан</p>

<p>«Жеті жұрттың тілін білуге тиісті» хан тұқымы болғандықтан, ауыл мектебінде оқып, арабшахаттаныған Шоқан араб, шағатай тілдерін меңгереді. Бұдан кейін 1847-1853 жылдары оны әкесі сол кезде Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны деп есептелінетін Омбы кадет корпусына береді. Онда әскери сабақтарға қоса жалпы және Ресей жағрафиясы мен тарихы, батыс, орыс әдебиеттері, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері жүрген.</p>	<p>Жеті жұрттың тілі, шағатай тілі, араб тілі, Сібірдегі таңдаулы оқу орны, арабша хат тану, әскери сабақтар, басқа ғылым негіздері.</p>
<p>Шоқаннан қалған мұраның енді бір алуаны — бейнелеу өнері саласындағы еңбектері оның қазақтың тұңғыш профессионал суретшісі екенін танытады. Шоқан негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс-салтын бейнелеу жанрымен айналысқан. Оның суреттерінің біразы 1860 жылдардың басында “Всемирная иллюстрация”, “Искра”, “Русский художественный лист» журналдарында және Орыс География қоғамының «Хабаршысында» жарияланған.</p>	<p>Шоқан өнері, бейнелеу өнері, еңбектері, портрет, пейзаж, тұрмыс-салтты суретке түсіру</p>

2 Мазмұндамаға күрделі жоспар құрып көрейік:

I Шоқан Уәлиханов

II Құсұмырын бекетінде дүниеге келген ғұлама

- 1) Өз атасы – Уәли хан
 - 2) Арғы атасы – Абылай
 - 3) «Жеті жұрттың тілін білген ұлы Шоқан»
- III Шоқанның мұрасы

- 1) Мәтіндегі тақырыпшаларды сұрақтарға ажыратыңыз.
- 2) Сұрақтарға жауап бере отырып, мазмұндама жазыңыз.

Тақырыпшалар	Бағыттаушы сұрақтар	Мазмұндама
Құсмұрын бекетінде дүниеге келген ғұлама	Шоқан кім? Әжесі қалай еркелетті? Шоқанның әкесі кім болды, ал аталары ше? Бала кезінде қайда болды ол?	Шоқан (Мұхаммед Қанафия) 1835 жылы дүниеге келді. Ол –географ, ориенталист, саяхатшы, ағартушы демократ. Әжесі баланы қатты жақсы көретін, «Шоқаным» деп атайтын. Шоқанның әкесі Шыңғыс, арғы атасы Абылай хан болатын.
Құсмұрын бекетінде дүниеге келген ғұлама	Шоқан неше тіл білді? Ол қайда оқыды?	Хан тұқымынан шыққан адмдарға көп тіл білу керек. Шоқан ауыл молдасынан оқыған кезінде араб, шағатай тілдерін үйренді.
Шоқан мұрасы	Шоқан қандай мұра қалдырды? Ол қандай мұра еді? Басқа адамдар оның мұрасы туралы білді ме?	Шоқан мол мұра қалдырды. Ол – бейнелеу өнерінің туындылары еді. Ол пейзаж, портреттерді салғанды ұнататын. Оның алғашқы туындылары әйгілі «Искра», «Всемирная иллюстрация» беттеріне шығып отыратын.

3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазыңыз.

1) Шоқан Уәлиханов кім?



«Кім?» деген сұрақ төңірегінде жауап беру үшін Шоқанның кім болғанын есіңізге түсіріңіз. Мәтін мәліметтері бойынша жауап бере отырып, ойыңызды дәлелдеңіз.

1. Шоқан – қазақ халқының азаматы, ғалым, саяхатшы деп айта аламыз, себебі
2. Шоқан – алғашқы ғалым, саяхатшы деп білемін, өйткені
3. Шоқан – ориенталист, ғалым, саяхатшы, сондықтан
4. Шоқан – «Манас» жырын жазып әкелген адам, орыс географиялық қоғамының мүшесі, оны

Сөйлем құрамына қарай жай және құрмалас болып екіге бөлінеді. Жай сөйлем бір ғана ойды білдіреді. Мысалы: Шоқан аса дарынды тұлға еді. Құрмалас сөйлем екі я одан да көп жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіреді. Мысалы: Шоқан Құсмұрында дүниеге келді, Омбыда білім алды, Құлжаны аралады, бүкіл қазаққа еңбегін арнады.

Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, келесі жай сөйлеммен ұласып, сабақтаса байланысады. Мысалы:

а) Шоқан табиғатынан суретші болып, бейнелеу өнерінің біраз туындыларын жарыққа әкелген.

ә) Шоқан Омбы семинариясына оқуға түскеннен соң, ғылым нәрімен тамсана сусындады.

б) Шоқанның өмірі сәл ұзақ болса, ол әлі де талай жаңалық ашар ма еді?!

2) Шоқанның ата-бабалары қандай адамдар?



Бұл сұраққа жауап берерде мәтін мәліметін қолдануға болады. Дәлме-дәл қайталану болмас үшін:

- «хан тұқымы» сөзінің мағыналас сөзін анықтаңыз;
- «шөбере» сөзінің баламасын табыңыз;
- «ата-бабалары» сөзінің баламасын табыңыз.

Осы анықталған баламаларды өз жауабыңызда пайдалануға болады.

3) Шоқан қай тілдерді меңгерген?



Бұл сұрақ конструкциясында «қай» есімдігі арқылы Шоқанның неше тіл білетіндігі, ол тілдердің қалай аталатындығы сұралып тұр.

- «Меңгерген» етістігінің баламасын анықтаңыз.

Жауабыңызда бірыңғай мүшелерді қолдануыңызға болады.

4) Шоқанның білім алу жолы туралы айтыңыз.



Қойылатын сұрақтар жалпы және нақты жауап беруді талап ететіндігін ескеретін болсақ, бұл сұрақ нақтылықты қажет етеді.

- «білім алды» сөзінің баламасын табыңыз;
- «ең таңдаулы» сөз тіркесінің баламасын анықтаңыз.

5) Шоқан Омбы кадет корпусында білім алған кезінде қандай ғылым негіздерін меңгерді?



Бұл сұрақта семинарияда оқытылатын пәндер, сабақтар жайлы сөз болып отыр.

- «меңгерді», «ғылым» сөздерінің ұқсас мағынасын табыңыз.

Анықталған балама сөздерді жауабыңызда пайдалануға болады.

6) Шоқан бейнелеу жанрының қай түрлерімен айналысты?



Бұл да нақтылықты талап ететін сұрақ. Мәтіндегі сөздерді қайталап жауап беруге болмайтынын естен шығармаңыз.

- «портрет» мағынасын таратып жазыңыз;
- «пейзаж» сөзінің баламасын анықтаңыз.

4

Ұсынылған жағдаят негізінде ресми-іскери құжатты ресімдеңіз.

Сіздің мекемеңізге көшірме аппараттары қажет. Оны сатып алу (жалға алу) жөнінде өтінішхат жазыңыз.

Е

Өтінішхат – іскери хаттардың негізгі түрлерінің бірі. Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар арасында, сондай-ақ мекемелер мен ұйымдардың, фирмалар мен компаниялардың өзара қарым-қатынасында кеңінен қолданылады өтініш білдіру жағдаяттары сан түрлі.

«Абди» акционерлік қоғам бастығына

Құрметті Ертай Торымбетұлы мырза!

«Арғымақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Сіз басқарып отырған өндіріс ұйымынан 15 көшірме аппаратын алмақшы. Құны есеп-шотқа аудару арқылы төленеді. Аталмыш тауарды алып кетуге ыңғайлы көлік болмағандықтан, оларды біздің фирмамызға жеткізіп берулеріңізді өтінеміз.

Бізге көмек көрсеткеніңіз үшін алдын ала ризашылығымызды білдіреміз.

«Арғымақ»
жауапкершілігі шектелген
серіктестік директоры

Әкім Маралбек

3-нұсқа



Ақша тарихы

1

Компакт-дискіден мәтінді тыңдаңыз.

Аудиоқұрылғыдан мазмұндаманы екі рет тыңдайсыз. Тыңдаған уақытта қиын сөздерге мән беріп, негізгі мазмұнын есте сақтауға тырысыңыз.

Алғашқыда түрлі тайпалар мен халықтарда ішкі және сыртқы сауда-саттықта басты заттар болып табылатын тауарлар бөлініп шығып, олар құн төлеуге пайдаланылды. Яғни ерте заманда гректерде, римдіктерде, славяндарда, моңғолдарда, қыпшақтарда – мал, ертедегі Русьте, Скандинавияда – аң терісі, Қытайда – шай, Абиссинияда – тұз ақша рөлін атқарды. Кейін тауар өндірісі мен тауар айналымының дамуы нәтижесінде ақша рөлі түрлі металдарға ауысты. Біздің заманымыздан бұрынғы үшінші ғасырдағы хуннулар ақша орнына күміс пышақты пайдаланып, біздің заманымыздағы бірінші ғасырда салық есебіне алтын, күміс құймаларды алды. Дешті Қыпшақ елінде VI-VIII ғасырларда билеуші рулардың таңбалары бейнеленген теңгелер құйылды. XVII ғасырдың басында қазақ хандарының атымен өндірілген мыс ақшалар болды.

Қазақ елінің ұлттық валютасы – теңге. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» 1993 жылғы 13 қарашадағы Жарлығымен осы аталған жылдың 15 қарашасында теңге айналымға шығарылып, ел аумағындағы бірден-бір заңды төлем құралына айналды. Содан бері 15 қараша – Теңге күні.

Бірқатар болжамдар бойынша ақша жансыз қағаз болып көрінгенімен, оның сезімталдық қасиеті бар. Әрине, бұл қиял-ғажайып ертегіге ұқсайды. Алайда бизнес сабақтарын жүргізуші көптеген мамандар ақшаның физикалық дене еместігін дәлелдеп, оның бойында қызбалық, сезімталдық қасиеттердің барын айтады. Олар: «қағаз купюра мен металл тиындар өздерін қадірлеп, қастерлеп, аялағанды жақсы көреді. Әдемі де сәнді әмиянда салынған ақша сол жерден шыққысы келмейді. Қолыңызға ақша тұрақтамаса, өзгеден емес, ақшаны қадірлей алмаған өзіңізден көріңіз», – дейді.

Ақшаға байланысты мұндай болжамдарға сенсек, қалтаңызда ақшаны умаждап, жыртып, майыстырып ұстамаңыз. Онда қаржыдан тапшылық көресіз. Және де ақша өзін үнемдеп, ұқыпты түрде ұстағанды ұнататын көрінеді. Ал «ақша жоқ» деп жылай беретіндердің тиыны теңгені құрамай, қанша ақша тапса да, құмға сіңген судай құри береді екен. Яғни «жоқ десең жоғала береді».

Жоспар құру үшін мәтінді мағына беретін бірнеше бөлікке бөлеміз де, оларға тақырып қоямыз.

1-бөлік. Ақша тарихы: «Алғашқыда түрлі тайпалар мен халықтарда ішкі және сыртқы сауда-саттықта басты заттар болып табылатын тауарлар бөлініп шығып, олар құн төлеуге пайдаланылды. Ерте заманда гректерде, римдіктерде, славяндарда, моңғолдарда, қыпшақтарда – мал, ертедегі Русьте, Скандинавияда – аң терісі, Қытайда – шай, Абиссинияда – тұз ақша рөлін атқарды. Кейін тауар өндірісі мен тауар айналымының дамуы нәтижесінде ақша рөлі түрлі металдарға ауысты. Біздің заманымыздан бұрынғы үшінші ғасырдағы хуннулар ақша орнына күміс пышақты пайдаланып, біздің заманымыздағы бірінші ғасырда салық есебіне алтын, күміс құймаларды алды. Дешті Қыпшақ елінде VI-VIII ғасырларда билеуші рулардың таңбалары бейнеленген теңгелер құйылды. XVII ғасырдың басында қазақ хандарының атымен өндірілген мыс ақшалар болды».

2-бөлік. Қазақстандық төл теңге: «Қазақ елінің ұлттық валютасы – теңге. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» 1993 жылғы 13 қарашадағы Жарлығымен осы аталған жылдың 15 қарашасында теңге айналымға шығарылып, ел аумағындағы бірден-бір заңды төлем құралына айналды. Содан бері 15 қараша – Теңге күні».

3-бөлік. Ақшаға байланысты нанымдар: «Ақшаға байланысты мұндай болжамдарға сенсек, қалтаңызда ақшаны умаждап, жыртып, майыстырып ұстамаңыз. Онда қаржыдан тапшылық көресіз. Ақша өзін үнемдеп, ұқыпты түрде ұқсатқанды ұнататын көрінеді. Ал «ақша жоқ» деп жылай беретіндердің тиыны теңгені құрамай, қанша ақша тапса да, құмға сіңген судай құри береді екен. Яғни «жоқ десең жоғала береді».

2 Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді жоспар етіп жазамыз:

I Ақша тарихы

II Қазақстандық төл теңге

III Ақшаға байланысты нанымдар



Жоспар	Тірек сөздер	Мазмұндама
Ақша тарихы	Құн төлеу заттары, алғашқы ақша айналымы, металл ақша, ақша тарихы	Ақша тарихы өте тереңде жатыр. Өте ерте заманнан құн төлеу бірліктері болған, гректерде, римдіктерде, славяндарда, моңғолдарда, қыпшақтарда – мал, ертедегі Русьте, Скандинавияда – аң терісі, Қытайда – шай, Абиссинияда – тұз ақша рөлін атқарды. Кейін күміс, алтын құймалары ақша орнында жүрген. Қазақ жерінде алғашқы ақша XVII ғасырда пайда болған. Қазақстан Республикасының төл ақшасы – теңге.
Қазақстандық төл теңге	Қазақ елінің ұлттық валютасы, ел Президентінің Жарлығы, төлем құралы	Оны айналымға енгізу туралы Жарлыққа 1993 жылы 15 қарашада Елбасы Н.Ә. Назарбаев қол қойған. Ақшаға ұқыпты қарап, ақшаны әдемі әмиянға салу керек. «Ақша жоқ» деп жылаған адамның ақшасы ешқашан болмайды.
Ақшаға байланысты нанымдар	Ақша туралы наным, жыртпау керек, ұқыптылық қажет, «жоқ десең, жоғала береді»	

3

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу қажет.

1) Ақша дегеніміз не?



Бұл сұраққа жауап беру үшін ақшаға байланысты білетін барлық мәліметтерді жинақтап енгізуге болады.

Ақша – (айырбас құралы, құнды қағаз, құн төлеу заты, бағалау өлшемі) сияқты мәліметтерді жауабыңызда пайдалануға болады.

2) Ең бірінші құн төлеу үшін қандай заттар пайдаланды?



Жауабыңызда мәтін сөздерін қолданбауға тырысыңыз.

«Құн төлеу» сөз тіркесінің орнына баламасын анықтап, жазыңыз.

3) Қазақстанның ақшасы туралы не білесіз?



Бұл сұраққа жауап бергенде қазіргі уақытта айналымда жүрген ақша номиналы туралы айтуыңыз керек. Қазақстанның (еліміздің, Қазақстан Республикасының, мемлекетіміздің) ақшасы –

Ойыңызды таратып айтыңыз.

4) Ұлттық теңгенің қазіргі жағдайы қандай?



Жауабыңызда мәтіннен тыс қазіргі таңдағы теңгенің жағдайы туралы айтуыңыз керек. «Инфляция, ақша бағамы» сияқты түсініктерді есіңізге түсіріңіз. Елде теңгеден басқа айналымда жүрген еуропалық €, американдық \$ бар екенін ұмытпаңыз, теңгенің соларға шаққандағы тұрақтылығы туралы жазуға болады. «Ұлттық теңге», қазіргі жағдайы, жақсы тіркестерін жауабыңызда пайдалануыңызға болады.

5) Мәтінде ақшаға адам қалай қарау керек деп айтылған?



Мәтінде айтылған мәліметтерге қатысты сараптама жасауыңыз керек. Жауабыңыз «менің ойымша/түсінуімше» деп басталуы мүмкін.

6) Ақша табу үшін адам не істеуі керек?



Бұл сұраққа жауап беру үшін осы мақсатта адамның жасайтын нақты іс-әрекеттерін тізіп жазуыңызға болады. Сұрақтан ауытқымау үшін «Ақша табу үшін адам ...» деген сөздерді жауап негізіне алып, тиісті сөзді қойып, ойыңызды жалғастыруыңыз керек.

4

Ұсынылған жағдаят негізінде ресми-іскери құжатты ресімдеңіз.

Сіз – компания президентісіз. Ұжым мүшесінің мерейтойына орай алғысхат жазыңыз.

Е

Алғысхат – Қазақстанда 2000 жылдардан бері қалыптасып келе жатқан іскерихат түрі. Алғысхатты, әдетте, жұртшылыққа өз еңбегімен танымал болған қайраткер, жазушы, зиялы қауым жазады және ол баспасөз бетінде жарияланады.

Құрметті Пернегүл Дайырбайқызы!

Сіздің 50 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүрегіммен құттықтаймын.

Сіз компаниямыз алғаш құрылған күннен бастап еңбек етіп келесіз.

Содан бері сіз білікті маман ретінде көп жұмыс атқардыңыз, компанияның өркендеуіне үлкен үлес қостыңыз.

Сізге отбасы амандығын, денсаулық, ашық аспан, шығармашылық табыс тілеймін.

Сізді құрметтеуші
«Алтын» компаниясының
президенті

Шаймардан Болатұлы

4-нұсқа



Жақсы сөз – жарым ырыс

1 Компакт-дискіден мәтінді тыңдаңыз.

Аудиоқұрылғыдан мазмұндаманы екі рет тыңдайсыз. Тыңдаған уақытта қиын сөздерге мән беріп, негізгі мазмұнын есте сақтауға тырысыңыз.

Ертеде патшаның екі қызы болыпты. Патша екі қызын да жақсы көріп, қолынан келгенше оларды ештеңеден қақпай, қалағандарын жасап, айтқандарын екі етпеуге тырысады екен. Дегенмен, өсе келе екі қыздың мінездері өзгере бастапты.

Бір күні білімді бір адам патшаға қонаққа келіпті. Патшаның қайғылы түрін көріп, себебін сұрапты. Патша: «Е-е-е... сұрама, күлмейтін бір қызым бар, дертін ешкім білмейді», – дейді. «Патшам, рұқсат етсең, сарайыңызға қонақ болайын. Мүмкін қызыңыздың қайғысының себебін табармын», – дейді жолаушы. Патша қуана рұқсат етіпті. Сол күннен бастап мейман екі қызды патша рұқсатымен жасырын аңди бастапты. Қараса, екеуі түнде жатар алдында жастықтарының астынан бір дәптер шығарып, бір нәрселер жазып, таңертең жазғандарын оқып, орындарынан тұрады екен. Саяхатшы бір күні қыздар ұйықтағаннан кейін дәптерлерін алып оқыса, кіші қыз өзіне жасалған жақсылықтарды, ал үлкен қыз тек болмашы әділетсіздіктерді жазыпты.

Ертеңінде саяхатшы кіші қыздан рұқсат алып, оның дәптерін үлкен қыздың жастығының астына қояды. Таң атысымен патшаның үлкен қызы жастық астынан дәптерді алып оқыпты. Сарайдағылар екеуіне де бірдей қарағандықтан, ол дәптерде жазылғандарды оқып, өзіне жасалған жақсылықтар есіне түсіп, жүзі жадырап, қуанғаннан ән сала бастапты.

Патша үлкен қызының қуанғанын көріп, өз құлағы мен көзіне өзі сенбепті. Бірден саяхатшыны шақырып, бұны қалай жүзеге асырғанын сұрапты. Саяхатшы: «Патшам, өмір айна сияқты. Оның жақсы жақтарын ойласақ, бізге әдемі көрінер. Сіздің үлкен қызыңыз өмірінің жаман жақтарын ойлағаны үшін бақытсыз болған», – деп жауап береді.

Патша үлкен қызын шақырып, оған енді дәптеріне тек жақсылықтарды ғана жазуға кеңес беріпті.

Сол күннен бастап, патшаның екі қызы да бақытты өмір сүріпті.

Итальяндық ғибрат әңгіме

Жоспар құруымыз керек. Ол үшін мәтінді ойша мағына беретін бөлшектерге бөлеміз.



1-бөлік: «Ертеде патшаның екі қызы болыпты. Патша екі қызын да жақсы көріп, қолынан келгенше оларды ештеңеден қақпай, қалағандарын жасап, айтқандарын екі етпеуге тырысады екен. Дегенмен, өсе келе екі қыздың мінездері өзгере бастапты. Бір күні білімді бір адам патшаға қонаққа келіпті. Патшаның қайғылы түрін көріп, себебін сұрапты. Патша: «Е-е-е... сұрама, күлмейтін бір қызым бар, дертін ешкім білмейді», – дейді. «Патшам, рұқсат етсең, сарайыңызға қонақ болайын. Мүмкін қызыңыздың қайғысының себебін табармын», – дейді жолаушы. Патша қуана рұқсат етіпті».

Бұл үзінді бойынша «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар дегендей», бар мәселе екі қыз туралы болып тұр, ендеше жоспардың бірінші бөлігін «Патшаның екі қызы» деп алуға болады.



2-бөлік: «Бір күні білімді бір адам патшаға қонаққа келіпті. Патшаның қайғылы түрін көріп, себебін сұрапты. Патша: «Е-е-е... сұрама, күлмейтін бір қызым бар, дертін ешкім білмейді»-дейді. «Патшам, рұқсат етсең, сарайыңызға қонақ болайын. Мүмкін қызыңыздың қайғысының себебін табармын», – дейді жолаушы. Патша қуана рұқсат етіпті. Сол күннен бастап саяхатшы екі қызды патша рұқсатымен жасырын аңди бастапты. Қараса екеуі түнде жатар алдында жастықтарының астынан бір дәптер шығарып, бір нәрселер жазып, таңертең жазғандарын оқып, орындарынан тұрады екен. Саяхатшы бір күні қыздар ұйықтағаннан кейін дәптерлерін алып оқыса, кіші қыз өзіне жасалған жақсылықтарды, ал үлкен қыз тек болмашы әділетсіздіктерді жазыпты». Бұл бөлімнен оқығанымыздай, білімді адамның келуі жайлы, оның ісі жайлы айтылған. Сондықтан екінші бөлімді «Білімді адам» деп қоюға болады.



3-бөлік. «Патша үлкен қызының қуанғанын көріп, өз құлағы мен көзіне өзі сенбепті. Бірден саяхатшыны шақырып, бұны қалай жүзеге асырғанын сұрапты. Саяхатшы: «Патшам, өмір айна сияқты. Оның жақсы жақтарын ойласақ, бізге әдемі көрінер. Сіздің үлкен қызыңыз өмірінің жаман жақтарын ойлағаны үшін бақытсыз болған», – деп жауап береді. Патша үлкен қызын шақырып, оған енді дәптеріне тек жақсылықтарды ғана жазуға кеңес беріпті. Сол күннен бастап, патшаның екі қызы да бақытты өмір сүріпті». Бұл бөлім «Жақсы сөз – жарым ырыс» ойы арқылы қорытындыланады.

Мазмұндама жоспары:

I Патшаның екі қызы

II Білімді қонақ

1) Патшаның сыры

2) Қонақ адамның әдісі

III Жақсы сөз – жарым ырыс

Осы жоспар негізінде мазмұндама жазып шығыңыз. Ол үшін сізге тағы да тірек сөздер қажет. Әр бөлімнен ой беретін сөз тіркестерін теріп алыңыз. Тірек сөздер:

Патшаның екі қызы, жақсы көру, айтқанын екі етпеу, мінездері өзгеру, қонаққа келеді, күлмейтін қыз, рұқсат береді, саяхатшы, жастық астындағы дәптер, әділетсіздіктер, дәптерлерді ауыстыру, өз көзіне өзі сенбеу, өмір айна сияқты, бақытсыз болған қыз, енді тек жақсылық болады.

Енді мазмұндама жазайық:

Баяғыда патшаның екі қызы болыпты. Патша оларды өте жақсы көреді екен. Айтқандарын екі етпеуге тырысады. Қыздар өскен сайын олардың мінездері өзгере бастайды. Біреуі мүлдем күлмейтін болыпты.

Бірде патшаға қонаққа бір білімді адам келеді. Патша басындағы қайғысын айтады. Келген қонақ қыздың қайғысының себебін іздемекші болады. Қыздардың екеуі қуана келіседі.

Қонақ қыздарды жасырын аңди бастайды. Бір күні олардың жастықтарының астына тығып қоятын күнделіктерінің бар екендігін байқайды. Кіші қыз күнделігіне тек жақсылықтарды, ал күлмейтін үлкен қыз өзі әділетсіз деп таныған жамандықтарды ғана жазады екен. Кіші қыздың рұқсатымен күнделіктердің орындарын ауыстырып қояды. Үлкен қыз таңертең оянған уақытта күнделігінен жақсылықтарды оқыған кезде, қатты қуанып, жадырап сала береді. Патша өз көзіне өзі сенбейді. Қонақ «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп түсіндіреді.

Сол күннен бастап патша қыздары тек бақытты өмір сүріпті.

3

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу керек.

1) Патшаның қыздары қандай еді?



Бұл сұраққа жауап берерде патшаның неше қызы болғандығы, олардың қандай екендігі туралы ақпарат беріңіз.

2) Патша не үшін қайғырды?



Патшаның қайғыру себебін анықтап құрмалас сөйлем түрінде жауабыңызды жазуыңызға болады.

3) Патшаның қонағы қандай адам?



Мәтінде нақты кімнің келгені туралы айтылғанын есіңізге түсіріңіз. Олардың үйіне білімді (оқымысты, көп оқыған, кітап оқыған) адам

4) Қонақ адам қыздарды бақылау үшін не істеді?



Бұл сұраққа жауап беру үшін қонақтың іс-әрекетін еске түсіру керек. Жауабымызда қайталанулар көп болмау үшін «қонақ» сөзін «мейман» деп ауыстырып, «қыздарды бақылау үшін» тіркесін «қыздардың немен айналысатынын бақылау үшін» тіркесімен алмастырып, «не істеді?» сұрағына нақты жауап беру керек. «Не істеді?» сұрағына бақылады, аңдыды, қыздардан көзін алмады, қарап жүрді сияқты амалдармен жауап қайтаруға болады.

5) Патшаның үлкен қызы неліктен бақытсыз болды?



Бақытсыздық – тағдыр қиындығын, қайғы-қасіретті, азапты, көп бейнетті білдіретін этикалық ұғым. Дәлелдей отыра, патша қызының бақытсыздығы туралы жазыңыз. Жауабыңызға өз ойыңызды қосуға болады.

6) Қыздар әңгіменің соңында қалай өмір сүре бастады?



Өмірде жақсылық әрқашан жамандықты жеңетінін естен шығармаңыз. Әрбір шығарманың шешуі болады. Онда белгілі бір сюжетке құрастырылған шығарманың немен аяқталатыны анықталады. Осы сұраққа жауап беру үшін патша қыздарының әңгіменің соңында қандай болғандарын есіңізге түсіріңіз. Мәтін контексіне қатысты «Қалай?» сұрағына жауап болып, «өмір» сөзімен тіркесетін сөздер: бақытты, жақсы, баянды.

4

Ұсынылған жағдаят негізінде ресми-іскери құжатты ресімдеңіз.

Сіз жанұя жағдайына байланысты Астана қаласына көшіп келмекшісіз. Жұмысқа қабылдау бюросына өзіңіз туралы алдын ала іскерихат жіберіңіз.

Е

Хаттың бұл түрі нарық экономикасы жетілген өркениетті елдердің көпшілігінде пайдаланылады. Өмірбаян-резюмеден бұрын берілетін хат жұмыс берушінің назарын аудару үшін өте маңызды болып саналады.

Астана қаласы,
Республика даңғылы, 45-үй

Жұмысқа қабылдау бюросының өкіліне

Алдағы тамыз айында мен отбасыммен бірге Астана қаласына қоныс аудармақшымын. Сіз қызмет істейтін бюро менің шаруашылық дүкенінде жұмыс істегенімді назарға алар деген үмітпен өзім жайлы ақпарат жіберіп отырмын.

Мен бірнеше жыл қатарынан «Диона» шаруашылық заттарын сататын арнайы дүкендер желісінде қызмет еттім. Зал бойынша кезекші дүкеншіден бастап, 4 жыл ішінде аға менеджер қызметіне дейін көтерілдім. Бұл жұмыс – менің кәсібім және маған өте ұнайды. Мен мол тәжірибе жинақтадым, тауар сапасы жайында көп мәлімет білемін, тұтынушылармен ортақ тіл табыса аламын.

Менің еңбек тәжірибем көрсетілген резюмемен танысқаныңызға ризашылығымды білдіремін, әрі сізге қолайлы уақытта кездесуге әзірмін.

Құрметпен
Орынбасар Зейноллақызы

5-нұсқа



Микроағзалар

1

Компакт-дискіден мәтінді тыңдаңыз.

Аудиоқұрылғыдан мазмұндаманы екі рет тыңдайсыз. Тыңдаған уақытта қиын сөздерге мән беріп, негізгі мазмұнын есте сақтауға тырысыңыз.

Топырақта микроағзалар тіршілік етумен қатар өніп-өсіп, көбейеді. Ауада олар біраз мөлшерде кездеседі, бірақ өніп-өсуіне мүмкіндік жоқ. Сондықтан ауа микроорганизмдердің уақытша мекені болып есептеледі. Ауаға микроорганизмдер шаң-тозаңмен көтеріледі де, қайтадан солармен бірге шөгеді. Егер жер бетіне шөгіп үлгермесе, ауада тез арада қырылып қалады. Сондықтан ауада микроорганизмдердің саны мен сапасы топырақтағы олардың құрамына байланысты болады. Әсіресе қозғалысы күшті өнеркәсіп орындары көп қалалардың үстіндегі ауада микроағзалар өте көп болады. Ал керісінше ауыл, орман, тау, теңіз және Арктика мұздарының бетіндегі ауада микроорганизмдер мүлдем аз болады.

Ауада микроорганизмдерге күннің ультракүлгін сәулесі күшті әсер етеді. Микроағзалар бактерияларға қарағанда әлсіз болғандықтан, күн сәулесінің әсерінен жойылып кетеді. Өртүрлі қоғамдық орындардың да ауасында микробтар саны бірдей болмайды. Бұдан адам көп жүретін жерлерде, олар көп жиналатын көпшілік орындарында микроағзалар көп болатыны көрініп тұр.

Жыл мерзіміне байланысты ауадағы микроағзалардың саны мен сапасы өзгерістерге ұшырап отырады. Олардың ең аз болатын мерзімі – қыс, ал көп болатын кезі – жаз. Қыс кезінде жер бетін қар жауып қалады да, шаңның көтерілуіне мүмкіндік болмайды. Ал жаз кезінде жел шаң-тозаңмен бірге ауаға микроорганизмдерді қайтадан ұшырады. Күз бен көктем кезінде жауын-шашын жиі болса, микроағзалар азаяды.

Ашық жерлерге қарағанда бөлме немесе үй ауасында микроорганизмдер көп болады. Денсаулық сақтау үшін міндетті түрде бөлмеге ауа кіргізу керек.

Тақырыпшалар	Тірек сөздер	Жоспары
<p>Топырақтағы микроағзалар тіршілік етуі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Микроағзалардың ауадағы тіршілігі - Жерге шөгу үдерісі - Микроағзалар көп жинақталатын орындар - Микроағзалар үшін қолайсыз жағдайлар 	<p>Топырақтағы микроағзалар, ауада кездеседі, едәуір мөлшері, уақытша мекен, шаң-тозаңмен көтерілу, қозғалысы күшті микроағзалар көп болады, орман, тау, теңізде аз болады</p>	<p>Микроағзалар табиғаты</p>
<p>Ауада микроорганизмдерге күннің ультракүлгін сәулесінің әсері. Өртүрлі қоғамдық орындардағы микроағзалар саны</p>	<p>Ультракүлгін сәуле, қоғамдық орындарда, адам көп жүретін жерде көп болады</p>	<p>Микроағзалардың тіршілігі</p>
<p>Жыл мерзіміне байланысты микроорганизмдердің саны мен сапасының өзгеруі; Олардың ең аз болатын мерзімі; үй ауасындағы микроорганизмдер; денсаулық сақтау.</p>	<p>Жыл мезгіліне байланысты, күзде көп болмайды, шаң-тозаңда болады, ашық жерлерде болмайды, таза ауадан қорқады</p>	<p>Микроағзаларды жою</p>

2

Жоспары:

- I Микроағзалар
- II Микроағзалар тіршілігі
- III Микроағзаларды жою

Мазмұндама жоспары:

«Микроағзалар топырақта өсіп-өнеді. Топырақтан ауаға көтеріліп, қайтадан жерге шөгеді. Микроағзалардың саны топырақтағы мөлшеріне байланысты. Зауыт-фабрикалардың, өндіріс орындарының үстінде микроағзалар көп болады. Тау, көл, ауылдардың үстінде микроағзалар өте аз болады.

Ауада микроағзалар көп тұрақтамайды. Күн көзінің ультракүлгін сәулелерінің әсерінен микроағзалар жойылып кетеді. Адамдар көп жиналатын жерлерде, көпшілік орындарда микробтар саны өте көп болады.

Жыл мезгіліне байланысты да микроағзалар саны өзгеріп тұрады. Қыста олар қар астында қалып, ауаға көтеріле алмайды, жазда жел әсерінен топырақтан ауаға көтеріледі. Күз бен көктем айларында да жауын-шашын көп болса, микроағзалар аз, керісінше құрғақшылық болса, саны едәуір көбейеді екен.

Микроағзалар таза ауадан қорқатындықтан, бөлмеге таза ауаны мол кіргізіп тұру керек.

3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу қажет.

1) Микроағзалар қайда тіршілік етеді?



«Қайда?» сұрағы микробтарға қатысты, олардың тіршілік ортасы туралы мәлімет беруді сұрап тұр.

- микроағзалар
- топырақ
- тіршілік

сөздерін мағыналас баламаларымен ауыстырыңыз.

Анықталған баламаларды сөйлем құруда пайдалануға болады.

2) Микроағзаларға ауа қалай әсер етеді?



Бұл сұраққа жауап берген уақытта сұрақ мәнін тудырып тұрған сөйлем формасын қалдыруға болады. «Қалай?» деген сұраққа жауап беру үшін микроағзаларға әсер етуші ауаның әсері туралы жазыңыз.

3) Неліктен микроағзалар ауада жойылады?



Сұраққа жауап берерде мәтін мәліметтерін басшылыққа алыңыз. Мәтінде мынадай ақпарат бар:

«Жойылады» сөзінің баламасын анықтаңыз.

4) Микроағзалар қандай жерлерде көп болады?



«Көп» сөзінің баламасын анықтап, толық жауап жазыңыз.

5) Қоршаған ортада олар аз болу үшін не істеу керек?



Бұл сұрақтың жауабы мәтін ауқымынан кеңірек мәліметтердің болуын талап етеді. Ауада қандай жерлерде микроағзалардың көп немесе аз болатынын есіңізге түсіріңіз. Ол мына сөйлем арқылы берілген: «Әсіресе қозғалысы күшті өнеркәсіп орындары көп қалалардың үстіндегі ауада микроорганизмдер өте көп болады. Ал керісінше ауыл-село, орман, тау, теңіз және Арктика мұздарының бетіндегі ауада микроорганизмдер мүлде аз болады». Жауабыңызда экономикалық мәселелер тұрғысынан дәлелдер келтіруіңізге болады.

6) Үйде микроағзалардың болмауы үшін не істеу керек?



Жауап «Ол үшін» деп басталып, нақты іске асыратын іс-әрекеттеріңізді жазуыңызды талап етеді.

4 Ұсынылған жағдаят негізінде ресми-іскери құжатты ресімдеңіз.

Жалақыңыз аз болғандықтан, жұмысыңызды ауыстырмақшысыз. Өзіңіз туралы түйіндеме жазыңыз.

Е Түйіндеме – жазбаша нысанда жасалатын жүйелі құрылым, онда жеке адамның өзі туралы мәлімет, сондай-ақ білімі, қызмет атқарған орындары, мамандығы және кәсіби біліктілік туралы қысқа әрі нақты ақпарат беріледі.

Жеке басы туралы мәлімет

Қанашев Бақытбек Рақымбекұлы,
Туған жылы –1978, 25 маусым,
Ұлты – қазақ,
Қазақстан Республикасының азаматы,
Үйленген,
Мекенжайы – Астана қаласы, Ы. Дүкенов көшесі, 12-үй, 22-пәтер.

Білімі туралы мәлімет

Жоғары:
1999 жылы Алматы қаласы Қазақ-Британ университетін үздік дипломмен бітірген,
мамандығы – халықаралық құқық жөніндегі референт.

Қызметі туралы мәлімет

Тамыз 1999 жыл – қыркүйек 2007ж. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, құқықтану факультетінің аға оқытушысы.
Қазан 2008 жыл – қараша 2011ж. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, тарих факультетінің аға оқытушысы.

Қосымша ақпарат:

Мемлекеттік тілді, ағылшын және қытай тілдерін еркін меңгергенмін; ЭВМ-де жұмыс істей аламын, ат спортын жақсы көремін, II разрядты волейболшымын.



3

Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмалар



Мағжан

1

Компакт-дискіден мәтінді тыңдаңыз.

Аудиоқұрылғыдан мазмұндаманы екі рет тыңдаңыз. Тыңдаған уақытта қиын сөздерге мән беріп, негізгі мазмұнын есте сақтауға тырысыңыз.

2

Жоспар құрыңыз.

3

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу керек.

- 1) Мағжан Жұмабаев кім?
- 2) Алғашқы мектеп табалдырығын қашан аттады?
- 3) Ол қай қалаларда білім алды?
- 4) Оған көмектескен ұстазы кім болды?
- 5) Мағжан қандай өлеңдер жазды?
- 6) Мағжан кімдердің шығармаларын аударды?

4

Ұсынылған жағдаят негізінде ресми-іскери құжатты ресімдеңіз.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы келе жатыр. Сіз – «Шалқар» журналының редакторы болып қызмет жасайсыз. Өріптесіңіз «Қазақстан мектебі» журналының редакторы Бейбіт Сәбитұлы Қыдырменов мырзаны осы мерекемен құттықтап хат жазыңыз.

V тарау

Қосымшалар

1

Тыңдалым бөлігінің қосымшасы

Тыңдалым бөлігі бойынша тілдік дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар

Бірінші бөлім

Ортадан жоғары деңгейдің бірінші бөлімі бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар мәтіндегі «бар» немесе «жоқ» ақпараттарды, негізгі ақпаратты айыра білуге, кілт (тірек) сөздерді анықтап, оларды мазмұны сәйкес сөздермен ауыстырып қолдана білуге, сөйлеушілердің ниетін түсіне білуге арналған.



1-диалог

1-жаттығу

Диалогте сұраққа жауаптың бар/жоқтығын белгілеңіз.

- 1) Бизнес деген не? _____
- 2) Бизнесмен деген кім? _____
- 3) Алыпсатар деген кім? _____
- 4) Бизнесменге керек емес мінездер? _____
- 5) Бизнесменге тән басты қасиет? _____
- 6) Серіктес деген не? _____
- 7) Серіктес қандай болу керек? _____

2-жаттығу

Бизнесменге керек қасиеттер мен керек емес қасиеттерді (мәтін бойынша) жазыңыз.

- 1) Бизнесменге керек қасиеттер: ...
- 2) Бизнесменге керек емес қасиеттер: ...

Керекті сөздер: жеңілтек, көңілшек, жақсы көрінгісі келу, сенімділік, тәуекелшілдік, сөзі мен ісіне беріктік

3- жаттығу

Сұхбат алушының (журналистің) ең негізгі білгісі келгені қай ақпарат екенін анықтаңыз, себебін түсіндіріңіз. «Иә», «жоқ» деген сөздермен белгілеңіз.

- 1) Бизнесмен мен алыпсатардың айырмашылығы _____
- 2) Бизнеспен айналысу үшін қажетті мінез бен қасиет _____

4- жаттығу

Бизнесмен мен алыпсатарға ортақ қасиеттер мен айырмашылықтарды көрсетіңіз

Бизнесмен _____, _____, _____. (не істейді?)

Алыпсатар _____, _____, _____. (не істейді?)

Керекті сөздер: (өнімді өндіреді, өнімді зерттейді, өнімді сатады, сұранысты зерттейді, сұранысты қамтамасыз етеді, қаржы жұмсайды, қаржы салуды болжайды)

5- жаттығу

Сұхбат алушы журналистің ойын көрсететін сөйлемді «иә», «жоқ» деген сөздермен белгілеңіз.

- 1) Бизнес жайлы мәлімет беру. _____
- 2) Бизнесмен жайлы түсіндіру. _____
- 3) Бизнесменнің жұмысын нақтылау. _____
- 4) Бизнесмен болу жолдарын ұсыну. _____
- 5) Бизнеспен қандай адамдар айналыса алатынын ескерту. _____
- 6) Бизнесменнің мінез-құлқын көрсету. _____
- 7) Бизнесі қалай жүргізуді зерттеу. _____

Екінші бөлім

Ортадан жоғары деңгейдің екінші бөлімі бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар – мәтіндегі оқиға мен фактіні дәл есте сақтау, негізгі пікірлерді ажырату, қосымша деректерді ескеру, автор сөзі мен кейіпкер сөзіндегі қолданылған фразеологизмдер, ауыспалы мағынадағы сөздер мен нақыл сөздерді түсініп, қолдануға арналған тапсырмалар.



2-диалог

6-жаттығу

Бос орындарды толтырыңыз.

- 1) Жазушы Шерхан Мұртазаның ойынша, оны өлімнен бірінші рет алып қалған – _____.
- 2) Сол заманда етек алған ауру – _____.
- 3) Ата-бабамыз аршадан _____, _____, _____ жасайтын болған.
- 4) Жазушы екінші өлімнен _____ кезінде қалды.
- 5) Егер _____, пойыз туннельге кіріп, _____.

7- жаттығу

Сұхбат алушы журналистің білгісі келген негізгі ақпараттары мен жазушы берген қосымша мәліметтерді нақтылаңыз.

(Төмендегі берілген тіркесті қойыңыз).

- 1) Шерханның басынан өткен қиын жайлар жайын журналист білгісі келді, себебі _____.
- 2) Ол қиындықтардың шешілу жолдарын _____.
- 3) Сәби кезіндегі қиын жайын _____.
- 4) Интернатта оқығанын _____.
- 5) Халық даналығы туралы _____.
- 6) Баланың көңіл күйі жайлы _____.
- 7) Баланың әрекеті туралы _____.

Қажетті сөз тіркестері: журналист білгісі келді, автор (жазушы) әңгіме барысында өзі айтты

8- жаттығу

Мәтіндегі негізгі деректерді бір бөлек, қосымша деректерді бір бөлек жазыңыз.

Негізгі деректер

- 1)
- 2)
- 3)

Қосымша деректер

- 1)
- 2)
- 3)

Деректер: Шерханның жасы, өлімнен қалған жайлар, 1932 жылғы оқиғалар, «қара шешек» ауруы, аршаның қасиеті, Жамбылда интернатта оқуы

9- жаттығу

Мәтінмен жұмыстан кейін сіздің есіңізде сақталатын, сіз естіген жаңа ақпаратты көрсетіңіз, себебін түсіндіріңіз. (Жанына белгі (✓) қойып, түсіндіріңіз)

- 1) Шерхан – ата болғандығы.
- 2) Балалық шағы қиын болғандығы.
- 3) Қара шешекпен ауырғандығы.
- 4) Арша бесіктің, аршаның пайдасы.
- 5) Пойыз төбесіндегі жағдай.

10- жаттығу

Сөйлемді аяқтаңыз.

- 1) Ол дереу жата қалды, себебі _____.
- 2) Туннельдің кіре берісі басын жұлып кетуден аман қалды, себебі _____.
- 3) Аршадан ата-бабамыз бесік, күбі, тіс тазалағыш жасайтын, себебі _____.
- 4) «Қара шешектен» аман қалды, себебі _____.

Үшінші бөлім

Ортадан жоғары деңгейдің үшінші бөлімі бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар (нақты ақпаратты есте сақтауға, мәтін мазмұнына қатысты қосымша ақпараттарды да ескеруге, мәтіннің мағыналық бөліктерін айыруға, мәтін мақсатын айқындауға, мәтін арқылы айтылмақ идеяны түсінуге арналған).



1-мәтін

11-жаттығу

Бос орындарды толтырыңыз.

- 1) _____, _____ жылан бүктеліп жатыр.
- 2) Аузында – _____.
- 3) Бақаның тек _____ көрінеді, басқа жағы жыланның аузына кіріп кеткен.
- 4) Жыланның көзі _____.
- 5) Балалар ойынды қойып, _____.
- 6) Мен _____ жыланның басынан _____.
- 7) Бақа жыланның аузынан _____.
- 8) Жылан сусып барып _____.
- 9) Бақа қозғала алмай _____, _____.

12-жаттығу

Мәтіндегі ақпаратты екіге бөліп жазыңыз.

Негізгі деректер

- 1)
- 2)
- 3)

Қосымша деректер

- 1)
- 2)
- 3)

Мәтінде бар ақпараттар: жылан, бақа, жыланның әрекеті, бақаның күйі, жыланның жатысы, сол жерде балалардың ойнап жүруі, баланың әрекеті, бала әрекетінен кейінгі жылан мен бақаның жайы

13-жаттығу

Мәтіндегі оқиғаларды үш бөлікке топтаңыз.

Кіріспе бөлім

- 1)
- 2)
- 3)

Негізгі бөлім

- 1)
- 2)
- 3)

Қорытынды

- 1)
- 2)
- 3)

Баланың әрекеті. Бала әрекетінің әсері. Жылан мен бақа жайлы көрініс. Көріністегі жылан мен бақаның әрекеттері. Бала қимылынан кейінгі жайлар. Баланың осы көріністі еске алуы. Күшті мен әлсіз жайлы ойлар.

14-жаттығу

Мәтінге жоспар құрыңыз. Жоспар бойынша баяндаңыз (тезисін жазыңыз).

15-жаттығу

Мәтін мақсатын айқындайтын сөйлем мәтіннің қай бөлігінде екенін тауып, өз сөзіңізбен жазыңыз.

16-жаттығу

Қай сөйлем мәтін идеясын бере алады, неге?

- 1) Күштілер әлсізге әр уақытта үстемдік көрсетеді.
- 2) Әлсіздерге көмектесу керек.
- 3) Әділетсіздікпен күресе білу керек.
- 4) Әлсіздерге көмектесу үшін күш керек.

2

Лексика-грамматикалық бөліктің қосымшасы

Синонимдердің күрделенген түрі

1-жаттығу

Берілген сөздермен синонимдік қатар жасаңыз.

Үлгі: жеке, дербес, бөлек, дара

Ағын, азат, жалақы, ежелгі, келбет, кісі, ағым, жан, ағыс, еркін, еңбекақы, адам, ажар, айлық, көрік, бұрынғы, береке, мұңсыз, дұрыстау, қайғысыз, түзеу, байырғы, ырыс, дәулет, уайымсыз, тәуелсіз, жөндеу.

Жауабы:

Адам, кісі, жан.

Ағын, ағым, ағыс.

Келбет, көрік, ажар.

Азат, еркін, тәуелсіз

Ырыс, береке, дәулет.

Түзеу, жөндеу, дұрыстау.

Байырғы, бұрынғы, ежелгі.

Жалақы, айлық, еңбекақы.

Қайғысыз, мұңсыз, уайымсыз.

2-жаттығу

Жақша ішіндегі сөздерді ауыстыруға болатын мәндес сөздерді табыңыз.

1. Санат (дене) күтіміне ерекше мән беретін.
2. Қазақ (отбасы) баланың алғашқы қадамына арнап “Тұсаукесер” тойын жасайды.
3. Ақшаны орынды (жарата) білу де өнер.
4. Жаттықтырушымыз команданың жеткен (жетістіктерін) тізіп айтып шықты.
5. Қызметкерлерге кезектен тыс (жиналыс) болатынын жедел хабарлаңыз.
6. Мінез-құлқы (сабырлы) адамдардың денсаулығы да жақсы болады екен.
7. Өнер адамдарының (жарасымды) киінуі шарт.
8. Қыстың (соңына) дейін қатты аяз бір қайтпады.

Сөздер:

1. тән, тұла бойы,
2. үй іші, әулет,
3. жұмсау, қолдану,
4. табыс, жеңіс,
5. мәжіліс, кеңес, отырыс,
6. байсалды, салмақты,
7. үйлесімді, қонымды,
8. ақыры, аяғы

Жауабы:

1. Санат (дене) күтіміне ерекше мән беретін.
2. Қазақ (отбасы) баланың алғашқы қадамына арнап “тұсаукесер” тойын жасайды.
3. Ақшаны орынды (жарата) білу де – өнер.
4. Жаттықтырушымыз команданың жеткен (жетістіктерін) тізіп айтып шықты.
5. Қызметкерлерге кезектен тыс (жиналыс) болатынын жедел хабарлаңыз.
6. Мінез-құлқы (сабырлы) адамдардың денсаулығы да жақсы болады екен.
7. Өнер адамдарының (жарасымды) киінуі шарт.
8. Қыстың (соңына) дейін қатты аяз бір қайтпады.

Сөздер:

1. тән
2. әулеті
3. жұмсай
4. жеңістерін, табыстарын
5. мәжіліс, отырыс
6. байсалды, салмақты
7. үйлесімді, қонымды,
8. ақыры, аяғы

Тұрақты сөз тіркестері

1-жаттығу

Асты сызылған тұрақты сөз тіркестерін жай сөзбен алмастырыңыз.

1. Алатаудың аспанмен таласқан шыңдарын қар басып қалыпты. 2. Мектеп директорлары оқушылар арасында мүсіншілер байқауын өткізуге сөз байласты. 3. Темекінің зияны туралы қанша айтылса да, жастар құлақ аспайды. 4. Асылбек мінезі ауыр жігіт екен, жұмған аузын ашпады. 5. Ата-бабаларымыз қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды өмір бойы аңсап өткен ғой. 6. Әпкемнің балалары әлі жас, оң мен солын айырмаған. 7. Екі сағат дау-дамаймен отырған өкілдердің әңгімесі жараса бастады.

Қажетті сөздер: *келісті, өте биік, салмақты, тыңдамайды, әлі ешнәрсені түсінбеген, түсінісе бастады, үндемеді, бейбітшілік*

Жауабы:

1. Алатаудың аспанмен таласқан (өте биік) шыңдарын қар басып қалыпты. 2. Мектеп директорлары оқушылар арасында мүсіншілер байқауын өткізуге сөз байласты (келісті). 3. Темекінің зияны туралы қанша айтылса да, жастар құлақ аспайды (тыңдамайды). 4. Асылбек мінезі ауыр (салмақты) жігіт екен, жұмған аузын ашпады (үндемеді). 5. Ата-бабаларымыз қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды (бейбітшілік) өмір бойы аңсап өткен ғой. 6. Әпкемнің балалары әлі жас, оң мен солын айырмаған (әлі еш нәрсені түсінбейді). 7. Екі сағат дау-дамаймен отырған өкілдердің әңгімесі жараса бастады (түсінісе бастады).

2-жаттығу

Асты сызылған сөздерді тұрақты сөз тіркестерімен алмастырыңыз.

1. Әжем бізді еркелетіп өсірді. 2. Арман інісінің дәрекілігіне ұялғандай, сыпайы сөйледі. 3. Мұрат әкесінің келетінін естіп, қатты қуанды. 4. Асылай компания жұмысының бағыттарын өте жақсы білетін. 5. Ұзақ жолдан қажыған жолаушылар жол бойындағы шағын дәмханадан тамақтанды. 6. Спортпен шұғылдана бастап едім, аяқ ауруынан жазылдым. 7. Асхананың бүгін пісірген сорпасының дәмі жоқ.

Қажетті сөздер: сөзінің тігісін жатқыза, су татиды, бес саусағындай, құлан таза айықтым, жүрек жалғады, бетімізден қақпай, жүрегі жарылардай болды.

Жауабы:

1. Әжем бізді еркелетіп (бетімізден қақпай) өсірді. 2. Арман інісінің дәрекілігіне ұялғандай, сыпайы (сөзінің тігісін жатқыза) сөйледі. 3. Мұрат әкесінің келетінін естіп, қатты қуанды (жүрегі жарылардай болды). 4. Асылай компания жұмысының бағыттарын өте жақсы (бес саусағындай) білетін. 5. Ұзақ жолдан қажыған жолаушылар, жол бойындағы шағын дәмханадан тамақтанды (жүрек жалғады). 6. Спортпен шұғылдана бастап едім, аяқ ауруынан жазылдым (құлан таза айықтым). 7. Асхананың бүгін пісірген сорпасының дәмі жоқ (су татиды).

Зат есімнің септелуі. Тәуелді септеу

1-жаттығу

Жақшаны ашып, тиісті жалғаулар қосып, сөздерді байланыстырыңыз.

1. Гүлнұр төрт (жас) бастап домбыраны осы кісіден үйренді. 2. Күйшінің ең үлкен еңбегінің бірі – Мөңке бидің (күйлер) зерттеуі. 3. «Жас тілшілер» қоғамдық (қор) кезекті мәжілісі ұйымдастырылды. 4. (Отбасы) тек қазақ тілінде сөйлесеміз. 5. Ата-бабамыздың асыл (мұра) кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің басты мұратымыз. 6. "Самұрық қазына" қоры еліміздің (экономика) арттыруда үлкен үлес қосты. 7. Әділқазылар "Қазақ тілі – ана тілі" байқауының (нәтижесі) көңіл бөліп, ұстаздық кеңестерін айтты. 8. Әлемдік футбол (ойындар) үзінділер көрсетілді.

Жауабы:

1. Төрт жасынан бастап домбыраны осы кісіден үйренді. 2. Күйшінің ең үлкен еңбегінің бірі – Мөңке бидің күйлерін зерттеуі. 3. «Жас тілшілер» қоғамдық қорының кезекті мәжілісі ұйымдастырылды. 4. Отбасымызда тек қазақ тілінде сөйлесеміз. 5. Ата-бабамыздың асыл мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің басты мұратымыз. 6. "Самұрық қазына" қоры еліміздің экономикасын арттыруда үлкен үлес қосты. 7. Әділқазылар "Қазақ тілі – ана тілі" байқауының нәтижесіне көңіл бөліп, ұстаздық кеңестерін айтты. 8. Әлемдік футбол ойындарынан үзінділер көрсетілді.

2-жаттығу

Сөйлемдерді тиісті сөздермен толықтырыңыз.

1. Жарыс ... төреші ойын ... түсіндірді. 2. Ғазиз журналистік мамандықтың ... әбден меңгерген. 3. Спорт мамандарының ... тыңдасақ, қатты аязда жүгірумен айналысудың қажеті жоқ. 4. Әбубәкір шығармалары Қазан ... екі рет жарияланды. 5. Оқушылар мұражайдан мүсін өнерінің ... тамашалады. 6. Әйгілі Харлей Девидсон мотоциклі 1903 жылы құрастырылып, оның карбюраторы томат ... жасалыныпты. 7. Америкалық Джон Уинтроп 1630 жылдың 25 ... шанышқыны тұңғыш рет пайдаланыпты. 8. Ең алғашқы граммофон ... Лайош Кошутаның дауысы жазылыпты.

Қажетті сөздер: қыр-сырын, кеңестерін, маусымында, басында, туындыларын, қаласында, банкісінен, ережелерін, пластинкасына

Жауабы:

1. Жарыс басында төреші ойын ережелерін түсіндірді. 2. Ғазиз журналистік мамандықтың қыр-сырын әбден меңгерген. 3. Спорт мамандарының кеңестерін тыңдасақ, қатты аязда жүгірумен айналысудың қажеті жоқ. 4. Әбубәкір шығармалары Қазан қаласында екі рет жарияланды. 5. Оқушылар мұражайдан мүсін өнерінің туындыларын тамашалады. 6. Әйгілі Харлей Девидсон мотоциклі 1903 жылы құрастырылып, оның карбюраторы томат банкісінен жасалыныпты. 7. Америкалық Джон Уинтроп 1630 жылдың 25 маусымында шанышқыны тұңғыш рет пайдаланыпты. 8. Ең алғашқы граммофон пластинкасына Лайош Кошутаның дауысы жазылыпты.

Сын есімнің шырайлары. Салыстырмалы шырай

1-жаттығу

Диалогті толықтырыңыз.

- Жанат, сәлеметсің бе?
- Сәлеметсің бе, Балқия?
- Не жаңалық бар?
- Мен сауда орталығына менеджер болып ауыстым.
- Неге, бұрынғы жұмысыңмен салыстырғанда жақсы ма?
- Бұрынғы жұмысыма қарағанда жалақысы
- Жақсы болыпты, құттықтаймын. Үйіңнен алыс емес пе?
- Иә, бұрынғы жұмысыммен салыстырғанда
- Ұжымың бұрынғы ұжымыңнан ... ме?
- Жоқ, бұрынғы ұжымым мына жерге қарағанда ... , бір-бірімізге ... едік.
- Ештеңе етпейді, әлі үйреніп кетесің. Жұмысы ауыр емес пе?
- Бұрынғы жұмысыма қарағанда

Қажетті сөздер: жақынырақ, жақсырақ, ауырлау, көбірек, шағындау, жақындау.

Жауабы:

- Жанат, сәлеметсің бе?
- Сәлеметсің бе, Балқия?
- Не жаңалық бар?
- Мен сауда орталығына менеджер болып ауыстым.
- Неге, бұрынғы жұмысыңмен салыстырғанда жақсы ма?
- Бұрынғы жұмысыма қарағанда жалақысы көбірек.
- Жақсы болыпты, құттықтаймын. Үйіңнен алыс емес пе?
- Жоқ, бұрынғы жұмысыммен салыстырғанда жақынырақ.
- Ұжымың бұрынғы ұжымыңнан үлкендеу ме?
- Иә, бұрынғы ұжымым мына жерге қарағанда шағындау, бір-бірімізге жақындау едік.
- Ештеңе етпейді, әлі үйреніп кетесің. Жұмысы ауыр емес пе?
- Бұрынғы жұмысыма қарағанда ауырлау.

2-жаттығу

Екі затты салыстырғанда қолданылатын сөздермен толықтырыңыз.

1. Басқа бөлмелермен салыстырғанда, бұл бөлме 2. Бұл тапсырма кешегі тапсырмаға 3. Інімнің бойы маған 4. Менің құрбым өз құрдастарына ... көрінеді. 5. Жайнаның басқа мамандарға қарағанда тәжірибесі 6. Бұл мұражай Тараз қаласындағы мұражайдан ... салынған. 7. Орта ғасырлардағы сәулет өнерінің тарихы 8. Қаланың бұл аймағындағы ауа

Сөздер: қарағанда ұзынырақ, үлкенірек, қарағанда жасырақ, қарағанда жеңілірек, қызығырақ, молырақ, тазарақ, бұрынырақ

Жауабы:

1. Басқа бөлмелермен салыстырғанда, бұл бөлме үлкенірек. 2. Бұл тапсырма кешегі тапсырмаға қарағанда жеңілірек. 3. Інімнің бойы маған қарағанда ұзынырақ. 4. Менің құрбым өз құрдастарына қарағанда жасырақ көрінеді. 5. Жайнаның басқа мамандарға қарағанда тәжірибесі молырақ. 6. Бұл мұражай Тараз қаласындағы мұражайдан бұрынырақ салынған. 7. Орта ғасырлардағы сәулет өнерінің тарихы қызығырақ. 8. Қаланың бұл аймағындағы ауа тазарақ.

Күшейтпелі шырай

1-жаттығу

Заттың сындық қасиетін күшейте көрсететін сөздерді тиісті орындарына қойыңыз.

1. Әсет бізді жылы қарсы алып, ... етіп жиналған бөлмеге кіргізді. 2. ... қар басқан даламен ұзақ жүрдік. 3. Жеңгесі ... келіншек екен. 4. Аслан ... машинасын інісіне сыйлады. 5. Даладан мұздап кірген жолаушыларға кішкентай үй ... болып көрінді. 6. Айгүлдің апасының туған күніне арнап ... торт дайындапты. 7. Танымдық дәріс өте қызық өтті, зал іші ... отырып тыңдады. 8. Құралай анасының басын сүйеп, ... сусынды ұсынды.

Қажетті сөздер: әп-әдемі, тап-таза, сап-салқын, аппақ, жып-жылы, тып-тыныш, жап-жаңа, тәп-тәтті.

Жауабы:

1. Әсет бізді жылы қарсы алып, тап-таза етіп жиналған бөлмеге кіргізді. 2. Аппақ қар басқан даламен ұзақ жүрдік. 3. Жеңгесі әп-әдемі келіншек екен. 4. Аслан жап-жаңа машинасын інісіне сыйлады. 5. Даладан мұздап кірген жолаушыларға кішкентай үй жып-жылы болып көрінді. 6. Айгүлдің апасының туған күніне арнап тәп-тәтті торт дайындапты. 7. Танымдық дәріс өте қызық өтті, зал іші тып-тыныш отырып тыңдады. 8. Құралай анасының басын сүйеп, сап-салқын сусынды ұсынды.

2-жаттығу

Сұрақтарға заттың сындық қасиетін күшейте көрсететін сөздерді пайдалана отырып жауап беріңіз.

Үлгі: Спектакль тартымды болды ма? – Өте тартымды болды.

1. Ол азамат ретінде жанашыр, жүрегі таза адам ба еді?
...
2. Ұлт аспаптардын ішінде көнесі қайсысы деп ойлайсыз?
...
3. Биылғы "Шабыт" фестивалі көңілді, тартымды өтті ме?
...
4. Ірі акционерлік қоғамдар балалар үйіне қандай көмек көрсетеді?
...
5. Бізге келген жас маман шет тілдерін жақсы біле ме?
...
6. Жүгері қауызына жасаған жарнамаңыз қалай шықты?
...
7. Кешегі жаңа кітаптардың тұсаукесері қалай ұйымдастырылды?
...
8. Бұл саяхаттағы ең қызықты күндеріңіз Қытай қорғанына бару болған шығар?

Болжалдық сан есімдер

1-жаттығу

Жақшаны ашып, заттың санын болжаммен айту үшін қолданылатын сөздерді сөйлеммен байланыстырыңыз.

1. Ө. Қастеев мұражайында үш мың (астам) жәдігер сақталған. 2. Соңғы 500 жылда ғарыштық заттардың қалдықтары есебінен Жердің салмағы (шама) миллиард тоннаға ауырлаған. 3. Акула су ішінде 10 шақырым (жуық) жерден қанның иісін сезе біледі екен. 4. Қытайдың кейбір жазу машинкаларында 5700 белгі бар, оның клавиатурасының ені бір метр (жуық). 5. Пияз тарихы (шама) 3000 жылды құрайды, ал оның отаны Орталық Азия және Үндістан болып табылады. 6. Байқауға қырық (астам) дарын иелері қатысты. 7. Сатурн мен Юпитердің әрқайсысында он сегіз (астам) серіктері бар. 8. Бәкеңмен отыз жыл (жуық) араласып тұрдық, ешқашан жүз шайысып көрмеппіз.

Жауабы:

1. Ө. Қастеев мұражайында үш мыңнан астам жәдігер сақталған. 2. Соңғы 500 жылда ғарыштық заттардың қалдықтары есебінен Жердің салмағы шамамен миллиард тоннаға ауырлаған. 3. Акула су ішінде 10 шақырымға жуық жерден қанның иісін сезеді екен. 4. Қытайдың кейбір жазу машинкаларында 5700 белгі бар, оның клавиатурасының ені бір метрге жуық. 5. Пияз тарихы шамамен 3000 жылды құрайды, ал оның отаны Орталық Азия және Үндістан болып табылады. 6. Байқауға қырықтан астам иелері қатысты. 7. Сатурн мен Юпитердің әрқайсысын он сегізден астам серіктер бар. 8. Бәкеңмен отыз жылға жуық араласып тұрдық, ешқашан жүз шайысып көрмеппіз.

2-жаттығу

Көп нүктенің орнына заттың санын, адамның жасын болжаммен айту үшін қолданылатын сөздерді қойыңыз.

1. Ең кішкентай жұлдыздар – диаметрі ... болатын нейтрондық жұлдыздар. 2. Келісімшартқа отыруға шетелдік әріптестеріміз жасы ... менеджерді жіберіпті. 3. Әкем ... жасында алтын кеніне жұмысқа кірген. 4. Телебағдарламаға студия көрермені ретінде ... оқушы жіберілді. 5. Белгілі профессордың танымдық дәрісіне ... студент жиналды. 6. Төрешінің шешіміне келіспеген ойыншылар ... ойынды жалғастырмай тұрып алды. 7. Ұшақ Астанаға дейін ... ұшады екен. 8. Қайырымдылық қоры ... баланы қамқорлығына алған.

Қажетті сөздер: жиырма шақырымдай, он алты-он жеті, бір жарым-екі сағаттай, отыздардағы, он бес-жиырма минуттай, екі жүздей, жиырмадай, алпыстай.

Жауабы:

1. Ең кішкентай жұлдыздар – диаметрі жиырма шақырымдай болатын нейтрондық жұлдыздар. 2. Келісімшартқа отыруға шетелдік әріптестеріміз жасы отыздардағы менеджерді жіберіпті. 3. Әкем он алты-он жеті жасында алтын кеніне жұмысқа кірген. 4. Телебағдарламаға студия көрермені ретінде жиырмадай оқушы жіберілді. 5. Белгілі профессордың танымдық дәрісіне екі жүздей студент жиналды. 6. Төрешінің шешіміне келіспеген ойыншылар он бес-жиырма минуттай ойынды жалғастырмай тұрып алды. 7. Ұшақ Астанаға дейін бір-жарым екі сағаттай ұшады екен. 8. Қайырымдылық қоры алпыстай баланы қамқорлығына алған.

Бөлшектік сан есімдер

1-жаттығу

Сөзбен берілген бөлшектік сан есімдерді цифрмен жазыңыз.

1. Елу жастағы саясаткердің жылдық жалақысы үш жүз қырық екі бүтін оннан төрт мың долларды құрайды екен. 2. Жылына үш жүз он тоғыз бүтін оннан сегіз мың доллар табатын Франция Президенті екінші орынға тұрақтаған. 3. Ал Германия канцлері үш жүз үш бүтін оннан сегіз мың долларымен алғашқы үштіктің қатарын толықтырды. 4. Ал енді дүниежүзі бойынша, ең көп жалақы алатын саясаткер – Сингапурдың үкімет басшысы екен, оның бір жылдық табысы – екі бүтін жүзден жетпіс бес миллион доллар. 5. Ең ұзын бойлы адам 1940 жылға дейін өмір сүрген, ол бойы екі бүтін жүзден жетпіс екі метр болған АҚШ тұрғыны Р.П.Уадлоу.

Жауабы: 2, 72; 303,8; 2,75; 342,4; 319, 42.

(мәтінді қайталап, сан есімдерді цифрмен беріп, жауапты толық түрде беру)

2-жаттығу

Бір заттың бөлшегін білдіретін сөздерді орындарына қойыңыз.

1. 100 жасқа дейін жеткен әр бес адамның ... әйелдер екен. 2. Халық арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша жаңа заңды халықтың ... қолдады. 3. "Ана тілі аруы" байқауын тамашалауға тобымыздың ... жиналды. 4. Өндірілген өнімнің ... сыртқа шығаруды жоспарлап отырмыз. 5. Былтыр бітірген түлектердің ... өз мамандығына байланысты жұмысқа орналасты. 6. Қаладағы балалар үйінің ... күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Қажетті сөздер: төртеуі, төрттен бірін, үштен екісі, төрттен екісі, бестен бірін, оннан сегізіне.

Жауабы:

1. 100 жасқа дейін жеткен әр бес адамның төртеуі – әйелдер екен. 2. Халық арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша, жаңа заңды халықтың үштен екісі қолдады. 3. "Ана тілі аруы" байқауын тамашалауға тобымыздың төрттен бірі жиналды. 4. Өндірілген өнімнің төрттен бірін сыртқа шығаруды жоспарлап отырмыз. 5. Былтыр бітірген түлектердің төрттен екісі өз мамандығына байланысты жұмысқа орналасты. 6. Қаладағы балалар үйінің оннан сегізіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Етістіктің рай категориясы. Бұйрық рай

1-жаттығу

Жақшаны ашып, бұйрық мәнді сөйлем жасаңыз.

1."Аят" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін директоры П.Мұратовқа кезектен тыс демалыс (берілу). 2. "Сұңқар" фирмасының бас есепшісі Ж.Жайсаңбаев 2010 жылдың 20 қарашасынан Мәскеу қаласына іссапарға (жіберілу). 3. Маған кезекті демалысқа шығуға (рұқсат ету). 4. Ғылыми жұмысыңызға мұрағат материалдарын (пайдалану). 5. Лауазымдық міндеттеріңізбен (танысу). 6. Сен бүгін "Хабар" арнасынан кешкі сағат тоғызда берілетін жаңалықтарды (көру). 7. Аудан әкімшілігіне әлеуметтік көмек туралы өтініш (жазу). 8. Сен ақпарат алу үшін банк бөлімшесімен байланыс (жасап тұру).

Жауабы:

1. "Аят" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін директоры П.Мұратовқа кезектен тыс демалыс берілсін. 2. "Сұңқар" фирмасының бас есепшісі Ж.Жайсаңбаев 2010 жылдың 20 қарашасынан Мәскеу қаласына іссапарға жіберілсін. 3. Маған кезекті демалысқа шығуға рұқсат етіңіз. 4. Мұрағат материалдарын пайдаланыңыз. 5. Лауазымдық міндеттеріңізбен танысыңыз. 6. Бүгін "Хабар" арнасынан кешкі сағат тоғызда берілетін жаңалықтарды көр. 7. Аудан әкімшілігіне әлеуметтік көмек туралы өтініш жаз. 8. Ақпарат алу үшін банк бөлімшесімен байланыс жасап тұр.

2-жаттығу

Бұйрық мәнді болымды, болымсыз сөйлем жасаңыз.

1. Театрдың ұйымдастырған іс-шарасына фототілшілер қатыспа..., сіздер – тележүргізушілер қатыс... . 2. Мына кітаптарды кітапханаға Асылдың өзі өткіз..., сіз өткіз... . 3. Жас мамандарды бас менеджер қабылда... . Жоқ, бас менеджер қабылдама..., сен қабылда... . 4. Мекемеміз туралы баяндаманы Ақмарал жасама..., өзіңіз жан-жақты етіп дайында... . 5. Бүгін күн өте ыстық, балалар саябаққа барма..., одан да бізбен саяжайға жүр... . 6. Сендер салықты уақытында төлеуді ұмытпа... . 7. Олар бұл жағажайда футбол ойнамасын, сендер тазалау жұмыстарын бастаңдар. 8. Келесі аптада өткізілетін кештің сценарийін Жандос жазба..., сен жаз... .

Жауабы:

1. Театрдың ұйымдастырған іс-шарасына фототілшілер қатыспасын, сіздер – тележүргізушілер қатысыңыздар. 2. Мына кітаптарды кітапханаға Асылдың өзі өткізсін, сіз өткізбеңіз. 3. Жас мамандарды бас менеджер қабылдасын. Жоқ, бас менеджер қабылдамасын, сен қабылда. 4. Мекемеміз туралы баяндаманы Ақмарал жасамасын, өзіңіз жан-жақты етіп дайындаңыз. 5. Бүгін күн өте ыстық, балалар саябаққа бармасын, одан да бізбен саяжайға жүрсін. 6. Сендер салықты уақытында төлеуді ұмытпаңдар. 7. Олар бұл жағажайда футбол ойнамасын, сендер тазалау жұмыстарын бастаңдар. 8. Келесі аптада өткізілетін кештің сценарийін Жандос жазбасын, сен жаз.

Шартты рай

1-жаттығу

Қажетті сөздермен толықтырыңыз.

1. Егер қолым бос ..., Ақтаудан келіп түскен ұсыныстарды қараймын. 2. Сіз қарсы ..., жоспарды қысқаша баяндап шығайын. 3. Көлігімді техникалық жөндеу орталығына ..., бұзылайын деп жүр. 4. Дәрігерге тез арада ..., ауруды асқындырып аласыз. 5. Ереже бұзған ойыншыға ескерту ..., ол оны қайталауы мүмкін. 6. Форумға ..., таратылған материалдардан бізге де алыңызшы. 7. Дүйсенбі күні Алматыда ..., әкемді ұшақтан күтіп ал. 8. Осы аптада оқырмандармен ..., кітаптың тұсаукесерін өткіземіз.

Қажетті сөздер: өткізбесем, болса, жасалмаса, қаралмасаңыз, қатыссаңыз, жүздессек, барсаң, болмасаңыз.

Жауабы:

1. Егер қолым бос болса, Ақтаудан келіп түскен ұсыныстарды қараймын. 2. Сіз қарсы болмасаңыз, жоспарды қысқаша баяндап шығайын. 3. Көлігімді техникалық жөндеу орталығына өткізбесем, бұзылайын деп жүр. 4. Дәрігерге тез арада қаралмасаңыз, ауруды асқындырып аласыз. 5. Ереже бұзған ойыншыға ескерту жасалмаса, ол оны қайталауы мүмкін. 6. Форумға қатыссаңыз, таратылған материалдардан бізге де алыңызшы. 7. Дүйсенбі күні Алматыда болсаң, әкемді ұшақтан күтіп ал. 8. Осы аптада оқырмандармен жүздессек, кітаптың тұсаукесерін өткіземіз.

2-жаттығу

Сөйлемнің екінші жартысын құрастырыңыз.

1. Осы мәселені шешсек,
2. Су құбыры тезірек жүргізіліп бітсе,
3. Қазақстан Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кірсе,
4. Қылмыскерді тез арада құрықтамаса,
5. Қаражатты үнемдеп жұмсамаса,
6. Адам жас кезінде жақсы білім алса,
7. Достардың қуанышына ортақтаспасақ,
8. Күнделікті шығынды есептеп отырмасақ,

Қалау рай

1-жаттығу

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.

1. Сенің келесі аптада шахматтан өтетін жарысқа қатысқың келе ме?
...
2. "Жеті күн" бағдарламасын көргіңіз келе ме?
...
3. Театр маусымының ашылу салтанатына барғыларың келе ме?
...
4. Сарыағаш шипажайына жолдама ұтып алғыларыңыз келе ме?
...
5. Олардың ауылшаруашылық жәрмеңкесіне қатысқысы келе ме?
...
6. Атырау өнерпаздарының Тәттімбет күйлерінің төртінші байқауына келгісі келе ме?
...
7. Барлық жас отбасылардың баспана алуға құжат тапсырғысы келе ме?
...
8. Менімен интернет арқылы хат жазысып тұрғыңыз келе ме?
...

2-жаттығу

Сөйлемдерді адамның қалауын білдіру мәнінде аяқтаңыз.

1. Біздің жаңа технологиялар көрмесіне 2. Белгілі пианистің Алматыға ... екен.
3. Мақсаттың жаһандық қазақы телеарна 4. Студенттердің заң саласындағы жаңа терминдердің 5. Екі университеттің арасындағы келісімшартты ... , бірақ ол үшін Түркиядан көп құжаттар әкелу керек. 6. Олардың дағдарыстан шығудың жаңа бағдарламасын 7. Қаржылық тұрақтылықты 8. Мына мақалаға пікір ... ?

Қажетті сөздер: жүзеге асырғымыз келген, барғымыз келеді, қалыптастырғымыз келеді, ашқысы келеді, келгісі келеді, ұсынғысы келеді, үйренгісі келеді, білдіргің келеді.

Жауабы:

1. Біздің жаңа технологиялар көрмесіне барғымыз келеді. 2. Белгілі пианистің Алматыға келгісі келеді екен. 3. Мақсаттың жаһандық қазақы телеарна ашқысы келеді. 4. Студенттер заң саласындағы жаңа терминдерді үйренгісі келеді. 5. Екі университеттің арасындағы келісімшартты жүзеге асырғымыз келген, бірақ ол үшін Түркиядан көп құжаттар әкелу керек. 6. Олар дағдарыстан шығудың жаңа бағдарламасын ұсынғысы келеді. 7. Қаржылық тұрақтылықты қалыптастырғымыз келеді. 8. Мына мақалаға пікір білдіргің келе ме?

Оқылым бөлігі бойынша дағды қалыптастыратын жаттығулар

1-мәтін

Спорт – денсаулық кепілі. Елімізде спортпен шұғылданатын жастар қатары жыл сайын артып келеді. Дене тәрбиесіне аса мән беретін белсенді спортшы ұжымының бірі – 30238 әскери бөлімі. Талай айтулы жарыстардан жүлделі оралатын 30238 әскери бөлімінің көптеген спортшы сарбаздары сөзіміздің айғағы. Солардың бірі – таэквондашы Бағдат Мусин. Ол 1987 жылы 17 сәуірде Ақтөбе қаласында дүниеге келген. Кішкентай кезінен атақты спортшыларға еліктеп өскен Бағдат 1999 жылдан бастап достарымен бірге «Динамо» спорт клубының таэквондо үйірмесіне қатыса бастады. Бапкері Демид Борисович Грачëвтің ақыл-кеңесін мұқият тыңдап, жаттығуға үлкен ынтамен кірісті. Жаттығу залында көп еңбектеніп, аянбай төккен тері зая кетпеді. 1999 жылы Ақтөбе қаласының кубогы үшін болған жарыста 3-ші орынды жүлделеп, тырнақ алды жеңісіне қол жеткізді. Одан кейін де талай облыстық, қалалық жарыстарда жеңімпаз атанып, кәсіби шеберлігін шыңдай түсті. 2006 жылы 19 тамызда Ақтау қаласында өткен Қазақстан чемпионатында 67 кг салмақ дәрежесінде топ жарып чемпион атанса, 2007 жылы Уфа қаласында болған жарыста осы табысын қайталап 71 кг салмақ дәрежесінде Башқұртстан чемпионы болды.

Бағдат 2007 жылдың 22 қазанынан бастап 30238 әскери бөлімінде Отан алдындағы әскери борышын өтеді. Жас жауынгер әскер қатарына келгеннен кейін де, спорттан қол үзген жоқ. 2007 жылы желтоқсанда Алматы қаласында өткен Қазақстан чемпионатына қатысты. қарсыластарын тізе бүктірген Бағдат финалда алматылық спортшымен сайысып, одан да басым түсіп, Қазақстан чемпионы атанды. Намысты қолдан бермей, ұжымына алтын медальмен оралған жеңімпазды командирлері мен жауынгер жолдастары мақтан тұтады.

Оның әр жарысына алаңдап отыратын үйдегі жанкүйерлері – отбасының қуанышында тіпті шек жоқ.

Бағдат Ақтөбе кооперативтік колледжін тәмамдаған. Ол – «кеден ісінің» маманы. Қазір Алматы қаласындағы Экономика және статистика Академиясы Ақтөбе институтының 4-курсында қаржыгер мамандығы бойынша білімін жалғастыруда.

1 Мәтіндегі негізгі ақпаратты табыңыз.

Бағдат Мусин 1987 жылы 17 сәуірде ... келген.

- A) Арыс қаласында дүниеге
- B) Алматы қаласында дүниеге
- C) Астана қаласында дүниеге
- D) Ақтөбе қаласында дүниеге



Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі жалпы ақпаратты қорытындылау;
- мәтіндегі ақпаратты жалпылау және дәл түсіну;
- мәтіннің негізгі мақсатын білдіретін ақпаратты дұрыс пайдалану;
- мәтін бөліктері бойынша берілген ақпаратты дұрыс талдау және ұғыну;
- мәтін жауаптарындағы ең толық және ең нақты ақпаратты таба білу.

2 Мәтін бойынша сәйкес ақпаратты анықтаңыз.

Достарымен бірге «Динамо» спорт клубының ... қатысты.

- A) дзюдо үйірмесіне
- B) бокс үйірмесіне
- C) таэквондо үйірмесіне
- D) футбол үйірмесіне



Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі жалпы ақпаратты қорытындылау;
- мәтіндегі ақпаратты жалпылау және дәл түсіну;
- мәтіннің негізгі мақсатын білдіретін ақпаратты дұрыс пайдалану;
- мәтін бөліктері бойынша берілген ақпаратты дұрыс талдау және ұғыну;
- мәтін жауаптарындағы ең толық және ең нақты ақпаратты таба білу.

3 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

1999 жылғы жеңісінде Бағдат ... қол жеткізді.

- A) 3-ші орынға
- B) 2-ші орынға
- C) 1-ші орынға
- D) 4-ші орынға



Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтін мазмұнындағы ақпараттарды біріктіру;
- мәтін бөліктерінде берілген ақпараттарды талдай алу;
- мәтінде берілген ақпараттарды бір-бірімен салыстыру;
- мәтіннің жауаптарында берілген ақпараттарды бір-бірімен және мәтінмен салыстыру;
- мәтіндегі автордың негізгі мақсатын білдіретін ақпаратты табу;
- мәтін жауаптарындағы ең толық және ең нақты ақпаратты табу.

4 Мәтіндегі себеп-салдарлық қатынасты табыңыз.

Бағдат қазір Алматыда Экономика және статистика Академиясының студенті, себебі ол академияның 4-ші курсында ... білімін жалғастыруда.

- A) экономист мамандығы бойынша
- B) заңгер мамандығы бойынша
- C) бухгалтер мамандығы бойынша
- D) қаржыгер мамандығы бойынша

Т

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі жалпы ақпаратты қорытындылау;
- мәтін бөліктерінде берілген негізгі ақпараттарды табу;
- мәтінде берілген дәл және нақты нұсқаны табу;
- мәтінде берілген ақпараттарды бір-бірімен және мәтінмен салыстыру;
- мәтіндегі автордың негізгі мақсатын білдіретін ақпаратты табу;
- мәтін жауаптарындағы ең толық және ең нақты ақпаратты табу;
- мәтіндегі ақпараттарды біріктіру.

5 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша қойыңыз.

- 1) Жас спортшы
- 2) Чемпион Бағдат
- 3) Жеңімпаз Бағдат
- 4) Бағдаттың жетістіктері

Т

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтін мазмұнын анықтай алу;
- мәтін бөліктерінде берілген негізгі ақпараттарды табу;
- мәтінде берілген дәл және нақты нұсқаны табу;
- мәтінде берілген ақпараттарды бір-бірімен және мәтінмен салыстыру;
- мәтіндегі автордың негізгі мақсатын білдіретін ақпаратты табу;
- мәтін жауаптарындағы ең толық және ең нақты ақпаратты табу;
- мәтіндегі маңызды ақпаратты, қосымша ақпараттан ажырата білу.

2-мәтін

Егіз өнер

Ақындық пен шешендік – егіз өнер. Әдетте, қазақтың ақыны – шешен, шешені – ақын. Мәселен, қазақ әдебиетінің классиктері : Бұқар Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы және Абай Құнанбаев әрі ақын, әрі шешен болған.

Қазақ ақындары мен шешендерінің алғашқы ұстаздары – әкесі мен шешесі, атасы мен әжесі, аса ақыл-білімімен, ақын-шешендігімен елге танылған ауылдас, рулас қариялар, халық даналары. Көпті көрген, көп жасаған қазақ қариялары оқымаса да көкейге тоқығандарын, одан жасаған қорытындыларын жастарға үйретуден жалықпаған.

Талапты жастар үлкендерден өнер-білім үйренуді өздеріне міндет, мұрат тұтқан, жақсының атын ерттеп, жанына еріп үлгі-өнеге алуды, шешендік сөзді үйренуді мақсат еткен.

Үлгі-өнеге алып, ұстаз тұтқан адамына әрқашан арнайы сәлем беріп, ақыл-кеңес сұрап, құрмет тұтып тұруды да ұмытпаған.

6 Сөйлемдерді толықтырыңыз.

- 1) Ақындық пен шешендік – _____
- 2) Қазақ халқы ақындық өнерді _____
- 3) Талапты жастар _____



Тапсырма тіл үйренушінің төмендегідей білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіннің мағынасын дәл түсіну;
- мәтіндегі басты ойды анықтау;
- мәтінде берілген ақпараттың шынайы немесе жалғандығын анықтау;
- мәтінде келтірілген ақпаратқа ұқсас ақпаратты салыстыру;
- мәтінде берілген ақпаратты есте сақтау дағдылары.

7 Берілген сөйлемдерді оқып, ондағы ақпаратты жағымды бағалайтын сөйлемге айналдырыңыз.

- 1) Қазақтың ақыны – шешен, шешені ақын болған – _____

- 2) Талапты жастар үлкендерден өнер-білім үйренуді міндет санаған - _____



Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі ақпаратты нақты түсіну;
- мәтіндегі ақпараттарды өзара салыстыру;
- мәтіндегі ақпаратты жауаптардағы ақпаратпен салыстыру;
- мәтіндегі эмоциялық-бағалаушылық ақпаратты анықтай білу қабілеттерін бағалау.

3-мәтін

Ұлттық спорт ойындары

Қазақ халқының ұлттық ойындары көп. Солардың бірі – көкпар. Бұл – жігіттердің күш-қайратын, ерлік, ептілігін сынайтын, елдің ерекше қасиетін, ерекшелігін танытатын ұлттық спорт ойыны. Қазақта мереке күндері, тойда, аста көкпар тартылады. Ойынға екі жақтан ат тұрманы сайлы, мықты, епті жігіттер шығады. Жігіттер екі командаға бөлінеді, ойын басталмас бұрын төреші көкпаршыларды ойын ережесімен таныстырады. Көкпарға лақ беріледі. Күші, айласы асқан жігіттер жеңіске жетеді. Көкпардың мұндай түрін «тақым тартыс» деп атайды. Кейде көкпарға 10-15 жігіт қатысады. Мұны дода дейді. Ойын шарты бойынша көкпарды жерден алып қашып бір құрметті адамның үйіне апарып тастауға тырысады. Қарсы жақ одан тартып алып басқа ауылға апарып беруді қалайды. Мұндайда жеңісті епті әрі қайратты жігіттер мен белі мықты, жүйрік аттар алып кетеді.

Қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстік өңірінде көкпар кең дамыған. Мұнда әр той, ас, жиын, мереке көкпарсыз өтпейді. Сондықтан да болар бұл өңірде көкпаршылар да көп. Солардың бірі – атақты боксшы Мұхтархан Ділдәбеков.

8 Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.


- A) Бүгінде көкпар көп ойналады.
- B) Ұлттық ойындар кеңінен дамуда.
- C) Қыз қуу бүгінде қыз-жігіттер арасында көп ойналады.
- D) Оңтүстік өңірде әр той, ас, жиын, мереке көкпарсыз өтпейді.

Т

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі ақпаратты нақты түсіну;
- мәтіндегі ақпаратты саралау;
- мәтіндегі ақпараттарды өзара салыстыру;
- мәтіндегі ақпаратты жауаптардағы ақпаратпен салыстыру;
- мәтіндегі эмоциялық-бағалаушылық ақпаратты анықтай білу қабілеттерін бағалау.

9 «Ұлттық спорт ойындары» мәтініндегі тірек сөздерді табыңыз.



Т

Аталған тапсырма тіл үйренушінің мынадай білік-дағдыларын қалыптастыра алады және бағалайды:

- берілген сөздерді мәтін мазмұнымен салыстыру, ақпаратты жүйелеу
- мәтіндегі тірек сөздерді анықтай білу;
- мәтіндегі тірек сөздердің мағынасын толық және нақты түсіну;
- мәтіндегі тірек сөздердің баламасын таба білу;
- мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену қабілеті.

10 Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.

1. Қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстік өңірінде көкпар кең дамыған. –

2. Мұнда әр той, ас, жиын, мереке көкпарсыз өтпейді. –

3. Оңтүстік Қазақстанда көкпаршылар да көп. –

4. Атақты боксшы Мұхтархан Ділдәбеков көкпар ойынын жақсы ойнайды. –



Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі ақпаратты дәл түсіну;
- мәтіндегі ақпаратқа талдау жасай білу;
- мәтіндегі ақпаратты жауаптарда ұсынылған ақпараттармен салыстыра алу дағдысы;
- мәтіндегі ақпаратқа сәйкес қосымша ақпараттарды таба білу;
- мәтіндегі негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу.

4-мәтін

Шалқар – көл. Шалқар сөзі қазақ тілінде «үлкен», «кең», «байтақ» ұғымында қолданылады. Басқа түркі тіліндегі мәліметтерге назар салсақ, «шалқар» сөзі суға байланысты мағынаны береді. Тұңғыс-манчжур тілінде шалқар – «өзен» мағынасын, якут тілінде «чалығыр – су шолпылы, тува тілінде – «толқын», моңғол тілінде «цалгиа» – «үлкен толқын», «су сыбдыры», «цалчих» – «жарға соғу», «толқындау» ұғымын береді. Демек, көл атауы шалп-шалп-шалқы – «ернеуінен асып төгілу» ұғымы негізінде пайда болған. Гидроним судың түрлі қимыл-қозғалысы мен қасиетіне байланысты қалыптасқан.

Шалқар көлінің жағалауын X ғасырларда печенегтер мекендеген. Бұл туралы мәлімет 921-922 жылдары осы дала арқылы бұлғарлар жеріне сапар шеккен араб саяхатшысы Ахмед Ибн Фадланның еңбегінде беріледі. Өлкетанушы Жайсаң Ақбайдың Жымпиты уезінің тарихына арналған еңбегінде Шалқар атауын куман тіліндегі «чал-тас» және «қар-қала» сөздерінің тіркесінен қалыптасқан деп беріледі. Бұл пікірді негізсіз деп есептейміз. Көл орналасқан аймақта көне қаланың ізі жоқ. Сондықтан атау «судың шалпылы» немесе «ернеуінен аса шалқу» ұғымдары негізінде қалыптасқан.

«Ана тілі» газетінен

11 Мәтінді оқып шығып, қысқаша мазмұнын баяндаңыз.



Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтінді толық және нақты түсіну;
- мәтін мазмұнын толық және нақты баяндай білу;
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты жүйелей білу.

«Шалқар» сөзінің мағынасын мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

- | | |
|---------------------------|-----------------|
| 1) қазақ тілінде | а) үлкен толқын |
| 2) якут тілінде | ә) өзен |
| 3) тува тілінде | б) үлкен, кең |
| 4) моңғол тілінде | в) толқын |
| 5) тұңғыс-манчжур тілінде | д) су шолпылы |

Төменде берілген сандардың тұсына сәйкес жауапты жазыңыз.

1. ____
2. ____
3. ____
4. ____
5. ____



Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтін мазмұнын нақты түсіну;
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты ажырата білу;
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты есте сақтай білу.

5-мәтін

Мен үшін өткен жылдағы басты оқиға бүкіл одақтық теледидардан «Шоқан Уәлиханов» филімінің көрсетілуі еді. Ұлы адамның бейнесін сомдауға екі жылым кетті. Театрға оралған соң Ә.Мәмбетовтің Шоқан туралы қойылымында ойнасам деген үміттемін. Бұл – менің жаңа жылдағы екінші тілегім.

Үшінші ең қымбат тілегім, әкеммен тағы да бір фильмде кездесу. Оның фильмдеріне түсу әрі қызық әрі екі есе жауапкершілік жүктейді. Бұған дейін үш киноға түссем де, кинодағы ең алғашқы және басты рөлім Шоқан болады да тұрады. Менің Шоқан рөліне түсуіме әкем емес, Сәбира Майқанова себепкер болғанын айтсам сенбес едіңіз. Әркімнің кандидатурасын сарапқа салып жүргенде ол кісі әкеме: «Шоқанды іздеп несіне әуре боласың, сенің балаң дайын Шоқан емес пе?» деген еді.

Фильмді түсіру кезінде мен әкемді нағыз режиссер ретінде тұңғыш рет танып білдім. Фильмдегі ең табысты сәттердің бәрі әкемнің еңбегінің арқасында келді. Фильмдегі әкеммен далада кездескен сәттегі ер басына қойып қамшы сабын сындыруы немесе Шоқанның туған ауылына келгендегі оған шешесінің бір тостаған қымыз ұсынып: «алдымен әжеңмен амандас» деп, әжем: «алдымен халыққа сәлем бер, сонан соң әкең мен шешеңе бар» дейтін көрінісі есіңізде ме? Осы дала сахнасы сценарийде жоқ болатын, бұның бәрі әкемнің ойлап тауып жүргені. Осы бір шағын ғана көріністің көрерменді біздің халқымыздың ұлттық болмысынан қаншама хабардар ететінін саралай беріңіз.

Әшімұлы Асанәлінің «Жан бөлек» кітабынан

13 Берілген сөйлемді мәтін бойынша әрі қарай жалғастырыңыз.

Өткен жылдағы негізгі оқиға –



Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты толық түсіну;
- мәтіндегі сөйлемдердің баламасын таба білу;
- мәтін бойынша сөйлемді орынды құрастыра білу.

14 Мәтін бойынша төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Автордың үшінші тілегі қандай?
- 2) Шоқан бейнесін сомдауға қанша жыл кетті?
- 3) Автордың жаңа жылдағы екінші тілегі қандай?
- 4) Шоқанның рөліне түсуіне кім себепкер болды?
- 5) Теледидардан қандай телесериалдың көрсетілімі болды?



Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты салыстыра білу;
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты қорытындылай білу;
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты ажырата білу.

15 Мәтіндегі халқымыздың ұлттық болмысын танытатын шағын көріністі баяндап беріңіз.



Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтін мазмұнын жалпы және нақты түсіну;
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты ажырата білу;
- мәтіндегі тілдік құралдарды орынды пайдалана білу;
- мәтін бойынша сөйлемдерді дұрыс құрастыра білу;
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты есте сақтай білу.

Компьютер туралы

Компьютер (ағылшынша: computer – «есептегіш»), ЭЕМ (электрондық есептеуіш машина) – есептеулерді жүргізуге, және ақпаратты алдын ала белгіленген алгоритм бойынша қабылдау, қайта өңдеу, сақтау және нәтиже шығару үшін арналған машина. Компьютер дәуірінің бастапқы кезеңдерінде компьютердің негізгі қызметі есептеу деп саналатын. Қазіргі кезде олардың негізгі қызметі басқару болып табылады. Көбімізге компьютерлердің ең көп таралған түрі – дербес компьютер жақсы таныс. Компьютер архитектурасы алға қойылған мәселені, зерттеліп отырған физикалық құбылысты максималды айқын көрсетіп, модельдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, электрондық ағындар бөгеттер салу кезіндегі су ағынының үлгісі ретінде қолданылуы мүмкін. Осылай құрастырылған аналогтық компьютерлер ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары көп болғанымен, қазір сирек кездеседі.

Қазіргі заманғы компьютерлердің басым бөлігінде алға қойылған мәселе әуелі математикалық терминдерде сипатталады, бұл кезде барлық қажетті ақпарат екілік жүйеде (бір және ноль ретінде) көрсетіледі, содан кейін оны өңдеу үшін қарапайым логика алгебрасы қолданылады. Іс жүзінде барлық математикалық есептерді бульдік операциялар жиынына айналдыруға болатындықтан, жылдам жұмыс жасайтын электронды компьютерді математикалық есептердің, сонымен қатар, ақпаратты басқару есептерінің көпшілігін шешу үшін қолдануға болады. Бірақ компьютерлер кез-келген математикалық есепті шеше алмайды. Компьютер шеше алмайтын есептерді ағылшын математигі Алан Тьюринг сипаттаған болатын. Орындалған есеп нәтижесі пайдаланушыға әр түрлі енгізу-шығару құрылғыларының көмегімен көрсетіледі, мысалы, лампалық индикаторлар, мониторлар, принтерлер және т.б.

Компьютер – жай ғана машина, ол өзі көрсетіп тұрған сөздерді «түсінбейді» және өз бетінше «ойламайды». Компьютер тек қана бағдарламада көрсетілген сызықтар мен түстерді енгізу-шығару құрылғыларының көмегімен механикалық түрде көрсетеді. Адам миы экрандағы көріністі қабылдап, оған белгілі бір мән береді.

16

Ұсынылып отырған сөз тіркестері арасынан мәтіннің негізгі идеясын көрсететін тіркесті табыңыз.

Қазіргі заман, адам миы, физикалық құбылыс, математикалық терминдер, белгілі мән, электрондық есептеуіш машина

Т

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:

- мәтіндегі ақпаратты жүйелеу;
- мәтін мазмұнын толық түсіну;
- мәтіндегі ақпаратты саралай білу;
- қосымша ақпаратты ажырата білу;
- берілген ақпаратты мәтінмен салыстыру;
- мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену;
- негізгі және қосымша ақпаратты толық, нақты және терең түсіну;
- автордың көзқарасын анықтайтын ақпаратты таба білу дағдысы.

17 Мәтінге сәйкес келетін сөйлемді табыңыз.

- 1) Ағылшын тілін үйреніп жүр.
- 2) Көп жылдар бойы ұлын күткен.
- 3) Белгілі математик сыйлық алды.
- 4) Компьютер орталығында жұмыс істейді.
- 5) Көбімізге дербес компьютер жақсы таныс.
- 6) Ағылшын ғалымының үйінде қонақта болдық.

Т

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:

- мәтінді құрауға негіз болатын басты тірек сөздерді табу;
- мәтіндегі ақпаратты нақты және дәл түсіну;
- сөздердің баламасын, мағыналары ұқсас ұғымдарды пайдалану.
- мәтін мазмұнын толық түсіну;
- мәтіндегі ақпараттардың шынайылығын анықтау;
- мәтінде берілген ақпаратты толық және дұрыс түсіну;
- мәтін мазмұнын анықтайтын ақпаратты нақтылау;
- мәтіндегі ақпаратты салыстыру дағдыларын қалыптастырып, бағалайды.

18 Автордың ойын білдіретін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Компьютерді пайдалану – заман талабы.
- B) Компьютер орталығына жаңа жабдықтар әкелді.
- C) Компьютерлердің небір алуан түрлі бағдарламасы бар.
- D) Компьютер ақпаратты енгізу-шығару құрылғылары арқылы механикалық қызмет көрсетеді.

Т

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:

- мәтіндегі ақпаратты жүйелеу;
- мәтін мазмұнын толық түсіну;
- мәтіндегі ақпаратты саралай білу;
- қосымша ақпаратты ажырата білу;
- берілген ақпаратты мәтінмен салыстыру;
- мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену;
- негізгі және қосымша ақпаратты толық, нақты және терең түсіну;
- автордың көзқарасын анықтайтын ақпаратты таба білу дағдысы.

4

Жазылым бөлігінің қосымшасы

Жаттығулар мен тапсырмалар

- 1 Асты сызылған сөздердің баламасын ауыстырып, сөйлемдерді толықтырыңыз:

Шоқан кадет корпусында белгілі ғалым, географ және Азияны зерттеуші Г.Н. Потанинмен бірге оқып, достасып кетті. Арада 30 жыл өткенде Г.Н. Потанин Шоқанның әкесі Шыңғыс сұлтанның ауылында болды. Осы сапарының нәтижесінде ол «Қырғыздың ең соңғы ханзадасының отауында» деген еңбек жазып қалдырды. Бұл оның өмірден ерте кеткен досы Шоқанды зор құрметпен еске алудың белгісі еді.

- 2 Сөйлемдегі сөздердің әрқайсысына сұрақ қойыңыз.

Үлгі:

Мен(кім?) қалаға(қайда?) барамын(не істеймін?)

Мен тағы бір нәрсеге қатты таң қалдым. Микроағзалар ауада көп уақыт тіршілік ете алмайды. Шоқан өз замандастарынан ерекше дарынымен ерекшеленді. Маған Мағжанның өлеңдері қатты ұнайды. Жақсылық әрқашан жамандықты жеңеді.

- 3 Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз:

мемлекеттік тілді білу, компьютерді білмеу, компьютермен жұмыс істеу дағдысы, ғаламтор, ән өнері.

- 4 Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

Қазақстанда Құсмұрын деген жер бар. Мұнда әйгілі Шоқан Уәлиханов дүниеге келген. Құсмұрын табиғаты өзгеше. Оның бұлағы, көлі бар. Ол жер – тау мен қырат

- 5 Сөйлемдегі сөздерді дұрыс орналастырыңыздар:

Әзірлейтін, Қазақстанның, теңге, басылып шыға бастаған, ақшамыз, сарайында, және, тарихи дереккөзіне, айналды, ұлттық валюта монеталарын, ерекше. Не екенін білмейтін, еш уақытта, мәдениеттің, мәдениетті, бола алмайды. Қазақ халқының, ұлдарының бірі, біртуар, Мағжан Жұмабаев.

Бағалау межелері

Мазмұн сәйкестігі, тақырыптың толық ашылуы, баяндау жүйесі ескеріліп, сөздік қорының деңгейіне, сөйлем құрылысына, мәтіннің стильдік біртектілігіне, тіл шеберлігіне назар аударылады.

Бағалау өлшемі негізгі ой, тақырып, фактінің толық және дұрыс жеткізілуін, мазмұндауда ішкі мәтіндік байланысты (суреттеу, әңгімелеу, ой-толғау) қолдану біліктілігін, қолданылған тілдік құралдардың қазақ тілінің бүгінгі күнгі талаптарына (дұрыс жаза білуі, тыныс белгілері, лексика, грамматика) сәйкестігін қамтиды.

1. Мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құруға жоғары балл – 5, яғни жалпы көрсеткіштің 10% - ы.

2. Жоспарға сәйкес мазмұндама жазуға берілетін жоғары балл – 25, яғни жалпы көрсеткішінің 50% - ы.

3. Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде өз ойын жазуға берілетін ең жоғары балл – 10, яғни жалпы жоғары көрсеткіштің 20% - ы.

4. Ұсынылған жағдаят негізінде ресми-іскери саладан коммуникативтік монолог-сипаттау, баяндауға қатысты құжаттарды жазуға берілетін ең жоғары балл – 10, яғни жалпы жоғары көрсеткіштің 20% - ы.

Ең жоғары балл – 20, яғни жалпы жоғары көрсеткіштің 40% - ы.

Бағалау парағы

Межелері	Белгілеу үшін	
Жоспар құру дағдысы		
толыққанды жүйелі жоспар құрылған	5	
жақсы жоспар құрылған	4	
жоспар толық құрылмаған	3	
жоспар тақырыпқа сай емес	2	
дұрыс құрылмаған	1	
Мазмұндама жазуды бағалау		
ойы жүйелі баяндалған	5	
әдеби тілмен жазылған, ойын баяндауда біраз дәлсіздіктер бар	4	
материалды баяндауы дұрыс, жекелеген фактілік дәлсіздіктер	3	
баяндау желісі бұзылған	2	
көптеген фактілер бұрмаланған	1	
Материалды түсінуі		
әдеби материалды дұрыс түсіну	5	
оны тақырып ашуда пайдалану	4	
мазмұны тақырыпқа сай	3	
тақырыптан ауытқыған	2	
тақырыпқа сай емес	1	
тақырып ашылмаған	0	
Сөздік қорды пайдалануы		
сөздік қоры мол, әдеби тіл стилінде жазылған	5	
қажетті қорытындылар мен түйіндеулер дұрыс жасалған	4	
сөздік қоры жұтаң, сөйлем құрылысы бір үлгіде, біркелкі, сөйлемдер қысқа	3	

сөздік қоры өте жұтаң, сөйлемдер арасында байланыс жоқ	2	
сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ауысқан	1	
Стиль		
мазмұндама бір стильде толық баяндалған, төл сөздер енгізілген	5	
стиль бірлігі сақталған, сөйлем құрылысы алуан түрлі	4	
стиль бірлігі сақталмаған	3	
стильдік біртектілік сақталмаған	2	
әртүрлі стильдерде жазылған	1	
Емле қателері		
ешбір қатесі жоқ немесе 1 емле қатесі, тыныс белгіден 1 қатесі бар	5	
емле және тыныс белгіден екі-екіден қате бар.	4	
емле және тыныс белгісінен 4-5 қателері немесе 3 емле, 5 тыныс белгі қатесі бар	3	
емле мен тыныс белгісінен 6-10-ға дейін қатесі бар	2	
емле мен тыныс белгілерінен қателер саны 10-15	1	

Мазмұндамадағы сұрақтар бойынша жауапты бағалау

құрмалас сөйлемдер бір стильде толық баяндалған, төл сөздер енгізу арқылы құрылған	5	
жай сөйлемдерден тұрады, стиль бірлігі сақталған, сөйлем құрылысы алуан түрлі	4	
толымсыз сөйлемдерден тұрады, стиль бірлігі сақталмаған	3	
сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібі дұрыс емес, стильдік біртектілік сақталмаған	2	
сөйлемдегі сөздердің байланысы дұрыс емес	1	
өздігінен ой қосып, сөздердің баламаларын, синонимдерді еркін қолданады, негізгі ойды қосымша мәліметтер арқылы терең ашады	5	
сұрақты дұрыс түсініп, сөйлемде айтылуға тиісті барлық мүшелерді қолданады, негізгі ой жақсы беріледі	4	
сұраққа жалпылама жауап береді, жауап негізгі ойдан алшақ	3	
сұраққа жауап толық берілмейді, жауап сәйкес келмейді	2	
сұрақ пен жауап байланысы жоқ, мағынасыз жауап жазылған	1	
Ісқағаздарды толтыруды бағалау		
жағдаят негізінде ресми-іскери құжаттардың дұрыс ресімделуі	9-10	
ресми құжатты толық ресімдемеу	7-8	
ресми құжатты ресімдеуде шаблонға сәйкес келмеу	5-6	
ресми құжат толтыру жолын білмеу	3-4	
дұрыс толтырмау	1-2	

5

Тыңдалым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Алдын ала тест бойынша аудиожазба мәтіндері

Бірінші бөлім

1-диалог

- Балалық шағыңыз өткен Түркменияны есіңізге аласыз ба?
- «Еске алу» деген жай сөз. «Сарғая сағынасыз ба?» десеңіз шындыққа жақындау. Жиі түсіме енеді.
- Ол жақтан атамекенге оралған ойын баласының алғашқы әсері есіңізде ме?
- Бірінші таң қалғанымыз – тау басында жатқан ақшаңқан қарлар. Жаз тұрмақ қысында да қар болмайтын жерден келген біздер үшін бұл бір қиял-ғажайып ертегідей болды.
- Сіз көп жыл Прагада тұрдыңыз. Жалпы еуропа, батыс дүниесі қазақтың көзімен қарағанда қандай?
- Батыс өркениетінің көзге бірден бір ұратын ерекшелігі – тіршілік инфрақұрылымының адамға лайықталып қалыптасқандығы. Еуропа – ұлттық құндылықтарын құнттауды мемлекеттік деңгейге көтерген ұлттар мекені. Біздің олардан, ең алдымен, үйренетініміз осы жағы.

«Парасат» журналынан Смағұл Елубаймен сұхбат

2-диалог

- Сіз қызмет істейтін банк қай жылы құрылған?
- Бұл акционерлік қоғамы 1988 жылғы 19 қыркүйекте құрылған және Қазақстанның алғашқы коммерциялық банктерінің бірі болып табылады.
- Республика көлемінде қанша филиалдарыңыз бен бөлімшелеріңіз бар?
- Банктің республикамыз бойынша кеңінен тараған ауқымды филиалдық желісі бар, 100-ден астам филиалдар мен бөлімшелері арқылы заңды тұлғалар және жеке адамдарға қызмет көрсетіледі.
- Сіздерде қандай жеңілдіктер мен мүмкіндіктер бар?
- Банк ішінде бизнес-клиенттерге теңгемен және валютамен тегін ақша аудару. Банктің бірегей қызметі – «Жедел түсім» жүйесі компанияларға Қазақстанның әр алуан аймақтарындағы жеке тұлғалардан төлемдер мен түсімдерді жеңіл әрі тез жинауға мүмкіндік береді.
- Сіздер түскі үзіліске жабыласыздар ма?
- Жоқ, банк өз клиенттеріне түскі үзіліссіз қызмет көрсетеді.

Екінші бөлім

3-диалог

– Ақжол аға, сізді «Дос-Мұқасан» ансамбліне қайтып келді деп естідік...

– Ол рас. Өзбекстанда институт бітіріп, «Дос-Мұқасанның» шақыруымен Алматыға көшіп келген едім. Сөйтіп, жетпісінші жылдардың аяғынан бастап, 1985 жылға дейін жеті жыл сол ұжымда жұмыс істедім. Одан кейін «Гүлдер» ансамблінің директоры болдым. «Сазген сазы», «Арқас» ансамблінде, Алматы облыстық филармониясында ән салдым. Бірақ ешқашан «Дос-Мұқасанмен» байланысымыз үзілген жоқ. Тұрақты қызмет жасамағаныммен, оқта-текте үлкен концерттеріне қатысып, сахнаға бірге шығып тұратынбыз. Әрине, белгілі әнші, продюсер Бақытжан Жұмаділовтің қазасы - тек отбасына ғана емес, қасында бірге жүрген әріптестері үшін де ауыр қайғы. Аты аңызға айналған ансамбльдің шаңырағын шайқалтып кетті десем де болады. Осындай қиын сәтте қара шаңырақтың бір уығы болып, ауыртпалықтарын көтерісейін деп ілгерідегі өз орныма қайтып келдім. Маған артқан сенімді, ұсынысты жерге тастай алмадым. Оның үстіне, қолым бос уақытта жеке шығармашылық ізденістерімді жалғастыра беруге мүмкіндік жасап отыр.

– Шешімді тез қабылдадыңыз ба?

– Шыны керек, біраз ойландым. Өйткені жеке өнер жолымды қалыптастырып, емін-еркін жүріп үйреніп қалғанмын. Қайда ба-трамын, қашан барамын, тіпті бармаймын десем де өзім білемін. Ал ұжымда жұмыс істегеннен кейін, ондай еркіндікпен, еркелікпен қоштасуға тура келеді. Мұнда бәрі ортақ, барлық мүдде бір мақсатқа жұмылдырылады. Ортақ репертуар таңдап, ортақ көзқараспен санасуың міндет. Екінші жағынан алғанда, мұндай ұсыныс екінің біріне жасала бермейді. «Дос-Мұқасанда» ән салу әркімнің бағына жазылмаған. Кез келгенге бұйыра қоймайтын қуаныш. Ал мен үшін биік мәртебе, баға жетпес бақыт дер едім. «Дос-Мұқасанмен» өнер көрсетіп үлгердіңіз бе, жоқ дайындық үстіндесіздер ме?

– Бірнеше концерт беріп үлгердік. Таразға, Шымкентке, Көкшетауға, Астанаға барып келдік. Арасында ансамбльдің репертуарын қайта жазып, толықтыру үстіндеміз. Үнемі дайындық өтеді. Жанды дауыспен ән салу оңай емес. Студияда жұмыс істейміз. Барған жерімде «Дұрыс қадам жасапсыз. Қайтып келгеніңіз жөн болған» деп жылы лебізін білдіріп жатқандар бар. Бұйыртса, бар күш-жігерімді аямай, тер төгемін деген ойдамын.

4-диалог

– Алексей Викторович, біздің елде Кедендік одақтың болашағына күмәнмен қарайтындар әлі басым. Сырт көз ретінде сіз не ойлайсыз?

– Мұндай көзқарасты жақтайтындар Кедендік одаққа «еліміздің тәуелсіздігін құрбан ете отырып, КСРО-ға қайта оралады немесе ресейлік неоимпериялық амбиция қайта бас көтере бастады» деп қарайды. Қоғамдық негізде жүргізілген сауалнама қорытындысы қазақстандықтардың басым көпшілігінің Кедендік одақтың болашағына сеніммен қарайтынын, біздің елмен экономикалық интеграцияны қолдайтынын көрсетті. Кедендік одақтың тиімділігін ең алдымен шағын және орта бизнес өкілдері сезінуі тиіс. Бұған қол жеткізу үшін Кедендік одақ форматында бизнес-форумды жиірек өткізіп тұру керек шығар. Біз сол кезде ғана оның маңыздылығына және қажеттілігіне көз жеткізе аламыз.

- Сіздің елде Кедендік одақтың болашағына күмән келтіретіндер бар ма?
- Кедендік одақтың тиімділігіне күмән келтіретіндер бізде де бар. Оның себебі түсінікті. Біздің елдің шағын және орта бизнес өкілдерінің ауқымы Қытай немесе Түркиямен шектелген. Ол бағыт өзгертіндіктен, бастапқы кезде қиыншылықтар болуы мүмкін. Бірақ ресейліктердің басым көпшілігі Кеден одағын өздеріне арналған әлеуметтік жоба деп қабылдайды.
- Ресей басшыларының «Кедендік одақ немесе бірыңғай экономикалық кеңістік құру және оның қатарына ТМД кеңістігіндегі тәуелсіз елдерді тарту қажет» деген идеясын қалай түсіндіресіз?
- Бірыңғай экономикалық кеңістік шекарасын кеңейту, оның қатарын толықтыру Астана үшін де тиімді. Оған Қырғызстан мен Тәжікстан тәрізді елдерді тарту үшін барынша тартымды жағдай қалыптастыру қажет. Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шекарасын кеңейту идеясы қазақ президенті Н.Назарбаевтың Еуразиялық интеграция идеясына да қайшы келмейді. Ол, қателеспесем, Путинге дейін 1994 жылы айтылған.

«Айқын» газетінен Саясаттанушы Алексей Власовпен сұхбат

Үшінші бөлім

1-мәтін

Биологтар мен генетиктер қартаюу процесінің құпиясын ашу үшін ең алдымен медузалар мен гидроидтерді зерттеді. 1990 жылдары гидроидтердің қартаюдан өлмейтіні тәжірибе арқылы дәлелденді. Бұл жәндіктердің табиғи ортада бөлініп, шексіз көбейе беретіні биологтарға бұрыннан мәлім.

Қартаюуға қарсы ем іздеп жүрген америкалық ғалымдар біршама табысқа жеткен тәрізді. Олар зертханада кәдімгі тышқандар, егеуқұйрықтар және жауынқұрттардың жасын 40 жылға ұзартып, қартаюу процесін біршама уақытқа кері шегерген. Орта жастағы және егде тартқан бұларға 14-20 күн бойы биореттегіш пептид дәрілерін берген. Солардың әсерінен олардың нейроэндокриндік және иммундық жүйелері қайта қалпына келген. Жауынқұрттардың өмірін ашу-ызаны басатын дәрі-дәрмектер ұзартты. Бұл жағдай ғалымдарды «адамдардың да жасын осылай ұзартуға болады» деп үміттендіріп отыр. Өйткені, жауынқұрттардың орталық жүйке жүйесі мен репродукциялық жүйесі адам физиологиясына ұқсас. Жауынқұрттар небәрі бірнеше апта ғана өмір сүреді. Сондықтан олардың өмір сүру ұзақтығын зерттеу, бақылау оңай.

Ғалымдардың айтуынша, өмірді ұзартатын дәріні ішкенде, миға аштық кезінде берілетін белгі түседі екен. Аштық – өмір-жасты ұзартатын ғылымға белгілі бірден-бір тәсіл.

Орыс ғалымдары да осы салада айтарлықтай нәтижеге қол жеткізген. Санкт-Петербурдағы биорегуляция және геронтология институты жаңа медициналық технология жасап шығарды. Ол ағза мүшелері мен жасушалардың негізгі қызметін қалпына келтіріп, сақтауға мүмкіндік береді. Бұл технологияның арқасында адам 110-120 жылға дейін өмір сүре алады. «Адам ұзақ өмір сүруіне экономикалық, материалдық жағдай емес, мәдени деңгей себепші» - дейді Ресей ғылым академиясы геронтология қауымдастығының вице-президенті В.Хавинсон.

«Жас Алаш» газетінен, «Адам өмірін 120 жылға дейін ұзарту технологиясы жасалды».

2-мәтін

Қалалықтар кітап оқи ма? Алматыдағы кітап дүкендерінің біразын аралап, осы сұрақтың жауабын іздедік. Таңғаларлығы, оқиды екен. Бірақ қандай кітап өтімді, мәселе сонда.

Әрине, кез-келген дүкенде классикалық әдебиет қоры жеткілікті. Қалтаңыз көтерсе, «Букинистен» 4,5 миллион теңге тұратын орыс классикалық әдебиетінің 80 томдығын алуыңызға болады. Сорлап тұрған – қазақтың көркем әдебиеті. Қазақ қаламгерлерінің заңды орнын жылтырақ әдебиет иемденіп алған. Бұл – я қоғамның сана-сезімі құлдырап кеткенін, я жазушыларымыздың дәрменсіздігін көрсетеді.

Қоржында бар қазақ тілді кітаптардан «Абай жолының» орысша аудармасы мен І.Есенберлиннің классикалық сериялары жақсы өтеді екен.

Ресейліктерден Акуинді, детективтерді, махаббат туралы романдар мен классиканы жиі сұрайды екен.

«Жақсы өтетін жергілікті авторларды саусақпен санап беруге болады» дейді «книгомандықтар».

«Меломан» ЖСШ-ның сауда менеджері дүкендер желісінің қорындағы кітаптардың 30% балалар, 30% көркем, 30% «үй, тұрмыс, демалыс», 5% ғана қазақстандық әдебиет екенін айтты. Кітап дүкендеріндегі қазақ кітаптарының мөлшері 20% деп айтылып жүрген. Қазақ кітаптары ең көп делінетін «Меломанның» өзінде 5% болса, «ешкіні аспаннан ізде!». Кімге өкпелейміз? Жазбайтын авторға ма? Шығармайтын баспаға ма? Сатпайтын дүкенге, әлде оқымайтын оқырманға ма?

«Алматы ақшамы» газетінен

Қорытынды тест бойынша аудиожазба мәтіндері

Бірінші бөлім

1-диалог

- Құдайберген аға, сіз сахнада көптеген рөлдерді сомдадыңыз. Соның ішінде әйел рөлін, ана рөлін де аз ойнаған жоқсыз. Соның қандай сыры бар?
- Ешқандай да сыры жоқ. Төрт қыздан кейін туылғанмын. Ауылдың кемпірлерін көп көрдім. Сосын театрда Сәбира Майқанова апамыздың қасында көп жүрдім. Апайдың образын саламын. Сосын әйелдерді ойнау күлкі шақырады.
- Аға, «Тамаша» театрында ары қарай жұмыс істегіңіз келмей ме?
- Біздің кетіп қалу себебіміз, өнерлі жастарға орын беру керек қой. Оларға менің айтатыным: «Тамашаның» нарқын түсірмеу керек.

2-диалог

- Бес айға жуық созылған бесінші спартакиаданы қорытындылай кетсеңіз.
- Ең алдымен спартакиаданың ақтық айқастары Сингапурде өткен жасөспірімдердің олимпиадалық ойындарына жолдама алу жолындағы нағыз іріктеу сыны болғанын атап өткім келеді. Қорытындысына келсек, Алматы қаласында өткен IV спартакиададағыдай, ең көп алтын медальға қол жеткізді.
- Сонда алматылықтар қанша алтын медаль иеленген?
- Алматылықтар жарыстың 50 түріне қатысып, 15 спорт түрінен бірінші орынды алды.
- Олардың қарсыластары кім болды?
- Негізгі қарсыластары Оңтүстік Қазақстан спортшылары болған
- Ал оңтүстік Қазақстан спортшыларының қоржынында қанша алтын медаль бар?
- Олар жарыстың 47 түрі бойынша сынға түсіп, 10 алтын медаль иеленді.

Екінші бөлім

3-диалог

- «Қазақ алтынның» бүгінгі өзгерістері көз қуантады. Осының бәрі қалай басталып еді?
- Техника ғылымдарының докторы, академик Қанат Асаубаев пен Маруся Маралқызы 1999 жылы тендер арқылы кәсіпорынның мүліктік пакетін сатып алған еді. Адам жанын жадыратар дүниелердің бәрі қиындық атаулыны жеңуден, сүрінген тұстан сабақ алып, соны соқпақ тартудан туындайды. Араға 6 жыл салып, 2005 жылы концерніміз Лондон қор биржасына қатысушы атанды. Бүгінде 40-тан астам әріптес инвесторларымыз бар.
- Сіздерге жұмысқа тұрудың оңай еместігін жұрт жақсы біледі. Мәселе жалақының жоғарылығында ғана емес сияқты ғой...
- Еңбекақының кезең-кезеңмен өсіп отыратындығы рас. Жалақы – еңбегіміздің құны, әлеуметтік қамқорлық, рухани құндылық. Осы тұрғыдағы жауапкершілікті күшейтіп жатқанымыз – азаматтың ұжымдық өмірін шырайландыру, өз ісінің маманы атануға жағдай жасап, кәсіпорынның білгір тұтқаларын қалыптастыру.
- Жауапкершілікті нақты мысалдармен негіздей кетсеңіз...
- Басты мақсат – білімді қызметкерлер мен білікті мамандар даярлау. Оқып жатқандар – 58. Оның ішінде Англия университеттерінде білім алушылар да бар. Оқуға тартылғандар арасында қазақ жастары көбейе түсті.

«Қазақстан тау-металлургия концерні» АҚ атқарушы директоры С.Садықовпен сұхбат,
«Егемен Қазақстан»

4-диалог

- Сіз отбасында қай тілде сөйлейсіз?
- Қазақша және өз тілімізде.
- Балаларыңыз қай елде туылып-өсті?
- Осы жақта, Қазақстанда туып-өсті.
- Сонда да түрікше сөйлей ме?
- Әрине, кішкентайынан үйреттім ғой. Ал қазақшаны мектепте жүріп үйренді. Бір ұлым төртінші сыныптан бастап қазақ мектебіне ауысты. Қазақ тілі ұнапты, әрі біздің тілге де ұқсас, меңгеру қиын емес. Достары да қазақ балалар. Қазір Түркияда оқып жатыр. Екінші ұлым басынан қазақ мектебіне түсті, осы жылы бітірсе, Алматыда оқуға түспекші. Ал қызым орыс мектебінде сегізінші сыныпта оқиды.
- Елге қайтқыңыз келе ме?
- Жоқ, бір-екі жыл бұрын төрт айдай болып келдім. Ол жақта таныстарым да жоқ, жұмыс табу да оңай емес. Осы жаққа үйреніп қалдым. Енді балаларым барып тұрам демесе, өзімнің кеткім жоқ.
- Қазақтар қандай екен?
- Біз бауырлас елміз. Түркі тілдес халықпыз ғой. Маған қазақтар ұнайды. Бастысы жақсы араласа білсең болды, ешкімді жатсынбайды. Ұлдарымның достары да жандары қалмай амандасып жатады, сондай кішіпейіл.

Үшінші бөлім

1-мәтін

Біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың өзінде-ақ Қытайда қол қимылының адам миының дамуына әсері белгілі болған. Ежелгі қытайлықтар қол мен саусақтардың қатысуымен орындалатын жаттығулар дене мен сананың үйлесімділігін қамтамасыз етіп, мидың қызметіне оң әсерін тигізеді деп есептеген. Ал жапондық акупунктура – мұның тағы бір айғағы. Қолдың білезігінде көптеген рефлекторлық нүктелер орналасқан. Олардан орталық ми жүйесіне импульстар түсіп отырады. Белгілі бір нүктелерді сылап-сипау арқылы осы нүктелермен байланысы бар ішкі ағзаларға әсер етуге болады. Мысалы, бас бармақты уқалау бас миының белсенділігін арттырады. Сұқ саусақ асқазанмен, ортаңғы саусақ ішекпен байланысты. Аты жоқ саусақты сылап-сипау арқылы бауыр мен бүйрекке, ал шынашақты сипалау арқылы жүректің қызметіне жағымды әсер етуге болады.

Белгілі педагог В.А.Сухомлинский «баланың ақылы саусақ ұшында» деп айтқан. Ал В.М.Бехтерев қолдың қимылдары арқылы мидың шаршауын басып, баланың дыбыстарды айту деңгейін жақсартуға және тілін дамытуға болатынын дәлелдеген.

Немерелерін алдына алып, олардың кішкентай алақандарын сипалап, саусақтарын бір жазып, бір жұмып, «Қуыр, қуыр қуырмаш» деп әндетіп отыратын әжелеріміз пайдалы іспен айналысып отырғанын ішкі түйсігіміз сезген болар.

«Әлия» журналынан

2-мәтін

Адамдар арасындағы қарым-қатынас ең алдымен сәлемнен басталатыны бәрімізге белгілі. Сондықтан біздің ата-бабаларымыз да өз нәрестесіне ең әуелі тағылымды сәлем беру, амандасудан бастап бере білген.

Ерте заманда ата-бабаларымыз ер, әйел деп бөлінбей бір-бірімен «Армысыз» деп амандық сұрап, «Бармыз» деп жауап қайтарады екен. Кейін қазақ даласына ислам дінінің таралуына, адамдар көңілінен берік орын алуына байланысты бірте-

бірте амандасудың түрі өзгерген. Ерлер өзінен үлкен адамдарға оң қолын көкірегіне қойып, «Ассалаумағалейкүм!» - деп сәлем беретін, үлкендер «Уәғалейкүмассалам!» - деп сәлемін алатын болған. Бұл екі сөздің мағыналары жақсы. Біріншісі «Алланың нұры жаусын!» деген мағынаны берсе, екіншісі «Саған да нұр жаусын!» деген мағына береді. Басқа мұсылман елдері осы сәлем беру мен сәлем алуды ер, әйел деп бөлмей жаппай қолданса, қазақ халқында сәлем беру мен сәлем алу тек ер адамдар арасында ғана болуға тиісті деген ұғым қалыптасып кеткен. Сондықтан ер балаға сәлем қалай берудің жолын үйретсе, қыз балаға амандасудың жолын үйретеді, яғни қыз бала өзінен үлкен адамдарға басын сәл иіп, «Сәлеметсіз бе?» деуі керек.

Сәлем беру мен амандасу – әдептіліктің ең алғашқы әліпбиі. Бүлдіршін сәлем беріп, амандасқанда үлкендер аман-сәлемді жай ғана қабылдай салмайды, «Таудай азамат бол! Көп жаса!» деп алғыстарын жаудырады. Мұның өзі баланы ынталандырады, құлшындыра түседі. Ол енді сәлем беруді, амандасуды жібермеуге тырысады. Үлкендердің жақсы лебізін естуге құмартады. Егер үлкен кісі баланың аман-сәлемін жай ғана қабылдай салса, бала жүрегі қанағат таппайды. Бұл – үлкеннің бала алдында мүлт кеткен қателігі.

Қосымша берілген жаттығулардың аудиожазба мәтіндері

1-диалог

– Қазірге дейін біз алыпсатарлықпен айналысатындарды да «бизнесмен» деп атап жүрміз. Осы «бизнес», «бизнесмен» дегеніміз не?

– Бизнес – сұранысты зерттеу, өнімді жарнамалау, қаржыны қай салаға жұмсаудың тиімділігін болжау Қазақстан тәжірибесінде керемет зауыт салып, сонда шығарылған өнімді қайда өткізерін білмей, ақыры күйреп, тоқтап қалғандар аз емес.

– Бизнеспен айналысу адамның бойынан қандай қасиеттер мен мінездерді талап етеді?

– Мінезі жеңілтек, көңілшек, баршаға жақсы көрінгісі келетін адам бизнесмен бола алмайды. Бір күннің тіршілігін күйттемей, болашақты үнемі болжап отыру, замана ағымына қарай халықтың сұранысын дәл анықтау кәсіпкердің мұратына айналғанда ғана істе кібіртектеу, жаңылысу болмайды.

– Бизнесменге керек тағы бір қасиет тәуекелшілдік дегенге қалай қарайсыз?

– Әлбетте, тәуекелшілдік өте қажет. Сонымен қатар, серіктерің сенімді, сөзі мен ісіне берік адамдар болу керек.

*«TGC group» компаниясының президенті
Б.Оспановамен сұхбат. «Парасат» журналынан*

2-диалог

– Шерхан аға, сіз 75-тен астыңыз. Өмірде қатты қиналған кездеріңіз, бір өлімнен қалған оқиғалар болды ма?

– Мен бесікте жатқанда-ақ өліп қала жаздағанмын. 1932 жылы «қара шешек» деген ауру шыққан. Көбісі сол жылдары аштан қырылды, одан кейін осы «қара шешектен» қырылды. Содан аман-есен қалғандардың бірі – мен.

– Қалай жазылдыңыз?

– Баяғыдан, ата-бабамыздан қалған бесік болған екен. Ақсу-Жабағылының аршасынан жасалған бесік. Аршаның микробты жоятын, құрт-құмырсқаны жолатпайтын қасиеті бар ғой. Біздің жақта аршадан күбі жасайтын және оның ағашымен тіс шұқып отыратын. Соның арқасы болар, миллионның ішінде аман қалыппын.

- Бұдан кейінгі қауіпті сәттеріңіз қандай болды?
- Ол кезде Жамбылда интернатта оқып жүргем. Ауылдан шығып пойызбен келе жатырмын. Сөмкемде құрт, талқан. Көңіл күйім жақсы. Пойыздың төбесінде тік тұрып келе жатқанмын. Тұмсығымның алдынан бірдеңе зу еткен соң бұрылып артыма қарасам, келіп қаппын, тескентауға. Бірден жата қалдым. Егер де сол күйімде тұра берсем, пойыз тескентауға (туннельге) кіріп, басымды жұлып түседі.

Ш. Мұртазамен сұхбат. «Жұлдыздар отбасы» журналынан

1-мәтін

Шұп-шұбар, қара ала жылан бүктетіліп жатыр. Көзі өлегізіп, аузы арандай ашылып, мүлгіп жатыр. Аузында көк қасқа бақа ...

Бақаның басы көрінеді, басқа жағы жыланның аузына кіріп кеткен. Бақаның көзі шарасынан шығып барады. Шиқ-шиқ еткендей, әлсіз дауыс шығады.

Ойынды қойып, балалар бәрі жиналып қалды. Жылан жиырылып, жалбыздың арасына ирелеңдеп шегіне берді.

Жанына жолауға ешкім батпайды.

Не күш, не құдірет екенін өзім де білмеймін. Жалаң аяқпын. Сол жалаң аяқпен басынан ала теуіп кеп қалдым. Бақа аузынан атып шықты. Жылан шиыршық атып жиырылып, шапшып бір секірді де, ақырын жылжып, сусып барып суға сүңгіп кетті. Көк қасқа бақа сәл-пәл қозғалғандай болды да, тырп етпей жер бауырлап жатып қалды. Жылан сорып қойған екен. Бәрібір өліп қалды. Көз алдымда өлді.

Кейін, кейін күштінің әлсізді қалай қорлайтынын талай көрдім. Көрген сайын қара шұбар жылан мен көк қасқа бақа көз алдыма келе қалады. Ұмыта алмаймын.

Дүние әлі солай. Өзгерген жоқ. Тек күс-күс жарылып кеткен өкшесімен әділетсіздікті теуіп кеп жіберетін адам табылмайды. Баяғыдай батырлық менде де жоқ.

Ш. Мұртаза «Ай мен Айша»

Алдын ала тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап
1	D	11	C	21	C
2	C	12	D	22	B
3	C	13	D	23	B
4	C	14	B	24	B
5	D	15	D	25	C
6	C	16	C	26	C
7	B	17	A	27	B
8	D	18	C	28	B
9	D	19	C	29	A
10	C	20	D	30	B

Тест тапсырмаларын талдау бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап
1	C	11	A	21	A
2	C	12	C	22	C
3	D	13	D	23	B
4	A	14	B	24	D
5	A	15	C	25	D
6	C	16	C	26	A
7	D	17	A	27	D
8	D	18	B	28	A
9	C	19	A	29	D
10	B	20	D	30	C

Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап
1	A	11	D	21	B
2	C	12	D	22	D
3	D	13	A	23	D
4	C	14	A	24	D
5	A	15	D	25	D
6	D	16	D	26	C
7	B	17	A	27	D
8	A	18	B	28	D
9	C	19	A	29	B
10	C	20	C	30	D

6. Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Алдын ала тест бойынша тес тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

1.	A	11.	B	21.	A	31.	C	41.	D	51.	D	61.	B
2.	A	12.	D	22.	D	32.	B	42.	A	52.	C	62.	A
3.	B	13.	B	23.	D	33.	D	43.	B	53.	A	63.	D
4.	B	14.	C	24.	C	34.	B	44.	B	54.	C	64.	C
5.	D	15.	D	25.	C	35.	D	45.	C	55.	D	65.	C
6.	C	16.	B	26.	C	36.	D	46.	C	56.	A	66.	D
7.	D	17.	A	27.	D	37.	B	47.	A	57.	D	67.	C
8.	D	18.	B	28.	A	38.	C	48.	B	58.	D	68.	A
9.	B	19.	C	29.	B	39.	C	49.	D	59.	D	69.	C
10.	B	20.	B	30.	C	40.	C	50.	A	60.	B	70.	B

Тест тапсырмаларын талдау бойынша дұрыс жауаптар кілттері

1.	A	21.	D	41.	A	61.	D
2.	B	22.	C	42.	B	62.	D
3.	C	23.	A	43.	D	63.	B
4.	A	24.	C	44.	B	64.	D
5.	C	25.	B	45.	C	65.	D
6.	D	26.	D	46.	B	66.	B
7.	D	27.	C	47.	D	67.	C
8.	D	28.	D	48.	A	68.	B
9.	A	29.	C	49.	B	69.	D
10.	C	30.	D	50.	B	70.	C
11.	D	31.	A	51.	C	71.	B
12.	C	32.	B	52.	A	72.	C
13.	C	33.	C	53.	C	73.	C
14.	B	34.	D	54.	D	74.	A
15.	B	35.	B	55.	C	75.	C
16.	D	36.	B	56.	A	76.	A
17.	C	37.	C	57.	A	77.	D
18.	C	38.	D	58.	A	78.	A
19.	D	39.	B	59.	D	79.	A
20.	D	40.	C	60.	A	80.	B

81.	D	101.	A	121.	C	141.	B
82.	A	102.	B	122.	C	142.	C
83.	B	103.	A	123.	B	143.	A
84.	B	104.	D	124.	C	144.	B
85.	A	105.	D	125.	C	145.	D
86.	C	106.	C	126.	D	146.	C
87.	C	107.	B	127.	C	147.	C
88.	C	108.	B	128.	B	148.	A
89.	C	109.	B	129.	D	149.	D
90.	C	110.	A	130.	A	150.	D
91.	C	111.	B	131.	A	151.	A
92.	B	112.	C	132.	B	152.	B
93.	B	113.	C	133.	D	153.	A
94.	C	114.	D	134.	C	154.	C
95.	C	115.	D	135.	C	155.	C
96.	C	116.	C	136.	D	156.	D
97.	C	117.	C	137.	B	157.	C
98.	D	118.	A	138.	A	158.	A
99.	A	119.	B	139.	C	159.	D
100.	B	120.	B	140.	A	160.	C

161.	D	171.	B
162.	A	172.	B
163.	D	173.	A
164.	D	174.	D
165.	D	175.	B
166.	D		
167.	C		
168.	D		
169.	A		
170.	D		

Қорытынды тест бойынша дұрыс жауап кілттері

1.	D	11.	C	21.	C	31.	A	41.	C	51.	D	61.	C
2.	B	12.	B	22.	C	32.	B	42.	D	52.	D	62.	D
3.	C	13.	B	23.	B	33.	B	43.	C	53.	B	63.	A
4.	D	14.	B	24.	C	34.	D	44.	A	54.	B	64.	C
5.	A	15.	A	25.	B	35.	A	45.	C	55.	A	65.	B
6.	B	16.	D	26.	D	36.	B	46.	C	56.	B	66.	D
7.	C	17.	A	27.	B	37.	B	47.	D	57.	D	67.	B
8.	D	18.	B	28.	B	38.	D	48.	B	58.	B	68.	A
9.	A	19.	D	29.	C	39.	C	49.	B	59.	C	69.	B
10.	B	20.	A	30.	D	40.	A	50.	A	60.	D	70.	D

7. Оқылым бөлігі.

Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Алдын ала бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

1	B	11	B	21	D	31	C	41	B
2	D	12	D	22	C	32	C	42	C
3	C	13	A	23	B	33	D	43	D
4	D	14	B	24	C	34	A	44	D
5	C	15	A	25	A	35	C	45	C
6	B	16	C	26	A	36	D	46	C
7	C	17	C	27	D	37	A	47	A
8	A	18	D	28	C	38	D	48	B
9	C	19	B	29	D	39	C	49	D
10	C	20	B	30	B	40	C	50	A

Талдау бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

1	B	11	A	21	B	31	A	41	C
2	C	12	D	22	C	32	B	42	B
3	B	13	C	23	C	33	C	43	B
4	B	14	B	24	B	34	B	44	A
5	D	15	C	25	A	35	D	45	B
6	B	16	B	26	A	36	A	46	D
7	A	17	A	27	C	37	B	47	B
8	A	18	D	28	C	38	D	48	A
9	D	19	C	29	B	39	C	49	C
10	C	20	C	30	C	40	A	50	A

Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

1	C	11	D	21	A	31	C	41	C
2	B	12	A	22	A	32	B	42	D
3	C	13	A	23	B	33	A	43	A
4	B	14	C	24	C	34	A	44	C
5	C	15	B	25	C	35	B	45	B
6	A	16	C	26	D	36	A	46	C
7	C	17	D	27	A	37	D	47	D
8	B	18	C	28	C	38	B	48	C
9	A	19	C	29	D	39	B	49	B
10	B	20	D	30	A	40	D	50	B

8. Жазылым бөлігі.

Аудиожазбалардың мәтіндері мен тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері

- 1 Алдын ала тексеруге арналған мазмұндама мәтіні мен тапсырмалардың жауап үлгілері

Теңізге аққан мұнай

Теңіз үстімен үлкен бір кеме жүзіп келе жатты. Ол өзімен бірге өте көп мұнай алып келе жатқан еді.

Таңертең кеме үлкен тасқа соғылды. Кеме ішінде адамдардың шулаған дауыстары, судың сарқырап құйылған дыбысы естілді. Бір кезде мұнайдың иісі шыға бастады. Адамдар батып жатқан кемені тастап, жағаға қарай жүзіп кетті. Ал біраз уақыттан кейін кемеден төгілген мұнай теңіздің бетін қап-қара түске бояды.

Міне, осыдан бастап теңіз жағасына жақын тұрған адамдар мен суда тіршілік ететін құстар мен жануарлар үшін ауыр кезең басталды. Біріншіден, құстарға қауіп төнді, құстар ештеңе сезбей суға келіп қонып, қайтадан ұша алмады, өйткені судағы мұнай олардың қанаттарын жабыстыра бастады. Адамдар құстарға көмекке келді, бірақ олар жүз құсты ғана сақтап қала алды, ал мыңдаған құс қасіретке ұшырады.

Теңіз жағасына орналасқан демалыс үйлері жабылды. Міне, көрдіңдер ме, достар, бір ғана кеменің қирап, апатқа ұшырауынан теңіз жағалауы қаншама үлкен қауіпке душар болды. Бұл – жай ғана қауіп емес, экологиялық қауіп. Себебі, теңіз бойындағы барлық өсімдіктер мен жануарлар жойылды.

Енді, бұл теңізді мұнайдан тазалап, қайтадан тірі жануарлар, құстар өмір сүру үшін көптеген жылдар керек.

Табиғат қорғау адам баласы үшін абыройлы да міндетті жұмыс жүктейді. Егер, ауа бүлінсе, су ластанса, онда одан табиғат қана зардап шекпейді, адам да қасірет тартады.

Міне, сондықтан табиғатты қорғау – адамның өзін-өзі қорғауы деген сөз. Сол себептен де ауаны тазалайтын ағаштар мен өсімдіктерді сындырмай, аялап жаңадан жас шыбықтар отырғызып, табиғатты қорғап, қамқорлыққа алу керек.

Әрбір адам Жер – Ананы сақтап қалу үшін оның қойнауындағы алуан түрлі аң-құстың, өсімдіктер мен ормандардың тіршілік етуі үшін күресулері керек. Бір сөзбен айтқанда, Табиғат-анамызды аялап, көздің қарашығындай сақтау – парызымыз.

- 2 Мазмұндама жоспары:

- I Теңіздегі кеме
- II Апатқа ұшыраған кеме
 - 1) Төгілген мұнай
 - 2) Қиындыққа ұшыраған құстар
 - 3) Мұнайдан келген зардап түрлері
- III Табиғатты аялау – әр адамның міндеті.

3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу.

- 1) Кеме көлде жүзіп келе жатты.
- 2) Кеме тасқа соғылып, кеме тесіліп, мұнай төгіліп қалды.
- 3) Құстардың қанаттары мұнайға жабысып қалды, өйткені мұнай – созылмалы, жабысқақ, қоймалжың сұйықтық.
- 4) Кемеден мұнай төгілді, сондықтан демалыс орындары жабылды.
- 5) Табиғатты аялау керек, бұл – адамдарды қорғау деген сөз.
- 6) Қазақстанның көптеген жерлерінде мұнай бар.

4

«Жалын» романының авторы
Ақанов Нұрлан Маратұлы мырзаға

Құрметті Нұрлан Маратұлы мырза!

2010 жылғы 15 ақпандағы №56 келісімге сәйкес Сіз «Жалын» романын басып шығаруға тапсырыс бергенсіз. Келісімге сәйкес біздің тарапымыздан 20 000 (жиырма мың) дана кітап басып шығарылды. Біз 1200000 (бір миллион екі жүз мың) теңге қаражатымызды жұмсадық. Сіз жұмыс аяқталмас бұрын ақша өткізуге тиіс болатынсыз. Өкінішке орай, әлі түгел сома аударылған жоқ. Келісімнің шарттары орындалмаса, мәселенің сот арқылы шешілетіндігін ескертеміз. Тапсырысыңыздың ақшасын үш жұмыс күні ішінде біздің есепшотқа аударуыңызды сұраймыз.

Көкшетау қаласындағы
«Келешек-2030» баспасының директоры

Ж.Айтмұқанов

Талдауға арналған мазмұндама мәтіндері мен тапсырмалардың жауап үлгілері

1-нұсқа

1 Киіз үй

2 Мазмұндама жоспары:

- I Киіз үй – қолайлы баспана
- II Киіз үй құру оңай емес
 - 1) Қанат саны
 - 2) Шаңырақтың маңызы
- III Үй босағасы

3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу.

1) Киіз үй – жылы, ыңғайлы, қолайлы, жинақы баспана, сондықтан оны ата-бабаларымыз өз тұрмысында пайдаланған.

Киіз үй көшпелі өмір сүрген уақытта таптырмас баспана болғандықтан, көптеген ғасырлар бойы қажеттілігін жоғалтпаған.

Киіз үй – қазақ халқының ерте заманнан қолданып келе жатқан баспанасының бірі, сөйтсе де кейбір адамдар оның құрылысы туралы білмейді.

2) Киіз үй тігу үшін алдымен кереге құрылады, кейін шаңырақ ілінеді.

3) Керегенің бір бөлігі қанат болып аталады.

4) Жоқ, киіз үйді құруға бірнеше адам керек. Үй тігу әрекетінің өзі халықты ұйымшылдыққа, бірлікке, жанашырлыққа, қол ұшын беруге үйретеді.

5) Алты қанатты киіз үйдің өзін кіреберіс, ауыз үй, төр бөлме, отау деп бірнеше бөлікке бөлген. Онда 30-40 адамға дейін сыяды. Ал қанаттары неғұрлым көп болса, адам соғұрлым көп сыяды.

Менің ойымша, киіз үй – табиғат аясына демалуға барған уақытта таптырмас баспана.

2-нұсқа

1 Шоқан Уәлиханов

2 Мазмұндама жоспары:

I Шоқан Уәлиханов

II Құсмұрын бекетінде дүниеге келген ғұлама

1) Өз атасы – Уәли хан

2) Арғы атасы – Абылай

3) «Жеті жұрттың тілін білген ұлы Шоқан»

III Мазмұндам бөлім. Шоқанның мұрасы

3-нұсқа

Ақша тарихы

1 Мазмұндама жоспары:

2 I Ақша тарихы

II. Қазақстандық төл теңге

III Ақшаға байланысты нанымдар

3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу керек.

- 1) Ақша – айырбас құралы, қажет заттарды сатып алған кезде оны пайдаланасың.
- 2) Ерте заманда құн төлеу үшін теріден бастап металдарға дейінгі түрлі заттар пайдаланылған.
- 3) Қазақстанның ақшасы «теңге» деп аталады.
- 4) Теңгенің қазіргі жағдайы тұрақты. Американдық долларға шаққандағы бағамы 150 теңгені құрайды. Жылдық инфляция деңгейі 0,3 %-ды құрайды.
- 5) Адамның ақшасы көп болу үшін еңбек ету, бизнеспен айналысу керек.
- 6) Мәтін авторының айтуынша, ақшаны умаждамай, ұқыпты ұстау керек.

4-нұсқа

1 Жақсы сөз – жарым ырыс

2 Мазмұндама жоспары:

- I Патшаның екі қызы
- II Білімді қонақ
- 1) Патшаның сыры
- 2) Қонақ адамның әдісі
- III Жақсы сөз – жарым ырыс

3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу керек.

- 1) Патшаның екі қызы болған.
- 2) Олардың біреуі ешқашан күлмейтін қыз болды, екіншісі жайдары еді.
- 3) Олардың үйіне оқымысты адам қонаққа келді.
- 4) Қыздардың біреуінің неге жылайтын себебін іздеді.
- 5) Жақсылық адамға жақсы көңіл күй сыйлайды.
- 6) Патшаның қыздары бақытты болды.

5-нұсқа

1 Микроағзалар

2 Мазмұндама жоспары

- I Микроағзалар
- II Микроағзалар тіршілігі
- III Микроағзаларды жою

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу.

- 1) Микроағзалар топырақта тіршілік етеді, сол жерде өсіп-өнеді.
- 2) Ауа микроағзаларға кері әсерін тигізеді.
- 3) Жарық кезде күннің ультракүлгін сәулелерінің әсерінен микроағзалар жойылып кетеді.
- 4) Микроағзалар адамдар көп жиналатын жерлерде әсіресе көп болады.
- 5) Микроағзалар табиғатта аз болу үшін, зауыт, фабрикаларды қаланың сыртына шығару керек.
- 6) Үйде микроағзалар болуына жол бермеу үшін, міндетті түрде бөлмені желдетіп отыру қажет.

Қорытынды мазмұндаманың мәтіні және тапсырмалардың жауап үлгілері

Мағжан

Мағжан – қазақ поэзиясының жарық жұлдыздарының бірі. Ол артына өшпес рухани мол мұра, өзіне өлмес мәңгілік ескерткіш қалдырып кеткен. Жарты ғасырдан аса оның есімін де, шығармаларын да атай алмай келген халқы көп жылдардан кейін ғана ұлы ақынымен сағыныса қауышқан. Мағжанның туып өскен жері – Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Булаев ауданы.

Әкесі Бекен – көзі ашық, өжет, қайратты, парасатты адам. Көп жылдар болыс болған. Мектеп ашып, мұғалім ұстап, өз балаларының оқуына қамқорлық жасайды. Бұл мектепте патша әскерінен қашып жүрген Ажиетдин Ақанов деген оқыған, білімді башқұрт жігіті мұғалім болып істеген.

Зерек Мағжан төрт жасында осы мектеп есігін ашады да, хат таниды, Шығыс әдебиетімен алғаш осы мектепте танысады. Қолына түскен қисса-дастандарды оқи бастайды. Ақын Шығыс әдебиеті даналары Фирдоуси, Сағди, Ғафиз, Омар Хаям дастандарын түпнұсқадан оқып-үйренеді. Оқуға зерек, білімге, білмекке ынталы Мағжанды әкесі Қызылжардағы медресеге оқуға түсіреді. Мұнда ол шығыс тілдерін үйренеді, сол тілдердегі әдебиеттерге ден қояды. Тап осы кездерде ақындық талантының бүрі де ашылады. Мағжан сол кездерде Абайдың 1909 жылы Петерборда жарық көрген өлеңдерін оқып, сонан сусындайды.

Ақын мұнан әрі білімін Уфадағы «Ғалия» медресесінде жалғастырады. Медреседе дәріс оқушылар ішінде татардың классик жазушысы Ғалымжан Ибрагимов та бар еді. Бұл медреседе сол жылдары бірталай қазақ жастары да оқыған, солардың арасында халқымыздың жазушысы Бейімбет Майлин де болған.

Мағжан өлеңдерінің тұңғыш рет Қазанда Кәрімовтар баспаханасынан басылып шығуына қол ұшын берген – ұстазы Ғалымжан Ибрагимов.

Мағжан орыс және Еуропа мәдениетінен үйренбек болып, Омбыдағы оқытушылар семинариясына оқуға түседі. Осы оқу орнында ол Сәкен Сейфуллинмен алғаш танысады. Мағжан семинарияны алтын медальмен бітіреді.

Мағжан ана тілінің мол байлығын бойына барынша сіңірген, орыс тілін де жетік білген. Соның арқасында ол Пушкин, Лермонтов, Горький, Байрон, Гете тағы да басқа орыс, батыс ақын-жазушыларының шығармаларымен танысып, олардың туындыларын ана тілімізге аударып, халқымыздың игілігіне айналдырған.

Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында. Ақын ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге белсене араласады. Соларға ақындық үн қосып отырады. Мағжан өлеңдері негізінен халқының, ел-жұртының тағдырына бағышталған. Мағжан – лирик ақын, сыршыл ақын. Жан тербетеді, адамды нәзік сұлу сезімдерге бөлейді. Ақын лирикасының тақырыптары алуан: туған жер, атамекен, халық тағдыры, адамгершілік, шынайы махаббат.

Мазмұндамаға жоспар

I Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясының жарық жұлдызы

II Мағжан білім алу жолында

1) Шығыс әдебиетінің ықпал

2) Орыс және Еуропа мәдениетінің әсері

III Мағжанның өмірі – поэзиясында

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу керек.

1) Мағжан Жұмабаев – қазақ халқының ақыны.

2) Мектеп табалдырығын Мағжан 4 жасында аттады.

3) Мағжан Қызылжар, Уфа қалаларында білім алған еді.

4) Мағжанға көмектескен ұстазы – Ғалымжан Ибрагимов.

5) Мағжан табиғат, махаббат, өмір, жақсылық туралы өлеңдер жазды.

6) Мағжанның Пушкин, Лермонтов, Горький шығармаларын аударды.

4-тапсырма

Аса қадірлі Бейбіт Сәбитұлы мырза!

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекесі құтты болсын!

16 желтоқсан – біздің еліміз үшін ұлы мереке. Тәуелсіздік жылдарында Сіз саяси үйлесімдік, ұлттық татулық жолында елеулі еңбек атқардыңыз. Болашақтағы еңбегіңіз жемісті болсын! Сізге бақыт, денсаулық, отбасыңызға амандық тілеймін!

Ізгі тілекпен

Париза Байташқызы

Жаттығулар мен тапсырмалардың кілттері:

1) Білім алып, елінде, ықыласпен

2) Мен (кім?) тағы бір нәрсеге (неге?) қатты таң қалдым (не істедім?). Микроағзалар (нелер?) ауада (қайда?) көп уақыт (қанша?) тіршілік ете алмайды (не істемейді?). Шоқан (кім?) өз замандастарынан (кімнен?) ерекше дарынымен (несімен?) ерекшеленді (қайтеді?). Маған (кімге?) Мағжанның (кімнің?) өлеңдері(нелері?) қатты ұнайды (не істейді?). Жақсылық (кім?) әрқашан (қашан?) жамандықты (нені?) жеңеді (не істейді?).

3) Мемлекеттік тілді білу – заман талабы. Компьютерді білмеу – заманнан кенже қалу. Жұмысқа қабылданатын адам компьютермен жұмыс істеу дағдысы бойынша емтихан тапсырады. Ғаламтор адамға ақпарат береді. Қазақ халқы өн өнерін ерекше дәріптеген.

4) Қазақстанда(қайда?) Құсмұрын деген әдемі (қандай?) жер бар. Мұнда әйгілі Шоқан Уәлиханов дүниеге келген(не істеген?). Құсмұрынның табиғаты(несі?) өзгеше. Оның бұлағы, көлі(несі?) бар. Ол жерде – тау мен қырат(нелер?) көп.

5) Ұлттық валюта монеталарын әзірлейтін Қазақстанның теңге сарайында басылып шыға бастаған ақшамыз ерекше және тарихи дереккөзіне айналды. Мәдениеттің не екенін білмейтін адам еш уақытта да мәдениетті болмайды. Қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі – Мағжан Жұмабаев.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».
2. ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».
3. ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».
4. ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».
5. ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».
6. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 30 бет.
7. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 54 бет.
8. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 66 бет.
9. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. М.С. Жолшаева. Қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 108 бет.
10. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. М.С. Жолшаева. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 156 бет.
11. Preparation Course for the TOEFL Test, DEBORAH PHILLIPS, Pearson Longman, Education Testing Service, USA
12. IELTS with answers. Examination papers from University of Cambridge ESOL examinations: English for Speakers of Other Languages, Cambridge University Press, UK, 2007
13. Pamela J. Sharpe, TOEFL IBT Internet-Based test, Barrons Educational Series, NY, 2007

14. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. – 784 бет.
15. А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991. – 384 бет.
16. М. Балақаев, А. Ысқақов, Т. Қордабаев, А. Хасенова. Қазақ тілінің грамматикасы. I Морфология, Алматы, 1967. – 264 бет.
17. Ф.Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым, А. Қобыланова, Қ. Есенова, Ұ. Исабекова, Қ. Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамади, Р. Рахметова, Ж. Көпбаева. Қазіргі қазақ тілі (оқу құралы), Алматы, 2005. – 535 бет.
18. З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.Қ. Әбдірәсілов. Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы, Алматы, 2009. – 156 б.
19. Ғ. Смағұлова. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі, Алматы, 2002, – 191б.
20. Г.Қ. Рысбаева. Қазақ тілі (грамматикалық анықтағыш), Алматы, 2000. – 192 бет.
21. А. Салқынбай. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. Алматы, 2008, – 462 б.
22. Н. Оралбай, К.Құрманәлиев. Қазақ тілі. Алматы, 2007, – 454 б.
23. Н.Т. Сауранбаев редакциясымен, Орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1954.
24. Д. Ақанова, А. Алдашева, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова. Ресми-іскери қазақ тілі. Бірінші-екінші-үшінші деңгей. Алматы, Арман-ПВ, – 2010.
25. Қ. Бектаев. Үлкен қазақша-орысша/орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1999.
26. Ұ.А. Жанпейісова, Х.К. Мауленова. Қазақша-орысша тақырыптық сөздік, Алматы, 1997.
27. Э.Д. Сүлейменова, А.М. Алдашева, Д.Х. Аканова, Ж.Б. Алдаш. Ресми-іскери тіл: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі, Алматы, 2005.
28. З.С. Күзекова, Т. Тұяқбаев. Қазақша-орысша, орысша-қазақша дипломатиялық сөздік, Астана: Елорда, 1998.

Пішімі 210x275
Қеріп түрі «Arial»
Таралымы 5000 дана
Тапсырыс № 735



Дизайн және басып шығару «Ақарман-медиа» ЖШС
Астана қ-сы, К. Байсейітова к-сі, 114/2
тел. 28 96 67, 28 96 68

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком способом тестирования



Қазақ тілін меңгерудің бес деңгейі бойынша әзірленген оқу-әдістемелік құралдар қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау емтиханына дайындалу үшін ұсынылады.

Емтиханға дайындық нәтижелі болу үшін оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны төмендегідей берілген:

- тіл қолданушыға бастапқы бағыт ретінде әр сөйлеу әрекетінің түріне қысқаша шолу жасалынған;
- қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін алдын ала тест ұсынылады;
- тілдік дағдыларды қалыптастыру мақсатында әр бөлік бойынша тест тапсырмаларына талдау жасалынып, дұрыс жауапты анықтау тәсілдері берілген;
- тілдік дағдыларды шыңдау үшін қорытынды тест ұсынылады;
- қосымшада қазақ тілін меңгеру деңгейіне сәйкес жаттығу тапсырмалары мен анықтамалық ақпарат берілген;
- сондай-ақ қосымшада тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері мен аудиожазбалардың мәтіндері қамтылған.

Оқу-әдістемелік құралдарға **CD-дискіде** қазақ тілін меңгеру деңгейіне сәйкес Тыңдалым және Жазылым бөліктерінің аудиожазба мәтіндері қосымша беріледі.

Емтиханды сәтті тапсыруға тілектеспіз!

Учебно-методические пособия по пяти уровням владения казахским языком рекомендованы для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком.

Для эффективности подготовки предложено следующее содержание:

- в качестве экскурса дана краткая характеристика каждого вида речевой деятельности;
- для определения своего уровня владения казахским языком предложен предварительный тест;
- с целью формирования речевых навыков приведен подробный анализ достаточного количества тестовых заданий по каждому блоку, в ходе которого предложены способы определения правильного варианта ответа;
- для закрепления речевых навыков предлагается итоговый тест;
- в приложении даны тренировочные упражнения и необходимая для определенного уровня справочная информация;
- ключи правильных ответов тестовых заданий, тексты аудиозаписей, материалы самопроверки также приведены в приложении.

К учебно-методическим пособиям прилагаются **CD-диски** с аудиозаписями текстов по блокам Аудирование и Письмо, соответствующими уровню владения казахским языком.

Желаем успешной сдачи экзамена!

Қарапайым, базалық, орта және жоғары деңгейлер үшін келесі оқу-әдістемелік құралдар ұсынылады:

Для элементарного, базового, среднего и высокого уровней предлагаются следующие учебно-методические пособия:



ISBN 978-601-7185-45-9



ISBN 978-601-7185-46-6



ISBN 978-601-7185-47-3



ISBN 978-601-7185-49-7